

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ӘДІСТЕМЕЛІК  
ОРТАЛЫҒЫ**

**«Бастауыш сыныпта нәтижелі білім беру: өзекті мәселелер, шешу  
жолдары» қалалық ғылыми-практикалық конференциясы  
материалдары**

**Астана, 2023 ж.**

**УДК 373.3**  
**ББК 74.202.4**  
**Б 26**

**“Бастауыш сыныпта нәтижелі білім беру: өзекті мәселелер, шешу жолдары” қалалық ғылыми – практикалық конференциясы материалдары. Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, 2023 ж. 276 б.**

**ISBN 978-601-08-3416-3**

Жинақ “Бастауыш сыныпта нәтижелі білім беру: өзекті мәселелер, шешу жолдары” қалалық ғылыми – практикалық конференциясы материалдарын қамтиды. Жинаққа енген баяндамалар мен мақалалар, мұғалімдердің әдістемелік зерттеу жұмыстары бастауыш сыныптар бойынша директордың оқу ісі орынбасарларына, бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жетекшілері мен бастауыш сынып педагогтеріне, жас мамандарға арналған.

**Редакция алқасы:**

С. М. Дауешова – төрайымы, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысы

Мүшелері:

1. Н. К. Әзімбай - Астана қаласының «Әдістемелік орталығы» МКҚК орта білім беру бөлімінің бастауыш сынып әдіскері;
2. Р. С. Бапишева – К. Ақышев атындағы № 69 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі;
3. Т. Х. Примова - №81 «Astana English School» халықаралық гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі;
4. Р. Р. Райсова - №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінің бастауыш сынып мұғалімі;
5. А.С.Сакенова - №82 «Дарын» мамандандырылған лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

Әдістемелік орталығының оқу – әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілді және басылымға ұсынылды. Хаттама 11.05. 2023 ж. №1

Конференция ұйымдастырушылары мен редакция алқасы мақаладағы көзқарастар мен фактілердің нақтылығы үшін, автордың жіберген стилистикалық және грамматикалық қателеріне жауап бермейді.

**ISBN 978-601-08-3416-3**

© «Әдістемелік орталығы» МКҚК. 2023

## Алғы сөз

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуының іргетасы қаланатын, ерекше құнды және қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш сыныпта білім беру – үздіксіз білім берудің алғашқы кезеңі жүретін қиын да жауапты жұмыс. Бұл жұмыс бастауыш сынып мұғалімдерінен үлкен жауапкершілікті, шебердікті, ізденушілікті, шығармашылықты талап етеді. Оқушыға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін жаңа технологияларды меңгеру, зерттеу мен зерделеу, оқыту әдістерін жетілдіру – әр ұстаздың жеке міндеті.

Бастауыш сынып оқушыларының жаны жаңалыққа құмар және барлығын игеріп, бәрін білгілері келіп тұратындықтан да жаңа технологияларды, белсенді әдіс-тәсілдерді, оқу-танымдық ойындарды пайдаланудың маңызы зор.

Бүгін де оқытудың жаңа технологиялары, белсенді оқытудың әдіс-тәсілдері жетерлік. Дегенмен, нәтижелі білім беру үшін мұғалім сынып оқушыларын зерттеп, сыныптағы өзекті мәселелерді анақтап, айқындалған мәселелердің шешу жолдарын қарастырғаны дұрыс. Сынып ыңғайына қарай тиімді таңдалған технологиялар мен белсенді оқытудың әдіс-тәсілдері сабақтың нақты мәнін терең ашуды мақсат етеді. Тиімді таңдалған оқытудың әдіс-тәсілдері оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Олардың қабілеттері, сөз саптау еркіндігі, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

“Бастауыш сыныпта нәтижелі білім беру: өзекті мәселелер, шешу жолдары” атты қалалық конференция материалдарының жинағы бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестік жетекшілері мен бастауыш сынып мұғалімдеріне, жас мамандарға өздеріне қажетті оқыту технологиялары мен әдіс-тәсілдерін таңдап алуға көмек болады және оқушылардың сапалы білім алуына белгілі дәрежеде жақсы пайдасын тигізеді.

Конференцияның  
ұйымдастыру комитеті

## ТАУБАЙ ПЕРНЕКҮЛ ТАУБАЙҚЫЗЫ

*ҚРО оқу –ағарту министрлігі*

*Б.Алтынсарин атындағы*

*Ұлттық білім академиясының*

*бастауыш білім зертханасының*

*меңгерушісі ,п.ғ. магистрі*

### **«ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ТӘЖІРИБЕ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛЕР»**

Қазақстан Республикасында бастауыш білім беруді ғылыми-әдіснамалық негіздеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында ,бастауыш білім берудің тұжырымдамаларын, стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары жобаларын әзірлеу және жетілдіру,бастауыш білім беру мәселелері бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу,бастауыш білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік ұсынымдар мен әдістемелік құралдар әзірлеу міндеттерін алға қойдық.

Білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үдерісіне әдістемелік қолдау көрсету, педагогтердің, ғалымдардың, әдіскерлердің және пән мұғалімдерінің шығармашылық еңбектерін, педагогикалық инновацияларды зерделеу, саралау және тәжірибеге енгізу болып саналады.

«Заманауи білім беру жүйесі: тәжірибе, инновациялар және әдістемелер» Білім алушыларды ерте әлеуметтендіру және кәсіптік бағдарлау саласындағы мемлекеттік шаралардың әсерін бағалау бойынша зерттеу. МЖМБС, ҮОЖ әдіснамасын және үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу, STEM білім беру тәсілдері негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейту. Білім алушылардың тұратын жеріне және оқыту тіліне қарамастан сапалы білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Жаһандық ғылыми-техникалық прогреске сәйкес ағылшын тілін оқыту сапасын арттыру. Бастауыш білім беру деңгейінде тілдерді кезең-кезеңмен оқыту. Оқу жүктемесінің вариативтік компонентін күшейту. Оқу процесінің тәрбиелік компонентін күшейту. Білім берудің инклюзивтілігін күшейту.

Үлгілік оқу бағдарламалардың мазмұнына жасалған талдау қорытындылары зерделенді (2021 ж. «Оқулық» РБМСО); Қазақ тілі, математика, бастауыш білім беру, тарих, география, музыка және өнер пәндері мұғалімдерінің республикалық съездерінің резолюцияларындағы ұсыныстар назарға алынды;

Дүниежүзілік банктің ұсыныстары ескерілді;

Стандарт пен оқу бағдарламаларды әзірлеудің халықаралық тәжірибесі зерттелді, салыстырмалы зерттеу жасалды ;

МЖМББС, деңгейлер бойынша барлық оқу пәндерінен ҮОБ мазмұнын қайта қарау үшін жұмыс топтары құрылды (ҚР БЖҒМ 01.06.2022 ж. №256 бұйрығы);

Пәндер бойынша жұмыс топ мүшелеріне оқыту семинарлар мен вебинарлар өтті. Оқу бағдарламаларын енгізу нәтижелерін апробациядан өткізу және мониторингілеу әдіснамасы.

Үлгілік оқу бағдарламалардың жобалары сараптамаға жіберілді.

Әрбір оқу бағдарламасына педагогтерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар әзірленуде.

Бастауыш білім берудің ҮОБ жетілдіруді жүзеге асыру кезеңдері.

#### ЖАЛПЫ КЕЗЕҢДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ:

Жоспарлау Шешім қабылдау Дайындау Енгізу Мониторинг

Оқу пәндері бөлінісінде жаңартылған бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі туралы зерттеу

Мерзімі	Кезеңдері
6 ай	2022 ж.

НҚҚ әзірлеу, тексеру және мақұлдау

	Мезімі	Кезеңдері
I. МЖМБС әзірлеу және бекіту	4 ай	2022 ж.
II. ҮОЖ мен ҮОЖЖ әзірлеу	6 ай	
III. ҮОЖ мен ҮОЖЖ сараптамадан, байқаудан өткізу, бекіту	6–7 ай	2023 ж.

Оқулықтар және ОӘК

	Мезімі	Кезеңдері
I. Оқулықтар мен ОӘК әзірлеу	8 ай	2023–2028 жж. 2024–2030 жж.
II. Оқулықтар мен ОӘК сараптамасы және байқаудан өткізу	7 ай	
III. Тізбеге енгізу	3 ай	
IV. Оқулықтар мен ОӘК сатып алу және жеткізу	4–5 ай	

Әдістемелік және ақпараттық жұмыс

I. Әзірлеу әдісі. директорлар мен мұғалімдерге арналған нұсқаулықтар (нұсқаулықтар)		2023 ж.
II. ДК провайдерлері мен педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларын оқыту		2023 ж.
III. Жаңа буын ДК дамыту		2023 ж.
IV. Әдіскерлерді оқыту		2022-2023 ж.
V. Мұғалімдермен түсіндіру жұмыстары		
VI. Мониторинг әдіснамасын әзірлеу		

Үлгілік оқу бағдарламаларындағы өзгерістер

Барлық пәндер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесіне деңгейлерге, сабақтастыққа, жүйелілікке және интеграцияға сәйкес түзету, толықтыру жүргізілді;

Құндылыққа негіздеп оқыту (оқу мақсаттарына құндылықтарды біріктіру);

Оқу мақсаттары қайта қаралып, күтілетін нәтижелерге сәйкес нақтыланды;

Күрделі тақырыптарды игеру, өткен тақырыпты бекіту және қайталау мүмкіндігі қарастырылды;

Оқу бағдарламаларының мазмұны толығымен қайта қаралды;

1-11 сыныптардан бастап «Математика» бағдарламаларында оқу тақырыптары мен мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қайта қаралды;

«Дене шынықтыру» пәні бағдарламасының мазмұнында салауатты өмір салтын қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінеді;

2-сыныптан бастап «Орыс тілі» оқу пәнін оқыту (2023-2024 оқу жылында);

3-сыныптан бастап ағылшын

Барлық пәндер бойынша оқыту мақсаттарының жүйесіне деңгейлерге, сабақтастыққа, жүйелілікке және интеграцияға сәйкес түзету, толықтыру жүргізілді;

Құндылыққа негіздеп оқыту (оқу мақсаттарына құндылықтарды біріктіру);

Оқу мақсаттары қайта қаралып, күтілетін нәтижелерге сәйкес нақтыланды;

Күрделі тақырыптарды игеру, өткен тақырыпты бекіту және қайталау мүмкіндігі қарастырылды;

Оқу бағдарламаларының мазмұны толығымен қайта қаралды;

1-11 сыныптардан бастап «Математика» бағдарламаларында оқу тақырыптары мен мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қайта қаралды;

«Дене шынықтыру» пәні бағдарламасының мазмұнында салауатты өмір салтын қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінеді;

2-сыныптан бастап «Орыс тілі» оқу пәнін оқыту (2023-2024 оқу жылында);

3-сыныптан бастап ағылшын

### **1-2-сыныптарда «Көркем еңбек» пәні екіге бөлінді.**

«Еңбекке баулу» оқу пәнінің базалық мазмұнының бағыттары:

1. «Табиғи материалдармен жұмыс»;
2. «Қағаз және қатырма қағазбен жұмыс»;
3. «Техникалық үлгілеу және құрастыру»;
4. «Өзіне – өзі қызмет ету»

«Бейнелеу өнері» оқу пәнінің базалық мазмұнының бағыттары:

2023 – 2024 оқу жылына арналған

### **Әдістемелік нұсқаулық хат.**

Әдістемелік нұсқау хат Академияның [www.uba.edu.kz](http://www.uba.edu.kz) ресми сайтында орналастырылады.

### **Ағымдағы жаңартудың тиімді бағыттары.**

Халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес білім алушыға түсетін оқу жүктемесін азайту ;

STEM білім беру тәсілдері, тәрбиелік компонент және т. б. негізінде жаратылыстану-математикалық пәндерді оқытуды күшейту;

Пәндік мазмұнында ұлттық құндылықтар мен қазақстандық патриотизмге, «Толық адам» тұжырымдамасы ережелерінің интеграциясы негізінде тәрбиелік компонентті күшейту;

Оқу бағдарламаларында пәндер бойынша оқу материалын қайталауға және бекітуге арналған қосымша сағаттар көздеу.

Жалпы мақсаттары: Зерттеу, талдау, рефлексия, коммуникация, коллаборация.

## **ЖИЕНБАЕВА САЙРА НАҒАШЫБАЕВНА**

*Л. Н. Гумилев атындағы*

*Еуразия ұлттық университетінің*

*п.ғ.д., профессоры, педагогика ғылымдарының докторы*

### **ФИНЛЯНДИЯДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Әрбір мемлекеттің өзінің бірегей білім беру жүйесі бар, оның прогрессивті дамуы, прогрессі және әлеуметтік әл-ауқаты көп жағдайда байланысты. Халқы бес миллионнан сәл ғана асатын шағын мемлекет Финляндиядағы білім ең үздік әлемдік рейтингте бірінші орындардың бірін алады. Мәселен, 98 пайыздан астамы мектепалды даярлық сабақтарына барады; 99 пайызы міндетті негізгі білім алады; 94 пайызы академиялық орта мектепті бітіреді. Кәсіптік орта мектепті аяқтау көрсеткіші де 90 пайызға дерлік жетеді (Statistics Finland, 2010; Välijärvi & Sahlberg, 2008). Финдердің білім беру жүйесінің сатыларының ерекшелігі: Балабақша, дайындық сыныбы; кіші мектеп: 1-6 сыныптар; орта мектеп: 7–9 сыныптар; Жоғары деңгей: орта мектеп немесе кәсіптік оқу: 2,5-3 жыл; жоғары білім: бакалавриат 3-4 жыл, магистратура 2-3 жыл, PhD 2-4 жыл болып бөлінген. Бүгінгі еліміздегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға жіті көңіл бөлудің себебі – әр түрлі деңгейдегі оқыту нәтижелерінің жоғары болуы, білім берудің тиімділігінің жалпыға бірдей мойындалуында. Финляндияның білім беру жүйесі қазіргі әлемдегі ең тиімді жүйелердің бірі болып табылады және оның жоғары деңгейін қамтамасыз ету елдің ұлттық стратегиясының басымдығы болып табылады. Осылайша, жалпы білім беретін мектеп оқушылары үнемі сапалы оқу және жаратылыстану сауаттылығын, математикадан жоғары сапалы білімдерін көрсетеді. Финдік жоғары білім бүкіл әлемде танымал. Әлемдегі ең табысты жүйелердің бірі ретінде танылған Финляндияның білім беру жүйесінде тәжірибелер мен оқыту әдістерін әзірлеуге негіз болып табылады. Білім беру жүйесінің стандарты (круикулумм) мынандай басымдыққа мән беріледі:

- пәндердің мақсаты мен мазмұнын сипаттау;
- құндылықтар мен дағдыларды сипаттау;
- оқу, мәдениет және даму ұғымдары;
- оқу бағдарламасын жергілікті деңгейге бейімдеу;
- нақтылықтың болмауы;
- оқу материалдары;
- өз бетінше және әртүрлі көлемдегі топтарда жұмыс істеу;
- пәнге жауапкершілікпен қарау;
- мектеп ғимараттары – көп функционалдылық;

Мектеп – қоғамның бір бөлігі, нәтижесі деп қарастырады және бөліп көрсетілген.

Сонымен қатар бұл елдегі оқушылар әртүрлі пәндер бойынша білім мен дағдылардың жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл бастауыш сыныптағы еңбек тәрбиесінің мәселелерін белсенді түрде зерттеп жүрген фин ғалымдарының пікірлері дәлел. Фин ғалымы Маркку Липпонен білім берудегі инновациялар, соның ішінде еңбекпен оқыту және оның оқытушыларды дамытудағы рөлі бойынша зерттеулермен айналысады. Ол еңбекпен ұштастырып оқытудың оқушылардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағыттаудағы маңызын көрсетеді. Біздің Финляндия еліндегі тағылымдамада байқағанымыз да осы болды. Тағылымдама барысында Финляндия білім беру жүйесінің табыстылығы неде деген сұрақ төңірегінде болды. Табыстылығының ең басты ережелері: **барлық адамдар бір-біріне сену; оқуда қуаныш сезіміне бөлену; оқушыны қарапайым өмірге дайындау; басқалармен бәсекелестікте болмау; өзінің жетістіктері мен дамуын бағалай білуі, дербестік.** Стандарт негізінде дайындалатын оқу жоспары шамамен 15 жылда бір рет өзгереді; бастауыш мектеп: 2014 – 2016 ж; орта мектеп: 2016-2020 жж; орта мектеп: 2020-2021 жылдары өзгертілген. Бүкіл ел бойынша білім берудегі теңдік; жергілікті қажеттіліктер мен перспективаларды ескере отырып жұмыс жасау; білімнен гөрі, құзіреттіліктер мен оны өмірде пайдалануға баса назар аударылады. Финдік білім баланың жеке басының барлық аспектілерінің дамуын ескеретін біртұтас көзқарасты алады. Білім беру бағдарламасы тек оқу пәндерін ғана емес, сонымен қатар дене белсенділігін, көркем шығармашылықты, әлеуметтік өзара әрекеттесуді және эмоционалдық дағдыларды дамытуды қамтиды.

Финляндиядағы оқушылар әртүрлі пәндер бойынша білім мен дағдылардың жоғары деңгейін көрсетеді. Әртүрлі пәндер арасындағы интеграцияны және сабақтастықты сақтай отырып, пән аралық құзыреттіліктер жүйелі анықталған. Мәселен, ойлау және оқып үйрену біліктілігі; мәдени құзыреттілік; басқа адамдармен бірлесе әрекет ету, қарым-қатынас және өзін-өзі көрсету; күнделікті өмірде қажетті дағдылар; көптілділік; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білу; еңбек және кәсіпкерлік дағдылары; қоғамдық өмірге белсенді қатысу; құқық және



мүмкіндік беру; тұрақты болашақты құру. Пәндер арасындағы интеграция қағидатымен мынандай тақырыпта «Адам болып қалыптасу» сабақтар жүргізіледі және жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп өткізіледі.

1-2-сыныптарда бұл тақырып «Мектеп ұжымының мүшесі ретінде бала болу» атты тақырыпшада қарастырылады. Мұнда басты назар табандылыққа, зейінін шоғырландыра білуге, тыңдай білуге және өз іс-әрекетінің жемісін бағалай білуге бағытталған. Әлеуметтік дағдыларға келетін болсақ, бұл жағдайда оқушыларды басқалармен санасуға, басқалардың синергетикасын қанағаттандыруға дайын болуға үйретеді, және достаса білу.

3-4-сыныптарда менгеруге баса назар аударылады. Мектеп оқушысы болу дағдылары: оқу және істеу қабілеті, іс-әрекет процесінде де, ойын процесінде де алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу. Әлеуметтік дағдыларға назар аударылады, оның ішінде адал ойын ережелері, басқаларға көмектесу, ынтымақтасу, шынайы өзіндік бейнесін дамыту, қабылдау және адамдардың әртүрлілігін бағалайды. 5-6-сыныптарда баланы жауапкершілікті оқушы етіп дамытуға баса мән беріледі. Бұл жерде маңыздысы - белгілі бір мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерді жаттықтыру, адамның өз әрекетінің қоршаған шындыққа әсер ететінін түсіну. Әлеуметтік дағдыларға сұрау, тыңдау, сөйлей білу, өз пікірін білдіру және оны айта білу, өзі үшін және мүшесі болып табылатын қоғам үшін жауапкершілікті ала білу, өзін-өзі бағалау жатады. Білім берудегі басты факторлары: бір-біріне сену; оқудың қуаныш алу; оқушыны қарапайым өмірге дайындау; басқалармен бәсекелестіктің болмауы; өзінің жетістіктері мен дамуын бағалау. Аталғандар өмірде жүзеге асырылатыны байқалады. Финляндияда бастауыш сыныпта еңбек тәрбиесінің мәселелерімен айналысатын көптеген ғалымдар мен зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасадық. Профессор Яркко Руусувуори еңбекпен оқытудың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде оның оқушылардың танымдық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға әсерін зерттейді. Оның пікірінше, екі нәрсені білу бірдей маңызды: қалай жалғыз болу керек және басқалармен қалай болу керек. Кейде біреуге үнсіздік пен жалғыздық қажет болады, бұл жерде ешқандай қателік жоқ. Әр адам арасында жақсы әңгіме айтуды және тыңдағанды қажет етеді. Жазалау - біреуді өзін жақсы ұстатудың жалғыз жолы емес. Ашықтық - әлемдегі ең жақсы нәрселердің төрттен бірін құрайды. Табиғатта жүргенде ешқашан жалықпайсыз зеріктірмейді деген. Пиркко Ритаранта еңбек тәрбиесі және оның оқушылардың күзiретiлiгiн дамытуға, ынтымақтасуға және өзiн-өзi реттеуге әсерiн дәлелдi бередi. Маркку Липпонен: бiлiм берудегi инновациялар, соның iшiнде еңбекпен оқыту және оның оқушыларды дамытудағы рөлi бойынша зерттеулермен айналысады. Кристина Хакарейне бастауыш мектептегi еңбек тәрбиесiнiң әртүрлi аспектiлерiн, соның iшiнде оның әлеуметтiк дағдыларды және оқушылардың өзiн-өзi бағалауын дамытумен байланысын зерттейдi. Ғалымдардың және практикадағы жүзеге

асыру жағдайын ескере отырып, мынандай тұжырым жасаймыз, еңбекке баулу өмір бойы оқытуға, инновацияларға, сондай-ақ болашақтың проблемаларын шешуге арналған білім мен дағдыларға қойылатын талаптарды ескеру үшін базалық білімге деген қажеттілік жоғары. Көркем өнер жобалар арқылы жүзеге асады. Балалардың еңбек әрекетіне ерекше мән беріп, олардың шығармашылығына, дербес өз бетімен өмір сүру дағдыларын қалыптастыруда мән беріледі. Сонымен бірге тағы бір артықшылықтары, бұл да сапалы білім берудің басты факторларының бірі деп санаймы. Баланың 2 айлығынан кітапханаға баруы, оларды кітапқа қығызшылығын танытуда кітапханашы пайдалану; балабақша, мектеп, отбасының бірлескен жұмысы, ынтымақтастығы байқалды. Мектепалды дайындық топтарда және бастауыш мектепте ойын арқылы оқыту, еркін ойын, заттық дамытушы ортаға, баланың шығармашылығына, еркін креативті ойлануға мүмкіндік жасайды. Бастауыш сыныптардағы сабақтар ойын түрінде өмірмен байланыстырып, практикалық тұрғыда өткізіледі. Тек сыныпта ғана емес, тақырыпты жалғастырып аулада жалғастырады. 7-сыныптан бастап кәсіби бағдар пәнінің жүргізілуі, оқушыларды мамандықпен таныстырады, одан кейін сол кәсіби бойынша кәсіпорында немесе мекемеде жұмыс істеп өзін сынайды, сосын шешім шығарады. Осы сыныптан бастап «Үй шарашылығы» пәні жүргізіліп, өмірге қажетті дағдылар әрбір бала тамақ жасай, киім тігу, шеге қадау, электрлік, токорлық қызметті атқара алады. Бұл ересекке тәуелсіздік, дербестіктің басты- басты деген көрсеткіштері. Айтса, көп-ақ фин тәжірибесінің өз педагогикалық әрекетімізде арқау болар тұстары бар екен.

Қорыта айтқанда, Финляндияның білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдары: білім беру серіктестігі, жеке көзқарас, оқушы тұлғасын жан-жақты дамыту, мұғалімнің жоғары білім деңгейі, теңдік және өзара сенім. Финляндияда жалпы білімге және мұғалім мамандығына құрметпен қарау қалыптасқан. Мұнда білім ұлттық құндылық болып, ел азаматтарының игілігіне бағытталған.

### **Пайданылған әдебиеттер**

1. Knowledge and skills for life. First results from the OECD programme for international student assessment (PISA) 2000. OECD 2001. – 322 pp.
2. Sahlberg P. Finnish Lessons: What Can the World Learn from Educational Change in Finland? (The Series on School Reform). Teachers College. Columbia University, 2011. – 167 pp
3. Хууско, К. Образование в Финляндии (в форме доклада) / К. Хууско, А.А. Корепанова. – Текст: непосредственный // Инновационные проекты и программы в образовании. – 2010. – №5. – С. 11–17.

4. . Поздеева, И.С. Опыт Финляндии в сфере образования / И.С. Поздеева, Е.А. Румбешта. – Текст: непосредственный // Вестник ТГПУ. – 2011. – №10 (112). – С. 128–131

**МАКЫШЕВА АЛИЯ ДОЛДАНОВНА**  
*Қадыр Мырза Әлі атындағы*  
*BINOM SCHOOL мектеп-лицей директоры ,*  
*шебер -педагог*

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, РЕАЛИЗУЕМЫЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Развитие школы осуществляется посредством инноваций.

«Инновация» в переводе с латинского языка означает «обновление, новшество или изменение.

Под инновационной деятельностью понимается деятельность по разработке, поиску, освоению и использованию новшеств, нововведений.

Из инновационных направлений выделяем педагогические технологии (образовательные технологии)

Биоинформатика и синергетика:

Термин «синергетика» происходит от греческого «synergeia» - «содружество», «сотрудничество» и акцентирует внимание на согласованности взаимодействия частей при образовании структуры как единого целого.

Синергетика – наука изучающая способы самоорганизации.

Биоинформатика — совокупность методов и подходов, включающих в себя математические методы компьютерного анализа.

Биоинформатика – наука изучающая возможности нашего мозга в обработке информации.

Личностно-ориентированное обучение - это такое обучение, где главенствующую роль играет учащийся со своими личностными качествами. Процесс обучения строится в зависимости от возможностей, желаний и запросов обучающегося.

Личностный подход - индивидуальный подход педагога к каждому воспитаннику, помогающий в осознании себя личностью, в выявлении индивидуальных возможностей для самоутверждения и самореализации

Использование ИКТ и игротехника на уроках в начальной школе

Активизирует внимание учащихся, усиливает их мотивацию, развивает познавательные интересы, мышление, внимание, развивает воображение и фантазию, вносит новые элементы в процесс обучения, позволяет удачно сочетать коллективную работу с индивидуальной

**СЕМБАЕВА АСЕМ БОЛАТОВНА**  
*А. Байтұрсынов атындағы BINOM  
SCHOL мектеп-лицейінің педагог-психологі,  
мұғалімдер мен репетиторларға арналған  
курстардың авторы және жүргізушісі*

## **ФОРМИРОВАНИЕ И ВЛИЯНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ НА ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ**

Находясь дома во время карантина в 2020 году мне часто встречались видео мамочек, где они ставили вазу с конфетами перед своими детьми и говорили, что им нужно сейчас выйти и чтобы они (дети) не трогали конфеты до их возвращения, а вернувшись они получают всю вазу. На этих видео дети вели себя по-разному: кто-то дожидался, а кто-то нет. Но было видно, как все без исключения дети боролись с собой, со своим желанием съесть хотя бы одну конфетку.

Год спустя я наткнулась на исследовательскую работу американского психолога Уолтера Мишеля «Маршмеллоу тест». В конце 1960-х годов в стенах Стэнфордского университета Уолтер Мишель проводил ряд исследований, в ходе которого детям от 3 до 6 лет предлагали получить одну зефирку прямо сейчас или две зефирки позже, таким образом наблюдали за умением детей отложить удовольствие на потом. Выйдя из комнаты, они наблюдали за поведением детей. Дети в буквальном смысле боролись с искушением съесть зефирку прямо сейчас, не дожидаясь возвращения взрослого. В ходе исследований дети условно разделились на две группы: те, кто не дождался и съел сразу одну зефирку и тех, кому удалось победить искушение и не есть зефирку, дожидаясь возвращения взрослого, и как награду они получали две зефирки вместо одной.

Но на этом исследования не закончились, годы спустя выяснилось, что дети, которым удалось победить сиюминутное и отложив удовольствие, получить две зефирки, оказались более успешными в учёбе и карьере.

Одна из составляющих, которая помогла детям победить искушение – это сила воли. Сила воли – это то, что даёт возможность достигать человеку поставленных целей, это то, что дисциплинирует человека, это неотъемлемое качество успешного человека. Как показали результаты «Маршмеллоу теста», умение отложить удовольствие или сила воли заложено в человеке с раннего возраста, не исключено, что с этим качеством человек изначально рождается. Но как быть тем, у кого с раннего возраста слабая сила воли? Хорошая новость заключается в том, что любое человеческое качество, в том числе и сила воли поддаётся

тренировке, то есть можно целенаправленно натренировать в себе силу воли и чем раньше, тем лучше, тем легче.

Тренировка силы воли заключается в формировании в себе небольших привычек методом повторений, что дисциплинирует человека. Однако у истоков дисциплины стоит самодисциплина. Для этого очень важно человеку понимать, что и для чего он делает, ставить маленькие цели на пути к большому успеху.

Таким образом, если брать работу над формированием силы воли у школьников, то начинать надо с формирования дисциплины и самодисциплины. Самое элементарное это натренировать детей быстро складывать в рюкзаки и раскладывать школьный инвентарь: учебники, тетради, пенал итд. Результатом таких тренировок станет постепенное формирование дисциплины, что является неотъемлемой частью качества знаний. Важной частью таких тренировок является систематичность и время, то есть выполнение под секундомер.

**СЫЗДЫКОВА ЛЯЗАТ ТАСБЕРГЕНОВНА**

*Замдиректора по учебно-производственной работе*

*Педагогический колледж*

*Международного университета Астана*

## **СОЗДАНИЕ ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

Мотивация – это человеческое стремление... Проявить себя в том, к чему он чувствует себя потенциально способным (А.Маслоу).

Виды мотивации:

### **1. Мотивация лежащая вне учебной деятельности**

«Отрицательная» – это побуждения школьника, вызванное сознанием неудобств и неприятностей, которые могут возникнуть, если он не будет учиться.

Положительная в двух формах:

определяется социальными устремлениями (чувство гражданского долга перед страной, перед близкими)определяется узколичными мотивами: одобрение окружающих, путь к личному благополучию и т.д.

### **2. Мотивация лежащая в самой учебной деятельности**

Связанная непосредственно с целями учения (удовлетворение любознательности, приобретение определенных знаний, расширение кругозора)

Заложено в самом процессе учебной деятельности, (преодоление препятствий, интеллектуальная активность реализация своих способностей)

**Общая структура:**

- а) Познавательная мотивация.
- б) Мотивация достижения успеха.
- в) Престижная мотивация.
- г) Мотивация избегания неудачи.
- д) Компенсаторная мотивация.

#### **Способы оживления уроков:**

Увлечённое преподавание, новизна учебного материала, связь знаний с судьбами людей, показ практического применения знаний, проблемное обучение, обучение с компьютерной поддержкой, взаимообучение (в парах, микрогруппах), тестирование знаний, создание ситуации успеха.

Нестандартные уроки:

Уроки- деловые игры

Уроки- соревнования

Уроки типа КВН

Уроки взаимообучения учащихся

Уроки- аукционы

Уроки- зачёты

Уроки- игры

Уроки- конкурсы

Принципы нестандартных уроков:

Отказ от шаблона в организации урока, вовлечение учащихся в активную деятельность на уроках, развитие коммуникативной функции развития речи, не развлекательность, а занимательность урока

#### **Выводы:**

- 1) мотивация является особо важным и специфичным компонентом учебной деятельности;
- 2) через мотивацию педагогические цели быстрее превращаются в психические цели обучаемых;
- 3) через мотивацию формируется определённое отношение учащихся к учебному предмету и осознаётся его ценностная значимость для личностного развития;
- 4) через формирование положительной мотивации можно значительно улучшить качественные показатели познавательных процессов.

**ЖАНГАЗАКОВА ҚАРЛЫҒАШ ЕСИМХАНОВНА**

*Астана қаласы әкімдігінің  
«Смағұл Сәдуақасұлы атындағы  
№78 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК директоры*

**ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Инклюзивті оқыту-** білім алу барлығына да қол жетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

**Инклюзивті білім беру-** жынысына, жасына географиялық тұратын жеріне, дене және ақыл-ой ауытқушылықтарына, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан оқып жатқан барлық балалардың сапалы білім алып өзінің әлеуетін дамытуына тең мүмкіндіктер туғызу дегенді білдіреді.

**Статистикалық деректер бойынша,** ҚР-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың саны **139 887** құрайды, олардың **95 497-і** мектеп жасындағы балалар, ал **37 970-і** мектепке дейінгі жастағы балалар. Осы балалар санының ішінде барлығы **32125** еліміздің **3289** жалпы білім беретін мектептерінде инклюзивті білім берумен қамтылған, бұл мектептердің жалпы санының **44,45%** құрайды.

Сонымен қатар, егер **2016 жылы** жоғары оқу орындарында білім беруде оқытуға қажеттілігі шектеулі тұлғалар **600 адам** ғана білім алса, **2022 жылы** оқытуға қажеттілігі шектеулі тұлғалар **3520 адам** жоғары білім алуға ниет білдірген.

**Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың стратегиялық бағыттары ретінде келесі міндеттер анықталған:**

Мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте диагностикасын және психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін дамыту;

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіби еңбек дайындығы және оңтайлы әлеуметтенулері үшін жағдайлар жасау

Ерекше білім қажеттілігі бар тұлғалардың сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатында оқытудың ғылыми-педагогикалық негізін, мамандар әлеуетін және материалдық-әдістемелік базаны жақсарту;

Инклюзивті білім беруге қолайлы жағдай тудыратын институционалдық ортаны жетілдіру;

Инклюзивті білім берудің дамуын қамтамасыз ету үшін ғылыми-әдістемелік және іргелі зерттеулер жүргізу;

Инклюзивті білім берудің негізгі артықшылықтары

\*Қоғамның мүгедектік мәселелерін түсінуі;

\*Мүгедек емес балалардың қайырымдылық және түсінушілік қасиеттерін тәрбиелеу ;

\*Өз-өзіне сенімді болу;

\*Құрдастарымен қарым-қатынаста болу;

\*Толыққанды білім беру, Қоғам өміріне бейімдеу және кіріктіру;

Мектебімізде инклюзивті білім беру бойынша ерекше білім беруді қажет ететін 14 оқушы және үйде оқитын 2 оқушы бар. 1-4 сынып арасында

9 оқушы, 5-8 сынып арасында 5 оқушы. Олардың ішінде тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар 2 оқушы, аутист 1 оқушы, психикалық дамуы тежелген балалар-11 оқушы

ЕББҚ ететін оқушылармен атқарылған жұмыстар (логопед, дефектолог, психолог)

- Оқушыны педагогика-психологиялық диагностикалау ;
- Оқушының қарым-қатынасқа түсу дағдыларын бейімдеу;
- Жас ерекшелігіне сай танымдық үдерістерін қалыптастыру;
- Дұрыс сөйлеу дағдыларын дамыту;
- Ұсақ моторикасын дамыту;

### **Қорытынды**

Инклюзивті білім беру – барлық дискриминация формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алуындағы әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі.

Әлемдік заманауи қоғамдастықта жаңа мәдени норма қалыптастыру - адам арасындағы айырмашылыққа сыйластықпен қарау және әр адамның даралану құқығын, сонымен бірге қоғам тарапынан оның қандай да бір өзгешелігін, білім алу ортасындағы ерекшеліктерін есепке алу және мойындау. Сондықтан да инклюзивті білім беру оқушының оқу процесі барысындағы әртүрлі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, алуан түрлі ерекшеліктерін мойындаудан басталады.

**ЖУРУНТАЕВА САУЛЕ БАЙКЕШОВНА**

*магистр педагогических наук,  
старший менеджер Центра педагогического  
мастерства г.Астана*

## **ПРИЕМЫ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ**

Наши дети живут в окружении самых разных носителей информации. Наряду с печатными текстами современный человек читает и электронные книги, поэтому школа должна способствовать формированию функционально грамотных личностей. Функционально грамотная личность – это человек, ориентирующийся в мире и действующий в соответствии с общественными ценностями, ожиданиями и интересами.

Международные сравнительные исследования в области образования год за годом подтверждают, что казахстанские школьники показывают низкую результативность, у них возникают трудности в применении предметных знаний в жизненной практике. Международное исследование PIRLS оценивают два вида чтения: приобретения читательского литературного опыта; чтение для использования информации. В 9 классе PISA оценивает умение применять знания на практике. Мы все понимаем, что



основа функциональной грамотности закладываются в начальной школе, где идет интенсивное обучение различным видам речевой деятельности – письму и чтению, говорению и слушанию. Поэтому перед учителем начальной школы стоят колоссальные задачи:

- развивать читательскую компетентность учащихся;
- извлекать из текстов полезную информацию;
- работать с разными источниками информации;
- высказывать оценочные суждения о прочитанном произведении;

Формированию функциональной грамотности чтения в начальной школе способствуют задания, соответствующие уровню мышления по таксономии Блума, как знание, понимание, использование, анализ и синтез, и уровень оценивания. Предлагаю рассмотреть классификацию целей обучения Б.Блума в соответствии с системой критериев исследований PISA. По критериям исследования уровень ЗНАНИЕ и понимание, соответствует критерию ЗНАНИЕ, уровень применения ПРИМЕНЕНИЮ и анализ, синтез и оценка критерию РАССУЖДЕНИЕ (оценивание).

Международные исследования PISA, направленные на оценку качества образования рассматривают функциональную грамотность в виде

3 составляющих:

- читательская грамотность;
- математическая грамотность;
- естественно-научная грамотность

Предлагаю рассмотреть приёмы работы с текстом для развития функциональной грамотности учащихся. Анализируя учебники начальной школы, можно сделать вывод, что в них, представлены преимущественно «сплошные» тексты, НО жизнь требует, чтобы школьники уже в начальной школе умели вычитывать и обобщать информацию из «несплошных», поэтому предлагаю использовать классификацию текстов, разработанную составителями теста PISA, которые делят тексты на *сплошные* и *несплошные*.

«СПЛОШНЫЕ» тексты, в которых информация представлена в виде идущих друг за другом абзацев. Это тексты, которые ученики читают в повседневной жизни, в том числе и в школе:

«НЕСПЛОШНЫЕ» тексты, в которых информация представлена определенными блоками и может включать не только словесный текст, но и карты, графики, диаграммы;

Подбор текста зависит от целей обучения, и соответственно это будет влиять на выбор приемов работы с текстом. Методика работы с несплошными текстами специально не разработана, но тем не менее методику работы с несплошным текстом можно представить в виде следующих шагов:

1 такт - предполагается поиск информации в представленном тексте под руководством педагога. То есть, задача учителя - сопровождение обучающихся при помощи специальных вопросов и заданий. Учебная задача:

«Рассматривая билет, постарайтесь ответить на вопросы». Далее учитель задает вопрос или блок вопросов под каждую группу заданий. Задания и вопросы подбираются учителем по нарастающей степени сложности в соответствии с уровнями мыслительных навыков. Если, выполняя 1 группу заданий, ребенку достаточно найти явную информацию, то уже в 4 группе заданий он должен будет сделать анализ и оценка содержания, языковых особенностей и структуры текста.

2 такт – необходимо дать возможность младшим школьникам самостоятельно на другом сплошном тексте добыть информацию как в явном виде, так и в скрытом, например: разные автобусные билеты. Задания школьники могут выполнять в группах. В этом случае таблица заполняется коллективно, а затем рассматриваются варианты выполненных работ в группах.

3 такт- работа усложняется, работа с двумя автобусными билетами, желательно междугородними. Важным в решении этой учебной задаче становится нахождение общих данных и фактов и выявление разницы в билетах. Ключевой информацией становится при сравнении выявление двух разных данных, которые позволяют прийти к выводу, что путешествует мама с ребенком. Дети должны выйти на следующие выводы: тип билета является междугородним, в поездке путешествует взрослый и ребенок, пассажиры сидят на соседних местах. Проблема заключается в выдвижении предположения о разнице стоимости билетов.

При работе со сплошными текстами важно помнить о цели обучения и важности формирования функциональной грамотности через задания, которые соответствуют уровню логических приемов. Практикуйте ключевые глаголы действия направленные на развитие функциональной грамотности учащихся. Каждый из педагогов понимает, что в классе обучаются дети с разным уровнем мышления, поэтому предлагаю один вариант сплошного текста, но задания ориентированы на разный уровень мышления. Примеры заданий:

**Задание 1.** «Определите, являются ли данные утверждения истинными (И) или ложными (Л)»,

**Задание 2.** Ответьте на вопросы:

В какие дни недели выставка не работает после 20.00 часов?

Какие дополнительные развлечения доступны посетителям выставки?

Кому из посетителей разрешается бесплатный вход на выставку?

**Задание 3.** Завершите предложения:

Самое интересное на выставке для меня ...

Я бы рекомендовал(а) посетить эту выставку школьникам, которые ...

Для привлечения большего числа посетителей я бы порекомендовал(а) организаторам ...

**Задание 4.** Напишите текст по сюжету данного рисунка, используя сложные предложения (70–80 слов). При составлении текста выразите свое мнение о семейных ценностях.

Одной из задач современного педагога: развивать читательскую компетентность учащихся, поэтому для совершенствования практики учителя начальных классов рекомендую: «Учите видеть больше, чем написано», «Предлагайте темы связанные с повседневной жизнью».

**ЧТО ПОЛУЧАЕМ В РЕЗУЛЬТАТЕ?**

умение каждого ребенка мыслить с помощью следующих логических приемов: анализ, синтез, сравнение, обобщение, классификация умозаключение, систематизация, отрицание, ограничение;

умение читать «между строк»;

умение понимать авторский замысел;

умение понимать содержание, находить информацию;

умение понимать общий смысл текста;

умения визуализировать информацию;

Подводя итоги, хотелось бы отметить, что одной из главных путей формирования функционально – грамотной личности, является введение детей через литературное чтение в мир человеческих отношений, нравственных ценностей.

**КАРПАЕВА НУРСУЛУ КАБДЫРАШОВНА**

*Астана қаласы, Абай Құнанбайұлы  
атындағы №87 мектеп- гимназиясының  
бастауыш сынып мұғалімі*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ**

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету, яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануды үйрету.

Функционалдық сауаттылықтың негізгі міндеті- мұғалім баланы оқыта отырып, оқушының еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және оқушының өз бетінше шешім қабылдауына дағдыландыру.

Жоғарыдағы міндеттерді орындасақ , оқушы бойында мынандай дағдылар қалыптасады:

- \*Білімдері мен біліктерін өмірлік жағдаяттарда қолдана біледі
- \*Ақпараттарды сыни тұрғыда бағалай біледі
- \*Өзінің болжамдарын ұсынады және зерттеулер жүргізеді
- \*Ойын негіздей алады
- \*Іскерлігі мен дағдыларын өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдаланатын болады

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға құзіреттілігін дамыту үшін, яғни оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдіс – тәсілдердің ең тиімдісін пайдалану жоғарғы нәтиже береді. Кейбір оқушылар жазбашаға, кейбірі ауызшаға қабілетті болып келеді. Интербелсенді оқыту барысында оқушылар өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді.

Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы, алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек.

Әдебиеттік оқу пәнінде **«Жалғасын тап»** әдісі

**Мақсаты:** Есте сақтау және ойлау қабілеттерін дамыту.

**Мысалы:** Мұғалім сөйлемнің басын оқиды, балалар жалғасын табады. Бердібек Соқпақбаевтың «Ағаштар неге ашуланды?» деген әңгімесі бойынша « Мектеп оқушылары орманға... Олар көшеге ағаш ... Алмабекке бұл... Басқа балалар көшеттерді ... Жаз ортасы болғанда ағаштар... Алмабектің отырғызған ағаштары...»

**«Оқылған шығарманың картасы»** әдісі арқылы оқушылар шығарманың тақырыбы, авторы, кейіпкерлері, оқиға орны, оқиға болған жыл мезгілі, идеясы, негізгі ойды анықтайды.

Сабақтың соңында **« 3-3-1» әдісін** пайдаланған өте тиімді. Оқушыларға бүгінгі сабақты қорытындылайтын 3 сөйлем жазу ұсынылады. Жазған 3 сөйлемді қорытындылайтын 3 сөз жазу тапсырылады. Енді осы 3 сөзді 1 сөзбен ғана жазу керек. Оқушылар «Күн тәртібі» туралы былайша жазды:

1.Күн тәртібі әр адамда болуы керек. 2. Уақытты үнемдеу 3. Досанның досының жоқ болуы

Енді осы 3 сөйлемді күн тәртібі, уақыт, дос деп нақтылады. Соңында күн тәртібі деген негізгі тірек сөзді өздері тапты.

Оқушының еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын

қалыптастырып және оқушының өз бетінше шешім қабылдауын дағдыландыру мақсатында «Сөздер банкісі» әдісі тиімді.

Оқушыларды өткен тақырыпқа сай келетін және тақырыпқа қатысы жоқ сөздерді араластырып бердім. Оқушылар бүгінгі тақырыпқа қатысты сөздерді таңдап алуы керек. Мысалы «Менің Отаным» тақырыбын өткенде тәуелсіз, соғыс, бейбіт өмір, аштық, кең- байтақ сөздері берілді. Оқушылар Отанымызға қатысты: тәуелсіз, бейбіт өмір, кең- байтақ сөздерін таңдап алды. Мәтінді толық меңгеру үшін оқушыларға сюжетті суреттер мен уақыт сызығы берілді. Оқушылар оқиға желісі бойынша суреттерді сәйкесінше уақыт сызығына орналастырды.

«Жетелеуші 7 сұрақ» стратегиясы арқылы «Кім? Не? Неге? Қайда? Қашан? Қалай? Егер де олай болса, қалай болар еді?» деген қойылған сұрақтарға жауап бере отырып, ақпараттарды сыни тұрғыда бағалай біледі.

Көркем жазу оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады.

Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Көркем жазудың мақсаты — дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфия-лық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты — балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу — аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені сауат ашу

кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйретіліп қоймай, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбе, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы қалыптасады.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқуда жеңіл ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп жазуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап, баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуге әкеп соғады. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді.

Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпта-5 минут, 2 сыныпта -8 минут, 3 сыныпта-12 мин, 4 сыныпта-15 мин.

Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау, баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын дамытады. Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т. б. ұғымдарды меңгереді.

Оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамытып, табандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында дәнді дақылдарды (күріш, үрмебұршақ, қарақұмық) пайдаланған тиімді екендігін байқадым. Әр түрлі қисық сызықтар сызып, оқушыларға сызық бойына берілген дәнді дақылдарды тізіп шығу тапсырылады.

Ақ қағаз бетіне күріш сеуіп, күріш бетіне кез келген әріпті немесе сөзді жазу ұсынылады. Оқушының саусағының ұшындағы нерв талшықтарына таптырмас массаж болып табылады.

Модельдеу. Бала пластилиннен бірдеңе қалыптастырғанда, ол қолдың тамаша нығайтылуы және тіпті пальмалар мен саусақтарға арналған массаж. Бұл тренинг қорытындысы қағаз парағы мен қаламмен жұмыс жасайды. Оған тапсырма берілуі керек, онда бала қисық және тік сызықтарды, нүктелерді, шеткаларды, ілгектерді тартады. Оқушының көп жұмыс жасамайтынына және демалуға мүмкіндіктері бар екеніне көз жеткізіңіз. Ол үшін әрбір сызылған сызықшадан кейін сіз тоқтап, дем алып, дем алып, тұтқаны ұстап қалуыңызға болады.

### **Көркем жазуды қалыптастыратын негізгі әдістері:**

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс.
2. Ауада жазу. Ұстаз әріпті ауада жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.
3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу. Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.
4. Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн:

1. Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады.
2. Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді.

3. Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн.

Әдемі, сұлу жазудың фундаменти 1, 2 — сыныпта құйылады. Сол кезде жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейін жөндеу қиын болады

Жазуға үйренуде уақытша нерв байланыстарын шартты рефлекс арқылы емес, операнттық рефлекс арқылы қалыптастырудың мәні ерекше болып табылады. Жазуға байланысты жаттығу жұмыстары әр түрлі факторларға негізделеді:

Көру, қимыл факторларына негізделетін көшіріп жазу. Есту арқылы қабылдауына сүйенетін мәтінді жазу (мұғалім оқып берген немесе оқушы оқыған тексті жазу).

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Мұғалімнің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе.

Өзімнің баяндамамды қорыта келіп, мынадай түйін түйе болады.

1. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары артады.
2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.
3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.
4. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс - әрекетке қабілеті артады.
5. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.

Ол үшін, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды. Баланың қиялын дамыта отырып, ойын дамытамыз. Ойы дамыған шәкірттеріміздің танымдық қызығушылығы арта отырып, шығармашылық әрекеті жоғары деңгейге көтеріледі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Тұрғынбаева. Б. А. Ұстаздық шығармашылық. Алматы. 2007ж
2. М.Жұмабаев, Педагогика, – Алматы, 1992.
3. К.Калмухамбетова, К.А.Ерешева, Ұ.Ботабаева. «Көркем жазу». 1-сынып. Алматыкітап, 2021 жыл
4. Ж. Қараев «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы»
5. Тұрысбаева «Дамыта оқыту технологиясы ».
6. Иманғалиева А. «Дарынды дамыту – ұстаз парызы ».
7. Пассов Е.И. «Технология коммуникативного обучения иноязычной культуре».

## **ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі таңда қоғам білім беру жүйесінен экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге сай болуды талап етіп отыр. Бүгінгі күні еліміздің білім беру жүйесіндегі негізгі тұлға педагог болғандықтан, оқытудың жаңа деңгейіне көшуге байланысты сапалы білім беру міндеті мұғалімге жүктеледі. Мұғалім оқыту әдістемесіне жаңалықтарды енгізіп, шығармашылықпен айналысып, үнемі өз білімін жетілдіріп отыруы керек. Қазіргі таңдағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру.

Оқушылардың қызығушылығын қанағаттандыратын «жаңа тұрпатты» сабақ қандай болмақ? Сабақ – оқушы мен мұғалім арасындағы білім алуға негізделген үрдіс. Мұғалімді оқушыға тек қана білім беру ғана емес, сонымен қатар, әрбір оқушының бойында шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары туралы ізденістер толғандыруы қажет. Сондықтан рольдік ойындар, талдау, проблемалық мәселелерді шешу – жаңа форматты сабақтың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатты алға қойып, мұғалім өз тәжірибесіне оқытуды жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу күнделікті дағды болып қалыптасуы керек. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді. Білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен қалыптастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы белгілі.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;
- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;
- сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;
- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне оқыту процесінің бейімделу принципі;

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу



стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы – әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға «оқыту» мен «үйрену» процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе — оқушылардың, ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда.

**АМАНЖОЛОВА САНИЯ БОЛАТОВНА,  
ШАРИПОВА ГУЛЬМИРА КАКЕШОВНА**

*Қадыр Мырза Әлі атындағы  
BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің  
бастауыш сынып мұғалімдері*

### **«АУЫЗША САБАҚ -1» КАРТАСЫ (Шебер сынып)**

**Мерзімі: 11.05.2023**

**Пән: Әдебиеттік оқу**

**Тақырып: Александр Романович Беляев “Адам балық”**

**Мұғалім: Аманжолова С.Б. Шарипова Г.К.**

**Оқу мақсаты:** 3.1.3.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжау;

**Сабақ мақсаты:** шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, ондағы оқиғаларға сүйеніп, сюжеттің дамуын болжайды.

**Міндеті:** технологиялық картаның регламентін орындау;

**Жоспарланған нәтиже:** қойылған мақсатқа жету.

**Құрылымы мен жұмыс тәртібі картасы бойынша «Ауызша сабақ-1»**

<b>№ 1</b>	<b>Ұйымдастыру кезеңі мотивация 3 мин</b>	<b>I. Психологиялық ахуал.</b> «Алақан жылуы» арқылы ұйымдастыру жүргізу. Картамен жұмыс тәртібін түсіндіру.	Тартаның оң жағына 63 % нормасының санын жазып қою.
<b>2</b>	<b>Қатысушыл</b>	<b>-Өткен сабақты пысықтау.(Өткен тақырып</b>	<b>Бірінші баға.</b>

<p>ардың (оқушылардың) субъектілік тәжірибесін өзектендіру</p> <p>5 минут</p> <p>1 мин</p>	<p>бойынша қарама-қарсы сұрақ қою) «Суыр, сұңқар, су қайда?»</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтін не туралы?</li> <li>2. Сиыр кіммен ерегісіп байласады?</li> <li>3. Сиырдың мінезі қандай?</li> <li>4. Сиыр алдына нені мақсат етті?</li> <li>5. Көмбеге төреші болып келген кім?</li> <li>6. Сиыр суырдан не сұрады?</li> <li>7. Суырдың қасына кім келеді?</li> <li>8. Суыр жылқыға қандай суды ішуге көрсетті?</li> <li>9. Неліктен суыр сиырға лай суды көрсетті?</li> <li>10. Көмбеге бірінші болып кім жетті?</li> <li>11. Сиыр қандай күйге түсті?</li> <li>12. Мәтінде қай жануар өз ісіне өкінді?</li> <li>13. Мәтіннің негізгі ойы неде?</li> </ol> <p><b>Өткен сабақты қорытындылап болған соң, жаңа сабаққа байланыс жасау.</b></p> <p>«Wordwall» платформасы арқылы «Әріптерді» орнына қою арқылы бүгінгі сабақтың тақырбы болатын тірек сөзді табу.</p> <p>-«Адам балық»</p>	<p>Нәтиже бойынша барлық қатысушыларға плюс немесе минус қойылады. Картамен жұмыс тәртібі түсіндіріледі. Алдымен сұрақ қоямыз, одан кейін ООМ орнын көрсетеміз. Тақтаға нәтижені жазамыз.</p> <p>1 кезең <math>\geq</math> немесе <math>\leq</math> нормалар.</p>
<p>3</p> <p>Қабылдауды ұйымдастыру</p> <p>2 мин</p> <p>2 мин (мұғалім түсіндірмесі)</p> <p>30 секундта жазып аяқтау</p>	<p>Бірінші сыни нүкте.</p> <p><b>Жаңа тақырып бойынша қысқаша кіріспе жасау.</b></p> <p>«Дауыстап ойлау» әдісі арқылы автор туралы қысқаша мәлімет беру.</p> <p>Александр Романович Беляев (1884 жылдың 4 немесе 16 наурызында дүниеге келіп, 1942 жылдың 6 қаңтарында дүниеден өткен) — кеңестік ғылыми-фантастикалық әдебиеттің негізін қалаушылардың бірі, кеңестік жазушы-фантаст. Оның танымал романдары арасынан: «Доуэл профессордың басы», «Адам-балық», «Ариэль», «КЭЦ жұлдызы» және т.б. (барлығы 70-тен астам ғылыми-фантастикалық шығармалар, оның ішінде 13 роман). Кейде оны ресейлік «Жюль Верн» деп атайды.</p> <p><b>-оқылатын мәтінге қатысты 7 тірек сөзді экранға шығарып, оқыту, көрсету, мағынасын түсіндіру.</b></p> <p><b>1 кезең- Кілт сөздер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Ихтиандр</li> <li>2.Адам</li> <li>3.Биялай</li> <li>4.Кристо</li> <li>5.Сальватор</li> <li>6.Теңіз.</li> <li>7. Көзілдірік</li> </ol> <p>Қатысушыларға көрсетіп, сөздерге түсініктеме берілген соң, тірек сөздерді жауып қою.</p> <p><b>Шапалақтау-1 рет</b></p>	<p>Екінші белгі.</p> <p>Есте сақтауға берілген уақыт нормативі</p> <p>7 сөз-30 секунд</p> <p><b>Еске сақтау бойынша жіберу : бір сөз минус Тақтаға нәтижені жазу.</b></p> <p>2 кезең. <math>\geq</math> немесе <math>\leq</math></p>

		Қатысушыларға 30 сек уақыт беру, есте сақтаған сөздерін жазады, жұбымен алмасады. Мұғалімге қанша сөз жазғанын хабарлап айтады. Ол нәтижені мұғалім ООМ белгілейді. Одан кейін плюс алған оқушыларды іріктеп алу, егер екі қатысушы мәліметті дұрыс бермесе, онда екеуі де минус алады.	
4	<b>Ұғынуды ұйымдастыру</b> 4 минут	Берілген минутта қатысушылар мәтінді оқып бітуі керек. Қатысушыларға оқыған мәтіндері бойынша алған білімді тексеру жүретініне ескерту жасалады. «Адам балық» мәтінін оқуға 4 минут уақыт беру.	4 минут
5	<b>Түсінудің бірінші тексерілуі</b> 7 минут	<b>Қарама-қарсы сұрау.</b> Мұғалім ООМ бойынша тақырыпқа байланысты сұрайды рет ретімен емес, қатысушылар түсінбеген тақырыптарды ашады. Егер қатысушы жауап бере алмаса, басқа қатысушыға қайталап қою немесе мұғалім өзі жауап береді. <b>Екінші сыни нүкте.</b> Сұрау нәтижесінде мұғалім қатысушылар түсінбеген тақырыптарды анықтайды, 1-2 минут ішінде проблемалық аймақтарды анықтайды. <b>Шапалақтау-2 рет</b> <b>Сұрақтар:</b> 1. Ихтиандарда адамға тән емес не бар? 2. Ихтиандар кереуетте демалатын, бірақ қайда жатқанды ұнататын? 3. Кім Ихтиандрды Кристоны өзімен ертпей, жалғыз тауға баруын ұйғарған? 4. Сальватор Кристоға нені тапсырды? 5. Мәтінде қандай кейіпкерлер бар? 6. Мәтіннің негізгі кейіпкері кім? Ихтиандр 7. Ихтиандрдың үстінде қандай киімдері болған? 8. Ихтиандрдың үйі неше бөлмеден тұрады? 9. Кристо қай бөлмесіне жақын орналасқан? 10. Оның үйі қандай бөмелерден тұрады? 11. Кристо нені көргісі келді? 12. Ихтиандр қандай тілдерді білген? 13. Әкенің тілін алу керек деп айтқан кейіпкер кім? 14. «Маған суда жатқан көбірек ұнайды», - деп айтқан кейіпкер? 15. Ихтиандр «бар пәледен сақтайды», - деп нені айтты? 16. Көзілдірікті киюдің тағы қандай пайдасы бар? 17. Бұл мәтіннің жанры- өлең бе, әлде фантастикалық әңгіме ме? 18. Теңізде өмір сүрген кім? 19. Ихтиандрдың үстінде қандай киімдері болған? 20. Суда өмір сүрген балық адам кім?	Үшінші белгі нәтиже бойынша барлық қатысушыға плюс немесе минус. <b>Тақтаға нәтижені жазу:</b> 3 кезең $\geq$ немесе $\leq$ нормалар
6	<b>Бастапқы пысықтауд</b>	<b>Сыни сұрау.</b> Сыни сұрау 10 дұрыс, 10 (20) қате құрылған сұрақтардан тұрады. Сұрақтардың бірінші	<b>Төртінші белгі нәтиже</b>

<p><b>ы</b> <b>ұйымдастыр</b> <b>у</b> <b>7 мин</b></p>	<p>бөлігі көңіл аудару сұрақтардан тұрады: қайда, қашан, неге, не себепті қайдан т.б.</p> <p>Сұрақтың екінші бөлігі алдын ала қате құрылу керек. Мұғалім ООМ бойынша, ретпен емес сабақтың тақырыбына байланысты қатысушылардан сұрайды.</p> <p><b>Үшінші сыни нүкте.</b> Сұрау нәтижесінде мұғалім қатысушылар түсінбеген тақырыптарды анықтайды, 1-2 минут ішінде проблемалық аймақтарды анықтайды.</p> <p><b>Шапалақтау-3 рет</b></p> <p><b>Сыни ойлау сұрақтары:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Не себепті Ихтиандр кереуетте жатқысы келмейді деп ойлайсың? Себебі, адам балыққа суда жатқан ұнайды.</li> <li>2. Крестон неліктен Ихтиандрға киімін шешіп жатқанын қалады? Өйткені, ол Ихтиандрдың қабыршақты киімін шешкендегі денесін көргісі келді.</li> <li>3. Ихтиандр не себепті қабыршақты шешпеді? Өйткені ол денесін көріп қоятынын түсінді.</li> <li>4. Ихтиандр көзілдірік не үшін киді? Себебі, көзілдік теңіз түбіндегі дауылды топырақтан сақтануға көмектеседі.</li> <li>5. Ал биялайды неліктен киді? Себебі, биялай оның тез жүзуіне көмектесетін болды.</li> <li>6. Ихтиандрға неліктен кереуетте жатқан ұнамайтын? Себебі, ол суда жүретін адам балық.</li> <li>7. Көзілдірікті киюдің тағы қандай пайдасы бар? Көзілдіріктің пайдасы, су астын анық көреді.</li> <li>8. Ихтиандар неге адамдардың бәрі суда өмір сүре алмайды екен деп айтты? Себебі, ол су астындағы таңғажайып ғаламаттарды көрсеткісі келді.</li> <li>9. Сенің ойынша, Ихтиандр қандай адам? Ихтиандр еңбекқор, ақылды адам болған.</li> <li>10. Қалай ойлайсың, адамдар су астында өмір сүре ала ма?</li> </ol> <p><b>Тұжырымдардың дұрыс, бұрысын анықтап, жауап бер. Мен сендерге сұрақтар қоямын, сендер қате сұрақ болса, оған дұрыс жауап бересіңдер.</b></p>	<p>бойынша барлық қатысушыларға плюс немесе минус. «Иә» немесе «Жоқ» деген жауап беретін сұрақтар болмауы тиіс.</p> <p><b>Тақтаға нәтижені жазу:</b></p> <p><b>4 кезең</b> <math>\geq</math> немесе <math>\leq</math> нормалар</p>								
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="446 1575 836 1648">Қате тұжырымдар.</th> <th data-bbox="836 1575 1218 1648">Дұрыс жауап береді оқушылар</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="446 1648 836 1732">1. Ихтиандрдың үйінде кітапхана болған жоқ</td> <td data-bbox="836 1648 1218 1732">Ихтиандрдың үйінде кітапхана болды.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="446 1732 836 1837">2. Ол ешқандай тілде сөйлеу білмейді.</td> <td data-bbox="836 1732 1218 1837">Ол испан және ағылшын тілінде сөйлеу біледі.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="446 1837 836 1917">3. Ихтиандрдың үйінде хауыз болған емес.</td> <td data-bbox="836 1837 1218 1917">Ихтиандрдың үйінде хауыз бар.</td> </tr> </tbody> </table>	Қате тұжырымдар.	Дұрыс жауап береді оқушылар	1. Ихтиандрдың үйінде кітапхана болған жоқ	Ихтиандрдың үйінде кітапхана болды.	2. Ол ешқандай тілде сөйлеу білмейді.	Ол испан және ағылшын тілінде сөйлеу біледі.	3. Ихтиандрдың үйінде хауыз болған емес.	Ихтиандрдың үйінде хауыз бар.	
Қате тұжырымдар.	Дұрыс жауап береді оқушылар									
1. Ихтиандрдың үйінде кітапхана болған жоқ	Ихтиандрдың үйінде кітапхана болды.									
2. Ол ешқандай тілде сөйлеу білмейді.	Ол испан және ағылшын тілінде сөйлеу біледі.									
3. Ихтиандрдың үйінде хауыз болған емес.	Ихтиандрдың үйінде хауыз бар.									

		4. Ол хауызда жатуды ұнатпайды.	Ол хауызда жатуды ұнататын.	
		5.Ихтиандр кереуетте жатқанды ұнатты.	Ихтиандр кереуетте жатқанды ұнатпайды.	
		6.Сальватор Ихтиандрды хауызда ұйықтасын деп тапсырды ма?	Сальватор ихтиандрды хауызда емес, кереуетте ұйықтасын деп айтты.	
		7.Адам балыққа су астында қауіпті емес.	Адам балыққа су астында қауіпті, себебі оның қасындағы ақула-жыртқыш балық.	
		8.Адамдар суда өмір сүре алады.	Адамдар суда өмір сүре алмайды, себебі оларда желбезек жоқ	
		9.Адамдарда тыныс алатын желбезек бар.	Жоқ, адамдарда тыныс алатын желбезек болмайды.	
		10. Кристо суда өмір сүрген балық адам.	Кристо суда өмір сүрген балық адам емес.	
7	Талдау уақыт 5 минут	Тақырып бойынша сөздік қор өткізу. Оқыған мәтіндері бойынша 37 сөз немес эссе түрінде, шығарма түрінде жазуға беріледі. Төртінші сыни нүкте. Сұрау нәтижесінде мұғалім қатысушылар түсінбеген тақырыптарды анықтайды, 1-2 минут ішінде проблемалық аймақтарды анықтайды.		Бесінші белгі нәтиже бойынша барлық қатысушыларға плюс немесе минус.  5 кезең $\geq$ немесе $\leq$ нормалар
8	Рефлексия: СМС-хат 3 минут	-Бүгінгі сабақтан не білдік? Нені үйрендік? Не ұнады?		қатысушылар өз ойларымен бөліседі.
9	Бағалау: ФБ 3 минут	4-5 баға 5 ұпай; 3 баға-4 ұпай; 2 баға-3 ұпай; 1 баға-2 ұпай		Сапа нормативі:63 % қатысушы 5 ұпай алу керек.
10	Үй тапсырмасы 2 минут	4 бағадан кем алған қатысушыға тапсырма беру.Адам балық туралы қызықты деректер қарау.		

**БИРЖАНОВА АҚМАРАЛ АБДИГАЛИЕВНА**

*Астана қаласы, №94 мектеп-гимназиясының*

*бастауыш сынып мұғалімі*

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Әдемі жазу оқушының мектеп табалдырығын аттаған күнінен басталады. Әдемі жазудың негізгі мақсаты – дұрыс, анық, тез жазуды және оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру.

Мектептегі оқыту үрдісі әліппеден басталатыны белгілі. Әліппе кітабының басты мақсаты – балаға әріп таныту, яғни оқушыға жазу мен оқуды үйрету.

Әдемі жазу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені әліппе оқу барысында оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйреніп қана қоймай, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс.

Демек, мұғалімнің алдында әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Әдемі жаза білудің әр оқушы үшін маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттіліктің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға қарым-қатынасы құрметі.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыруы керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы осының бәрі баланың көзіне, жазуына, жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді.

**Көркем жазу** (грек. *kalligraphia*, араб. *хүсни- хат* - сұлулық, әдемілік, көркемдік, жақсы сапа) - анық, әдемі жазу өнері. Ислам діні елдерінде көркем жазу өнеріне үлкен көңіл бөлінген. Құран үшін, мемлекеттік мәні бар жазбалар үшін арнайы әшекейлі жазу түрі қолданылған. VII ғасырдан бастап ол куфи деп аталатын. Араб жазуының насхи, насталик жазуы да (X-XV ғғ.) кең тарап, әдеби, ғылым текстерді көшіруші ірі каллиграфтар шыққан. [Араб](#) мәдениеті тарихында атақты шаирлардың кітаптарын көшіріп, [халыққа](#) қолжазба күйінде таратушы — *хүсни- хатшылардың* ([полиграфтардың](#)) қызметі де жоғары бағаланған. Кейінгі ғасырларда [кітап](#) басу ісінің еркендеуіне байланысты Көркем жазу өнері фафика, көркемдеу

салаларында ғана шектеліп қалды. Кейіннен [бастауыш мектепте](#) пән ретінде қалыптасты.

Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. **Көркем жазудың мақсаты** - дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық қоғамдық тәрбиелік мәні зор.

Мектептегі оқыту үрдісі сауат ашудан басталатыны белгілі. **Сауат ашу жұмысының негізгі мақсаты** - балаға хат таныту, яғни оған жазу мен оқуды үйрету. Сауат ашу - аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өткені сауат ашу кезеңінде оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге ( фонетика - графикалық жазуға ) үйретіліп қоймайды, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс. Демек, сауат ашудың міндеті әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Көркем жазу әдісі - тікелей жазу тарихымен байланысады. Ежелден адамдар өз ойын келер ұрпаққа жеткізу үшін тасқа, металға, ағашқа, саз балшыққа жазған екен. Одан кейін папирус, пергамент, матаға, қағазға жазатын болды. Жазу қарулары да өзгерді. Олар қамыс ағаш, бояу жаққыш, қаздың қауырсыны, болаттан жасалған қалам ұш, шарик қаламсабы болды. Болаттан жасалған қалам ұш 19 ғасырдың басында пайда болғанымен оны пайдалану ғасырдың екінші жартысында пайдалана бастады. Ал қаздың қауырсыны жазуға әдемілік береді, әрі арзан, әрі ыңғайлы деген ойлар 19 ғасырдың аяғына дейін жетті. Шрифт қиын болғандықтан жазу, бірінші Петрдің кезінде жеңілдетілді. Мектептерде жазуды оқыту арнайы пән болып кірді. Көркем жазу пәнінің ең маңыздысы жылдам әрі әдемі жазу болып табылатын. 20 ғасырдың басында жазу шрифтінің жеңілдету туралы тағы әңгіме көтерілді. Өткен ғасырдың 70 жылдарында ғана мектепке арналған жазу шрифті қабылданды. Бұл шрифт арнайы шарик қаламсабына арналған, салмақ салмай, қаламсапты дәптердің бетінен алмай, жылдам жазу. Өткен ғасырдан бастап оқушылардың отыруына да гигиеналық талаптар қойыла бастады. Профессор Ф. Эрисмонның мектеп партасы ең ыңғайлы болып табылады деген. Ендігі басталған дискуссия жазу жөнінде болды. Әріпті түзу салу керек пе, әлде қиғашынан салған жөн бе? Кейбір елдерде түзу жазғанды жөн көрді. Әріп анық түседі, ірі қатар балалар саны азы болады деп есептеді. Түзу жазудың өмірі ұзаққа бармады. Қиғашынан жазу әрі тез, әрі ыңғайлы деп табылды. Көркем жазудың ойдағыдай болуы гигиеналық талаптарды орындаудың нәтижесінде болады. Ол мектеп жиһазы партаның оқушыға сәйкес келуі, оның ыңғайлылығы, жарықтың түсуі. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыру керек, қаламсапты дұрыс ұстауы,

дәптерді партаға орналастыру, осының әрі баланың көзіне, жазуына жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді. Отырғанда орындық партаға кіріп тұруы керек, сол қол дәптерді басып тұрады, ал оң қолдың басы дәптерде жатады. Бала мен партаның арасына жұдырық сыятындай болуы керек. Көз бен дәптердің арасы 30 см болуы шарт. Жарық сол жақтан түсуі керек. Жазу ұзақтығы 1 сыныпты 5 минут, 2 сыныпта 8 минут, 3 сыныпта 12 мин, 4 сыныпта 15 мин. Одан ұзақ жазу баланы шаршатады. Арасында балаларды демалдырып, сергіту жаттығуларын жасаған жөн. Мектепке алғаш келген баланың жетекші әрекеті ойын, ал штрихтау ойын түрінде жүргізіледі. Әр түрлі зат бейнесін, геометриялық фигураларды штрихтау, баланың қолын жаттықтырмайды, оның сөйлеуі мен ойлауын дамытады. Штрихтар арқылы сурет салу жаттығуларын сурет альбомына орындатқан жөн. Штрихтарды өзара қосып сурет салу кезінде балалар заттардың пішінін, құрылысын жазықтықта орналасу қалпын еркін қабылдап, оң, сол, шеті, жоғары, төмен, түзу, қисық, дөңгелек т.б ұғымдарды меңгереді.

Жазуды үйренуде мына принциптерді сақтаған жөн:

1. Көрнекілік принципі: мұғалім тақтаға, дәптерге таблицаға көрнекіліктер арқылы жазып көрсетеді.
2. Сапалылық принципі: мұғалім басына не үшін қиғашынан жазады, әріптерді қалай басқарады, әріптердің биіктігі қандай болу керек екенін түсіндіреді. Қиғашынан жазу тер әрі ыңғайлы.
3. Қайталау принципі: жаттығу орындау кезінде пайдаланады. Жазылған нәрсеге міндетті түрде анализ беріледі. Баланың жазған жазуын дұрыстығын тексеріп отырды.
4. Генетикалық принципі, алғашында жеңіл әріптер, содан соң салынуы қиын әріптер мысалы а, о, ш, т, п, н,... қолы жаттыққаннан кейін қ. ж. б. в. ф т. с. с
5. Жеке дара ерекшелігін ескеру принципі; оқушылардың көз нашарлығы, бас ауруы, жүрек ауруы. т. б ескеріп отыруы қажет. Барлық бала бірдей емес, олардың жас ерекшеліктері, ойлау қабілеттері әр түрлі Сондықтанда жазу каллиграфиялары әр түрлі. Біреуі өте жақсы, енді біреулері өте жазады. Нашар жазатын оқушылармен жеке жұмыс жасау талап етіледі. Каллиграфиялық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс
  2. Әуеде жазу. Ұстаз әріпті әуеде жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.
  3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.
  4. Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.
  5. Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.
- Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай



жаттығуларды пайдаланған жөн.

1. Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркешін қарайық, ұқсайды оған қай әріп? Жаңа әріпті өту үшін 2 сағат беріледі. Бұл жаттығуды 2 - сағатында өткен өте тиімді.

2. Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.

3. Орнын белгіле. Тақтаға немесе дәптерге алдын ала сөздер жазылады. Оқушылар әріп элементтерінің және әріптердің байланысу орнын белгілейді. Бұл жаттығуды қазақ тілі сабағында пайдаланған жөн. Бұндай жаттығулар жас жеткіншектің ойлауын дамытып, қызығушылығын арттырады. Оқушының каллиграфиялық дағдысына көп әсер беретін, ол алғашқы кезде, алғашқы рет қаламсап ұстап, әріп жазған кезі. Әдемі сұлу жазудың фундаменті 1, 2 - сыныпта құйылады. Сол кезде жазуын жөндемесе сол қалпында қалып қоюы мүмкін. Кейін жөндеу қиын болады.

Оқушының қолы неге нашар болады?

Мұғалімнің қолының үлгісі. Оқушы ұстаздың жазуын көшіреді.

Оқушыларды сауатты жазуға үйретуде сөздік жұмыс жүргізудің де маңызы зор. Мысалы: дана- данышпан, ақылды, білімді т.с.с, ару-жарақ- мылтық, найза, қылыш т.с.с.

Мәнерлеп оқу-сауатты жазудың негізі. Дұрыс оқыған бала ғана дұрыс жаза алады. Оқушыларды қатесіз дағдыландыру үшін көшіріп жазуға көп көңіл бөлу керек, немесе сөйлемде қалдырып кеткен сөздерді дұрыс тауып, оны орнына қойып, үйлестіріп жазу, берілген сөздерден сөйлем құрап жазу, сұрақтарға толық жауап жазу сауаттылыққа көмегін тигізіп отырады. Оқушыларды сауатты жазуға үйретуде түрлі жазба жұмыстардың жаттығулар, сөйлемдер, мазмұндама, шығарма, диктанттардың пайдасы зор.

Қорыта айтқанда, сауатты болудың алғы шарты әріптерді үйретуден басталады. Әріп элементтерін дұрыс бір-бірінен ажыратып, жазу ережелерін сақтағанда ғана бала сауатты жаза алады. Әсем, қатесіз, мәнерлеп оқуға, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру – сауаттылыққа үйретеді. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету – әр мұғалімнің шығармашылық ізденісіне байланысты. Қорыта келе “Ғылым қалғып кетсе, қараңғылық бас көтереді” дегендей, заман талабына сай жаңа технологиялармен жұмыс жүргізу алдымызда отырған бала тәрбиесіне зор ықпал ететіні белгілі. Қазіргі мынау заман талабына сай ақпараттық технологиялардың даму қарқынының басымдылығы соншама барлық жазу үрдісі компьютермен қамтылған. Көркем жазу емлесі біз үшін, болашақ жастарымыз үшін ешқашан қалыс қалмау қажет. Көркем жазу,

өзіндік жазу жазбалары сауаттылықтың нышаны. Құрметті ұстаздар! Оқушыларымыз сауатсыз болмасын десек, жазу дағдысын, көркем үлгі деңгейін көтерейік! Оқушының жазу мәнерін әдемі болып қалыптасуына бастауыш сынып мұғалімдері жауаптымыз.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Каллиграфия мәнерлері» Қ.Қ.Таужанова, Р.А.Ақтанова, Б.К.Зорғұлова, Ұ.К.Тоғайбаева.
2. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қ.Р Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 бет.
3. «САЛАМАТ» online school ғылыми орталық, А.Жүсіп

**КУЛБАЕВА УЛЖАН АСКАРОВНА**

*Астана қаласы, №60 мектеп-лицейі  
бастауыш сынып мұғалімі*

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ  
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-  
ТӘСІЛДЕРІ**

Қазіргі уақытта еліміздің білім кеңістігінде болып жатқан реформалар Қазақстанның болашақ мектебінің мазмұны мен білім беру бағдарламаларын жоғары деңгейге көтеруге бағытталған. Жалпы білім берудің басты мақсаты белгіленген, ол- әлемдік білім стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қатамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен білім алуға, өзін іс жүзінде көрсетуге, өзін-өзі дамытуға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайын, өз мүддесін іскерлікпен ұштастыра білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру. Білім беру нәтижелі болуы педагог кадрларға, яғни өзімізге байланысты.

«Мектептің тірегі де оқыта білетін мұғалім» деп А.Байтұрсынов айтқандай, қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес.

Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оның теориялық-әдіснамалық негіздері анықталуы керектігі белгілі. Ол теориялық-әдіснамалық негіздер алға қойылып отырған келесі мәселенің бастау көздерін танытады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Тоқталып кетер болсам...

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге

мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәлім іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады.

Ал, енді көркем жазуға тоқталар болсақ...

Көркем жазу оқушының мектепке келген күнімен, жазуымен басталады. Әдемі жазуды меңгерудің әр адамға маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға көзқарасы, құрметі. Көркем жазудың мақсаты — дұрыс, анық және тез жазуды қалыптастыру. Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық, тәрбиелік мәні зор.

Әдемі жазу оқушының мектеп табалдырығын аттаған күнінен басталады. Әдемі жазудың негізгі мақсаты – дұрыс, анық, тез жазуды және оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастыру.

Мектептегі оқыту үрдісі әліппеден басталатыны белгілі. Әліппе кітабының басты мақсаты – балаға әріп таныту, яғни оқушыға жазу мен оқуды үйрету. Әдемі жазу – аса жауапты да, күрделі жұмыс. Өйткені әліппе оқу барысында оқушылар дыбысты әріппен таңбалай білуге үйреніп қана қоймай, сонымен бірге каллиграфиялық талапқа сай жазуға дағдылануы тиіс.

Демек, мұғалімнің алдында әріпті жаза білуге үйрету емес, оның әрбір элементін дұрыс сақтауға, дәптерге қалай болса солай жазбай, оңға қарай, біркелкі көлбеу, таза, анық жазуға машықтандыру міндеті тұр. Осы талаптарды орындау негізінде оқушының көркем жазу дағдысы (каллиграфия) қалыптасады.

Әдемі жаза білудің әр оқушы үшін маңызы өте зор. Әдемі жазу бұл мәдениеттіліктің белгісі, әрі сол жазуды оқитын адамға қарым- қатынасы құрметі.

Әдемі жазу – өнер. Таза, анық, әдемі жазуды оқу да жеңіл, ондай жазумен берілген ойды түсіну де оңай. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың оқушы бойында жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы бар. Мектепке алғаш келгеннен бастап баланың жазуына жете көңіл бөлмеу көп жағдайда оның өз ісіне салдыр-салақ қарауына, жауапкершілікті сезінбеуіне әкеп соғады. Таза, әдемі жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, тыңғылықтылыққа, ұқыптылыққа үйретеді. Әдемі, анық жазуға үйрету арқылы мұғалім оқушыны еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелейді. Жазу процесінде оқушы дұрыс отыруы керек, қаламсапты дұрыс ұстауы, дәптерді партаға орналастыруы осының бәрі баланың көзіне, жазуына, жұмыс қабілетіне әсерін тигізеді.

Ең бастысы — оқушыға қаламды қалай дұрыс ұстау керектігін көрсету. Егер сіз оны түзетпей, өз қалауы бойынша сурет салуға немесе

жазуға рұқсат берсеңіз, онда қайта даярлау процесі ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Жазу құралы ортаңғы саусаққа, атап айтқанда, оның жоғарғы бунағына сүйенеді. Тұтқа екі жаққа бекітілген: үстіңгі жағында сұқ саусақпен, ал бүйірінде басбармақпен. Екі саусақ – сақина мен кішкентай саусақтар жазу кезінде кедергі жасамау үшін қолды бұғу керек. Егер оқушы қаламды сол қолымен ұстап тұрса, онда дұрыс ұстау процесі дәл солай, тек керісінше.

Егер оқушы қаламды дұрыс ұстауға дағдыланбаған болса немесе оған дұрыс ұстауға тез үйрену қиын болса, саусақтардың дұрыс орынға үйренуіне көмектесетін бірнеше әдістер бар. Оң қолмен жазатындарға ғана емес, сол қолы негізгі болып табылатын балаларға да қолайлы ең танымалын қарастырайық.

1-әдіс. Ортаңғы саусақтың жоғарғы бунағына түсті нүкте салыңыз. Кез келген ыңғайлы әдісті қолдануға болады – фломастер, бояулар, стикерлер. Қаламды қолыңызға қойыңыз, сонда ол сызылған нүктеге тіреледі. Қарындашқа саусағыңызбен жанасатын нүктені салыңыз. Нүктелерді орналастыруда қателеспеу үшін қаламды қолыңызға ұстаған кезде қажетті орындарды белгілеңіз.

Кәдімгі қағаз майлықтың жартысын алыңыз (толығымен алмау керек, себебі ол баланың қолына сыймайды). Содан кейін оны аты жоқ саусақ пен кішкентай саусағымен қыстырасыз. Ал қалған үш саусағымен (бас бармақ, сұқ саусақ және ортаңғы) майлық құлап кетпейтіндей етіп баладан қаламды алуын сұраңыз. Саусақтары осы қалыпқа үйреніп қалған кезде майлықты алып тастап, онсыз жаттығуға болады.

2-әдіс. Қаламды үстелге тігінен қойыңыз және қақпақты үш саусағыңызбен ұстаңыз. Содан кейін саусақтарыңызды көтермей тұтқадан төмен сырғытыңыз, сонда олар қалаған күйде болады. Енді сіз жаза аласыз.

3-әдіс. Оқыту шүмегі Кеңсе тауарлары дүкендерінде арнайы тіркемелері бар қаламдарды таба аласыз. Олар жануарлар, құстар мен балықтар түрінде болуы мүмкін. Оларда әрқашан саусақтарға арналған орындар болады. Осылайша саусақтардың өзі дұрыс орналасады.

4-әдіс. «Резеңке» әдісі Қылқаламның үстіне резеңке таспаны салыңыз, ілмекті орап, оған қарындаш салыңыз. Цикл оны дұрыс күйде ұстайды.

Осы әдістердің барлығын қолданып көріңіз, сонда сіз балаңызға не қолайлы екенін түсінесіз.

Каллиграфикалық жазуды қалыптастырудың негізгі әдістері:

1. Мұғалім жазу үлгісін өзі тақтаға қайта – қайта жазып көрсетуі тиіс.
2. Әуеде жазу. Ұстаз әріпті әуеде жазып көрсетеді. Бала қолдың қозғалысынан әріптің дұрыс формасын ұғады. Бұл әдіс оқу процесін жандандырады.

3. Көшірмесін түсіру әдісі. Жазылған әріптің үстінен басу.

4. Дайын үлгіден көшіру әдісі. Бұл еліктеу. Оқушы өз жазғанын ұстаздың жазғанымен салыстырады.

5. Әріпке анализ жасау әдісі. Мысалы: а әріпі бір дөңгелектен және бір ілмешектен тұрады.

Балалардың көркем жазу дағдыларын қалыптастыру үшін мынадай жаттығуларды пайдаланған жөн.

1. Ғажайып алаң. Тақтаға әріп жасырылады. Мұғалім жасырылған әріптің әрбір элементтері бойынша сипаттап айтады да, ал оқушылар қандай әріп екенін айтады. Мысалы: Түйе өркешін қарайық, ұқсайды оған қай әріп? Жаңа әріпті өту үшін 2 сағат беріледі. Бұл жаттығуды 2 - сағатында өткен өте тиімді.

2. Әріпті тап. Әріптің бір немесе екі элементі жазылады оқушылар қалған элементін тауып жазып көрсетеді. Барлық әріпті өткеннен кейін, сабағымыздың басында көркем жазу болады. Сол кезде пайдаланған тиімді. Бұл жаттығудың мақсаты білген білімдерін әрі қарай төселдіру дағдыларын қалыптастыру.

Осындай шараларды назардан тыс қалдырмай үнемі іске асырып отыру арқылы еңбегімнің еш кетпей, нәтижелі болатынына сенемін.

**Ұсынысым:** Слайдта көрсетілген жазу жолдарын жұмыс дәптерлеріне түсірсе әрбір ұстазға жұмыс жасауға қолайлы болар еді. Неге? Себебін айтар болсам қазіргі таңда әр ата-ана баласын мектепке дайындықпен береді, яғни әріп танып, санап келеді. Енді сол балалар әртүрлі жекеменшік білім орталықтарынан үйреніп келеді, ал ол жерде айтпаса да түсінікті әртүрлі мамандар жұмыс жасайды, демек бала әріптерді жазбаша әртүрлі үйреніп келеді. Ал, ол балаларды бір жүйеге келтіру әріп үйрететін алғашқы ұстазына қиын болады. Сол себепті бірінғай жүйе болса, әріптердің элементтерімен үйренген балаларға да жеңіл болар еді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» айтар болсам, қазіргі таңда ұстаздар алдындағы міндетіміз-жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу, мектептен шыққан шәкіртті өмірге даярланған азамат, жеке тұлға етіп тәрбиелеу. «Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді халқымыз. Ұрпақ жалғастығы арқасында адамзат баласы мың ғана емес, миллиондаған жылдар бойы жасап келеді. Олай болса, мың жасайтын ұрпағымызды еліміздің шыңы етіп тәрбиелейік! Қатесіз жазуға, мәнерлеп оқуға дұрыс сөйлеуге жаттықтыру-сауаттылыққа үйретеді. Оқушыларды сауаттылыққа үйрету-әр мұғалімнің шығармашылық ізденісіне байланысты. Әдемі, әрі сауатты жазуға үйрету, қазіргі заман талабына сай әр мұғалімнің басты міндеті болу керек. Қазақтың ғұлама ақыны Абай атамыз айтқандай:

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға,  
Ұстаздық еткен жалықпас,  
Үйретуден балаға,-

деп бала бойына білім нәрін жалықпай іздену барысында шығармашылықпен бере білсек олар биіктен көрінер еді демекпін.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.
2. GALAMAT online school – орталығы
3. «Бастауыш мектеп» журналы .
4. Бастауыш сыныпты оқыту әдістемесі №4. 2010ж
5. Н.Садықова. Көркем жазуға үйретудің негізгі әдістері. Бастауыш сынып журналы, 2019

**БАЙШЕВА ГУЛДАНА АТШАБАРОВНА**

*Астана қаласы, №90 гимназияның  
бастауыш сынып мұғалімі*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС- ТӘСІЛДЕРІ**

«Ұстазы мықты елдің-ұстанымы мықты болады» дейді халық даналығы.

Бүгінгі заман талабы білімді де білікті, өздігінен тығырықтан шығуға жол таба білетін, өмірге икемді тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді. Өркениетті елдермен тереземіз тең болуы үшін әлемдік білім аясына кіргізуді мақсат тұтқан еліміздің білім беру саясаты оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы жаңа сапалық деңгейге көтеруді көздейді. Осыған байланысты білім берудегі бірыңғайлықтан бас тартып көп нұсқалы білім алу жүйесіне бет бұрып тұрған жағдайда оқушылардың топтық ерекшелігімен қоса жеке танымдық ерекшеліктерін ескеріп, сабақ оқыту процесінде жаңартылған білім стандарттарына негізделе бірнеше технологиялармен өтіліп жүрген технологиялардың ерекшеліктері мен тиімділіктерін ұсынып отырмын: яғни, саралап оқытуды ұйымдастыру және тілдік білім-білік дағдысын қалыптастыру мақсатында пайдаланылатын жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру. **Қазіргі таңда жаңартылған бағдарлама негізінде оқушылардың функциональдық сауаттылығын арттыру барлық пәндер оқытудың негізгі факторы болып отыр.** Осыған орай, **саралап оқыту** технологиясын пайдалану арқылы оқыту үдерісіне тоқталсам, саралау жұмысы бойынша жалпы ортақ қабылданған **жеті бағыты** бойынша жұмыс жүргіземін:

**1. Тапсырма.** Білім деңгейіне қарай оқушылардың қажеттіліктеріне қарай

қызықты жаттығулар мен кестелерді пайдалану арқылы әртүрлі тапсырмалар беріп отырамын. Сонымен қатар тапсырмалардың күрделілігіне қарай картокаларды пайдаланамын.

**2. Дереккөздер.** Сыныбымда кейбір оқушылар басқа сыныптың оқушылармен саластырғанда анағұрлым күрделі дерек көздермен жұмыс істей алады. Дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып бағдарлап отырамын. Баспадан шыққан түрлі электронды оқулықтарды пайдаланамын.

**3.Қарқын.** Кейбір оқушылардың ойлау қабілеттерінің жылдамдығын ескере отырып қосымша тапсырмалар әр сабақта әзірлеп отырамын. Ал кейбір негізгі тапсырмаларды орындауда біршама уақытты қажет ететін оқушыларға уақыт беріліп отырады.

**4.Қорытынды**  
Барлық оқушылар тапсырманы орындағанымен, нәтижелері бір болмайды. Сондықтан әр оқушыға арнайы қадам жасап, ерекше көзқарас таныту арқылы өз деңгейлерін өздеріне бағалату арқылы, жақсы, талпын, жарайсың деген нұсқаулықтарменен бағыт-бағдар беріп қорытындылап отырамын.

**5. Диалог және қолдау көрсету**  
Кейбір оқушылар тапсырманы орындау барысында жалғыз өзі орындауда қиындықтарға тап болып отырады. Сондай сәттерді назардан қалдырмау мақсатында үнемі жұптасу, топтасу немесе диалог құрғыз арқылы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау арқылы қолдау көрсетіп отыратынын бақылауда ұстап отырамын.

**6.Бағалау.** Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек. Сонда ғана біз пәнді оқытудан Жіктеу оқушыны оқытуға қарай жылжи аламыз.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда оларға қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар беру ақылы шығармашылықтың алғашқы сатысын іс – әрекет және ойын арқылы бастаған дұрыс. Себебі: ойын баланың дамуындағы ең күшті әсер ететін фактор. Бала ойын ойнауға қызығу арқылы оның ойлау өрісі және еркін қиялдаумен шығармашылық ойлауы тәрбиеленіп, қалыптасып дамиды. Мысалы: 1-ші сыныпта әліппе сабағында : мәтінмен жұмыс жасаған кезде оқушылардың шығармашылық қабілетін

дамыту барысында келесі міндеттерді анықтадым.

Бұл сәтте оқушылардың функционалдық сауаттылық арттыру мақсатын қоя отырып саралау әдісіндегі «Диалог және қолдау көрсету» бөлімдегі әдісті пайдаланамын.

### Мазмұнға байланысты міндеттер:

1. Әңгімені оқып танысады.

2. Мазмұнын ашады.

3. Кейіпкерлерді салыстыра отырып айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сипаттай алады.

Топтық жұмыс үрдісіне байланысты міндеті:

1. Оқушылар бір-бірімен пікірлесе отырып, ортақ қорытынды шығарады.
2. Тақырыптық түсініксіз жерлерін айқындайды.
3. Топтастарының сұрақтарына жауап береді.
4. Қорытынды шығарады, өз пікірін дәлелдейді.
5. Басты кейіпкерлерді жазады.

Сөйлем құрайық.



.



.



.



.

**Еркін жазу не эссе жазу.** Бұл жұмыстарды бірнеше тақырыптар көлемінде өткіздім. Оқушы жеке жұмыс істеуге жаттығады. Өз ойын көпшілікке жеткізуге ықпал етеді. Сабақтың соңында мәтіннің тақырыбына байланысты өз ойларын білдіріп, көкейлеріне не түйді соны қағаз бетіне түсіреді.

Мысалы, әдебиеттік оқу сабағында «Сараң бай» мәтінін өткен кезде: «Бай қайыр сұраған адамға еш нәрсе бермеп еді, басына іс түсіп, өзі де қайыр сұрап қалды. Ал кедей оған жамандық тілеген жоқ, керісінше байды аяды», - деген сияқты оқиғаға өз пікірлерін білдіріп, эссе жазады.

**Ертегі құрау.** Ертегіні құрауға қойылатын талапта әңгіме құрауға қойылатын талап секілді. Тек ерекше назарда болатын нәрсе ертегі болу үшін өмірде болмайтын, орындалмайтын ғажайып нәрселер, оқиғалар жүзеге асып жатуы керек. Алдымен «Терек пен алма ағашы» ертегі тұтас беріледі.

*Қарт бағбан ерте көктемде бақтың ортасынан ыңғайлы жерсайлап, терек пен алма ағашының талдырмаш шыбықтарын отырғызыпты. Құнарлы жерге түскен әрі күтімі жақсы жа сағаштар демде – ақ көгеріп, бүршік атып, жапырақ жая бастапты. Бірнеше жылдан соң, олар жайқалған үлкен ағаштар болып шығады. Терек ағашы болса, бұтақтарын кең жайып, ақ гүл жарады.*

*Есейе келе бұлардың арасындағы бұрынғы достық суыта түседі. Терек өзінің биіктігіне мақтанып, алма ағашына менсінбей қарайды. Тіпті бірге өскен досына өктем сөйлейтін болды.*

*Ал алма ағашы өте әдепті еді. Ақылсыз досын кешіріп, терекке күнде күн шапағымен бірге амандасады екен.*

*Алма ағашы күні бойы жас гүлдерін мәпелеп, уақыттың қалай өткенін білмей қалады. Ал терек мойынын көкке созып, мақтанумен болады. \1.3\*

Ертегімен оқып танысқаннан кейін ертегі желісін оқушылар өз ойларымен



жалғастырады. Тірек сөздер: бағбан, қызы, алма ағашы, терек, балта.

**Кейіпкерге мінездеме беру** де шығармашылықты шынға септігін тигізетін тапсырмалардың бірі. Оқушылар мәтінмен танысқаннан кейін ондағы кейіпкерлерге мінездеме беріп, оған деген өз көзқарасын білдіру арқылы тілі дамып, пікірін дәлелдей білуге жаттығады. Венн диаграммасы арқылы да кейіпкерлерді салыстырып, сипаттама беруге болады.

Жағымды немесе жағымсыз кейіпкерлердің образына еніп сомдау да балалардың сабаққа қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

**Елестету.** Берілген мәтіндегі бір көріністі көз алдарына елестету. Оқушылар тыныш отырады, көздерін жұмып, әрбір мен айтқан нәрсені елестетуге тырысады.

Мысалы: Жазғы дала. Тау етегі. Айнала жап – жасыл. Бір топ бала өзенге қарай жүгіріп барады. Оқушылар осындай кез келген көріністі көз алдарына елестете алады, өздері сол елестен үлкен қуанышқа бөленеді. Олардың алғашқы әсерлері мынадай сөздерден байқалады «кино көргендей болдым», «суретке түсіріп алғандай болып елестеттім» т.б.

Жұмысымызды қорытындылай келгенде атам қазақ айтқандай: «Алуан, алуан жүйрік бар, әліне қарай шабатын», - дегендей әр адамның өзінің қабілетінің салаларына қарай дара айырмашылығы да алуан болып келетінін жоғарыдан білдік. Баланың жеке тұлға ретінде дамуы, өзіндік көзқарасының қалыптасуы, ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасынан басталады деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі педагогтың міндеті жеке тұлғаны рухани адамгершілік, ұлттық, жалпы адамзаттық құндылықтар жағынан дамыту үшін оның білім бере алу жолындағы өмірін мәдениетке ену үрдісі ретінде ұйымдастырып, оқушының әр даму кезеңінде әлеуметтік өмірдің мәнін түсінуімізге бағыттауымыз қажет. Сабақ процесінде сыныптан тыс жұмыстарда оқушының білім көлемі меңгертіліп, мінез-құлық өмірге деген белсенділігі артып, рухани-адамгершілік дәрежесі біртіндеп дамиды. Сонда ғана жас ұрпақ болашақта өз ана тілін құрметтей алатын, өзін-өзі басқара алатын, қызмет көрсете алатын тәрбиелі, үлгілі, жаны сұлу, рухани-адамгершілігі таза ең бастысы бәсекеге қабілетті дарынды тұлға болып қалыптасады. \4.2\

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007ж.
2. «Бастауыш сынып» журналы №1-2009, №2-2005, №2-2006, №2-2009, №3-2004
3. С. Қарапаев. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеу маңызы. /Бастауыш мектеп. 2006Ж №1/
4. Тұрысбаева. Дамыта оқыту технологиясы.
5. Шығармашылық – басты мақсат. Р. Омарова. / Бастауыш мектеп. 2006 ж №3

**МЫНБАЕВА ЖАДРА АУЕЗБЕКОВНА**  
Астана қаласы, «БІ. Алтынсарин атындағы  
№83 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК,  
қазақ тілі пәні мұғалімі

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУЫ**

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда негізгі басымдылық коммуникативтік дағдыларды, сөйлеу әрекетінің төрт түрін - тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды меңгертуге, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау

дағдыларын жетілдіруге, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталады.

Тиімді оқытудың негізгі бір шарты – білімнің мазмұнын дәл тиімді анықтау. Негізгі ұғымдар мен мәселелерді, теория мен фактілерді қажеттілігі мен тиімділігіне сай іріктей білу, өз бетімен оқи білуге, білім алуға үйрету.

Әр мұғалім мектепте жұмыс атқару барысында білім беру мен тәрбиелеуде оңтайлы нәтиже беретін өз әдістемесін құрған жөн болып табылады. Сол жағдайда ғана жыл сайын оқушыларының білім деңгейінің өсуін байқауға болады. Мемлекеттік тілді үйретуде басты мақсат – тіл дамыту мақсаты болғандықтан, сабақ барысында көздейтін мақсат – оқушылардың сөйлеу тілін, сауаттылығын таныту, тілді үйретуде әдіс-тәсілдер, оны қызықтырып оқыту амалдары арқылы қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдыларын қалыптастырып, оқушылардың лексикалық қорын байытып, мемлекеттік тілде сөйлей, оқи, жаза білуге үйрету.

Мемлекеттік тілдің іргетасын қалау бастауыш мектептен басталуы әбден заңды. Демек, мектептің оқушыларға ұсынатын білім беру материалдары осы заман ғылымының дәрежесі мен талабына сай болу керек. Соңғы жылдары білім беру үрдісінде бой көрсете бастаған ғалым М.Жанпейісованың модульдік технология әдісі бойынша қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету тиімді әдістердің бірі екенін өмір өзі дәлелдеп келеді.

М.Жұмабаев: Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа шығара аламыз деп жазады. Сөйлеу қалай пайда болады? – деген сауалға тоқталатын болсақ, жай қарағанда сөйлеу арқылы қатынас жасау оп-оңай сияқты. Біреу сөйлейді, екіншісі тыңдайды, сөйтіп өзара ұғысады. *Сөйлеу дегеніміз* – тілдік материалдар арқылы жүзеге асу, тілдік заң ережелеріне, тілдік нормаға бағыну. Сөйлеу – әрекет, сөйлеу – тілдің тіршілік ету, өмір сүру формасы.

Америка психологтары Дж. Кэррон мен Б. Блум оқушыларды деңгейлік саралау барысында 3 деңгейді белгіледі:

1) минимальный (төменгі деңгей)

- 2) базалық (орташа деңгей)
- 3) шығармашылық (жоғары деңгей)

Осы үш деңгей бойынша мынадай қағидаларға тоқталады:

- 1) жалпы қабілетті – қабілетсіз бала жоқ, өз ісімен айналыспайды;
- 2) өзара сәйкестік, өзара жарысу басқа оқушыдай білмегенмен ізденісі арқылы дамып жетіледі.

Деңгейлік тапсырмалар сынып оқушыларының психологиялық жас ерекшеліктері мен білім қорларын ескеріп жасалады. Сонымен бірге мемлекеттік стандартта белгіленген білім беру қызметінің көлемі мен сапасы, жеке тұлға қалыптастыру талаптары жауап берсе, оқушының қызығушылығы мен бейімділігіне байланысты мүмкіндік деңгей жұмыстарын орындату арқылы әрі қарай дамыту жұмыстары жүргізіледі. Деңгейлік тапсырмаларды құру кезінде, 4-сынып оқушыларының физио-психологиялық ерекшеліктері ескеріліп, сөйлеудің түрлері қамтылды. Пікірлесудің қандай түрлері болса да сөйлеу кезінде сөз арқылы жүзеге асады. Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі *диалог сөйлеу* болса, ол деңгейлік тапсырмаларды орындау кезінде оқушылар мынадай психологиялық ерекшеліктерімен байқалады.

- 1) диалогта сөз бөгелмей еркін айтылады, ойды кең жайып айтуды тілемейді;
- 2) сөйлем ықшам келеді, сүйемелдеп айтуды қажет етеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады;
- 3) диалогтың қисындығы, мазмұны кемдеу болады;
- 4) диалог сөз кең түрде жоспарланбайды, кейде тіптен сөз айтпай, ым-ишаратпен де көрсетіле салуы ықтимал.

Психолог Т.Тәжібаев: «Ауызша сөз бен жазбаша сөздің арасындағы үлкен айырмашылықтар бар, ол айырмашылықтар балалар тілінде айқын көрінеді» – дей келіп, бұл айырмашылықтардың себебі жазбаша сөздің өзгешелігінде, оның механикалық құрылысының күрделілігінде дегенді айтады. Жазып сөйлегенде логикалық байланыс күшті сақталады. Ауызша сөздің бағыты да, мазмұны да әңгімелесуші оқушылардың пікіріне байланысты өзгеріп отырады.

Балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың мақсаты – оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту, оларды оқу мен жазуға үйрету, ойлау қабілетін және сөйлеу тілін дамыту болып табылады. Жеке тұлғаны тәрбиелеу үшін әсіресе, бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдысын қалыптастыру өте маңызды.

*Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:*

1. Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады.
2. Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мәселен, «келе жатқан тоғызыншы» деген сөйлемге осындай нөмірлі автобусты күтіп тұрған адамдар ғана түсіне алады.

Бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдылары мынадай әдістемелер арқылы қалыптастыру ұтымды екені тәжірибе жүзінде дәлелденген. Олар:

*1. Диалогтік оқыту әдістемесі; 2. Ойын әдістемесі; 3. Пікірталас әдістемесі;*

Диалогтік оқыту әдістемесі – оқушылар мен мұғалімнің шешімді бірге іздеуін, оқыту процесінде өзара белсенді тілдік қатынаста болуын, бір-бірінің пікірін, ойын, көзқарасын сыйлауды, құрметтеуді қажет ететін жаңа инновациялық амал-тәсіл.

Іскерлік ойындар – оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіретін, дамытатын тиімді тәсіл. Сабақ барысында іскерлік ойындарды қолдану арқылы оқушыларға сөйлеу үлгілері, сөйлесудің әдеби нормаларын меңгертеді.

Ауызекі сөйлеу диалогінің стилистикасы өте бай, себебі, ол мәселе эмоциямен байланысты: диалогтің осы түрінің стиларалық екенімен байланысты. Бастауыш сынып оқушыларына сәлемдесу, әңгімелесу, үлкендермен және жолдастарымен сөйлесу кезінде сыпайы, анық, таза, дәл және мәдениетті сөйлеуді меңгерту қажет. Әңгімелесушілердің ізетпен, бір-біріне құрметпен, көңілге келер сөздерді ауызға алмай, тәрбие шеңберінен шықпай сөйлесуі әдептіліктің белгісі болса, тыңдаушының сөзді бөлмей, ынта қойып, аяғына дейін тыңдай білуі де мәдениеттілік.

Балаларды сөйлеу мәдениетіне төселдіруді әсіресе мектеп жағдайында қолға алу үшін мұғалімге төмендегідей жұмыстарды жүргізуге болады:

1. Оқушылардың жеке дыбыстарды, буындарды, сөздерді, фонетикалық, лексикалық жағынан дұрыс жаза айта алуына, қазақ тілінің грамматикасын саналы меңгерумен қатар практика жүзінде қолдана білуіне ерекше қамқорлық жасау қажет;

2. Мұғалімдер өз сыныбындағы оқушылардың ана тілімен қатар, орыс тіліндегі белсенді сөздік қорының шамасын біліп, олардың екі тілде дұрыс сөйлей алуына көңіл бөлуі тиіс;

3. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу – оқу - тәрбие процесінде көзделетін негізгі міндеттердің бірі. Өйткені сөйлеу мәдениеті – мәдениеттіліктің басты белгісі. Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу түрлі әдістер арқылы жүзеге асып отырады. Мысалы, оларды өз ана тілін қадір тұтып, құрметтей білуге тәрбиелеу – сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеудің бір элементі.

Р.Ю.Мартынованың әдіс-тәсілдерін оқып, танысқаннан кейін, бірнеше көрнекі құралдарды пайдалануға болады. Олардың ішінде ойын элементтері бар. Әр ойынның өз реті, жөні бар. Сондықтан, әрбір сабақ процесінде қандай дидактикалық ойын қолдануға болатынын сабақ мазмұнына, тіпті сабақты пысықтау, қорытындылау кезінде де ойын элементінің мәні зор. Себебі бала ойнап отырып бірнеше сөзді өзінің сөздік қорына жинап отырады. Мысалы:

1. Ойынның шарты бойынша берілген сөйлемге әр оқушы бір сөзден қосып, толықтырып отыруы керек. Бірақ, сөйлемнің мағынасы өзгермеу керек. Сөйлемге сөз қосып, толықтыра алмаған оқушы жеңіледі.

- *Кітап.*

- *Менде кітап.*

- *Менде кітап бар.*

- *Менде жақсы кітап бар.*

- *Менде қызық, жақсы кітап бар.*

Қазақ тілін үйренуде рөлдік ойындардың пайдасы зор. Ойын - оқушылардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп сөйлеседі. Оқушылар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал мұғалім тек бағыттаушы болады. Оқушылар өздеріне лайықты рөлді өзі таңдап алған жөн. Сонда ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Оқушы өзін рөлде неғұрлым еркін сезінетін болса, ол соғұрлым қызыға ойнайтын болады. Рөлдік ойындар арқылы оқушылардың тілі жаттығып, сөздерді еске сақтап қалуға мүмкіндік береді. «Дәмханада» рөлдік іскерлік ойынында «даяшы» мен «дәмханаға келушінің» рөлдері ойналады. Алдымен оқушыларға көмекші сөздер жазылған карточкалар беріледі. «Даяшы» рөліндегі оқушының карточкасында: ас мәзірі, нені қалайсыз, қою, сұйық тамақ, сусын, таңдаңыз, ас дәмді болсын, келіп тұрыңыз, қызмет көрсетуге ризамын. «Келуші» рөліндегі оқушының карточкасындағы сөздер: қанша тұрады, бұл қай сусын, рақмет, тағы келемін, шайды ұнатамын. Оқушылар берілген жағдаятты ойнап, тілін жаттықтырады.

Тіл дамытуда атқарылатын жұмыстың ең негізгі түрі – сөздік жұмысын жүргізу. Сөздік жұмысын жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту көзделеді. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі бар. Екінші бір тілді меңгеру сөз үйренуден басталады.

Қорытындылай кетсек, тіл дамыту сабақтары арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ауызекі сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыта аламыз. Берілген тапсырмаларды өз беттерімен орындауларына жол ашады. Ең бастысы, сөйлеу тілдерінің көркеюіне, өз ойын еркін жеткізе білулеріне, сауаттылықтарының артуына да түрткі болады.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). – Астана, 2015. – 27 б.

2. Ж. Дәулетбекова. «Оқушылардың тілін дамыту жолдары». Алматы «Рауан» 2000 ж. 120- бет.

3. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 2007 жыл №8, 24-25бет.
4. Аханов К. «Тіл білімінің негіздері». Алматы 2011ж. 188-бет.
5. Мағжан Жұмабаев. Педагогика. Алматы. 136-бет.
6. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. Алматы «Рауан», 1995ж. 300-бет.
7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. Алматы: Мектеп. 2002ж. 120-бет.8. «Білім – Образование» ғылыми-педагогикалық журнал, 2009, №1(43) 16- бет

## **БАЛОВА БАҚЫТ УМИРБЕКОВНА**

*Астана қаласы F.Қайырбеков атындағы*

*№ 2 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ОҚУ МАШЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі мен жаңа мазмұндағы жүйесінің басты міндеті - қазіргі заманғы ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді қажет жағдайда пайдалану икемделігін меңгерген, өз бетінше тиімді шешімдер қабылдай алатын, сындарлы тұлға қалыптастыру. Әлемдік тәжірибе бойынша тілді меңгеру төрт түрлі дағды арқылы жүзеге асырылған: оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым.

Бастауыш сыныпта жүретін «Әдебиеттік оқу» пәні тұлғаның ауызша және жазбаша тілін дамытуды, грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөздік қорын, тіл байлығын арттыруды көздейді.

Мақсаты: Оқу машығын қалыптастыруда оқыған сөйлемін, мәтінін толық түсінуі, қолданылған сөздердің мағынасын меңгеруі керек. Дұрыс түсініп оқу үшін белгіленген меже бойынша қарқынмен оқу қажет. Сөздер мен сөз тіркестерін анықтау арқылы оқудың дағдысын меңгерту, шығармашылық ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.

Өзектілігі: Қазіргі ХХІ ғасыр компьютер мен техниканың дамыған заманында, дабыл қағатындай мәселелердің бірі: Балдырғандар кітап оқудың орнына күндіз-түні компьютерге телміріп өсіп жатыр. Балалардың көркем әдебиетке қызығушылықтарының жоқтығы. Қазақ тіліндегі кітаптар, газет-журналдарды оқымайтындығы, сөздік қоры аз, сөйлеу мәдениетінің саяздығы. Өз ұлтының көркем тілінің кәусәрынан қанып ішкен ұл мен қыз шын мәнінде елінің толыққанды азаматы болатынын есте ұстау. «Оқушы көркем әдебиетті неге оқымайды?» -деген сауалға бастауыш мектептің оқу тәрбие үрдісінде оқуға, сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттыру барысында әдебиеттік оқу сабақтарында сараланған тапсырмаларды қолдану

аясын кеңейту, талаптарды жетілдіру. Әдіс-тәсілдерге жете мән беру, мақсатқа сай түрлендіріп тиімді пайдалану.

Лингвист-ғалым Мәулен Балақаев: «Ана тілін жақсы білу-әркімнің азаматтық борышы, тіл байлығы-сөз байлығы деген. Орнымен айтылған әрбір сөз мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезіледі. Ал мұндай шеберлікке ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру арқылы ғана қол жеткізе аламыз.

Оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіруде мәтіндермен жұмыс жүргізу аса маңызды. Көркем мәтінге тақырыптық талдау жасап, негізгі ойды анықтау, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру, сөздік жұмысын жүргізу. Сөздік жұмыс жүргізу бойынша, жаңа сөздің мағынасына сай синонимі, антонимі беріледі.

Танысқан сөзді санада тұрақтандыру үшін: заттың өзін немесе суретін көрсету қажет. Оқу машығын қалыптастыру бастауыш сыныптан басталады. Осы кезеңде ғылыми танымдық және мәдени мәтіндерді дұрыс оқып түсінуге үйрету маңызды. Кітап оқу арқылы бала көп деген қызықты мәліметтерді біле алады. Ал жылдам оқу дегеніміз минутына 300-400 сөз оқу. Бірақ бұған қол жеткізудің қажеті жоқ. Бізге керегі дұрыс түсініп оқу. Дұрыс оқу дегеніміз адамның сөйлеген кездегі жылдамдығы, 120-150 сөзді бір минутта оқу. Егер оқушы минутына 50 сөз оқумен 4-сыныпты бітірсе, 7-сыныпта 6500 сөзден тұратын 8 бетті шығарманы, 130 минутта оқиды екен. Ал түсіну үшін екі рет оқыса, жобамен төртжарым сағат уақыт керек. Мектептегі алты сағат, басқа да жазбазаша үй тапсырмалары бар, ол оқушыға он сағаттан артық уақыт керек. Бір сөзбен айтқанда ештеңе үлгермей үлгермеуші атануы мүмкін.

Бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын дамытуда мына талаптар ескерілуі керек:

сөздерді лексикалық, фонетикалық нормаға сай орынды қолданылуы;  
орфография, орфоэпия нормаларын сақтай білуі;  
ауызша, жазбаша тілде сөздерді тиімді қолдана білуі;  
шамасы жеткенше ертегі, әңгіме жаза білуі.

Тіл дамытуда шығармашылық тапсырмалар: шығарма, әңгіме жазу; қабілеті бар балаларға өлең шумақтарын жазғызу; ертегі жазу; көркем шығарманы оқу; сайыс, рөлдік ойындарға қатыстыру; сараланған тапсырмалар беру; сөзжұмбақтар құрастыру; газет-журналға шағын шығармашылық жұмыстарын жариялату; балаларға арналған басылымдардағы сөзжұмбақ, ребустарды шешкізу; белгілі бір шығармаға қысқаша пікір жаздырту аса маңызды.

Іс-тәжірибеде оқу мен жазуда сын тұрғысынан ойлау технологиясынан «Ассоциация құру», «Сәйкестендіру», «Блум таксоманиясы», «Дамыта оқытудың РАФТ», «Екі жақты күнделік», «Сиқырлы таяқша», «Қатені тап»

стратегиялары қолданамын: Мысалы : «Қатені тап» әдісі Сынып топтарға бөлінеді, әрбір топ тапсырма алады: 1) бір сурет салып, онда 1-2 қате жіберу керек (нені бейнелейтіні оқу материалының тақырыбына байланысты) 2) Мәтін құрастырып, онда бірнеше сөз тастап кету немесе алмастыру, мүмкін, тіпті мәтін бойына таратып шашу керек.

Жұмыс 15 минутқа созылады. Сосын топтың барлық материалды қайталауына 7-12 минут уақыт беріледі. Қайталаудан соң топтар тапсырмаларымен алмасып, бір-біріндегі қателерді тауып, түзетеді(оларды арнайы параққа жазады) Келесі кезеңі- жаңа ғана жұмыс істелген тақырыпқа жеке тапсырма алады.

Топтың №	Тақырыбы
Қателері	
1.	2.

«Сөз тізбесін жалғастыру» әдісі

Дескриптор: Келесі сөз алдыңғы сөздің соңғы әріпінен басталуы керек. 8 балл

«Буын арқылы жаңа сөз құра» әдісі

Дескриптор: Сөздердің бір буынын алып, жаңа сөз құрастыру. 3 балл

Бал-мұз-дақ, мұз-дақ, бал-дақ.

«Спираль тәрізді мәтінді» оқу әдісі Оқытуға берілген мәтін беті айналма түрде болады. Осы айналма мәтінді оқып шығу керек. Бұл тапсырма көз қозғалысының жақсарып, тіл байлығының жетілуіне, оқу машығына қызығушылығын арттырады.

Өз қалауымен оқылған кітаптарды дәптерге тізіп жазып отырған дұрыс немесе мынадай кесте толтыруға болады.

Көркем шығарманың атауы	Авторы	Кейіпкерлері	Бір минутта оқыған сөз саны
Бай баласы мен жарлы баласы	Ы.Алтынсарин	Асан мен Үсен	48 сөз

Мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тұрақты тіркестерді үйрету барысында да оқушының тіл байлығы артады. Мақал-мәтелдерді, жұмбақ, жаңылтпаштарды меңгерулері үшін «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ», «Жаңылтпаштан жаңылма», «Жұмбақ, жұмбақ, жұтылдым» тақырыбында қосымша іс-шаралар ұйымдастырып отырудың да маңызы зор.

Филология ғылымының докторы Нұргелді Уәлиев: «Тіл мәдениеті дегеніміз-сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама берген «Сөз мәдениеті» атты еңбегінде. Ендеше, әдебиеттік оқу сабағында өтілген материалды бекіту үшін оқушының ауызша сөйлеу мүмкіндігін арттыруға назар аударған дұрыс.

Қорыта келгенде Оқыту әдісі оқушы мен оқу материалын қосатын «көпірді салуға» негізделсе, мұғалім көпірдің екі жағын қадағалай білу тиіс.



Ұстаз алдындағы баланың нені білетіні, нені жасай алатыны, олардың қызығушылықтары, нені жақсы көретінін, түсінсе, ғана нәтижеге қол жеткізе аламыз . «Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш білімде-деп өз ойымды түйіндедім.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Ш.Сәтиева.Оқушылардың оқу техникасын дамыту. Ұлағат 2004ж.№4.
2. Б.Иманбекова «Сабақ -оқытудың негізгі формасы». Алматы 2013ж.
3. М.Ералиева Оқытудың технологиялары Бастауыш мектеп. 2006ж . №5.
4. К. Абдрахманова Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері Бастауыш мектеп. 1989 ж. №9.

**МАМЕНОВА ТОРГЫН КАЖЕТОВНА**

*«Ж.Жабаев атындағы  
№4 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК*

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫЛАРЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Қазіргі таңда бастауыш сынып бойынша білім беруде өзекті мәселелер бар деп айтсақ болады. Соның бірі бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларының қалыптасуы, соның ішінде оқушылар оқуды меңгергенімен мазмұнын толық түсінбейтін мәселелер де кездеседі. Осы өзекті мәселені шешу жолында практика жүзінде орындалған мынадай жұмыс түрлерін ұсынамын.

**Мақсаты:** Бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету, алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

**Міндеттері:**

- Сауат ашу пәнінің мақсатын анықтау;
- Оқыту әдістерін талдау,жіктеу;
- Түрлі әдістер арқылы баланың оқу ынтасын ,сабаққа деген қызығушылығын арттыру;

Бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі-оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру.

Дағды дегеніміз –ол автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет,көп рет қайталау жолымен қалыптасады,оқыту процесінде,әсіресе жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру керек.Дағды жаттығу процесінде қалыптасады.Оны қалыптастыру үшін жай қайталау жеткіліксіз,оған арнайы жаттығу қажет.

Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды: Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).

Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату).

Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені, оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Оқу сабағын жүргізуде және оған қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру үстінде мыналарды ескеру қажет:

*Біріншіден*, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысының жетілдірудің бір шарты – оқушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету:

- ✓ мәтінді толық оқу;
- ✓ мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;
- ✓ мәтінді дайын жоспар бойынша оқу;
- ✓ мәтін бойынша жоспар құру;
- ✓ абзац бойынша оқу;
- ✓ мәтінді жартылай дауыстап оқу;
- ✓ мәтінді рольге бөліп оқу;
- ✓ мәтінді оқып, мазмұндау;
- ✓ мәтінді қысқартып оқу;
- ✓ мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті тауып оқу
- ✓ ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

*Екіншіден*, оқу сабағында ойлау қабілетін, қызығушылығын, байқаушылығын, салыстыра білетін қабілетін, ой - өрісін дамыту үшін мына оқу түрлерін пайдалануға болады:

- ✓ мәтіннен қатты, ақырын, жылдам, баяу оқылатын сөйлемдерді табу;
- ✓ мәтіннен логикалық ықпалы бар сөйлемдерді тауып оқу;
- ✓ мәтіннен ереже бойынша сөйлем тауып оқу;
- ✓ мәтіннен нақыл сөздерді тауып оқу;
- ✓ мәтіннен көтеріңкі көңіл-күйге байланысты сөйлемдерді тауып оқу;
- ✓ мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып оқу;
- ✓ мәтіннен автор сөзін алып тастап оқу;

Үшіншіден, оқу сабағында оқушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады:

- ✓ мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу;
- ✓ мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу;
- ✓ мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу;
- ✓ мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу;
- ✓ мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- ✓ мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу;

Сабақ үрдісінде мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін мына оқу түрлерін жүргізуге болады:

- ✓ мәтінді тыныс белгілеріне сәйкес дауыс ырғағын келтіре оқу;
- ✓ леп белгісі бар сөйлемдерді дауыс ырғағымен оқу;

- ✓ өлеңді мәнерлеп оқу;
- ✓ өлеңді дауыс кідірісімен мәнерлеп оқу;
- ✓ өлең жолдарын дауыс кідірісімен тізбектей оқу;
- ✓ өлеңнен немесе мәтіннен үзінділерді мәнерлеп оқу.

Сөзімді қорытындай келе, аталған жаттығулар оқушының оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Оқу процесі кезінде зейін қоюды және берілген материалды есте сақтауды дамытады.

**ШӨКЕЕВА ГУЛЖАНАТ ЖАҚСЫЛЫКОВНА,  
ТОБЫКТИНА АЙМАН САПАШЕВНА**

*Астана қаласы, №82 «дарын» мамадандырылған лицейі  
Бастауыш сынып мұғалімдері*

**БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
СӨЗДІК ҚОРЫН МОЛАЙТУ**

Оқушылардың тіл сабақтарында тілін дамытуда кездесетін қиыншылықтарды ескере отырып, «Биоақпараттық технологияның » бірізділік принципін жүзеге асыру мақсатында «АС-Ауызша сабақ » картасы арқылы, “ Данышпандар“ әдістерімен бөлісетін боламыз.

Белсенді оқу – қазіргі технологиялар принциптерін әдіс- тәсілдерде пайдалану арқылы жүзеге асыру. Оқытудың белсенді әдістері- оқу материалын игеру кезінде оқушыларды белсенді ойлауға және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Жақсы ойластырылған оқыту әдістерінің көмегінсіз оқу материалының игерілуін ұйымдастыру қиын. Сол себепті алынып отырған тақырыбымыз қазір жүргізілетін жұмысымызға себеп болады.

Оқушылардың сөздік қорын молайту, тіл дамыту жұмыстарын сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырып отырмыз. Атап айтсақ: Қоғамдық орындарға экскурсия жасау, мәдени мұраларды таныстыру, ұлы тұлғалардың өмірі, шығармашылығы жайлы қызықты мағлұматтар алады . Алдыңғы алған білімдерін еске түсіре отырып, өзара пікір алмасады.

Кітапханамен байланыс, оқуға құштарлық акциясы, интеллектуалды ойындар, ата- анамен бірге кітап оқу, ата- анамен сайысқа түсу арқылы өз ойларын дәлелдей алуға үйренеді. Оқуға құштар мектеп акциясы арқылы қызықты іс- шаралар өткізіліп отыр. Осы атқарылып отырған жұмыс барысы өз нәтижесін беруде.

Дегенмен де тіл дамыту жұмысы күнделікті тіл сабақтарында әдебиеттік оқу, дүниетану, мәнерлеп оқу сабақтарында бір жүйемен жүретін болса, ол табысты нәтиже берері сөзсіз.

Сол мақсатта жүргізіліп отырған жұмысымыз Ы. Алтынсарин атындағы әдістемелік орталығымен бірлесе жасаған әдістемелік құралымыз бар.

Әдістемелік құрал 4-сыныптарға арналып жасалған. Әдістемелік құралда қазіргі жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдері таңдап алынған. Озыңғайыңызға, сыныбыңыздың ерекшелігіне қарай әдіс-тәсілдерді таңдап алуыңызға да болады. Жасалған құралды жыл көлемінде пайдаланып келеміз. Жан жақты жүргізілген жұмыс қайтсе де балалардың тілін дамытуға көмегін береді. Сабақта жүргізілген әдіс-тәсілімізбен бөліскіміз келіп отыр.

Жұмыс бастамас бұрын сабағымызда қолданып жүрген «Бақытты сәт» интеллектуалды ойынымыздан үзінді ойнасақ.

Мақсатымыз: ойларыңызды жинақтау, сабаққа деген белсенділіктеріңізді арттыру.

Тіл дамытуда «Ақпараттық технологияны» қолдану арқылы да тілдерін дамытамыз.

QR арқылы оқу құралымызды ашсаңыздар. Биоақпараттық технологияны жүзеге асыру мақсатында «Данышпандар» әдісі арқылы тапсырмалар орындаймыз. Көзата Аңызын тауып оқысаңыздар. Аңыз бойынша жұмыс түрлерін топтарға беремін.

### **Пайдаланылған әдебиет**

1. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. — К.: Радянська школа, 1983.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2009
3. Давыдов В. В. Теория развивающего обучения. — М.: ИНТОР, 1996.
4. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы студентны дамыту құралы ретінде. – А., 2002.
5. Загвязинский В. И. Теория обучения: Современная интерпретация: Учебное пособие для вузов. 3-е изд., испр. — М.: Академия, 2006.

**БИДАХМЕТОВА АЙГУЛЬ САСАНОВНА**  
*№ 81 "Astana English School" халықаралық  
мамандандырылған гимназиясының  
бастауыш сынып мұғалімі, зерттеуші-педагог*

## **"ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУ"**

Ғаламдық және жаһандық өзгерістерге сай оқушыларда ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып, ұлттық құндылығымызды құрметтейтін тұлғалардың дамуына ықпал ету маңызды. Сондықтан заман талабына сай

ұлттық және халықаралық білім берудің жоғары стандартына негізделуіміз қажет. Білім алушыларды ұлттық және әлемдік деңгейде ойлана алатын, соған сәйкесінше әрекет ете алатын тұлға ретінде қалыптастыруымыз міндет. Сонымен қатар, академиялық, әлеуметтік дағдылар мен бірге ұлттық құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, бойларына сіңдіру – өзіміздің ұлттық ерекшелігімізді сақтаудың негізгі жолы. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабаларымыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адамгершілігі мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу- бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

Биылғы жылы өткізген ашық сабаққа тоқталсақ. Сабақтың өзі толығымен Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруге бағытталған форматта өтті. Сабақтың ұйымдастырылуы сәті:

1) Сабақ ең бірінші мейірімді жүректен басталды, онда оқушыларға біздің гимназияда оқытылып жатқан оқушы моделінің 10 профайлын/қасиетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсіл қолданылды. Олар:

- 1) Ізденімпаз (зерттеуші) любознательные Inquirers
- 2) Зерделі знающие knowledgeable
- 3) Ойшыл думающие thinkers
- 4) Тіл табысқыш общительные communicators
- 5) Ұстамды принципиальный principled
- 6) Әділетті (ықыласты) широко мыслящие open-minded
- 7) Қамқоршыл caring заботливые caring
- 8) Тәуекелшіл решительные risk-takers
- 9) Үйлесімді гармонично развитые balanced
- 10) Рефлексивті (талдағыш) анализирующие reflective

Амандасуда оқушылардың таңдауы жүрек болды. Яғни, олар төс қағысып амандасып, ұлттық құндылығымызды жаңғыртты, сонымен қатар, профайлдардан ықыластылық пен тіл табысқыштықты көрсетті.

2) Үй тапсырмасын сұрау

Қолданылған әдіс-тәсілдер:

“Зырылдауық ойын ” – бұл үй жұмысын жалғастыру арқылы мазмұнын айту тәсілін қолдандым. Бұл әдісте балаларға арнайы әсемделген бас киім кидірту арқылы кезекпен үй тапсырмасын сұралып, бір-бірін сыйлау, тыңдау және құрметтеу секілді құндылықтар дамытылды. Оқушыларға сиқырлы шляпа кидірту арқылы олардың сөйлеуіне тіл қорының дамуына үлкен септігін тигізді. Сабақты қорыта келе оқушылар күй құдіретін терең түсініп, күйдің адамды жылататын, ұйықтататын, маз – мейрам ете алатын қасиетті музыкалық аспап екенін білді. Ата – бабадан қалған қасиетті домбыраның құндылығы ерекше екенін түсінді.

3) Жаңа сабақ:

Димаш Құдайбергеннің бейне жазбасымен басталып, ондағы

шетелдіктердің еліміздің Әнұранының орындалуына тамсанған жазбалары көрсетілді. Сонымен, ұлттық рәмізіміздің қаншалықты құнды екені оқушылардың сана-сезімінен үлкен орын алды. Балалар біздің гимназияда ұсынылған оқыту бойынша үш тілділікті қолдай отырып, үш тілде де Димаштың видеосының астына жазылған пікірлерді оқып, талдады. Яғни, балалардың сөйлеу мәнерін, өз ойларын ашық айтуы, алған әсерлерін жеткізе білуіне үлкен үлесін тигізді.

Құндылықтарға шолу:

Ұлы тұлғалардың еңбектері – Абай Құнанбайұлының өлең жолдарына ерекше тоқталу:

Құлақтан кіріп, бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй.

Бұл өлең жолдары Димаштың ән шырқап, сол арқылы әлемнің махаббатына бөленуінің дәлелі екенін оқушылар түсіне алды. Біздің ұлттық құндылығымыз болған мемлекеттік әнұранның ерекше екенін, әнұранға деген құрметтің шексіз екеніне көздерін жеткізе отырып, әнұранға деген махаббаттарының күшеюіне себеп болды.

Мәтінмен жұмыс жасау кезеңі:

Оқушыларға осы кезеңде мақсатқа сай мәтіндегі оқиға желісін анықтау тапсырмасы берілді. Оразбек Бодықовтың мәтіні «Аққұс», ондағы әңгіменің кейіпкерлері ерешке тұлғалар және әр елдің халықаралық, әлемдік деңгейдегі біртуар азаматтары: Людвиг Ваг Бетховен, Бақытжан Байқадамов және Шәмші Қалдаяқов жайында баяндайды. Оқушылар осы мәтінді оқи отырып, көрініс көрсетті. Бұл балаларды шабыттандырып, осындай адамдарға сүйіспеншілігін арттырып, еліктеуге себепші болды. Әңгіме желісі – әннің құдыретімен қатар, өмірдегі жақсылықтың бар екенін және де оның үнемі жамандықты жеңе алатынын дәріптейді. Бұл оқушылардың жүректерінің таза да, ақ ниетті болуына өз әсерін тигізді, балалар әңгімені өте жақсы түсініп, оның түпкі мағынасына, негізгі ойына жете білді. Өйткені бәрінің көкірегінде сайрайтын бір – бір Аққұс бар. Әннің құдіреті осында. Ән Аққұсты Қарақұстың тырнағынан ажалдан сақтап қалды. Құлақтан кіріп бойды алған әннің құдіреттілігі күшті.

«Зерттеу картасы» әдіс-тәсілі бойынша кейіпкерлерге сипаттама беру. Әңгіменің басты кейіпкері Шәмші Қалдаяқов. Оқушылар өз сөзін «Шәмшінің әндері мәңгі жасайды. Ән де, әнші де туған елінде құс сияқты қалықтып, биікке ұша береді» деген пікірмен өз ойларын «Еркін микрофон» әдісі-тәсілі арқылы еркін жеткізе білді. Ұлттық құндылығымыз әндердің кереметтілігіне көздері жетіп, «Әнді сүйсең менше сүй» жасырын әндер әдіс – тәсілі бойынша әннің атын тауып, Шәмшінің әндеріне деген сүйіспеншіліктері арта түсті. Шәмшінің әндері – әр қазақтың жүрек төрінде мәңгілік салтанат құратын ғұмырлы әуендер! Ол – ән арқылы

Отанына қорған болған қайраткер. Ол – ән арқылы ұлтты тұтастырғысы келген бірге тұлға! Шәмші «Вальс королі».

Өнер бөлімі болғандықтан оқушыларға сабақ өте ұнады. Олар күй мен әннің күдіреттілігін, соның ішінде қасиетті домбыраның адам өмірінен алатын орны ерекше екенін, домбыра ата-бабадан қалған құндылық екенін ойларына түйе біледі. Ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіре отырып сабаққа кері байланыс жасай білді. Құстың қанаттарына өз ойларын жаза отырып, ақ құстың қанаттын жапсырып сұлу құс мүсінін жасады. Ұлттық құндылығымыз өнердің ата-бабамыздан қалған асыл қазына екеніне көз жеткізді.

### **Қорытынды**

Менің әдебиеттік оқу сабағымның нәтижесінде ғаламдық және жаһандық өзгерістерге сай оқушыларда ұлттық ерекшеліктері сақталды, ұлттық құндылығымызды құрметтейтін тұлғаларды дамытылды;

Халықаралық стандартқа сай оқушыларда он қасиет/модель қалыптасты; Оқушының пәнге және ұлттық құндылыққа деген қызығушылығы арта түсті. Ұлттық құндылықтар жайлы айта беретін болсақ шегі жоқ. Қазақ оюлары, қазақ тілі, қазақ халқы, қазақтың құндылықтары десе ең алғаш ойымызға өз еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны келеді. Әлем қазақ елін осы оюымен, оюлы домбырасымен және оюлы көк туымен таниды. Әрине, ең танымалдарынан бастауды жөн көрдім. Осылардың өзі-ақ қазақты әлемге танытып үлгерді. Мысалы: Димаш Құдайбергенов, спортшыларымыз көк туымызбен әлемдік аренада ән шырқап, шарықтамағанда біздің сол көк туымызды бәлкім ешкім танымаста ма еді? Жастарымыз шетелде жүріп ән шырқап, домбыраны қолға алып шертпегенде, қара домбыраны бәлкім ешкім танымаста ма еді? Сол себепті, осы еліміздің көк туын желбіретіп, асқақтатып жүрген ұлт қорғандарын, ұлттық құндылыққа кіргізу, сабақта оқушыларға ақпарат беру менің міндетім болып тұр. Ұлттық құндылықты дәріптейтін шәкірттеріміз көп болсын!

### **Ұсыныс:**

Сабақта оқушыларды ұлттық құндылықтарды дәріптейтін, тіл байлығын дамытатын әдіс-тәсілдерді көбірек қолдану; заман талабына сай халықаралық сананы да қоса дамытуымыз қажет. Ұлттық құндылықтарымыздың өмірде өте маңызды екенін жастарға жеткізе білу керекпіз. Сонда ғана, еліміздің болашағы жарқын болады. Сабақтағы ұлттық құндылықтар жайлы айта беретін болсақ шегі жоқ. Халықаралық стандарт РҮР/Бастауыш Білім беру бағдарламасы бойынша оқушы бойына 10 профайлмен жұмыс жасалды.

Ұлт қорғаны ол – Отаншылдық пен жаны құмар азаматтар. «Отан – отбасынан басталады» демекші, отаншылдықты бала кезінен бойға сіңіру аса маңызды істердің бірі. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата – бабаларымыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адамгершілігі мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы мен

қоғам қажеттілігі.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Оқулық 3 сынып – Әдебиеттік оқу.
2. Шәмші әндері - <https://learningapps.org/view28450181>
3. Димаш Құдайберген <https://www.youtube.com/watch?v=cccQ5X5Xexs>  
Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы. <https://www.ibo.org/>

**МУРСАЛИМОВА АМИНА ТУСУПБЕКОВНА**

*«Ж.Жабаев атындағы*

*№ 4 мектеп- гимназиясы» ШЖҚ МКК*

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН  
ЫНТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген қызығушылығын арттыру, ынтасын қалыптастыру, ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ғылым мен техника дамыған заманда оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын ояту күрделі мәселеге айналып отыр. Осы мәселелерді шешу барысында өзімнің педагогикалық тәжірибемдегі қолданылатын тиімді тәсілдерді атап көсеткім келеді.

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады.

Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды.

Ойлауға үйренетін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Осыған байланысты Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдовтардың жасаған жүйесі негізгі құраушыдан тұрады.

1. Оқу мақсаттарының қойылуы.
2. Оны шешу жолын бірлесе қарастыруы.
3. Шешімнің дұрыстығын дәлелдеуі.

Сабақты жақсы оқитын оқушылармен ғана белсенді жұмыс істеп қана қоймай, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызып, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек ету ойластырылса, әр оқушының оқуға деген қызығушылығы артады. «Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау».

Әр сабағымды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.



Оқу үрдісінде оқушының белсенділігі, негізінен екі түрлі сипатта болады: сыртқы және ішкі белсенділік.

Сыртқы белсенділік дегеніміз – оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, әрекеті т. б.) бірақ осы кезде ол басқа нәрсені ойлап отыруы да мүмкін.

Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Оқушы белсенділігі қандай болғанда да ой дербестігіне сүйенеді. Оқу материалын терең меңгеруге тек оқушылармен жүргізетін жаттығу жұмыстарының нәтижесінде қол жеткізуге болады.

1. Жаттығу жұмысы пәннің мәніне, тақырыпқа логикалық байланыста болуы керек.

2. Жаттығуларға сұрақтар жүйесі оқушылардың ойлау қабілетін дамытарлықтай болуы тиіс.

3. Жаттығу жұмысы сабақтың барлық кезінде болуы керек. Жаңа сабақты түсіндіруде, бекіту кезінде, білімді тексеруде, сондай - ақ қайталауда да қолданылады.

**Қорытынды:** өзімнің сөзімді қорыта келіп, мынадай түйін түйюге болады.

1. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары артады.

2. Оқушылардың танымдық белсенділіктері дамиды.

3. Осы шығармашылық тапсырмаларды пәндерге бейімдеп қолданудан, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы молаяды.

4. Оқушылардың логикалық ойлауы, шығармашылық іс - әрекетке қабілеті артады.

5. Оқушылардың білім сапасы көтеріледі.

Ол үшін, жалықпай жаңа инновациялық технологияларды өз жұмысымызда пайдаланып, сонымен қатар оқушыларды мадақтап, ынталандырып отырған орынды.

## **КУАТОВА БАЛКҮМІС НАЗАРӘЛІҚЫЗЫ**

*Астана қаласы, №64 мектеп-лицей*

### **«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУЫ»**

Ұлттық құндылықтарға негізделген, белсенді әдіс-тәсілдер арқылы білім бере отырып, оқушыларды ақпаратты жай ғана тыңдайтын енжар тыңдарманнан белсенді оқырманға айналдыру және де өз пікірін тұжырымды түрде жеткізе білуге баулу.

**Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізуге негіз болған немесе анықталған проблема...**

Сыныптағы проблеманы анықтап алу үшін 1- қадам зерттеуге арналған тақырыпты таңдауды негіздеуден басталды. Зерттеуді бастауға «Менің сыныбымда не болып жатыр?», «Не маңызды?», «Не болып жатқанын қалайша түсіне аламын?» деген сұрақтар түрткі болды. Зерттеу объектісі болып 4 «Б» сыныбы алынды. Сонымен зерттеу тақырыбы «Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері оқушылардың тіл байлығын дамыта ала ма?» деп алынды. Менің ойымша осы тақырып күнделікті оқу мен оқытуда, сыныбым мен мектебімде кездесіп жүрген кедергілерді шешуге көмектеседі деп ойлаймын. Оқушылардың тіл байлығын дамытуға қандай әдістер тиімді деп, әртүрлі ғалымдардың еңбектерін оқи бастадым. Оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі «зерттеушілік әңгіме». Барнс пен Мерсердің айтуынша зерттеушілік әңгіме-мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болатын әдістің түрі екенін де дәлелдеген. Оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтып, болжамдар ұсынып, талқылайды. Ақылға қонымды мәлімет ұсынады, сұрақ қояды, айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме көрінеді. Сондықтан зерттеушілік әңгіме түрі менің сыныбымның дамуына үлес қосады деп ойлады. Таңдап алған тақырыптағы зерттеу нәтижесі осы сынып оқушыларының білім сапасына оң әсер етеді деп жоспарлады. Таңдалған тақырыпқа сай жоспар құрдым. Ең маңыздысы осы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған нәтижеге негізделуі керек. Әрбір модульді оқытуда ықпалдастыру жолында құрылған жоспар бойынша әр оқушы өз жұмысының нәтижесін көру үшін, әр оқушыны назарда ұстау үшін оларға жауапкершілікпен бағытталған тапсырмалар бердім. Өзің біліп тұрғаныңмен өз болжамдарыңды талдау қиын екен, сондықтан маған сыншы доспен жұмыс істеу қажет болды. Сол үшін әріптестерімнің көмегіне жүгіндім. Әр сабақтан соң, «мен не ұтам?» және «оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды естен шығармай, әр сабақ кезінде бағалау әдістерін қолданудағы оң нәтижелер мен кездескен кедергілерді саралай отырып, одан әрі жетілдіру үшін қайта жоспарланды. Әр сабақтың жетістігі мен кездескен кедергілерді талқылап, алдағы уақытта нені ескеру қажет екеніне рефлексивтік есеп жазылып, нәтижесінде оқушылардың жеке даму аймағын анықтап, тапсырмалар мен әдістер өзгертілді. Нәтижесінде: оқушыларды топқа бөлген кезде шағын топтардың тиімді екенін және де бір топта бір деңгейлі оқушылардың отырғаны дұрыс екендігіне көз жеткізілді. Себебі белсенді оқушы топта бәрібір белсенділігін көрсетіп, баяу оқушы соның тасасында қалып қойып отырды. Ал, бір деңгейлі оқушылар өз топтарының намысын қорғау үшін сабаққа белсене қатысып, шамасы келгенше тапсырма орындауға ұмтылғанының өзі үлкен нәтиже берді. Тапсырма беру кезінде ерекше білімді қажет ететін оқушыларды да ескеріп отырдым. Қорытындысында әртүрлі оқушылардың сабаққа белсенділіктері артты. Мысалы: А есімді оқушының бойынан оң өзгерістер байқадым. Пәнге деген қызығушылығын, өз ойын

дұрыс,еркін дәл айтатынын байқадым,топтық жұмыстарда топ мүшелерімен бірге жұмыстанып жатқаны ерекше көзге түсті,сонымен қатар басқа да орта деңгейлі оқушылардың сабаққа қатысып,сұрақтар қойып,үнемі ізденіс үстінде жүргенін байқадым.Зерттеу сұрағы қойылғаннан кейін ол сұраққа қалай жауап беріп,қандай деректерді жинау қажеттігін шешуді ойластырдым.Осы мақсатта 2-қадам сыныпты қадағалап,оқушылардан сұхбат алдым.Достық қарым-қатынастағы әріптесім сабағымды бейнежазбаға түсірді.Сауалнама ,сұхбат нәтижесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығының болмауы,мәтінді оқығанда түсіне алмауы,оқу машығының кейбір оқушыларда нормаға сай болмауы және де оқулықтағы берілген материалдардың күрделілігі,сонымен қатар оқушыларда тілді игеруге ниеттерінің болмауы сияқты кедергілерді көрсетті.Менің ойымша, осы кедергілер пән бойынша білім сапасын көтеруге мүмкіндік бермейді.Практика жүзінде оқу пәндеріне кесірін тигізеді.Сондықтан осы кедергілерді жою жолдарына сөйлесетін ортаны құру керек деп шештім.Осы нәтижелерді талқылау кезінде, «мен осы кедергілерді қалай жоямын?», «балаларды қалай қызықтырамын?» деген сұрақтарды қойдым.3-қадам оқушылардан сауалнама құрастырып алдым.Сауалнамада:1)кітап оқисың ба,2)соңғы оқыған кітабың қандай? 3)мәтінді қанша рет оқығанда түсінесің? деген сұрақтар болды.Кітап оқисың ба деген сұраққа 16 оқушы «жок» деп,ал мәтінді неше рет оқығанда түсінесің деген сұраққа 3-4 рет дауыстап оқығанда түсінемін деген жауаптар алдым.Зерттеу нәтижелеріне жасалған сараптама қорытындысы,оқушылардың оқу шапшаңдығы 69%, мазмұн жүйесін сақтап әңгімелеуі 57%, өлең,мақал-мәтел жаттауы 53%,ал көркем мәтінді талдауы,оқу сауаттылығы,автор идеясына көз жүгіртуі 42% көрсетіп тұрды.Осы проблемаларды шешу үшін, мен өз ойымды әріптестеріммен бөлісе отырып,ұлттық құндылықтарға негізделген білім беруге қол жеткізу үшін табысты талқылаулар мен түрлі әдіс-тәсілдер,әңгіменің зерттеушілік түрі басымдыққа ие екенін білдім.Әрине,мен бірден ешнәрсені өзгерте алмайтынымды түсіндім,бірақ өзгертуге тырысамын деп шешім қабылдадым.4-қадам Әріптестерімнің пікірі мен өткізген сабақтарымды сараптап мынадай қорытынды жасадым.Өз сабақтарымда оқыту мен оқудағы ұлттық құндылықтарға негізделген білім беруге арналған әдіс-тәсілдерді сирек қолданатынымды,оқушыны әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болатын түрлі әдістерді қолданбайтынымды,яғни бұл сыныпта оқушының өз ойын айтуға жағдай жасалмағанын білдім.Сондықтан таңдап алған тақырыптағы зерттеу нәтижесі осы сынып оқушыларының білім сапасына оң әсер етеді деп жоспарладым.Тәжірибеге өзгерістер енгізу үшін сабақтарымды жоспарладым.Ең маңыздысы нәтижеге қол жеткізуге бағытталған жоспар болды,сонымен қатар әр оқушы назарда ұсталып,оларға жауапкершілікпен бағытталған тапсырмалар берілді.Ұлттық бай қазынамызды қастерлеп,оны келер ұрпақтың еншісі етудің ыңғайлы кезеңінде оқытудың түрлі әдіс

тәсілдерін оқу үдерісіне енгізуге тырыстым. Көркем шығарманы оқытуда сыни тұрғыдан ойлау дағдысы сөйлеу тілін дамыту, қиялын шыңдау үшін жаңа тақырыптарға алдын-ала тапсырмалар жүйесін жасап, тапсырмалар негізінде әңгіме, сұхбат, пікірлесуді көбірек қолға ала бастадым. Сабақ жоспарымды дайындағанда қосымша материалдар, ғылыми еңбектер оқып, оқулықтармен жұмыстарды жандандыра отырып, әрбір сабағымда қорытындылау және жинақтау кезеңдеріне аса көңіл бөлдім. Мысалы С. Сейфуллин мен Ж. Аймауытовтың «Қызыл шұнақ», «Қыс» өлеңдерін өткенде жаңа тақырыпты ашу кезеңінде «Берілген суреттерден тақырапқа сай суретті таңдаңыз» деп бірнеше суреттерден өлеңдерге сәйкес сурет таңдалып, осы сурет төңірегінде сұхбат жүргіздім. Бұл суретті неге таңдағанын шығарма мазмұнына байланыстыра отырып дәлелдеуін өтіндім. Осы тұста «Попс» әдісін қолдандым. Бірінші сөйлемді «Менің ойымша, ...», екінші сөйлемді «Себебі, мен оны былай түсіндіремін, ...», үшінші сөйлемді «мен оны мына мысалдармен дәлелдей аламын, ...!» және соңғы сөйлемде «мен мынадай қорытындыға келдім, ...». Оқушыларға өз ойларын осы әдіс арқылы дұрыс жеткізу ыңғайлы болды. «Шөл далаға саяхат» бөліміндегі «Шөл» мәтінін өткенде оқушыларды топқа бөліп, әр топ берілген тапсырмалар бойынша таныстырылымдар жасады. Бірінші топ сурет, сызба арқылы шөл даланың ыстығынан сақтану үшін не істеу керек екенін көрсетіп берді. Екінші топ шөл далада жүретін көлік түрлеріне таныстырылым жасады. Үшінші топ шөл далаға лайықты киетін киім-кешек, заттар дайындады. Төртінші топ құмнан сақтану қауіпсіздік ережесін құрып шықты. Жалпы оқу пәндерінде алғашқы қадам оқушылардың қызығушылығын оятудан басталады, миға шабуыл оқушы үшін алғашқы қадам. Оқудағы кедергілерді жойып, жетістікке жету жолындағы тиімді әдістер «Қар кесегі», «Болжау ағашы», «ЖИГСО» әдісі, «Ойлан, жұптас, талқыла», «Нақыл сөздер галереясы», «Автор орындығы», рөлдік ойындар, видео үзінделер, сөзжұмбақ, ребустар болды. Оқушыларды еркін сөйлуге дамытатын әдістердің бірі ол рөлдік ойындар, яғни көрніс қою. Оқушыларға арнайы костюмдер кигізіп, көрніс қойдыру. Мен өз сабақтарымда негізгі ақпаратқа назар аударуға, оны пайдалану қабілетіне жұмыс жасадым.

Мысалы мәтіннен ақпарат алу дегеніміз «түртіп алу» әдісімен оқыта отырып, маңызды ақпараттарды табу, немесе мәтінде жоқ ақпаратты көрсетіндер деген тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар сабақтарымда жасаған көрнекіліктерімді ұлттық нақышта жасауға, халқымыздың ертегі, мақал-мәтел, жұмбақтарында сабақта жиі қолдануға тырыстым. Ұлттық киімдер, ыдыстар, ұлттық ойындар, ат әбзелдерін де лайықты қолданып отырдым. Сабақтағы топтық жұмыс, жұптық жұмыстар оқушының тіл байлығын, өз-өзіне нақты баға бере алуының дамуына көмектеседі, өз бетімен жұмыс істеуі мен жауапкершілігін дамытады, ынтымақтастықта, өзгелермен санаса жұмыс істеуге үйретеді.

Өз іс-тәжірибемді зерттеу барысында оқушының мүмкіндіктері ескеріліп, тиімді әдістер таңдалса, ұлттық құндылықтарымызды негізге ала отырып, тиімді әдістер арқылы оқушылардың тіл байлығын дамытуға болатыны тәжірибе кезінде дәлелденді. 5-қадам алдағы уақытта тәжірибемді жетілдіріп, оң нәтиже берген әдіс-тәсілдерді сабақта жиі қолданып, оқушылардың оқу сауаттылығы мен тіл байлығын жетілдіру жұмыстарын жалғастыра беремін және де іс-тәжірибемді әріптестермен бөліскенді жөн көруге шешім қабылдадым.

**КУЛЬМАНОВА ЛЯЗЗАТ ЖАМАШОВНА**

*Міржақып Дулатұлы атындағы*

*№68 мектеп гимназиясының*

*бастауыш сынып мұғалімі*

## **ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру және критериалды бағалау жүйесін енгізу болып табылады. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тіл байлығын халық педагогикасы арқылы арттыру қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Халық педагогикасын бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын арттыруда тиімді қолдану

Қазіргі заман талабы болашақ ұрпағымызға – жаңаша білім беру, жаңаша тәсілдер арқылы балаларды болашаққа деген көзқарастарын дұрыс қалыптастырып, әлем елдерінің қатарынан көріну. Ал болашағымыздың жарқын болуы – бүгінгі мектеп қабырғасындағы оқушыларымыздан басталатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған үлкен өзгерістерге ұшырауда. Өзгерістердің негізінде білімнің жалпы санына емес, функционалдық сауаттылыққа басымдық берілетін конвенция жатыр. Басқаша айтқанда, жаңартылған білім беру міндеті-оқушыларға алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету.

Жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшеліктері мен артықшылықтары:

- әлемдік стандартқа сай үздіксіз білім беру;
- бәсекеге қабілетті тұлғаларды тәрбиелеу;
- оқушылардың бойында табысты өмір сүру дағдаларын қалыптастыру;

- әлем азаматын тәрбиелеу;
- әр оқушының бойында тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- функционалдық сауаттылықтарын арттыру;
- ұстаздың кәсіби шеберлігін жетілдіру.

*Қазақ халқының аса бай рухани мұраларының бірі – халық педагогикасы.* Қазақ халқының жас ұрпақтардың тарихи тағылымын әдет-ғұрпы, салт-санасы, жоралғы кәдесі бар. Қазақ халық педагогикасында бала тәрбиесіне арналған өте құнды, өте пайдалы-өсиеттер, мақал-мәтелдер, қағидалар мен пікірлер көп.

Халық педагогикасын күнделікті сабақта қолдану оқушыларымыздың ана тілінде еркін, сауатты сөйлеуіне алып келеді.

### **Жаңылтпаштарды жылдам айту арқылы балалардың тілдерін дамыту жолдары**

Балалардың сөйлеуін дамытудың көптеген әдістері бар. Бірақ жаңылтпаштар, соның ішіндегі ең көне, ең қызықты және олардың ішіндегі ең қол жетімдісі.

Жаңылтпаштармен кезең-кезеңімен жұмыс істеу керек: алдымен жаңылтпаштарды буындарға бөліп, өте баяу және анық айту. Бірінші қадамның мақсаты – тілді дұрыс үйрену. Барлық дыбыстардың айтылуына назар аудару. Бұл кезеңде дұрыс айтылмаған дыбысқа мән беру керек. Бұл кезең сәтті аяқталғаннан кейін: бала мәтінді үйреніп, барлық дыбыстарды дұрыс айтады, бәрін бірдей жасауды енді үнсіз режимде үйреніп көру. Бұл кезде тек артикуляциялық аппарат жұмыс істейді – дыбыссыз, тек еріндер, тіл және тістер. Үшінші қадам – сыбырлап сөйлеп оқу. Тек содан кейін – дауыстап, алдымен баяу қарқынмен, содан кейін тез, бірақ жаңылтпаштың анық болуына назар аударыңыз. Оны үш рет қайталап шығу қажет.

[5. С.49 ]

Ойлау процестерін жақсарту үшін жаңылтпаштарды есте сақтау кезінде қолдың моторикасы көмектеседі. Әр сөз немесе буын үшін: саусақтарды жұдырыққа қысу; саусақтарды кезекпен бұғу; қиял пернелерін саусақтарыңызбен басу ,үстелге алақан соғу; допты лақтырып, оны екі қолмен ұсту; допты бір қолыңыздан екінші қолға лақтыру; допты бір-біріне лақтыру; алақандарыңызды соғу, қармен ойнағандай алақандарды ауыстырып соғу.

Қиындық туындаған жағдайда жаңылтпашты бірнеше бөлікке бөліп, әрқайсысын жеке-жеке жаттату. Сол сияқты, айту қиын сөзді бөлуге болады.

Жаңылтпаштарды ойындарда қолдануға болады:

«Кім жылдам?»: жүргізуші ең қиын жаңылтпаш таңдап, оны баяу және анық дауыстап айтады. Содан кейін ол ойын қатысушыларына қарап: оны кім тез оқиды? деп сұрайды.

«Тізбекті вагондар»: әр қатысушыға ойын ұйымдастырушы таңдалған жаңылтпаштардан бір сөзден таратады. Осыдан кейін бүкіл топ әр сөзін

дәйекті түрде атай отырып, жаңылтпашты мүмкіндігінше тез айтуға тырысуы керек. Осыдан кейін әр қатысушы бүкіл жаңылтпашты өз бетінше айтуға тырысуы керек. Бұрын жатталған жаңылтпашты қайталау үшін ойын формасын да қолдануға болады:

«Дыбысты өшіріңіз!»: жүргізуші баяу, еріннің қимылымен және қажет болған жағдайда жаңылтпаштың сөздерінің бірінің айтылуына үнсіз имитация жасайды. Қалған қатысушылардың міндеті – жаңылтпашты болжау және оны тез және қатесіз айту. Жаңылтпашты тапқан қатысушы жетекші болады.

Ана тілінің жаңылтпаштарын білу балалардың өз тілі, тарихы, мәдениеті мен дәстүрлері туралы түсініктерін кеңейтеді. Балалардың сөйлеуін дамытуға арналған жаңылтпаштарда балалардың бейнелері жиі кездеседі – олардың құрдастарының есімдері, олар балаға жаңылтпаштарды жақындатады:

Мысалы: Асан бақша жақтан ақ сабақ әкелді,  
Басқа жақтан басқарақ асқабақ әкелді.

Көптеген жаңылтпаштар жануарлар, құстар немесе жәндіктер туралы айтады:

Түйе маған шұбат береді,  
Шұбат маған қуат береді. [3.58-б.]

Осылайша, жаңылтпаштар баланың көкжиегін кеңейтеді, бейнелі ойлауын дамытады. Мазмұны бойынша көңілді жаңылтпаштар балада белгілі бір көңіл-күй қалыптастырады және оны үйренуге деген ынтаны оятады:

Түсіне дүрбі кірген,  
Қарға мойнына дүрбі ілген.  
Дүрбіні бір күн ілген,  
Бір күн ілмеген.

Әрбір жаңылтпаш, әсіресе танымал, қазірдің өзінде белгілі бір сипатқа, көңіл-күйге, түске және тіпті қарқынға ие. Жаңылтпаштар жағымды эмоциялар тудырады: күлімсіреу, күлкі.

### **Қазақ мақал-мәтелдерін оқушы тілдерін дамытуда тиімді қолдану жолдары**

М.Жұмабаев: «Мектептің міндеті - бір жақтан хат таныту болса, екінші жақтан баланы дұрыс сөйлеуге үйрету. Балаға дұрыс тәрбие беру үшін оны әдебиетпен таныстыру және баланы түсініп, ұғып оқуға үйрету керек » деп пайымдаған. Ал А.Байтұрсынов: «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, балаларға үйренетін білім де сондай керек», - деп көрсеткен.

Мақал — нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған ой айтатын халықтық бейнелі поэтикалық жанрдың бір түрі, ғасырлардан екшеліп жеткен терең мазмұнды, тақырып аясы кең сөз мәйегі.

Мәтел — өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз.

Бастауыш сыныптарда мақал-мәтелдер арқылы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану.

Мен өз сабақтарымда оқушылардың тілін дамыту мақсатында мақал-мәтелдер арқылы бірнеше жұмыс түрлерін қолданамын:

- антоним сөздерден жасалған мақалдарды тауып жазу,
- мақалды жалғастыру
- мақал-мәтел айтысы
- сурет арқылы берілген мақалды табу
- ым-ишара, бейнелеу, иммитация арқылы мақалды табу

Мұндай тапсырмаларды қызыға орындап, әрі грамматикалық мағынаның ерекшеліктері туралы білімдерін бекітуге, әрі мақал – мәтел арқылы сөздік қорларын толықтыруға ықпалды.

Оқушылар мақалдарды құрғақ жаттап қана қоймай, оның мазмұнын, мағынасын ашуға, түсінуге талпынады.

**Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқушыларға сабақ беруде қолданылатын авторлық ұлттық ойындарым**

Бастауыш сыныптарда әр сабақ қызықты өтуі үшін балалардың тілін дамытуда мен ұлттық ойын түрлерінен көптеген дидактикалық материалдар, картотекалар, карточкалар, ұлттық шеңбер ойындарын құрастырып шығардым.

«Ұлттық өрнектер». Бұл ойынның мақсаты оқушыларға ұлттық өрнектердің жартысын табуға үйрету. Балаларға ұлттық өрнектер беріліп, әр оқушы ұлттық өрнектердің жартысын жылдам табуға тырысады. Ойын өте қызықты.

«Ұлттық пазлдар» Бұл ойынның мақсаты балалардың сөйлеу қабілеттерін арттыру арқылы, қазақ халқының ұлттық ыдыстарымен, ұлттық тағам түрлерімен, ұлттық киімдерімен, ұлттық аспап түрлерімен таныстыру. Оқушы пазлдағы заттардың соңғы әріптері арқылы, келесі пазлды сол әріптен басталатын затпен жалғастырады. Ойын өте қызықты.

Қорытындылай келе елімізде жаңартылған білім мазмұны бойынша ұстаздардың білім беру сапасын жақсарту мақсаттары қойылды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін елімізге мамандар даярлау сапасын дамыған елдер деңгейіне дейін арттыру қажет.

Педагогикалық процесті заманауи білім берудің жетістіктеріне барынша жақындату үшін мұғалім өзінің білімін жүйелі түрде кеңейтіп, педагогикалық процеске жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізуі керек.

Мен өз әріптестеріме тәжірибемде қолданылып жүрген ұлттық ойын түрлерін насихаттай отырып, оларан дидактикалық материалдар жасап,



сабақта қолданылуына көмегімді аямаймын, себебі жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер мен ұлттық ойындар біздің сарқылмас-қазынамыз!

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. БҰҰ «Білім бәріне ортақ» атты бағдарламасы, 2001. – Б.5-9.
  2. Дуйсебек А.Т. Современные векторы трансформации методологии и содержания образования
  3. Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі
- ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

## **МҰРАТОВА ЖАНАР МҰРАТҚЫЗЫ**

*№82 «Дарын»  
мамандандырылған  
лицейі*

### **МНЕМОПАЗЛ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ**

*«Тіл – жұрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел болмайды. Тілінен айырылған жұрт- жойылған жұрт»*

#### **Х. Досмұхамедұлы**

Біздің ана тіліміз — қазақ тілі болашақ жас ұрпақтың сөйлеу мәдениетінің деңгейімен тығыз байланысты. Әр баланың сөздік қорын молайту, олардың сөйлеу мәдениетінің дұрыс қалыптасуы — бүгінгі қоғамның басты талабы. Кез келген адамның ынтасын оятып, санасына жеткізе білу — нағыз шеберлік. Көрнекті педагог К.Д. Ушинскийдің айтуы бойынша: «Адамның ынтасы — оның санасының есігі». Ендеше, педагог өз сөзінде сол есікті сәл ашып, қалған уақытта жабылып қалмауы үшін баланың жас , жеке ерекшеліктерін ескеріп, әр түрлі құралдар мен әдістерді қолданады. Ұстаз қандай жолды тандаса да, өз шеберлігі арқылы сол жолдың тиімділігін, әсерлілігін арттыра түседі. Балаға берген үлгі -өнеге оның санасына сіңіп, ой ұшқырлығы , тіл көркемдігі арқылы ортаға шығады. Олай болса, Ана тіліміздің болашағы үшін жас ұрпақтың сөйлеу мәдениетіне зейін қойып, оның оң дамыуына ықпал жасауымыз қажет.

Ғылым мен техника дамыған заманда ақпараттық технологиялардың барлық жаңалықтарын ең бірінші балалар қабылдайды. Сол себепті балалардың сандық ақпараттық технологияларға деген қызығушылығы мен сұранысын ескере отырып, балалар фольклорын анимациялық мнемосурет түрінде қарастырамын. Тілдік сөйлеу дағдыларын анимациялық суретпен дамытуды пазл формасында үйрету арқылы түсіндіремін.

«Мнемопазл» технологиясы оқушының тіл байлығын арттыруға, логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған. Қазіргі ХХІ ғасырда кез келген бала анимациялық суреттерді ұнатады. Осы қызығушылықтарын ескере отырып, қазіргі заманның проблемасын жаңаша шешуге ықпал ету. Анимация, мнемотехника, пазлды бір жүйеде ұштастыра отырып, оқушының логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын молайтамыз.

Ұсынылып отырған әдіс бастауыш сынып оқушыларына арналған. Әдісті Әдебиеттік оқу, Қазақ тілі сабақтарында қолдануға болады.

Қазақтың фольклоры — ұлттық тәрбие көзі. Халқымыз бала тілін балға теңеп, ерте жастан түрлі өлең шумақтар, жаңылтпаш, жұмбақтар, мақал-мәтелдер арқылы тіл ұстартып отырған. Ұлттық кодымызды бүгінгі ұрпаққа ақпараттық технологиялар арқылы жеткізу, бойына сіңіру біздің басты міндетіміз.

Бала тәрбиесінде, тілін дамытуда, ақыл-ойын дамытуда қазақ фольклорының алатын орны ерекше. Бүгінде балалар фольклоры мазмұны жағынан, жанры жағынан ауыз толтырып айтарлық дәрежеге жетті деуге болады. Балаларға арналған жаңылтпаштар, ән-жыр, ертегі, жұмбақтар жинақталған кітапшалар көптеп жарық көруде. Анимация француз тілінен аударғанда animation— «тірілу», «жандану» деген мағына береді. Анимацияны жарнама, мультфильм, фильм, ойындарда, телевидениеде қолданады. ХХІ ғасырдың балалары анимациялық туындылармен айрықша қызығатыны сөзсіз.

Пазл – басқатырғыш, адамды ұшқыр ойлауға үйрететін, логикасын дамытуға бағытталған ойын түрі. Ойын біртұтас суреттің жеке-жеке бөлшектерін жинап құрастыру арқылы жүргізіледі. Пазлдың өзіндік ерекшелігі–арнайы жалғастырушы «кілттері» құралған суреттің бөлініп кетуіне жол бермеу.

«Анимация, пазл, балалар фольклорын қалай ұштастырсақ болады?» деген сұраққа жауап беріп көрейік.

Оқушының алдына өте қарапайым жаңылтпашты жаттауға ұсынайық.

«Шеше, шеше,

Неше кесе

Сынды кеше?»

Қазақ тілінде еркін сөйлейтін бала лез де жаттап алуы мүмкін. Ал қазақ тіліне шорқақ бала сөздердің мағынасын түсінбей қалып, тілі икемге келмей ұзақтау отыруы да мүмкін.

Ал, ендігі кезекте бұл жаңылтпашты анимациялық мнемосуреттер арқылы ұсынайық.




**Қара сиырым қарап тұр,  
Қызыл сиырым жалап тұр.**

Шеше, шеше, неше кесе сынды кеше?

Мнемосурет арқылы берілген жаңылтпаш

Оқушы анимациялық суреттерді көзбен көру арқылы жаңылтпашты тез жаттайды, анық айтады, белгілі бір сөздерге ой-санасында ұғым қалыптасады.



Анимациялық мнемосуретімізді күрделендіріп, пазл түрін ұсынайық.

«Мнемопазл» әдісі арқылы жаңылтпашты жаттау

«Мнемопазл» әдісімен тек қана жаңылтпаштарды тез жаттап қана қоймай, тіпті өлеңдерді жаттауға болады.

Мысалы, Өтебай Тұрманжанұлының «Нан қоқымын шашпандар» өлеңін осы әдіспен ұсынып көрейік.



**Нан қоқымын шашпандар,  
Жерде жатса баспандар.  
Теріп алып қастерлеп,  
Торғайларға тастандар.**

«Мнемопазл» әдісі арқылы өлеңді жаттау

1-сыныптың Ана тілі (Алматы: «Атамұра» баспасы, 2021 ж.) оқулығында кездесетін жаңылтпаштарды «Мнемопазл» әдісімен ұсынып көрейік.



**Әсем ән салды,  
Әжесі тамсанды.  
Әсет аң салды,  
Атасы тамсанды.**

4-сурет. 1- сыныптың Ана тілі оқулығындағы жаңылтпашты «Мнемопазл» әдісі арқылы жаттау



**Атаның ізін ұл басар,  
Әженің ізін қыз басар.**

Қорытындай келе, «Мнемопазл» әдісі оқушының ана тілінде сөйлеуге қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Баланың таза, анық сөйлеуіне, логикалық ойлау қабілетінің артуына үлкен үлес қосады. Өз тәжірибемде бұл

әдістің нәтижелілігін оқушылардың сөйлеу дағдысының дамуынан, сабаққа деген қызығушылығының артуынан байқадым. Қазіргі таңда бұл әдісті дидактикалық материал ретінде ұсынуды басты назарға алып, электронды нұсқасын әзірлеудемін.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. [Балалар Әлемі : : Жаңылтпаштар \(balalaralemi.kz\)](http://balalaralemi.kz)
2. 2-ші сыныптың «Әдебиеттік оқу» пәніне арналған оқулығы/ Алматыкітап баспасы, 2022 ж.

**УМИРБАЕВА АЙНАГУЛ ТУКЕНОВНА**

*Ақселеу Сейдімбек атындағы*

*№54 мектеп-лицей*

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ  
АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ  
БАЙЛЫҒЫН ДАМУ**

Ұлттық құндылықтар арқылы оқушылардың тілін дамыту негізінде баланың сөздік қорын дамыту, жаңа сөздермен таныстырып, ойын дұрыс, жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге үйретуді мақсат тұтамыз. Осы үш процесті күнделікті өтілетін грамматикалық тақырыппен байланысты, біртұтас жүргізіп отыру нәтижесінде тіл дамыту жұмысы мақсатына жетеді.

Бұл баяндама жұмысымда оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу, жазу тілін дамытудың түрлі әдістері қарастырылған. Оқушылардың тілін дамыту барысында сөздерден сөз тіркесін, сөз тіркесінен сөйлем, сөйлемнен күрделі ой, күрделі ойдан әңгіме, шығарма құрастыруға дейін сөздерді өзара байланыстырып, ойды жүйелеп айтуға, айтқанын жазбаша түрде жеткізе білуге дағдыландыру жолындағы әдістерді қажет етеді. Әр бала – Алланың ата-анаға тартқан сыйы, табиғаттың ғажайып құбылысы десек, әр баланың мүмкіндігі жоғары- төмендігіне қарамастан, өзінше тұлға ретінде тануымыз жөн. Оның шығармашылық, даралық қасиетін дамытуға, қиялын шырақтатуға ұмтылып, баланың әр жастағы рухани өзгерісі, табиғи тілегін ескеруіміз керек.

Ұлттық құндылыққа негізделген білім беруде ең бірінші, оқушы бойына ұлттық мәдениетті қалыптастыруға көңіл бөлу керек. Ұлттық мәдениет шәкіртті адамгершілікке, парасаттылыққа, жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Жұмысты ұйымдастыра білу мәдениетіне дейін бәрі құнды. Нағыз азамат би билеу, ән айту, сөйлеу, жазу, білім жинау, киіну, тамақтану мәдениеті, қарым-қатынас, тіл мәдениеті тағы басқа мәдениеттерден хабардар болып, білмегенін меңгеруі және осылардың бәрі ең алдымен ұлттық мәдениетті игеруден басталатынын білуі қажет. Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениеті, парасатты, денсаулығы

мықты азамат тәрбиелеп шығару-қоғам, ұстаздар мен ата-аналар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті, сондықтан қазақ халқының ұлттық мәдени қайта өркендеуі жағдайында жеткіншек ұрпақты халық дәстүрлері арқылы және патриоттық тәрбие берудің маңызы зор.

Мысалға айтар болсам, әлемде азаматтардың бойында патриоттық сезімді, ұлттық рәміздер - Ту, Елтаңба, Әнұранды, ұлттық мерекелерді құрметтеуді мақсатты түрде қалыптастыратын дамыған елдер аз емес. Көптеген елдерде Мемлекеттік рәміздер мемлекеттің оң бейнесін жасаудың негізі ретінде пайдаланылады, ұлттық мақтаныштың символы болып табылады, патриоттық сезім мен ерік-жігердің көрінісі ретінде пайдаланылады. Мемлекеттік рәміздердің көмегімен оқушылар өз еліне деген патриотизм мен мақтаныш сезімін дәйекті және табанды түрде тәрбиеленеді.

Қазақ мектебінің ұлттық дәрежеге жетуіне шет елдік тәжірибелерден гөрі өз ұлтымыздың қанға сіңген салт-дәстүрлерін пайдаланып, осы бағытта жұмыс жүргізіп жүрген педагог-ғалымдарымыздың іс-тәжірибелерін іске асыра алсақ ұтылмас едік. Мәселен, ұлттық мектеп үлгісін жасауға талпынып, алғаш рет экспериментальды мектеп ашқан қайраткер әдіскер- ұстаз Алма Қыраубаеваның осы жолда атқарған еңбектерін үлгі етуге болады.

Ұлттыққұндылықтар атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары, ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері т.б. байланысты. Демек, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауда, оқушы бойына сіңіруде тіл дамытудың маңызы зор

Оқушының ауызша сөйлеу тілін дамытудың барлық пәндерге бірдей ортақ қатысы бар. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу, жазу тілін дамытуға барлық мұғалімдер жауапкершілікпен қараған дұрыс.

Ауызша тіл дамыту әдістері мынадай жүйеде жүргізуге болады:

### 1. Ауызша суреттеп сөйлеу әдісі

Қазақтың кең даласын табиғат көрінісін, суреттен көргенін, ұлттық көрмеден, түрлі мәдени орындардан алған әсерін, жанды - жансыз заттарды көз алдында тұрғандай етіп суреттеп баяндауға дағдыландырады. Суреттеп сөйлеуге баулуда оқушы жауапкершілігі артады. Себебі бір нәрсені суреттеуде, сол заттың белгілері мен ерекшеліктерін айтуда оқушы әр ұғымның атауын іздестіріп, сөздік қорын байытады.

### 2. Мәтін оқу әдісі

Қазақтың ұлттық ертегісінен бір мәтінді оқу ауызша, жазбаша, тіл дамыту жұмыстарына ортақ категория. Мәтін оқу, мәтінді мазмұндау оқушы тілін дамыту жұмыстарының әдіс - тәсілдерінің бірінен саналады.

### 3. Ойдан әңгіме, өлең шығарту әдістері

Оқушылар қиялға өте бай келеді. Сондықтан оқушыларға өз қиялдарынан шағын әңгіме, ертегі айтқызып, туған елге арналған өлең шығарту жұмысы

жүргізіледі. Бұл оқушылардың ауызша, жазбаша тілін дамытады. Оқушы тілін дамытуда жазбаша жұмыстар басты роль атқарады.

4. Жазбаша жұмыстарды:

1) Хабарлау

2) Баяндау

3) Әңгімелеу әдістері түрінде жүргізуге болады.

Оқушы тілін дамытуға қазақ батырлары немесе ертегі кейіпкерлерін еркін тақырыптар ұсынуға немесе сұраққа жауап бергізу арқылы да әңгіме жаздыруға болады. Оқушы тілін дамытудың негізгі объектісі – шығарма жаздыру. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат – оның ойын, пікірін әдеби тіл мен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой – өрісін кеңейтуге машықтандыру болып табылады.

5. Түрлі – түсті суреттер немесе өз ортасына туған жеріне байланысты баяндау әдісі

Бұл әдістер арқылы ауызша және жазбаша баяндау негізінде сөздік қорын молайтып, тіліндамытуға мүмкіндік туады. Өз ортасына байланысты «Менің елім, ұлтым», «Менің отбасым», «Біздің тарих» т. б.

6. Мәнерлеп оқуәдісі

Тіл дамыту әдісінің бір түрі мәнерлеп оқу. Мұның пайдалы жағы оқушылар сөйлеу тілі мен әдеби тілдік норманы сақтап оқуға төселеді. Қазақ ақындарының шығармаларын сүйеге, сөз байлығын еркінше пайдаланып, жүйелеп айту шеберлігін жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. «Қай ертегіде кездесемін?», «Мені білесіңбе?» деп алып кейіпкерлердің үлкейтіп салынған суреттерін көрсету арқылы мекенін, қай ертегіде кездесетінін айтқызып, мінездеме бергізу арқылы білгендерін ауызша жеткізе білуге үйрету жұмысы да тіл дамытудың негізгі бір жолы. Мұның өзі оқушылардың көркем шығарма оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі. Еңбастысы оқушылардың өзін сөйлету арқылы сөйлеу тілдері дамиды. Жаттау, мәнерлеп оқу, мазмұнын айта білу, сұрау – тапсырмаларға жауап жазу, кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, салыстырмалы әдіске негізделіп жазылған үлеспелі кестелерді толтыру т. б. Әдістер үзбейақ тарылып отырса, жақсы нәтиже берері сөзсіз.

Ойды көрікті, мағыналы етіп жеткізуде сөздікпен жұмыс жасаудың септігі мол. Түсінігі қиын сөз, сөз тіркестерін түсіндіру арқылы оқушылардың сөздік қорын дамыту. Сөздік жұмысын үзбей қолдану барысында көркемдегі ешперекшеліктерді танытудағы басты мақсат сөздік қорды жаңа бейнелі сөздермен, сөзтіркестерімен толықтыру негізінде дамыту.

Әдебиеттік оқу пәні сабақтарында бейнефильмдермен жұмысты ұйымдастыру үшін түрлі тапсырмалар тиімді болып табылады: фильмнің мазмұнын оқулық мәтінінің мазмұнымен салыстыру, фильмді қарау, өз әсерлері туралы айту, фильмді көру барысында «Мен білдім», «Білемін», «Мен білгім келеді», бейнефильмді көрудің нақты сұрақтарына жауап беру,

себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету, тезисті дәлелдейтін фактілерді таңдау.

Оқу фильмдері мен мультимедиялық құралдарды қолданатын сабақтарда көрнекіліктің өте жоғары дәрежесі бар, олар мазмұнды және динамикалық. Мысалы, «Жаужүрек мыңбала» фильмінің үзіндісі. Сартай және оның шайқастарды ұйымдастырудағы рөлі. Сабақта фильмдерді қолдана отырып, проблемалық тапсырмаларды, салыстырмалы бейнелерді, эстетикалық қабылдауды қою арқылы оқушының сөйлеуін және аналитикалық ойлауды қалыптастырады.

Айта кету керек, сөйлеу деңгейін арттыруда компьютерлік заманауи АКТ-ны қолданудың ұтымды тұстары көп. Бұл сауалнама нәтижесінде және рефлексия кезеңінде анықталды. Салыстыру үшін әдебиеттік оқу пәнінен сыныпты екі топқа бөліп «Абай Құнанбаев» тақырыбында екі сабақ өткіздім. Бір сабақ АКТ-ны қамтыды, ал екінші сабақ дәстүрлі түрде өткізілді. Өткен материалды қайталау кезеңінде оқушыларға тест ұсынылды, оның нәтижелері бойынша әр түрлі формада ұсынылған бірдей материал оқушылардың әр тобында әр түрлі дәрежеде игеріледі деген қорытынды жасауға болады (1-кесте).

Тапсырмалардың мысалдары	Акт қолданатын сабақ		Дәстүрлі сабақ	
	Ақпарат алу нысаны	Тапсырманы орындағандардың %	Ақпарат алу нысаны	Тапсырманы орындағандардың %
1. Абайдың балалық шағы қандай болды?	Фильм көру	87	Мұғалімнің әңгімесі	45
2. Абай қай кезде кітап жазып бастады?	Виртуалды экскурсия	93	Иллюстрация	76
3. Ол қандай шығармалар жазды?	Мультимедиялық карта	79	Оқулықтағы Карта	54

Кесте-1. Әдебиеттік оқу сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігі

Тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер т.б білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның творчестволық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы –

қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы. Сондықтан мектепте оқушыларға сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор.

Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді.

Сөздік жұмысын жүргізуге мынадай негізгі методикалық талаптар қойылады:

Мазмұнды сөйлеу

Жүйелі сөйлеу

Ойды айқын, сендіре, оқушысына немесе таңдаушысына әсер ете білу шеберлігі. Мұнда тиісті сөздер таңдау, фразалар құрастыру, жалпы әңгімедегі көңіл-күйді білдіре алушылық үлкен роль атқарады.

Оқушы өз ойын белгілі бір ретпен, жүйелі түрде баяндап беретін болуы шарт. Бала өзі жақсы білетін материалын алдын-ала талдап, жинақтап, әуелі не жөнінде т.б. жобалап алуға тиіс. Сөз, сөйлемді дұрыс құрмау, ойдың күрт үзіліп, байланыссыз қалуынан, бір ойдың қайталануынан сақ болған жөн, белгілі бір жүйемен баяндауға үйренген жөн.

Мәнерлі сөйлеу дәл сөйлеу барысында әр сөздің стилистикасына, сөздің әсеріне, көркемдік жағына көңіл бөлу керек. Бастауыш сынып оқушылары сөзге мән, мағына беріп үйренсе, үлкен жетістік, өйткені сөз арқылы ғана ойды жеткізуге болады. Мәнерлі сөйлеу тілге деген талғамды, сөзге деген сезімді тәрбиелейді. Баланың сөйлеу тілінде дәлділік қажет. Әрбір сөз дұрыс айтылуы, дыбысталуы керек етеді. Онсыз сөз мағынасы, әсері болмақ емес.

Ұсыныс ретінде айтар болсам тіл байлығын байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтін, жаттығулар, тапсырмалар және мұғалімнің сөзі. Сондықтан оқулықтардағы ұлттық классик сөз маржаны ауыз әдебиет үлгілерінен мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды оқып, сусындап отырғандары жөн. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының мұқият жүргізілуі қадағаланады, яғни балаға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы керек.

Тіл дамыту қазіргі мектептің оқу – тәрбие ісіндегі басты проблема – оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, сөз байлығын арттыру, ойлауын дамыту т.б. қамтиды.

Қорыта айтқанда, оқушының ой - өрісін кеңейту, тілін дамыту, сөз байлығын молайтуды ұлттық құндылықтармен сабақтастыра білім бергенде ғана тіліміз бен ділімізді кіршіксіз күйінде болашаққа мирас етіп қалдыруға тамшыдай болса да өз үлесімізді қосамыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Мектептегі психология 2009 №3
2. С. Ұзақбаева. Тамыры терең тәрбие (қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие). Алматы, 1995.



3. Г.Жонысова. Сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылық бағдар

4. Құдайбергенова.К. Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өзіндік дамуында Алматы 2006

**БЕРДАЛИНА АСЕМГУЛЬ КАБКЕНОВНА**

*«Жамбыл Жабаев атындағы  
№4 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК*

## **БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КІРІКТІРІП ОҚИТУ**

Қазіргі заман талабына сай білім берудің болашағы қоғамның дамуымен, қоғамда жинақталып, және үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлілігімен анықталады. Итрегация, яғни кіріктіру, дегеніміз: (латынша қалпына келтіру, толықтыру, бүтін) – педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу, жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру. Білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты көтеріп, жаңаша ойлайтын, оқытумен тәрбиенің жаңа технологиясын күнделікті жұмысында қолдана білетін шығармашыл, еңбекқор ұстаздардың жұмысы ғана жемісті болмақ.

Ел болашағы білімді ұрпақта. Сондықтан білім саласында ұстаздарға жаңаша бағытта жұмыс істеуге, шығармашылық еңбегімен оқыту әдістерін жаңа арнаға бұруымызға тура келеді. Бұл бағытта жұмыстар атқарылып та жатыр. Кіріктірудің маңызы кіріктірілетін пәннің оқу жоспарына сәйкес оқушылар сапалы білім ала отырып, өздерінің танымдық қабілеттерін дамытады. Алған білімдерін болашақта тиімді пайдалануға, оны дамытуға қажетті білім дағдыларын бойларына сіңіреді. Пәнаралық байланыс негізінде кіріктіре оқытуды атақты педагог ғалымдардың тәжірибесіне сүйеніп, одан әрі дамытуды өзекті мәселе ретінде қарастырып, болашақта тиімді пайдалануды көздедім. Өткен күндердегі тәжірибеге көз жүгіртсек, кешегі бүгінгіге, бүгінгі кешегіге ұқсамайды. Себебі ғылымның дамуы, білім мазмұнының өзгеруі, өмір талабы, оқушы талғамы үнемі өсуде. Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру – бүгінгі білім жолында жүрген ұстаздардың басты борышы.

Сондықтан бастауыштан-ақ пәндерді кіріктіріп оқытуды ұйымдастыру, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, баланың интеллектуалдық ой-өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Кіріктіру процестерін жүзеге асыру мына тірек кесте арқылы жүзеге асты.

### **I.Пәнішілік кіріктіру. Мақсаты:**

1. Пән тақырыптарының ішінен интергециялауға негіз болатындай өзге пән элементтерін анықтау, бір жүйеге келтіру.

2. Оқушылардың қызығушылығын, белсенділіктерін жан-жақты дамытуға әсер ететін әртүрлі тапсырмалар жасау.

### **Істелген жұмыстар:**

Екінші сынып бойынша әртүрлі пән элементтерінің байланысына картотека жасадым.

Осы байланысты негізге ала отырып, оқушылардың білімдік, танымдық, дағдылық қабілеттерін жан жақты дамытуға ықпалын тигізетін тапсырмалар құрастырдым.

- «Қазақстан халқы» атты ашық сабақ өткіздім. Бұл сабақтарда мына пәндердің интеграциясы жүзеге асты: қазақ тілі+математика+дүниетану+музыка.
- Б. Соқпақбаев. Ағаштар неге ашуланды? Бұл сабақта мына пәндердің интеграциясы жүзеге асты:музыка+қазақ тілі+дүниетану.

### **II. Пәнаралық кіріктіру. Мақсаты:**

1.Әр пәннің өзіндік құрылым ерекшелігіне, мақсатына, міндетіне бағдарламасына ешқандай өзгеріс енгізбей, әр пәннің өз дербестігін сақтау.

2. Әр пәннің бағдарламаларын негізге ала отырып, талқылау, мазмұны ұқсас тақырыптарды бөліп, бір жүйеге келтіру.

3. Интеграциялық сабақ өткізуге жетекші болатын пәнді анықтау.

Мұндай сабақты екі немесе үш пән мұғалімдері бірігіп өткізе алады.

### **Істелген жұмыстар:**

1.Бұл интеграция бойынша «Спорт жарысына қатысамын» атты ашық сабақты дене шынықтыру пәнінің мұғалімімен өткіздім.

2. «Өзіме киім үлгісін таңдаймын» атты ашық сабақ технология мұғалімімен өткіздім. Мұндай сабақтар қызықты және есінде көпке дейін қалады деп ойлаймын.

**АБДУКАДИРОВА МАРЖАН ЕРЖАНОВНА**

*Астана қаласы М.Әуезов атындағы*

*№86 мектеп –гимназиясының*

*бастауыш сынып мұғалімі*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ**

Білім алушыларымызға сапалы білім, саналы тәрбие, ұлттық сипатта заманауи білім беру мақсатында, педагогика, ғылымдарының докторы, профессор Оразахынова Нұрша Алжанбайқызының «Сатылай кешенді

оқыту» технологиясын іс-тәжірибемде қолданып келемін. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы – бұл Отандық технология, бұл ұлттың төл технологиясы. Себебі, технологияның негізі – ұлт ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев т.б. ғалымдардың ғылыми-әдістемелік тұжырымдарын басшылыққа алған. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясына автор Нұрша Алжанбайқызы мынадай анықтама береді:

«Сатылай кешенді оқыту» дегеніміз – оқыту мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері, өзіндік ерекшелігі бар және оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылап, жүйелі, кешенді меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Енді осы оқыту түріне берілген анықтаманы тарқатайын: **«Сатылай кешенді оқыту» технологиясымен жұмыс жүргізудегі менің мақсатым:** Қазақ тілінде ойын жеткізе алатын, әдеби тілде сөйлейтін, білімді, тәрбиелі, қазақтың тарихы мен мәдениетін меңгерген, ұлттық санасы қалыптасқан, ұлттық рухы биік азамат тәрбиелеу.

***Менің алға қойған міндеттерім:***

- Білім алушылардың білім сапасын арттыру, барлық баланы табысты оқыту.
- Өз ана тілінде сауатты сөйлейтін, сауатты жазатын, ойын еркін жеткізе білетін тұлға қалыптастыру.
- Бала бойында бәсеке қабілетті тұлғаға тән қасиет пен ұлттық құндылықтарды қалыптастыру және жетілдіру.
- Білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ғылыми ізденіске жетелеу.
- Баланың танымдық дүниесін байыту.

***Бұл технологияның білім берудегі өзектілігі:*** білім мазмұны ұлттық құндылықтарға негізделген, баланың ұлттық танымына құрылған.

***Артықшылығы:*** Білім мазмұн арқылы беріледі.

***«Сатылай кешенді оқыту» технологиясының ерекшеіктері:***

- ✓ Балаға берілетін оқу материалы ғылыми негізде сатылап, жүйелі, кешенді меңгертіледі.
- ✓ Әр пәндегі өтілетін тақырып жеке оқытылмай топтастырылып беріледі.
- ✓ Дағдыға басым бағыт берілген.
- ✓ Тәрбие мен оқытудың бірлігі сақталған.
- ✓ Оқушыға берілетін білім сараланған.
- ✓ Әр баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызылған т.б.

***Бұл технологияның өзіндік ұстанымдары бар:***

***Олар:*** Тәрбиелік, деңгейлік, саналылық, белсенділік, абақтастық, ғылымилық

***Тәрбиелік ұстаным:***

Талдаудың лексикалық бөліміне ұлы ғұламалардың нақыл сөздері,

даналық сөздер, шешендік сөздер, мақал-мәтелер алынады. Оған оқушылар «Ой толғау» жасап, одан тәлім-тәрбие алады.

**Саналылық:** Оқушы материалды терең түсініп, саналы меңгереді. Мұнда білім дағды арқылы келеді, бала өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады. Білімді өздігінен меңгерген оқушының білімінде сапа болады.

**Деңгейлік:** Білім алушылардың сабақ материалын қабылдауына қарай тапсырмалар 10 деңгейге икемделіп, әр баланың дамуына жағдай жасалған.

**Белсенділік:** Білім алушылардың іс-әрекеттері белсенді болады. Олардың білім алуға құштарлығы артады, білім негізі берік қаланады.

**Сабақтасстық:** Білім біртұтас қабылданады. Өткен білімді еске түсіру арқылы жаңа білім жеңіл меңгеріледі.

**Оқушыға берері:**

- ✓ Оқушының білім сапасын арттырады.
- ✓ Оқушының сөздік қорын, тіл байлығын, логикалық ойлауын арттырады, сауатты жазуға, дұрыс сөйлеуге үйретеді.
- ✓ Қазақ тілі және әдебиеттік оқу пәнін жоғары деңгейде меңгертеді.
- ✓ ҰБТ-да жоғары ұпай алуға мүмкіндік береді.
- ✓ Мәдениетті, ұлтжанды, шешен тұлға болып қалыптастырады.

**Мұғалімге берері:**

- ✓ Өз пәні бойынша теориялық білімін жетілдіреді.
- ✓ Шығармашылық белсенділігі қалыптасады.
- ✓ Кәсіби біліктілігін көтереді, шеберлігін жетілдіреді.
- ✓ Жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

Ұлттық білімнің қайнар көзі – ұлылардан бүгінгі күнге жеткен шешендік сөздер, нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді оқыту үрдісіне пайдалану бүгінгі заман ағымы ғана емес, ол бүгінгі таңдағы ең бір зәру қажеттілік, себебі білім нәрінің тұнығына терең бойлау, адам баласыны қажетті мәдениеттің әлеуметтік – тұрмыстық дәстүрлерін меңгеру, тану, білу арқылы білім алушы рухани қажеттілігін жетілдіреді, туған елінің, өскен жерінің, өзінің ұлтының, ата-бабасының тегін, өзіндік ерекшеліктерін үйренеді, оны құрметтеп, сақтауға тырысады.

«Сатылай кешенді оқыту» технологиясын әдебиет сабағында пайдалану білім алушылардың сөздік қорын молайтуға, атадан қалған асыл қазына – мақал-мәтелдердің мағынасын аша білуге, поэзия тілін ұғынуға үйретеді. Сонымен қатар, белгілі ақын жазушылардың еңбектерін саралай алуға дағдыландырады. Берілген көркем мәтіндер, өлеңдер білім алушылардың тілдік қорын молайтып, қабілетін арттырады. Шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады.

Көркем шығарма – тәрбиенің басты құралы. «Сатылай кешенді оқыту» технологиясында тәрбие мен білім қатар жүргізіліп отырады. Бала алдымен ұстазынан тәрбиенің үлгісін алса, бірте-бірте жолдастарының жағымды

қасиеттерінен үлгі-өнеге алады, жүре келе өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыланады. Ол өзіне-өзі сын көзімен қарап, өз бойындағы кемшіліктерді, өзі жасаған ағаттықтарды байқап, оны түзетуге әрекеттенеді.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі теңдесі жоқ тәрбие. Елге-жерге, тілге деген құрметті жас ұрпақтың бойына сіндірудегі басты құралдың бірі – әдебиет.

Мен төл технологияны 2009-жылдан бері үйреніп, қолданып келемін. Аталмыш технологияны іс-тәжірибеде қолданып, технологияның өміршендігіне көз жеткіздім. Өйткені, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, тілдерін дамыту күрделі процесс. Оқушылардың тіл мәдениеті – оқыту үрдісі мен адамдардың тілдік қарым-қатынасы негізінде жазбаша және ауызша тілді игеру деңгейі. Оған тілдің мағыналылығы, ойлылығы, байлығы, көркемдігі мен жалпытілдік нормалардың сақталуы тән.

Бастауыш сынып оқушыларының тілін қалай дамытуға болады? Осы өзекті мәселеге Н. А. Орахынованың «Сатылай кешенді талдау» тенологиясы негіз бола алады. Себебі, білімнің негізі бастауышта қаланады. Бастауыш сынып оқушыларының басым көпшілігінде зейіндері тұрақталмаған, шашыраңқы келеді. Бірте-бірте зейіндерін тұрақтандырып, сауатты оқып, сауатты жазуға үрету үшін халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылпаштарды жаттап, оларды талдап үйрету жақсы нәтиже береді. 1-сыныптан бастап ақындардың өлеңдерін құрғақ жаттап қоймай, оны алгоритм бойынша сатылай кешенді талдатып үйрету, оқушыны жүйелі ойлауға, жүйелі сөйлеуге дағдыландырады. Есте сақтауы қалыптасып, сөздік қорлары молаяды. Оқу дағдысы жақсарып, оқығанын сауатты баяндауға үйренеді.

Жүсіпбек Аймауытұлы былай дейді: *«Айқын қылып оқыту мен сатылы бір тегіс оқытудың байланысы бар. Оқыту бірте-бірте сатылап, ілгері басып отырмаса, анық та, ұғымды да болмайды. Білім біржола күреп алатын нәрсе емес, аздан көбейетін нәрсе. «Оқу инемен құдық қазғандай» деген мақалды еске түсіру керек. Жаңадан берілетін әсер, суреттеу ұғым бұрынғы алған суреттеуге, ұғымға байланбаса баланың миына берік қонбайды. Сондықтан оқуда біртегіс өрлейтін саты болу керек. Әрбір тыңнан берілетін білім бұрынғы білгеннің жалғауы, келесі білімнің бастаушысы сияқты болғаны тиіс. Сатылап оқытудың ескеретін екі жағы бар, бірі – шәкірттің шама-шарқымен есептесу, екіншісі оқу мағлұматтарын дұрыс қолдану. Оқытушының шеберлігі – ойына келген нәрсені білдіру емес, аужайына, жасына, біліміне күшіне қарап сабақ беру. Сондықтан, сауаты ашылған ересек балаға берілетін сабақ пен жаңа оқыған жас балаға берілетін сабақ басқаша болуға тиіс. Оқыту баланың шамасынан артпасын, кейін де қалмасын, сонда жемісті болады. (4-том, 319-б.).*

Ғалымның бұл ойын әрі қарай сабақтар болсақ, Ж.Аймауытұлы білім сапасының жақсаруы күнделікті сабақтағы өтілетін материалдардың мазмұнында тығыз байланыс болуын қажет дей келе, былай дейді: *«Бұрынғы сабақ пен жаңа берілген сабақ арасын жалғастыру керек. Жалғаныс, яки байланыс сыртқы жағынан емес ішкі мазмұны жағынан болуға тиіс. Өткен сабақ пен келесі сабақты байланыстырумен тұрмай, сабақтың оқу курсының басқа бөлімдерімен де байланыстыру керек»* (4-том, 332-б.).

Өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстыру, сол арқылы оқушылардың білім алуға ынтасын арттыруға сатылап, алгоритммен берілген тірек сызба өте тиімді. Алгоритм қарапайымнан күрделіге қарай жүйелікпен жалғасқан.

2021-2022 оқу жылында әдебиеттік оқу пәнін тереңдетіп оқыту мақсатында «Көркем әдебиет» таңдау пәніне А.Құнанбайұлының өлеңдері мен қарасөздерін «Сатылай кешенді оқыту» технологиясын басшылыққа алып әдістемелік оқу құралын құрастырдым. Бұл бағдарлама 4-сынып оқушыларына аптасына 1 сағаттан 36 сағатқа негізделген. Оқу кешені оқушыларды «Сатылай кешенді оқыту» технологиясы арқылы әдебиет әлеміне, оның рухани құндылығына жетелейді деген мақсатты көздеген. Соның ішінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қарасөздерін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жіліктеп талдап беріп, көркем шығарманы жай ғана оқып қоймай, оның терең сырларын ұшқыр оймен, сарабалды санамен ұғына отырып, сөз күдіретін, көркем өнер күдіретін бала жастан түйсіне білуді мақсат еттік.

Тақырыпқа кірмес бұрын, оқушыларға ой салу мақсатында әртүрлі ойлануды талап ететін тапсырмалар ұсынылды. Олар: жұмбақ, ребус, мақал-мәтел, сөзжұмбақ және тақырыпты ашатын логикалық ойындар. Ондай тапсырмаларды берудегі мақсат оқушылардың бойына ұлттық дүниелер арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру.

Жұмыстағы алғашқа тақырыптар ақынның өлеңдерін талдай отырып, оның мазмұнына үйлесетін басқа жазушылардың шағын әңгімелерін алып, олардың да талдау үлгілері қоса берілді. Ондағы ой оқушыларды біртіндеп ұлы ақынның қарасөздерін талдауға негіз қалау. Сол арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту, логикалық ойлау жүйесін жетілдіру, көркем шығарма оқу мәдениетін қалыптастыру, алған білімдерін өмірде қолдана алуға ықпал ету. Сонымен бірге бұл әрекеттер әртүрлі ұлттық ойындар арқылы үйретіліп, баланың зор қызығушылығын оятады. Диалогтік оқыту әдісі қарқынды жүреді.

Қорыта келе айтарымыз, бастауыш буында қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің негізі нық қаланса, орта буынға барғанда баланың қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқытуға көмегі көп тиер еді. Сол арқылы білімдегі сабақтастық мақсатты түрде жүзеге асады. Оқушының өз ана тіліне деген сүйіспеншілігі, қызығушылығы жоғары болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.Ү.Сужикова. Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла... Алматыкітап баспасы – Алматы, 2014. – 216 б.
2. Н.А.Оразахынованың Сатылай кешенді талдау технологиясы бойынша жалпы білім беретін мектептердің таңдау курсына арналған)Қазақ әдебиеті оқу құралы. Алматы, 2012. –154 б.
3. Мекемтас Мырзахметұлы. Абай және шығыс.
4. Ж.Аймауытов. 4-том. – «Ғылым» баспасы, – Алматы, 1998. – 446 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері–Алматы: Ана тілі, 1992. – 444 б.
6. Оразахынова Н.А. Сатылай комплексті талдау (фонетика, лексика). Оқу құралы.–Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 75 б.

## **ДҮЙСЕБЕКОВА ГУЛНАР ТҰРСЫНБАЕВНА**

*«Ж.Жабаев атындағы*

*№ 4 мектеп- гимназиясы» ШЖҚ МКК*

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕП-БАЛАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ**

Әлем тәжірибесі көрсеткеніндей, кез-келген мемлекеттің әлеуметтік экономикалық дамуы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Осы орайда Қазақстанды әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енгізуде білім беру ісі басты құрал болып табылады. Ол үшін отандық білім жүйесін халықаралық білім кеңістігінде және еңбек нарығы бәсекелестігін қамтамасыз ететін білім сапасының дәрежесіне жеткізу шарт.

"Бастауыш-білім негізі" деген пікір орынды айтылған, сондықтан білім берудің басты міндеті сапаға зейін аудару, ұғымдар, ережелер, амалдар-педагогикалық іс-әрекеттер арқылы қалыптастырылып, жүзеге асырылуы тиісті. Бастауыш мектеп өмірінің ерекше кезеңі болғандықтан, олардың алғашқы ұғымдары да осы уақытта қалыптасады.

Бастауыш мектептің жас ұрпақты тәрбиелеуде алға қойып отырған негізгі мақсаттарының бірі-қоғамға өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, мемлекеттіміздің болашақтары-жан-жақты жетілген, дамыған, табанды жеке тұлғаны қалыптастырды.

Осы талапты жүзеге асыру үлкен үлесті мұғалімдер қауымы атқарады, олар-мектептің алтын арқауы. Білім негізі бастауышта, тіпті бірінші сыныпта қаланады десек, мектеп табалдырығын енді аттаған бүлдіршіндердің туған жерге деген сүйіспеншілігі мен жанашарлығы, еңбек сүйіспеншілігі, адалдығы мен шыншылдығы нақ осы кезеңнен бастау алады.

Бастауыштан оқушылардың оқу тәртібін, жалпы әдептілігін, мәдениеттілігін қалыптастыру, оқу процесін ереже, талаптарға, жалпыға міндетті білім беру стандарты, типтік бағдарламамен, сабақ кестесі, уақыт кестесімен, оқыту үдерісінде оқудың, іс-әрекеттің уақыттың пайдалы әсер коэффициентін жоғарлатып, сапалы білім берумен бірге, әрқашанда жас ұрпаққа жан жылуын беру ерекше маңызды. Білім бастауы бастауышта, олай болса сабақ үлгерімін алғашқы күннен күн тәртібінде болуы шарт.

«Бастауыш мектеп жасындағы оқушы» деген термин тың ұғым болғандықтан біз осының орнына «кіші оқушы» деген сөз қолданамыз. Осыған орай біз-кіші оқушының психикалық тұрғыдан өзіндік сипатына тоқталық. Бұрын балалар оқымаған кезінде «Бастауыш мектеп жасы «Кіші жас» деген жас кезеңдер кездеспейтінін біз ескергенбіз. Бұл жастың \7-11 жастың\ өзінде жас кезеңіне бөлінуі оқудың \әсіресе орта оқу мектебінің\ көп елдерде жаппай оқу үстем алып дамып келуінен, осы жас кезеңнің өзінше бөліп алып қараудың себебі-бұларда өтетін оқу материалдары ұқсас келуінен. Осы жастағылардың оқу әрекетінің ұқсастығы, көпшілігіне тең ұқсас психикалық қасиеттер тудырады. Міне, бастауыш мектеп жасын бөлек кезеңге бөлудің себебі осыдан.

Ал оқу әрекетінің тексеру кезеңіне келсек, осыған мән берудің үлкен маңызы бар. Күнделікте, кейбір балалардың нашар оқуының себебі тапсырманы орындап біттім деген соң, соның нәтижесін тексермей, сабаққа бірден келуінен мұндай сәтсіздік оқушының кішкентай жасынан бастап осыған мән бермеуінен \оқушының жалқаулығынан\ кездеседі. Ал мұнымен күресті тапсырманы орындаған соң, соның қиыншылықты дұрыс екенін оны тексере білуге үйретсе, балалардың бәрі қатесіз оқитын болар еді. Себебі бала тапсырманы қате орындағанын үйде отырып білсе, уақытын бос өткізбей, сол қатені жоюға әрекет жасаған болар еді. Бастауыш сыныпта оқушылардың оқу үлгерімін жетілдіру арқылы қоғамда өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, еліміздің болашағы үшін жан-жаққа жамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға негіз қаланады.

**ОМАРҚАНОВА ЛЕНА АЛЕУМЕТОВНА**

*Астана қаласы «М.Мақатаев атындағы  
№74 мектеп-гимназия» бастауыш сынып мұғалімі*

## **МАТЕМАТИКА – КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ**

Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі. Қ.Р Орта білімді дамыту тұжырымдамасында «Бастауыш мектептің негізгі міндеттері – баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету; олардың қабілеттерін ашып, дамыту, оқуға деген



ынтымақтастық тәжірибесінің берік дағдыларын меңгерту»,- делінген. Еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі, ғылым мен техниканың дамуы үшін ғылым негіздерін тиянақты алып, оны дамытуға негізделген. Олай болса ғылымдардың іргетасы, білімнің бастауы болған математиканың нақты ғылымдар саласында, күнделікті адам өміріндегі мәні орасан зор. Математика-ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шындарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы. Математикасыз физика, химия, тіптен биология салаларын елестету мүмкін емес. Математиканы кез келген ғылым саласына енгізсеңіз, оған жан бітіп, бойына қан жүгіреді. Ол бізді қоршаған ортаны танып – білуге, заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Санай білмей, сандарды қосуды, азайтуды, көбейтуді, бөлуді дұрыс орындай білмей тұрып адам қоғамының дамуы мүмкін деп ойлауға болмайды. Арифметикалық төрт амал, ауызша және жазбаша есептеу ережелері бастауыш сыныптардан бастап оқылады. Бұл ережелерді бір адам ойлап шығарған немесе тапқан емес. Арифметика күнделікті практика талаптарынан, адамдардың еңбектеніп әрекет жасауындағы өмірлік мұқтаждықтарынан туған. Бұл пән қай уақыттан да оқушыны еңбекке тәрбиелеудің құралы болып саналады. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға-ұстаз. Сондықтан пән мұғалімі оқушыға тек білім мен тәрбие беріп қана қоймай, оның болашағына жол сілтейтінін сезіне отырып, бала математикадан алған білімін ары қарай өмірде қолдана алатындай дәрежеге жеткізу керек.

Математика нақты ғылым болғандықтан ол барлық ғылымдармен байланысты, яғни бастауыш сыныпта әдебиеттік оқу, дүниетану, көркем еңбек, бейнелеу тіпті дене шынықтыру сабағында да қарапайым бой сергіту жаттығуларын орындағанда немесе спорттық ойындар, ұлттық ойындар барысында математиканы қолданамыз. Өмірдің өзі-математика. Есеп-қисапты ғылымда ғана емес, қарапайым өмірде де жиі

Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту мектепте сабақ және сабақтан тыс жүргізілетін сабақтар формасында жүзеге асырылады. Сол себептен сабақтарда математиканы әрбір ұғымдарын күнделікті өмірмен байланыстыра, тиімділігін дәлелдей отырып өткізу балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге әсер ететіні сөзсіз. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Сабақтарды өмірмен байланыстырып жоспарлау өтілген тақырыптарды қайталап пысықтауда және тарауды қорытындылауда тиімді болып табылады. Бұл сабақтарды өткізерде, өмірдегі оқиғалармен байланыстыруда оқушылардың жас ерекшелігін ескерген жөн. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 2016-2017 оқу жылынан бастап жаңартылған білім беру

мазмұнына көшу сатысы басталғанын білеміз. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту. Осы негізде 1-сынып математика оқулығына «Заттарды санау», «Заттар тобын салыстыру» тақырыбынан басталып геометриялық фигуралар, ұзындық өлшем бірлігі «см,дм», уақыт өлшемі, масса өлшемі, есеп, теңдеу, пиктограмма, диаграммалар тақырыптары қамтылған. Әрине бүгінгі күнде әлі де болса балабақшаға бармай бірден мектепке келетін 5-6 жастағы балаға бұл тақырыптарды меңгеру оңайға соқпайтыны белгілі. Оқушылардың математикаға деген ынтасын арттыру үшін ең алдымен оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор.

Бастауыш сыныпта математикадан оқушылардың білім деңгейін көтеруде көрнекілік принциптерінің рөлі ерекше. Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Алдыңғы айтқандай көрнекілікпен оқыту арқылы білім сапасын арттырамыз, материалды жетік терең әрі тез, жеңіл түсінуіне ықпал жасаймыз. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады.

Оқылатын материалды көрнекі құралдармен иллюстрациялау арифметикалық оқытудың бірінші күнінен бастап барлық оқу жылдарында қолданылып отырады. Заттың-бейнелік көрнекі құралдары мен таңбалы көрнекілікке бөлуге болады. Бейнелік көрнекі құралдар күнделікті сабақтарда қолданылса, таңбалы көрнекіліктер көбінесе пиктограмма құруда қолданылады.

Математикалық пәндер бағытының арасында кең интегративті мүмкіншіліктерге математикалық логика ие болады. Логикалық есептерді шығару-баланың ой-өрісін дамытатын негізгі құрал. Мысалы, екі адам шахматты 2 сағат ойнады. Бір адам неше сағат ойнайды?; 4 жұмыртқа 4 минут піссе, бір жұмыртқа неше минут піседі?; 2кг мақта ауыр ма, 2кг темір ауыр ма?; Алмұрт алмадан ауыр, ал алма шабдалыдан ауыр. Қайсысы ауыр алмұрт па әлде шабдалы ма? Бақытжанның 4 ұлы, олардың әрқайсысының туған қарындасы бар. Бақытжанның неше баласы бар? Дарина 5 жаста, ал Мадина Даринадан 2 жас кіші. Мадина неше жаста? Осындай есептер шығарудың басты мақсаттарының бірі – оқушының тереңнен ойлауын, жан-жақты ізденуін дамытады және күнделікті өмірде математиканы еркін пайдалана алуға үйретеді.

Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу. Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің

міндеті деп білеміз. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту.

Қорыта айтқанда, математиканы еш уақытта күнделікті өмірден бөліп алып тастай алмайтынымызға көз жеткіздік. Бүгінгі күннің негізгі талабы баланы мектеп қабырғасын аттағаннан бастап жас ерекшелігіне сай математикадан алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана отырып әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашыл, білімді, ізденімпаз, тапқыр, еліміздің ертеңін ойлайтын, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру, жаңаша ойлай алатын шығармашылық адамға айналдыру.

Адамның тұлғалық қалыптасуы – үздіксіз және күрделі процесс. Демек, оқушыға білім бере отырып, біз оқушының жан-жақты дамуына мүмкіндік жасауымыз қажет. Оқушылардың ұлы ғылым саласынан сапалы білім алуы тікелей мұғалімге яғни, мұғалімнің сабақ барысында оқушыларға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлеріне байланысты. Бұл жұмыс түрлері әр сабақта қолданылып отырса оқушының білім сапасының ойдағыдай деңгейде нәтиже беретініне үлкен үміт артуымызға болады.

Еліміздің білім беру жүйесін жетілдіруде көзделіп отырған мақсаттардың ең негізгісі әрбір жеке тұлғаға білім алудың өмірлік жолын еркін таңдауына мүмкіндік туғызу. Сындарлы ойлайтын, өз мүмкіндіктеріне сенімді; әр түрлі әлеуметтік және өндірістік проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті тұлғаны дайындау үшін оқытудың сапасын жетілдіру аса маңызды мәселе болып табылады. Осы мақсатта білім негіздерін өз еркімен үйренетін, іс-әрекет мақсатын, міндетін, түрін, тәсілін, жағдайын өзінше түсініп, алған білімін өмірде қолдана алатындай жағдайға оқушыны жеткізуіміз керек. Өркениетті ел қатарына қосылудың кілті – білімде болса, білімнің көзі — мектепте екенін ұмытпайық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дәулетов Н. «Бала қабілетіне қарай білім беру – бұл өмір талабы». Егемен Қазақстан. [19 қазан, 2005]
2. Берікханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Оқу құралы. 2009ж
3. Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» Алматы 2006.
4. Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, М.Ж.Мыңжасарова, Т.В.Лихобабенко  
Математика 1- сынып оқулығы, «Алматыкітап» 2021 ж.
5. Джонни Болл «Бәрі де сандар туралы»

## **БАЗАРОВА МЕРЕКЕ АМАНЖОЛОНА**

*Астана қаласы, №93 мектеп-лицейінің*

*бастауыш сынып мұғалімі*

### **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ КҮНДЕЛІКТІ САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мұғалім заман ағымына сай болуы қажет. Даму ол бір сарынды үдеріс емес ол озық технологияларды жетік меңгеріп, қазіргі еткен жетістіктерінен де жақсы белеске жету. Жаңашыл мұғалім озық мемлекеттердің жаңа технологияларымен танысып, оны өз тәжірибесінде жетік пайдала алғанда жақсы жетістікке жетеді. Баланың сұрақтың жауабын өзі ізденуіне жағдай туғыза отырып, логикалық ойлау қабілетін, танымын барынша дамыту барысында нақты тапсырмалар беру арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру. Жаңашылдыққа толы әр сабақ басында топпен, жұппен, жеке жұмысты ұйымдастыра отырып, сыныптағы диалогтық әңгімені дамыту әдісін кіріктірудің арқасында оқушыларымың танымдық қабілетінің артқанын байқадым.

Түсініктеме:


Логикалық ой-өрісін дамытып қана қоймай, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ойын дәлелдеуге, сыни ойлауға, бір мәселені жан-жақты қарастыруға үйренеді. Әр сабақ сайын күрделеніп отыратын тапсырмалар арқылы шындалуға, проблемаларды шешуге, шешім қабылдауға, тұжырым жасауға, жылдамдыққа үйренеді.

«Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуде математикалық сауаттылықты күнделікті сабақта оқушылардың танымдық қабілетін арттыру ерекшеліктері» Жұмыстың мақсаты: Бастауыш сынып білімалушыларының логикасын түрлі тапсырмалар арқылы дамыту, білімалушылардың математикалық сыни ойлау сауаттылығын жетілдіруге бағыттау. Өзектілігі: Бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелей отырып күнделікті сабақта оқушылардың математикалық сауаттылығын, танымдық қабілетін арттыру.

Өзімнің педагогика саласындағы жұмыс тәжірибем 23 жылға жуық. Соның ішінде Астана қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясында 2021-2022 оқу жылында жұмыс жасадым Маған тәжірибелі ұстазсыз деп 4 сыныпты берді. Онлайнда оқыған оқушылармен жұмыс жасауға тура келді. Жыл басында сынама алғанда сыныбымың білім сапасы 36 пайыз, үлгерімі 96 пайыз болды. Балалармен жұмыс жүргізу оңайға түспеді. Мен өзімнің «Ойын технологиясын қолданудың тиімділігі» авторлық кітапшаммен жұмыс жүргізе бастадым. Қызықты тәсілдер арқылы көбейту кестесін жаттадық, одан ары балалардың сабаққа қызығушылығы арта бастады. Осы тұста мен «Логика әлемі» әдістемелік құрал жазуға

қызығушылығым артты.Әрбір әдіс –тәсілді сабағымда қолдана бастадым.Нәтижелі өзгерістерді, ата-аналардың кері байланысын көргенде өзіме сыныптың білім сапасын көтеремін деген сенімділігім арта түсті.Әр тоқсандағы білім сапасынан өзгеріс көре білдім.Атап айтсам, сабақта төмендегі әдіс- тәсілдерді оқушылар қызыға отырып орындады.Мысалы: «Кэрроль диаграммасы», «Кілтпен жұмыс» көптеген логикалық т.б тапсырмалар.

Мысалы төмендегі тапсырма оқушылардың креативті ойлауын қалыптастырады. **Қанша сурет салар едіңіз?**



**Креатив деген шексіз.....**Мына суреттер оқушылардың салған суреттері.


**«Кілтпен жұмыс» тәсілі.(Өздігінен есеп құрастыруда жақсы көмектесетін тәсіл)**

*Мақсаты:* Оқушыларды зеректікке, шапшандыққа баулу. Логикалық танымдық қабілеттерін дамыту. *Мысалы:*

	Ағаштар	банан
алма	үшбұрыш	шегіртке
төртбұрыш	инелік	гүлдер

+ = жәндіктер

+ = жемістер





— + —  
 — + □ = геометриялық фигуралар

— + — = өсімдіктер

Сабақтағы сәттерден үзінді.

«Ойнайық та, ойлайық»

Сабақтан тыс іс-шара.



**Кэрроль диаграммасы .**

**Мақсаты:**Кестенің төменгі жағындағы қима қағаздарды реттілікпен орналастыру баланың танымдық қабілетінің дамуына үлесі зор.

Жұп сандар	Екі таңбалы сандар	Үш таңбалы сандар
Тақ сандар		

**13,24,135,17,19,35,33,28,68,82,357,579,246,468,682**


**Шульте кестесі.**

**Мақсаты:**Көздің көру аймағын кеңейту.

Ортадағы нүктеге қарай отырып,сандардың реттілігін анықтау.

10	15	2	8	16
1	6	• 13	4	22
5	11	9	12	17
14	3	16	23	7
20	19	21	18	25

Оқу жылындағы диаграмма



#### Қорытынды:

- Бойындағы қорқыныш пен «қате жасап қоямын-ау» деген мазасыз ойлардан арылады;
- сенімділік пен тұрақтылыққа үйренеді;
- математикалық есептеудің бастапқы дағдыларын үйренеді;
- математикалық білімді күнделікті өмірде пайдалана білу дағдысы қалыптасады;
- өз бетінше есеп шығаруға машықтанады;
- танымдылық белсенділігі, логикалық сауаттылық қалыптасады;

Ұсыныстар: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК 2023 жылдың 24 наурыз күні Қалалық оқу әдістемелік кеңесінің іс-тәжірибені тарату бойынша қала көлемінде таратуға ұсынылған жұмыстардың тізіміне енгізілді. «Логика әлемі» 3 сынып білімалушыларына арналған факультативті курс бағдарламасын қала көлемінде таратуға ұсынылған жұмыстар тізіміне енуіне байланысты іс-тәжірибелеріңізде қолдануды ұсынамын.

#### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Базарова М. А. Логика әлемі (Жалпы білім беретін мектептердің және гимназия мен лицейлердің 3-сынып білімалушыларына арналған факультативтік курс бағдарламасы) Астана, 2023.
2. Ж, Жақсыбаева А, Қамбарова Ж. Төменгі сынып оқушыларын математикалық олимпиадаға даярлау. Шымкент, 2008.
3. Жүсіп А. «GALAMAT» онлайн мектебінің мұғалімдерге арналған «Жылдам оқуға дайындық» курсы Жылдам оқу курсы, 2021.
4. Мәуіт Р, Табысұлы Н, Меллат Е, Қабылкерім Е. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Алтын сақа» математикалық олимпиадасының тапсырмалар жинағы, Астана 2023.

## **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бүгінгі Қазақстанға қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді жеке тұлға, яғни, " Бәсекеге қабілетті жеке тұлға" қалыптастыру қажет. Жеке тұлға дегеніміз кім?

- Жеке тұлға - "адам" деген ұғымға қарағанда аясы тарлау ұғым;
- Адам жеке тұлға болып тумайды, бірақ жеке тұлғаға айналады.
- Жеке тұлға жеміс қана емес, сонымен бірге қоғамдық қатынастардың субъектісі;
- Жеке тұлға - сананың иесі ретіндегі, еңбек етуге және танымдық әрекетке қабілетті тіршілік иесі ретіндегі адам;

Жеке тұлғаға тән қасиет — ақыл, ес, яғни өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы. Сондықтан өмірді танып білу дегеніміз — миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Әбішұлының мақаласында бәсекеге қабілеттілік хақында "Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін", - деп жазған.

Қабілет арнай және жалпы болып бөлінеді. Арнайы қабілеттілік деп белгілі бір іс-әрекетке адамның икемділігі мен қабілетін айтады. Жалпы қабілеттілік жалпы адам баласының еңбек етуге, өмір сүруге, білім алуға деген қабілеті.

Қабілеттің тағы да мынадай түрлері бар:

- Оқу және творчестволық;
- Ой-өрістік және арнайы;
- Сурет салу;
- Физикалық;

Болашақ кілті –жан-жақты дамыған , бәсекеге қаблетті ұрпақ қолында. Қоғамның дамуы жас ұрпақтың меңгерген білімі қалыптасқан іскерлік дәрежесіне байланысты. Ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды, талапты ұрпағы.

Орта білім берудің мақсаты - қарқынды өткізіліп отырған дүние жағдайында игерілген терең білімнің , кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлама алуға, өзінің іс-әрекеттерін жұмылдыруға, өзін-өзі дамытуға және



өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешім қабылдауға бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру екендігі атап көрсетілген.

Қазіргі заман талабы – бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Заманға сай жеке тұлға қалыптастыру мектеп қабырғасынан, яғни мұғалімдерден бастау алады.

Мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілетін, өзіндік таным біліктілігін дамыта отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету. Әрине оңай жұмыс емес. Дегенмен қанша жылдан бері көптеген шәкірттің қанатын қатайтып, өміріне жететін рухани азық пен тәрбие беріп, үлкен өмірге аяқтандыру ұстаздардың басты міндеті деп білемін.

Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда әрбір ұстаз шәкіртпен ынтымақтастықты орнатып, шығармашылық негізде әрекет ету керек және мына мәселелерге назар аударған жөн:

1. Тұлғаның қалыптасып, өз бейнесін табуы, даралық, руханилық болмысын танытуы;
2. Оқушы тұлғасына қолдау көрсету және өзін-өзі қорғауға ұмтылдыру;
3. Тұлғаны түсіну, салауатты өмір мен өзіндік қатынастың негізін қалау;
4. Жаңа ақпаратты талдай отырып, терең меңгеруге, маңызын анықтай алуға мүмкіндік жасау;

Математиканың жалпылық сипатының басты себебі оның қоданылуында . Шынында да математика ғылым мен техниканың бүкіл өн бойына кірігіп, күннен күнге тамырын кең, әрі терең жаюда. Математика күнделікті өмірде жиі кездеседі және қолданылады. Ендеше, белгілі бір математикалық дағдылар әрбір адамға қажет. Кез келген адам сандар ұғымын түсініп, сандарға әртүрлі амалдар қолдана алуы керек. Математикалық білімдер мен [дағдылар кез келген кәсіпте](#), әсіресе, жаратылыстану ғылымдарымен, техникамен, және экономикамен байланысты салаларда өте қажет.

Мектеп оқушылары кейде: «Маған математиканың керегі жоқ, өйткені мен тіл – әдебиет мұғалімі, артист немесе суретші боламын» дейді. Әрине , олардың бұлай деуі дұрыс емес. Бала кезінен бастап математикамен шұғылданған адам өзінің ой-өрісі мен зеректігін дамытады, мақсатына жету үшін табанды болуға ерік-жігерін тәрбиелей алады. Сондықтан да мұғалімге де, дәрігерге де, суретшіге де математика қажет Математикалық білімсіз және ойлаусыз қазіргі кезде күн көру мүмкін емес. Математикалық білім беру тұлғаны қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Ұстаздық еткен іс-тәжірибемде мен сабақ беретін сынып оқушылары барлық пәндердің ішінен математиканы сүйіп оқиды. «Ең сүйікті пәндерің қандай?» дегенде барлығы бір ауыздан: «- Математика» ,-деп шу ете қалатын. Оқушылардың осы сөзі математика пәнін қызықты әрі әр түрлі етіп өткізуіме шабыт беретін. Әр сабағымда әр оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып тапсырмаларды өмірмен байланыстыруға тырысып келемін.

«Егер оқушы таза, әрі әдемі жазса орта есеппен ол бір пәнге жылына 34 дәптер, қосымша үшін 20 дәптер, барлығы 54 дәптер пайдаланады екен. Ал дұрыс жазбай дәптер беті босқа кетіретін болса ол жылына 50, қосымшаға 35 дәптер, барлығы 85 дәптер пайдаланады. Сонда ол осындай 10 пәнге бір жылда

қанша дәптер пайдаланады? Егер бір дәптердің бағасын 12 теңге деп алсақ таза әрі дұрыс жазса қанша теңге үнемдейді?», - деген сұрақты негізге ала отырып төмендегідей қорытынды жасадық:

$$54 \times 10 = 540$$

$$85 \times 10 = 850$$

$$540 \times 12 = 6480$$

$$850 \times 12 = 10200$$

$$10200 - 6480 = 3720 \text{ тг}$$

үнемдейді.

Сонда оқушы дәптер талаптарын сақтап жазса 3720 тг үнемдеп, ата-анасына үлкен септігін тигізеді екен.

Осы жұмысымыз қалалық жоба қорғау сайысынан 1-орын алып, республикалық сайыста 2-орынға ие болды.

Бұл жұмыс арқылы мен оқушыма математиканың адам өмірінде зор маңызы мен пайдасы бар екенін осылай түсіндірдім. Осы оқушыма математикаға деген қызығушылығы одан әрі арта түскенін байқадым. Ол сабақ үстінде басқа оқушылардың дұрыс әрі таза, дәптер талаптарын сақтап жазуды талап етіп отырды. Мұның өзі мұғалімге деген үлкен көмек емес пе? Міне, осындай бір мысалмен бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуде математиканы күнделікті өмірде қалай қолдануға болатынын айтқым келеді.

### Қорытынды



Қорытындылай келе, оқушылардың шығармашылығын, қызығушылығын бәсекеге қабілеттілігін дамыта отырып, ғылым саласында олимпиада, байқауларға дайындай отырып, көсемдігі мол, шығармашыл, білімді, ізденімпаз, тапқыр, қабілетті зор оқушы шығару - әрбір ұстаздың міндеті.

Бүгінгі күннің негізгі талабы білімді адамды әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық таныммен тікелей қатынас жасай алатын, жаңаша ойлай алатын қабілетті адамға айналдыру.

«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек...» деген Алғашқы президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағым келеді.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (НЗМ). 2016ж



2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2016ж
3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
4. Білімділер порталы, 2017жыл.

**МУНАЙДАРОВА АЯУЖАН БАЛТАБАЕВНА**  
*Астана қаласы, №86 мектеп-гимназиясының  
бастауыш сынып мұғалімі*

## **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

«Математика» пәнін оқыту кеңістіктік ойлауды дамытуға, математикалық тілді дамытуға, оқу-танымдық және практикалық міндеттерді шешуге, айтылған пікірлерді дәлелдеу, негіздеу және қорғау, басқалардың пікірлерін бағалау және қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған.

Математика сабағындағы негізгі талаптардың бірі оқушының өз бетінше білім алуға бағытталған белсенді әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Математикалық тіл негіздерін үйрене отырып, оқушылар басқа пәндерді, мысалы, жаратылыстану пәндерін оқу үшін қажетті математиканың күрделі бөлімдерін түсіне алады. Бастауыш мектептегі математика сабақтарында барлық геометриялық ұғымдар мен геометриялық сипаттағы түсініктерді зерттеу «қарапайымнан күрделіге қарай» принципі бойынша жүзеге асады.

Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу әдістемесінде қатаң сақталуы керек жұмыс кезеңдері бар.

Бірінші кезең оқушылардың геометриялық фигураның маңызды қасиеттері туралы білімдерін анықтаумен, бұрын алынған өмірлік тәжірибе мен математикалық ұғым негізінде оның сипаттамалары мен ерекшеліктерін анықтай білумен сипатталады.

Екінші кезең геометриялық фигуралар туралы ғылыми ақпаратты толықтыру, қарастырылған фигуралар туралы түсінік қалыптастыру, оларда бар белгілі бір қасиеттерді жіктеуде неғұрлым тығыз қатынастар орнату болып табылады.

Үшінші кезең – геометриялық фигураларды модельдеумен және құрастырумен тікелей жұмыс жүргізу.

Төртінші кезең – тану, жіктеу, құру және есептеу тапсырмаларын орындау кезінде геометриялық фигура туралы жаңа білімді тәжірибе жүзінде қолдану.

Бесінші кезең – оқушының оқу іс-әрекетінде геометриялық материалды шығармашылықпен қолдану .


Төменде бірқатар бөлімдер бойынша тапсырмалар мен жаттығулар, сонымен қатар геометриялық материалды зерттеу процесінде оларды қолдану әдістемесі ұсынылған.

Кеңістіктік ойлау мен қиялды дамыту үшін балалар қиялдағы немесе көрінетін кеңістіктегі (жазықтықта) бейнелермен жұмыс істеуді үйренуі керек. Мұндай операциялар барысында білім алушылар геометриялық фигуралардың құрамдас бөліктерін тереңірек игереді. Осы мақсаттар үшін келесі тапсырмалар мен жаттығуларды қолдануға болады:


5. Геометриялық фигуралардан жасалған аппликациялар. Бұл балалар үшін анағұрлым оңай және танымал сабақ болып табылады. Балалар өздері қағаздан жасаған түрлі түсті геометриялық фигуралардан желім мен қайшылардың көмегімен әртүрлі тақырыптарға аппликациялар жасайды. Бұл сабақтың ерекшелігі оқушылардың сынып алдында өзінің жасаған аппликациясын таныстыруы болып табылады: ол аппликация бойынша жұмыстың қысқаша барысын сипаттап, оның қандай геометриялық фигуралардан тұратынын көрсетуі керек. Бұл геометриялық материалды зерттеу әдістемесіндегі осы тапсырманың мағынасын түсіндіре отырып, оның тартымдылығы мен пайдалылығын атап өткен жөн, өйткені ол геометриялық фигураларды жақсы есте сақтауға көмектеседі, қиялдың, логикалық ойлаудың және кеңістіктік қиялдың дамуына ықпал етеді, геометриялық терминологияны қолдана отырып, жұмыс барысын сипаттай алады. 2.

Есептеу таяқшаларының көмегімен жазықтықта геометриялық фигуралар құрастыру және өзгерту тапсырмасы.

Тіктөртбұрыш жасау үшін 5 шаршыдан тұратын фигурадағы 4 таяқшаны қалай алып тастауға болады ?




2 тең емес шаршы алу үшін 4 шаршыдан тұратын фигурадағы 2 таяқшаны қалай алып тастауға болады ?



4 тең шаршы алу үшін 6 шаршыдан тұратын фигурадағы 2 таяқшаны қалай алып тастауға болады ?



3 шаршы алу үшін 5 шаршыдан тұратын фигурадағы 4 таяқшаны қалай алып тастауға болады?



Осы сияқты тапсырмалардың маңыздылығы туралы айтқанда, оның тапқырлықты дамытуға, ақыл-ой белсенділігін арттыруға, үшбұрыштың, шаршының және тіктөртбұрыштың бір-бірінен айырмашылықтарын жақтардың (таяқтардың) саны мен олардың ұзындығы бойынша ажыратуға бағытталғанын; сонымен қатар, мұндай тапсырмалар балаларды проблеманың шешімін өз бетінше іздеуге үйрететінін атап өткен жөн.

3. Геометриялық фигуралардың қасиеттерін өзгертуге арналған тапсырмалар.

- Сіз жаңа геометриялық фигураны қандай жағдайда алдыңыз? (1, 5, 6);

– Бұған фигураның қандай сипаттамасының өзгеруі себеп болды? (пішіннің өзгеруі) Сонымен, біз үшін геометриялық фигурада ең маңыздысы не? (оның пішіні);

– Фигуралардың қандай сипаттамаларының өзгеруі жаңа геометриялық фигураның пайда болуына әкелген жоқ? (түсінің, өлшемінің, кеңістіктегі орналасуының өзгеруі)


Бұл жаттығулар мен тапсырмалар геометриялық фигуралардың айрықша қасиеттерін тереңірек түсінуге, осыған байланысты геометриялық ұғымдардың анықтамаларын дұрыс тұжырымдау қабілетін дамытуға және сәйкесінше, оларды салудың жалпы тәсілдерін игеруге ықпал етеді.

4. Графикалық диктант.

Торкөзді параққа жазамыз: «Нүкте қойып, содан кейін 12 торкөз санап, сызықты жоғары қарай сызамыз, содан кейін 8 торкөз санап, оңға қарай сызық сызамыз, 4 торкөзге төмен сызық жүргіземіз, содан кейін солға 3 торкөз, содан кейін қайтадан төмен 9 торкөз және солға қарай 5 торкөз бойынша сызық жүргіземіз. Қандай фигура пайда болғанын көрсетіңіз. Оны кесіп алыңыз. Оны қандай фигураларға бөлуге болады?».


5. «Қателерді түзетіңіз» ойыны.

– Балалар, тақтадағы геометриялық фигуралардың суреттерін карап, қателерді түзетіндер.



Оқушылар сызбаларды карап, геометриялық фигураларды белгілеу кезінде қандай қателіктер жіберілгені туралы ауызша жауап береді, қателерді

түзетеді (тік сызық жазбаша әріптермен белгіленген, бас әріптермен белгіленуі керек; тіктөртбұрыш бүйірлерінде әріптермен белгіленген, оларды төбесінде белгілеу керек; үшбұрыш орыс әріптерімен белгіленген, оларды латын әріптерімен көрсету керек) .



Бұл жаттығулар жүйесі сызу құралдарын қолдана отырып және құралсыз геометриялық фигураларды сызу, әріптермен белгілеу және дұрыс атау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

6. Дұрыс модельді таңдауға берілетін тапсырмалар оқушылардың ұсынылған модельдер ішінен қолайлы модельді таңдау дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді, сонымен қатар балалардың назарын объектінің маңызды белгілеріне (түсі, пішіні, өлшемі, жалпақ немесе көлемді зат) аударады. Мысалы, балаларға ұсынылған фигуралардан тақтаның моделі болатын фигураны таңдауды (сағаттың циферблаты, аквариум және т.б.) немесе мәтіндік тапсырмада қарастырылған жағдайға сәйкес модельді таңдауды ұсынуға болады.



Модельді жалғастырып құрастыруға, артық элементтерді алып тастауға берілетін тапсырмаларды орындау арқылы балалар қолда бар модельді жетілдіру дағдысын қалыптастырады. Мысалы, балаларға дециметр моделін аяқтау тапсырмасы ұсынылады. Балалар  $1 \text{ дм} = 10 \text{ см}$  екенін еске түсіреді және 9 кесіндіге ұзындығы 1 см жетіспейтін кесіндіні жалғап, модельді аяқтайды.

Балаларға математикалық модельдеуді үйрету бойынша осындай жұмысты ұйымдастыру балалардың бастапқы математикалық модельдеу ұғымын игеруіне, кез келген жағдайды модель ретінде ұсынуына, оны зерттеуге және өз бетінше қорытынды жасауына мүмкіндік береді.

Әр сабақты балалардың белгілі бір геометриялық фигура туралы білімін нақтылаудан бастаған жөн. Осыдан кейін қарастырылатын фигура туралы алған білім мен дағдылардағы олқылықтарды қарастыру және пысықтау, оның маңызды және маңызды емес қасиеттерін белгілеу, оны модельдеу, содан кейін әртүрлі бөлімдер бойынша ұсынылған тапсырмалар мен жаттығуларды орындау тиімді болады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Сәрсекеев А.С. «Қосымша есептер» Көкшетау 2001ж
2. Ж.А.Елшебай «Зерек» Алматы 1991ж.
3. Қырық қазына. Ә.Доспамбетов-Алматы 1997
4. Интернет материалдары.

## ШАЯХМЕТҚЫЗЫ ТОЛҒАНАЙ ҚАЙРАТҚЫЗЫ

*Астана қаласы әкімдігінің*

*№42 орта мектеп КММ, бастауыш сынып мұғалімі*

### **ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТЕ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ**

Кез-келген елдің экономикалық жағдайын көтеру үшін ең бірінші сол мемлекеттің білім беру саласын нақтылап дамыту қажет, өйткені білім беру саласы өте маңызды рөлдердің бірін атқарады. Осыған сай педагогикалық білімді нақты қайта құру барысында мемлекеттің қоғамын әлеуметтендіріп, ең жоғары адамгершілік құндылықтарды қоғам түсінігінде бекіту үшін, алдымен дамуында проблемасы бар балаларға деген көзқараспен, оларды қоғамға бейімдеу мәселесін шешумен инклюзивті білім беру жүйесі айналысады.

Қазақстан Республикасында дамыған мемлекеттер қатарына ену мақсатында көптеген шаралар жасалуда. Бүгінгі күні білім саласында өз шешімін таппай отырған мәселелер де жеткілікті. Қазақстанда даму мүмкіндігі шектеулі балалардың саны өсіп отыр.

Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайы, олар бастан өткеруге мәжбүр болған қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда мүмкіндігі шектеулі ересектердің өз құқықтарын іске асыруына байланысты мүгедектік проблемалар жиі туындап жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл тіпті де бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап, олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы проблемалар санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың адамзаттық ар-ожданын кемітіп, оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әр түрлі кемсітуші көріністер болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда біз оқушының деңгейіне мән бермейміз, нәтижесінде көптеген оқушылар осы деңгейге жетпей қалу салдарынан үлгермеушілер қатарына жатады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады. Осыған сай баламен және оның ата-аналарымен бірлестік, білім алу орталарын ұйымдастыруда психологиялық жайлылыққа жағдай жасау инклюзивтік оқытудың ең басты шарты. 2004 жылы зерттеу жүргізілген кезде, орта мектеп педагогтарының 80 пайызы бұл жүйеге қарсы болса, 2007 жылы 49 пайызы ғана қолдамаған. Яғни педагогтардың басым көпшілігі мұндай балаларды мектепке қабылдауға дайын болды. Ал ата-аналардың 79 пайызы түсінбей,

«неге менің баламның қасында мүгедек бала отыруы керек?» деп наразылық білдірсе, қазір олардың көпшілігі бұл идеяны қолдайды. Бұл инклюзивтік білім берудің дамып жатқанын көрсетеді. Бірақ шешімін таппаған мәселелер әлі де жеткілікті. Орта білім беретін мектептерде педагогтарды дайындау, мектептердің мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауға дайындық мәселелері шешілу қажет.

Дамуында мүмкіндігі шектеулі балалардың көретін қиындықтары: оларға жеткілікті түрде көңіл бөлінбеуінен, қарым-қатынастың аздығынан, эмоционалдық-еріктік регуляцияның өзін-өзі бақылаудың жетімсіздігінен, оқуға деген мотивацияның төмен деңгейінен және жалпы танымның салғыртынан, сол сияқты қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөздік жетімсіздігі тәрізді жекелеген психикалық процестердің жетілмегендігінен, қозғалысын жүйелей алмауы түріндегі моториканың бұзылуынан, қозғалуының тежелуінен, төмен жұмыс қабілетінен, қоршаған орта туралы түсінігінің және білім қорынан шектеулігінен, оқу-танымдық әрекеттерінің операциялдық компоненттерінің тізілмеуінен туындайды, яғни осындай ақаулықтарды жою мақсатында әлем тәжірибесі бізге инклюзивті білім беруді ұсынуда

Инклюзивтік оқыту деген не? Және де бүгінгі күні білім беру процесіне инклюзивті оқытуды енгізу керек пе деген сұрақтар әлі қарастырылып жатыр. Латын тілінен аударғанда inclusion «енгізу» (включение) деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды жалпы білім процестеріне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жасына, жынысына, шығу тегіне, дініне, экономикалық статусына қарамай, балаларды айыратын барьерлерді жоюға; отбасы мүшелерін белсенді қатыстыру, баланың түзетім-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, баланың емес, ортаның балалардың жеке ерекшелігіне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Ол проблеманы баладан емес, жүйеден көреді. Бұл оқыту түрі оқу жоспарын және білім беру жүйесінің методологиясын икемді болуға, әр баланың қажеттілігін ескеруді айтады.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуында қазіргі заманға сай моделін құрудың басты бағыты бұл – білім беру қызметтерінің сапасын арттыру және қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдайларды жасау. Инклюзивтік оқытудың базалық құқықтық құжаты дамуында жетіспеушілік бар балаларға нәтижелі көмек құруға, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке және мамандыққа даярлау, бала мүгедектігін сауықтыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі балаларды «Әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетімді қолдау» заңы болып отыр [3, 50б]. Шет елдерінің тәжірибесін алатын болсақ, 1994 жылы Испания елінде Соломон декларациясы қабылданған болатын. Яғни бұл декларацияның негізгі көздеген мақсаты барлық балалардың мектепте оқуға құқығы бар



екендігін дәлелдеу және де бұл тұжырымды білім беру заңдылығына енгізу болып табылды. Сонымен қатар ТМД елдерін алатын болсақ, бірінші болып Ресей Федерациясы инклюзивті білім беруді өз тәжірибелеріне енгізе бастауда.

Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі.

Дамуында мүмкіндігі шектелген балаларға білім беру құқығын іске асыру саласындағы негізгі міндеті ретінде олардың психофизикалық ерекшеліктері есебімен көрсетілген санаттағы барлық балалардың сапалы білімді алуына жағдай жасау қаралуда. Мүгедек балалар, денсаулығына байланысты тұрақты немесе уақытша білім беру ұйымдарына баруға мүмкіндігі жоқтар, үйден жеке бағдарлама немесе толық жалпы білім беру бойынша білім алуына қажетті жағдай жасауға міндетті. Орнын келтіретін қозғалыс және басқа реті бұзылған (мысалы, есту, көру қабілеті бұзылған), арнайы техникалық жабдықтың пайда болуына байланысты олардың сәтті әлеуметтік интеграция, мүгедектерге сапалы білім алуына мүмкін болады.

Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім дағдысын тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. Бұл балаларды оқытатын мұғалімдердің алдына үш түрлі міндет қойылады:

1. Баланың мектепке дайындығын анықтау;
2. Сабақты жүйелі жоспарлау;
3. Бағдарламаны игерту.

Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін оларды жазу, сызу, оқуға үйретпес бұрын олардың қабілеті бойынша жеке ерекшелігін, психологиялық дайындықтарын байқау керек. Белгілі психологтар Д.В.Эльконин, В.В.Давыдов, Р.С.Немов зерттеулері бойынша баланы жүйелі оқыту үшін психологиялық дайындығына ерекше назар аудару керек дегенді атап айтады. Қазір мектептерде коррекциялық сабақтар жүргізіле бастады. Коррекция дегеннің өзі «түзету» деген мағына береді. Бұның басты мақсаты – бала бойындағы, тәртібіндегі кемшіліктерді түзету. Ол баланың өзіне: 1) сенім; 2) көз жеткізу; 3) кеңес беру; 4) психоанализ; 5) логотерапия; 6) аутотренинг сияқты методикаларды қабылдау арқылы жүзеге асырады. Үйден оқытын балаға сабақ беретін мұғалім алдымен баланың даму ерекшелігін анықтайтын тесттер арқылы ойынның, қиялының, зейінінің тұрақтылығын анықтап алу керек. Ол үшін «Дөңгелек қию», «Лабиринт», «Танграм», «Көру әдісі», «Есту әдісі» тәрізді тесттерді қолданып, баланың шама-шарқын анықтап алады. Сабақ барысында баланың тіл мүкісін, қолының буындарының қимылын,

саусақтарының моторикасын дамытуға ерекше көңіл бөліп отыру қажет. Осы бағытта қазақтың халық педагогикасының алатын орны ерекше. Қазақ халқы санамақ, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы баланың сөйлеуге деген ынтасын ашып, қабілетін арттырып отырған. Баланың байланыстырып сөйлеуіне жануарлар, олардың төлдері туралы өлең, тақпақ ертегілерді көп қолданған

Мектептің негізін қалаушы қағидасының мәні – мүмкін болған жерде оларда болуы мүмкін қиындықтар мен айырмашылықтарға қарамастан, барлық балалар бірге оқуы тиіс. Инклюзивтік мектептер өз оқушыларының түрлі қажеттіліктерін мойындап, оқытудың түрлі стильдері мен өлшемдерін қолдана отырып және лайық оқу жоспарының, ұйымдастыру шараларының, оқыту стратегияларының, ресурстарды пайдаланудың және қоғамдастықтармен серіктестік қарым-қатынастың көмегімен барлығына сапалы білім беруді қамтамасыз ете отырып оларды қанағаттандыра білуі керек. Әрбір мектепте кездесетін ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша тұрақты қолдау мен қызметтер көрсетілуі тиіс.

Мен, Шаяхметова Толғанай Қайратқызы Астана қаласы №42 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс атқарудамын. 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап, 2 «Б» сыныбында ерекше білім беруді қажет ететін Омаш Шахан Биржанұлын оқытқан болатынмын.

Омаш Шахан 2012 жылдың 15 қаңтарында Астана қаласында дүниеге келген. Егіздің сыңары, көп балалы отбасына жатады. Шаханның мінезі ашық, өз ойын еркін жеткізе алады. Мүмкіндігі шектеулі оқушы болса да, қазіргі таңда сынып оқушыларымен бірге оқиды. Омаш Шаханмен оқу үрдісінде көптеген жұмыстар атқарылды. Барлық мәселені қолғап алып, Шаханға арнайы жоспар құрып, сол жылдық жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Математика сабағынан сандарды үйреніп , фигураларды сыза алатын болды. Бір таңбалы сандарды жатқа білсе, екі таңбалы сандарды шатастырып алады. Тиісті сандарды орнына қой, тиісті түсті боя, көрші сандарды жаз, сызбаны өлше есептерін жақсы меңгерді.

Қазіргі таңда, арнайы білім беруді қажет ететін мектепте оқиды. Шаханмен көптеген жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін


қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

**Омаш Шаханның математика пәні бойынша орындаған тапсырмаларынан үлгі:**

9 санын қызыл қарындашпен,  
8 санын жасыл қарындашпен боя.




9 санын жазып үйрен.



Көрші сандарды жаз.

Түсіп қалғани сандарды жаз.





### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010 ж.
2. www.VNews.kz
3. «Инклюзивное обучение» (дидактический материал к лекционному курсу) РИПКСО Кафедра коррекционной педагогики. Алматы, 2002г.
4. Бажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004г, №3 стр. 51-54.

### **ЕЛЕМЕСОВА ЖУПАР ТОЛЕПБЕРГЕНОВНА**

*Астана қаласы, Ақселеу Сейдімбек  
атындағы №54 мектеп-лицейінің  
бастауыш сынып мұғалімі*

### **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҮЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанға айналу, жаңарту үдерісі қоғамымыздың барлық саласында жүргізілуі әлемдік деңгейге сай дамуды талап етеді. ХХІ ғасырға лайық, дамыған елдермен терезе теңестіретін, бәсекелестікке қабілетті елу елдің санатына қосылу үшін елімізге тәрбиелі, білімді ұрпақ керектігі айтпаса да түсінікті. Қазіргі қоғамның алдында тұрған күрделі мәселелердің бірі – әрбір жас ұрпақтың бойына бәсекеге қабілетті құндылық қасиеттерді қалыптастырып, дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөлу керекпіз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігі ерекше аталған. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуында мына негізгі факторлардың ықпалы зор. Олар: мектеп, қоғам және отбасы. Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру мектептен басталады. Мектеп – өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Адам тәрбие негізінде жетіліп қалыптасады. Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі. Көптеген адамдар **математика**

**не үшін қажет?** Біз әртүрлі теңдеулер мен теоремаларды не үшін үйретеміз? Біз өнімдерді сатып алу кезінде математиканы тек дүкенде қолданамыз. Неліктен біз оны балабақшадан үйренеміз? "Мен осы тақырыптың маңыздылығын білуге тырыстым. Көбінесе бұл пән мектептердің міндетті бағдарламасына кіретіні адамдарды таң қалдырады. Бұл таңқаларлық жағдай келесідей: мен үшін болашақ кәсібі есептеулер жүргізуге және математикалық әдістерді қолдануға байланысты болмайтын адам математиканы не үшін білемін? Бұл маған өмірде не пайдалы болуы мүмкін? Осылайша, көптеген адамдар бұл ғылымды игеруде, тіпті қарапайым принциптерде де өздері үшін ешқандай мағынаны көрмейді. Бірақ мен математика, тіпті математикалық ойлау дағдылары барлығына және барлығына қажет екеніне сенімдімін. Математика бізді барлық жерде қоршап алады. Оның арқасында біз күнделікті өмірде көптеген мәселелерді шешеміз. Математика бізді өмірдің алғашқы күндерінен бастап қоршап алады деп аз адамдар ойлады. Барлығы математикадан басталады. Бала жаңа ғана дүниеге келді, оның өміріндегі алғашқы сандар қазірдің өзінде естіледі: бойы, салмағы. Бала өсіп келеді, "математика" сөздерін айта алмайды, бірақ қазірдің өзінде онымен айналысады, ойыншықтарды, текшелерді санау бойынша кішігірім мәселелерді шешеді. Ата-аналар математика мен тапсырмаларды ұмытпайды. Балаға тамақ дайындап, оны өлшеп, математиканы қолдану керек. Ақыр соңында, сіз негізгі мәселелерді шешуіңіз керек: оның салмағын ескере отырып, нәресте үшін қанша тамақ дайындау керек. Математика сабақтары, математикалық есептерді шешу тұлғаны дамытады, оны мақсатты, белсенді, тәуелсіз етеді. Математиканы жақсы білетін, есептерді тез шеше алатын сыныптасыңызды Мектепте біз математиканы бірінші сыныптан бастап мектепті бітіргенге дейін оқимыз, содан кейін математиканы университетте оқытамыз. Жыл сайын курс тереңдеп, математикаға байланысты пәндер көбейіп келеді. Орта мектепте арифметиканың орнына алгебра мен геометрия пайда болады. Біздің көкжиегіміз кеңейеді. Бұрын бізге түсініксіз болып көрінген нәрсені түсініп, көре аламыз. Математика ғылымдары біздің ойлауымызды дамытады, бізді ойлауға үйретеді. Математиканы білмей, қазіргі өмірдің бәрі мүмкін емес еді. Бізде жақсы үйлер болмас еді, өйткені құрылысшылар өлшеуге, санауға және салуға қабілетті болуы керек. Біздің киіміміз өте дөрекі болар еді, өйткені оны жақсы жасыру керек, ол үшін бәрін дәл өлшеу керек. Темір жолдар, кемелер, ұшақтар, үлкен өнеркәсіп болмайды. Біздің өркениетіміздің бір бөлігін құрайтын радио, теледидар, кино, телефон және басқа да мыңдаған заттар болмас еді. Математиканы қолдану, "қаншалықты?", "қанша уақыт?" біз өмір сүретін әлемнің өмірлік маңызды бөлігі. Біз таңғажайып уақытта өмір сүріп жатырмыз: біздің елде алып электр станциялары мен домналар, Автоматты зауыттар салынуда, спутниктер мен зымырандар ұшырылды, ауыр кемелер ғарыш кеңістігіне шабуыл жасады. Біріншісі-Юрий

Гагарин, оның артында ғарышкер батырлардың бүкіл галактикасы ғарыш жолымен жер шарын айналып өтті. Барлық осы мәселелерде математика бізге әрдайым көмектесті және көмектеседі. Математиканың арқасында есептеу машиналары пайда болды. Есептеу техникасы қарапайым шоттардан, арифмометрлерден, логарифмдік сызықтардан микрокалькуляторлар мен компьютерлерге дейінгі жолдан өтті. Қазір Компьютерлер халық шаруашылығының барлық салаларында қолданылады: Статистика, сауда, зауыттар мен фабрикаларды автоматтандырылған басқару. Машиналар тек бір тілден екінші тілге аударма жасай алады, музыка жаза алады, Шахмат ойнай алады деп санамайды. Әлем мен өмірдің өзі тез өзгереді. Оған жаңа технологиялар кіреді. Тек математика және есептерді дәстүрлі мағынада шешу өздерін өзгертпейді. Математикалық заңдар сыналды және жүйеленді, сондықтан адам маңызды сәттерде оған сене алады, кез-келген мәселені шеше алады. Математика сәтсіздікке ұшырамайды.

### **Қорытынды**

Математика тарихына көз жүгірте отырып, оның ғалымдардың бос қиялының жемісі емес, тікелей өмірдің қажетілігінен туындаған ғылым екеніне, яғни, «Математика барлық ғылымдардың патшасы» (К.Гаусс) екендігіне көз жеткіздім. «Алдыңғы жас, артқы жасқа тәлім айтпаса, ел болғаның қайсысы» -деп заңғар жазушы М.Әуезов айтқандай, бүгінгі алған мәліметтеріңіз өмірде пайдаға асуы тиіс. Қиын да болса математика ғылымының биігіне шыққан даналарымыз, жерлес математиктеріміз сияқты алдарыңа үлкен мақсат қойып, бар қиындықтан мойымай нәтижеге жете білуіңіз қажет. Дәл солардай дана академик болмағанмен, Абай атамыз айтқандай «болмасаң да ұқсап бағып» қоғамға пайдалы азамат болу парызыңыз. Мен осы жұмысының басында, егер математика күнделікті өмірде ешкімге қажет емес ғылым болса, онда қарапайым адамға оның заңдылықтарын білу міндетті емес деп болжағанмын. Бұл пікірім дұрыс емес болды. Математика тарихына көз жүгірте отырып, оның ғалымдардың бос қиялының жемісі емес, тікелей өмірдің қажетілігінен туындаған ғылым екеніне көз жеткізе аламыз. Сандар арқылы адамның ой-санасының қалыптаса бастаған кезеңін, өмірге, қоршаған ортаға, өзіне деген көзқарасын байқаймыз. Сандар арқылы адамның қабілеті, ой-өрісі көрінеді.

Математиканы оқып – үйрену есеп шығаруды үйрену үшін ғана емес, кез – келген проблеманы шеше білу, өз қабілетіңізді жетілдіре алу үшін қажет. Сондықтан, «Мен ақша санаймын, өз кірісім мен шығысымды есептей білемін, одан өзге математиканың маған қажеті шамалы» деуге болмайды. Егер олай десеңіз, адам өмірінің мәнін түсінбегеніңізді көрсетесіз, өмір деп отырғаныңыз шын мағынасында өмір емес, жай ғана тіршілік болады. Біз тек сол үшін жаратылмағанбыз, бізге ақыл – сана сол үшін берілмеген. Біз өз

өмірімізді мағыналы қылып, барлық жетістіктерге жету үшін табиғатты, бүкіл білімді пайдалана білуіміз керек. Баяндама жазу барысында әдебиеттерді оқып, ізденіп және мамандық иелерімен кездесіп тәжірибе жұмысын жүргізу арқылы қорытындысына қарап «Математика — біздің өмірізде маңызды орын алады» -деп тұжырымдадым.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. <http://journal-shkolniku.ru/interesnie-faktyi17.html> қызықты фактілер: математиканың пайда болуы. Авторы: Е. Владимирова
2. <http://live.mephist.ru/show/mathege2010/view/proto/al-задачи ОГЕ, емтихан>
3. <http://vyshechka.ru/stati/nuzhna-li-vse-taki-matematika.html> математика керек пе, математика не үшін қажет?
4. <http://www.allmath.ru/bestbooks.htm>
5. <http://www.exponenta.ru> -Exponenta - математикалық білім беру сайты
6. <http://www.gordia.ru/gm.php> -өмір математикасы.
7. Арнольд В. и. математика дегеніміз не?— М.: МЦНМО, 2008.— 104 б.
8. В. В. Волина ойын-сауық математикасы.- С. - Петербург, 1996. – 118с.
9. Г. И. Глейзер мектептегі математика тарихы.- Мәскеу, "Ағарту", 1981.
10. Жас математиктің энциклопедиялық сөздігі./ Сост. Савин А. П. – М.: Педагогика, 1989. – Б.352

**АЙДАРБЕКОВА САҒАТ АБЗЕЛОВНА**

*«№81 Astana English School» халықаралық гимназия  
бастауыш сынып мұғалімі*

### **БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Сапалы білім беру арқылы оқушылардың алған теориялық білімін практикалық іспен байланыстыра отырып, олардың дүние танымын кеңейтіп, белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз. Білімнің сапасын көтеруде қазіргі таңда қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте көп, олар оқушылардың қызығушылығын арттыруда, жаңа технологиялар да жылдан-жылға көбею үстінде. Жаңа технология негізінде оқушы, біріншіден, таныс тәсілдер арқылы бұрыннан таныс үлгілер бойынша жұмысты іске асырады. Екіншіден, танымдық іс-әрекет арқылы білім мазмұнын нәтижеге бағдарлайды. Үшіншіден, шығармашылық іс-әрекет арқылы таныс емес жағдайдағы проблемалық жағдаяттардан шығу жолдарын қарастырады, жеке адамның тұлғалануымен ерекшеленеді. Оқушы шығармашылықты тапсырмаларды орындау барысында ақпараттық көздерінен алынған мәліметтерді пайдалана отырып өмірден көрген практикасымен байланыстыру арқылы сұрақтардың шешімін табуға жол ашады.

Ал қазіргі оқытушы оқушыларға дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан оқушылар тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Осындай күрделі іс-әрекет түрлерімен қарым-қатынасқа түсе отырып, бүгінгі талапқа сай «құзіреттілік» негізінде өзінің әлеуетін көтеруді жүзеге асырады.

Оқушының іс-әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыру, оған басшылық жасау, білімді өз белсенділіктерімен алуға жағдай туғызу – жаңа педагогикалық технологиялардың басты белгілері болып табылады. Көп жылғы тәжірибеде В.Ф. Шаталовтың «Тірек сызбалар арқылы оқыту технологиясы», В.К. Дьяченконың «Ұжымдық оқыту тәсілі», Қ.А.Әбдіғалиевтің «Шоғырландырып-қарқынды оқыту», Ж.А. Қараевтың «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесі» технологиясы, жаңашыл ұстаз Қанипа Бітібаеваның ізденуге негізделген озық технологияларын пайдаланып, тиімділігіне көз жеткіздік. Қазірде осы айтылған әдістемелерді жүйелі түрде қолдануға мүмкіндік беретін «Модульдік оқыту технологиясы» кеңінен қолданылуда.

Жаңа мазмұнда оқыту оқушы құзіреттілігін қалыптастыруға көмектеседі. Құзіреттіліктер бұл пәндер жиынтығы емес, ол оқушының білімі, білігі және дағдыларының үйлестірмелі сипаттарымен байланыстыратын жаңадан қалыптасқан сапа болып табылады.

Елжандылық рух беретін бірден бір пән – қазақ тілі мен әдебиетінен пәнінен күтілетін нәтиже имандылық, адамгершілік-эстетикалық қасиеттері қалыптасады. Мемлекеттік және басқа да тілдерді игеру негізінде коммунактивтік құзіреттілігі қалыптасады. Ұлттық және әлемдік



әдебиеттердің құндылықтарын игерген тұлға қалыптасады. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды, ұлттық ерекшеліктерді тани біледі. Әрбір сабақтан кейін оқушылар өзінің ой-толғанысын әртүрлі сұрақтарға жауап беру арқылы білдіріп, бөлісіп отырғаны абзал. Осындай тәжірибелер арқылы, қазіргі оқытушы оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін ашу арқылы, олардың шығармашылық қабілеттерін тани білуге жаңашыл іс-әрекет жасауға, білімге деген жетіспеушілігін сезіп білуіне, өмірде кездесетін көптеген жағдаяттарды шеше білуге, жаңаны танып білуге деген құлшынысын, қабілеттерін оята білуге болады.

Колледж оқушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды мынадай әдістер көмегімен айқындауға болады:

- 1) арнайы өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар жүйесі;
- 2) жобалау әдісі;
- 3) шағын топтағы диалогтық (Сократтық әдіс), проблемалық жағдаяттар.

Сократтық әдіс ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – білім берудегі ең басты тәсіл. Сократтың оқушылармен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған.

Кәсіби құзыреттілік ең алдымен оқушылардың ақпаратты сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Оқушы қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

## **ШӘМІРБЕК АҚТОЛҚЫН НҰРЛАНҚЫЗЫ**

*«Ж.Жабаев атындағы  
№4 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК*

### **ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Қазіргі заманда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттерді жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденісін қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының мектепке келгенге дейінгі негізгі әрекеті ойын десек, оқу-тәрбие үрдісінде олар біртіндеп оқу (таным) әрекетіне ауысады.

Бастауыш мектеп балаға білім беріп ғана қоймай, оны жан жақты дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарасын қалыптастыруға,

ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Бастауыш сынып оқушылары жаны жаңалыққа құмар, барлығын игеріп, білгілері келіп тұрады. Сондықтан да жаңа технологияларды бастауыш сыныпқа пайдаланудың маңызы зор.

Мұғалім – әр түрлі әдіс тәсілдердің түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың тындалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігінен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге қол жеткізеді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде интербелсенді әдіс-тәсілдер түрлерін пайдалану оқушылардың білімін берік меңгерту құралы және балалардың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттыруға көмектеседі. Тұйық оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады және мінез құлқы қалыптасады. Оқушы ойын үстінде білімді игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің ойынға қалай ұласып кеткенін аңғармай қалады. Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

**ДАУЛБАЕВА АЙГУЛЬ АРМИЕВНА**

*Астана қаласы №72 мектеп-лицейі,*

*бастауыш сынып мұғалімі*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

Бастауыш білім- жалпы орта білім алудың негізгі базасы. Сондықтан, бастауыш білім берудегі басты мақсаттың бірі- оқыта және дамыта отырып, балаларды өз бетінше оқып, білім алуға үйрету. Тек өздігінен оқи алғанда ғана оқушы білімді мақсатты және нәтижелі түрде игеретіні анық. Ал өздігінен жұмыс істеу оқушы бойында оқу еңбегінің дағдысы мен икемділіктің қалыптасуын қажет етеді. Оқушылар ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны меңгеру технологиясын да үйренуі үшін оқу процесін қалай ұйымдастыру керек? Бұл орайда ғылыми зерттеу жұмысының тигізер көмегі зор. Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты- тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау-біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Ол біріншіден қызықты, нашар зерттелген тақырыпты табуға көмектесетін нақты білімді, екіншіден тақырыпқа қатыстыруға қажетті, бастапқы мағлұмат жинауға уақыт талап етеді.

Зерттеу жұмысының басты шарты- оның жаңалығы және өзектілігі. Жас зерттеуші көптеген материалдарды талап ететін, кең көлемді тақырыптарды алмағаны дұрыс. Нақты тақырыппен жұмыс қана жаңа бастаған зерттеушіні

табысты ғылыми нәтижелерге жеткізеді. Кейде жас зерттеушіні таң қалдыратын немесе жанжалды тақырып алғысы келеді. Зерттеу жұмысы ғылыми білімнің белгілі бір саласына жаңа фактілерді, өзара байланыстарды және заңнамаларды іздеуге бағытталған. Тақырып таңдау- жас зерттеушінің жасына, оның білімінің деңгейіне, ойының дамығандығына, проблемаларды дербес қоя, шеше білуіне тәуелді. Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ұғыну қажет.

Бұл ғылыми зерттеу жұмысы балалардың бастауыш сыныптарда оқытылатын дүниетану, жаратылыстану пәндерінен алған білімдерін тереңдету, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Зерттеушілік қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, балаларды ізденімпаздыққа және өзінің даму деңгейіне сенімді болуға тәрбиелейді.

Бастауыш сыныпта оқу зерттеудің уақытына байланысты:

- ❖ Жедел зерттеу
- ❖ Ұзақ мерзімді

Зерттеу түрлері: Теориялық, фантастикалық, эксперименттік.

**Эксперименттік**- өзіндік байқаулар мен эксперименттерді жүргізуді талап етеді. Балалар үшін ең қызықты эксперимент- нақты заттарға және олардың қасиеттеріне жасалған тәжірбиелер. Оқушыларға түрлі тақырыпты беруге болады. Бірақ олардың зерттеу мүмкіндігіне қолдары жетік болуын ескеру керек.

### **I. Тақырыпты таңдау**

Ғылыми зерттеу табыстылығының маңызды шарты- тақырыпты дұрыс таңдау. Тақырыпты таңдау- біржолғы процесс емес және қиын өзіндік ізденістің нәтижесі болып табылады. Ол біріншіден қызықты, нашар зерттелген тақырыпты табуға көмектесетін нақты білімді, екіншіден тақырыпқа қатыстыруға қажетті, бастапқы мағлұмат жинауға уақыт талап етеді.

**Зерттеу жұмысының басты шарты**- оның жаңалығы және өзектілігі.

Жас зерттеуші көптеген материалдарды талап ететін, кең көлемді тақырыптарды алмағаны дұрыс. Нақты тақырыппен жұмыс қана жаңа бастаған зерттеушіні табысты ғылыми нәтижелерге жеткізеді. Кейде жас зерттеушіні таң қалдыратын немесе жанжалды тақырып алғысы келеді. Зерттеу жұмысы ғылыми білімнің белгілі бір саласына жаңа фактілерді, өзара байланыстарды және заңнамаларды іздеуге бағытталған. Тақырып таңдау- жас зерттеушінің жасына, оның білімінің деңгейіне, ойының дамығандығына, проблемаларды дербес қоя, шеше білуіне тәуелді. Жұмыстың сәтті болуы үшін зерттеудің мақсаты мен міндеттерін ұғыну қажет.

**Мақсат**- бұл зерттеушінің ізденіс нәтижесі. Зерттеу мақсаты нақты және қол жетерлік болсын.

**Міндеттер** қадамдарды, мақсатқа жету кезеңдерін көрсету болып саналады.

Зерттелетін проблеманың жалпы жағдайымен зерттеу мақсаты анықталатын болса, онда зерттеу міндеттері зерттеу мақсатынан шығады.

**Жұмыстың өзектілігі:** яғни бұл жұмыстың қазіргі кезеңдегі проблемасы. Проблеманы айқындап, тақырыпты анықтаған соң, оны шешудің ойша ізденісі басталады. Айқындалған проблемаға болжам жасай отырып жауап беруге болады. Зерттеушілік пен шығармашылық ойлаудың негізі- **болжам** құра білу болып табылады. Сондықтан зерттеудің негізгі бірліктерінің бірі болжам жасай отырып жауап беруге болады.

**Болжам**-логикалық дәлелденбеген, тәжірибемен нақтыланбаған алдын ала ойластырылған білім.

**Зерттеудің қол жетімді әдістері:**

1. Дербес ойлау. Кез-келген зерттеу жұмысы осыдан басталады  
-зерттеу тақырыбы жөнінде не білемін?  
-тақырып туралы қандай ойларым бар?  
-таңдалған зерттеу тақырыбы жөнінде білетіндерімнен қандай қорытынды жасай аламын?

Осының бәрін қағаз бетіне түсіру

2. Кітаптан оқып білгеніңізді түгел жазыңыз.

3. Осы проблемаға байланысты кинофильмдермен, телебағдырламамен танысу.

4. Бірде-бір ғалым компьютер көмегінсіз жұмыс жасамайды. Өзіңізге қажет ақпаратты. Интернеттен іздеңіз.

5. Зерттеудің жөнінде пікір алысқан адамдарды 2 топқа бөлуге болады: мамандар, маман еместер.

-Мамандар деп мен зерттейтін тақырыпшын кәсіби түрде айналысатындарды айтамыз.

-Қалғандарды маман еместер, бірақ олардан да сұрау керек. Мүмкін олардың ішінен де білетіндер табылып қалар.

Алған ақпараттарды сақтап қойыңыз.

6. Байқау- жаңа білімді алудың қызық және қолайлы тәсілі. Байқау үшін: сағат, компас, бинокль, телескоп керек, микроскоп т.б.

Алынған ақп. жазып қойыңыз.

7. Эксперимент жүргізбес бұрын оның жоспарын жасау керек нәтижелерін жазып қойыңыз!

Осы жоғарыда айтылған қағида бойынша, зерттеу сабағымнан үзінді келтіріп өтейін:

Пәнаралық тақырып: Жер шарын бөлісу.

Зерттеу тақырыбы: «Су –тіршілік көзі»

Негізгі ой: Су планетадағы өмірдің барлық саласына әсер етеді.

-Ой қозғау: Зерттеу сабағының «Су –тіршілік көзі» жаңа тақырыбын «Ауыз судың ғаламшардағы тапшылығы» туралы бейнебаян көруден бастады. Мұғалім мұны оқушыларды қызықтыру үшін және осы тақырыпта

зерттеуде сұрақтарын туындатуға қызығушылықтарының болуы үшін жасайды.

-Содан соң, негізгі ойды талдайды, мағынасын ашады.

Зерттеу бағыттары:

1. Судың ғаламшарға әсер ететіндігі.
2. Тірі организмдер суды қалай қолданады?
3. Су ресурстарына адамзаттың әсері қандай?
4. Ауыз су қорын сақтау үшін не істеу керек? Сұрақтары бойынша жауаптарын кітаптардан,ғаламтордан,бейнебаяннан іздейді.

Жаратылыстану сабақтарының бірінде микроскоппен су тамшысын көруге тәжірибе жасады.

Мына шынымен тамшыны қалай микроскоппен көреміз,-деп ойлайсындар деген жетекші сұрақтар қойылады. Бұдан мынандай қорытынды шығарылады.

- Тамшыны микроскоптан көре алуы керек. Мөлдір екенін біледі.
- Бір тамшыны микроскоптан өте үлкен, жақыннан анық көрінетіндігін біледі. Орналасқан жері ақ түсте, қара түсте болсада көрінетіндігін байқайды.



Сонымен қатар су тазалауға фильтрді жинады және суды тазартты. Суды тазарту және оны қорғау туралы жұппен жұмыс көрсетті. Мынау- біздің суды тазарту құрылғымыз. Мұнда суды фильтрден,яғни сүзгіштен өткізу керек.Бұл құрылғыда суды көмірден, құмнан,тастардан өткіземіз.Олардан өтіп,сүзгіштен сүзіліп өтеді.Сүзгі суды зиянды заттардан тазартып өткізеді.

Тәжірибелерінің барлық бөліктерін зерттеу дәптерлеріне жазып, суретін салып отырды. Өйткені, бұл мәліметтер тақырыпты ары қарай зерттеу үшін керек.

Онда суды табуға, тазалауға, сақтауға моделін жасайды. Моделдерін жасамас бұрын, оған сәйкес бағалау критерийлерін талқылайды. Бұл тапқан мәліметтерін сыныптастарына «Су фестивалінде» ұсынды.



### Оқушылардың рефлексиясы

\*Таза су- біздің денсаулығымыздың кепілі және байлығы.

\*Егер сен табиғаттан бір зат алатын болсаң, онда оған да бірдеңе бер.

-Бұлақтың көзін ащ,ағаш отырғыз,құстарға жем бер, сонда ғана ол керемет және бізге пайдалы болады.

\*Оқушы үлгісінен қандай болдық.Ізденімпаз, тәуекелшіл болдық. Қате жіберуден қорықпай, барлық жаңа нәрселерді қуанышпен үйренеміз. Тіл табысқыш- әңгімені тыңдай және қолдай аламын,топтағы басқа оқушыларға барлық пікірімді айта аламын.Ынтымақтастық қатынаста мен басқалармен бірге жұмыс атқара аламын.Шығармашылық қатынаста мен өзімнің қиялымды пайдалана білемін.Білуге құмарлық қатынасы бойынша: Мен білгім келеді.

Өркениетті ел қатарына қосылудың бір кілті тек білімде, ал білім ошағы- мектепте. Сондықтан, құрметті ұстаздар,өзімізге сын көзбен қарай отырып, болашақ үшін аянбай еңбек етейік,сауатты да салауатты азаматтарды тәрбиелейік.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ол кім? Бұл не? Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы 1987 ж.
2. Дүниетану 2 сынып Алматы «Алматы баспасы» 2016 ж.
3. Дүниетану 3 сынып Алматы «Атамұра» 2010 ж.

**БУЛАШЕВА НАГИМА КАПАНОВНА**

*Астана қаласы №27 мектеп-лицейдің  
бастауыш сынып мұғалімі*

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Жалпы алғанда, дүниетаным ұғымы қоршаған әлем туралы көзқарастар, ұғымдар жүйесі ретінде анықталады.

Дүниетаным сөздің кең мағынасында адамның қоршаған әлемге деген барлық көзқарастарын қамтиды: философиялық, қоғамдық-саяси, жаратылыстану, этикалық, эстетикалық және т. б.

Бастауыш мектеп жасындағы балаларда ғылыми дүниетанымның қалыптасуы баланың табиғатта не және не үшін болып жатқанын түсінуін білдіреді (неге күн түнді ауыстырады, неге көшеде жаңбыр жауады және т.б.).

Қазіргі уақытта қазіргі қоғамда балаларда ғылыми дүниетанымның қалыптасуы ғана емес, сонымен бірге ғылыми дүниетанымның эстетикалық, моральдық және діни аспектілері де үлкен мәнге ие. Бірақ, өкінішке орай, қазіргі уақытта біздің қоғамдағы балалардағы сыртқы әлемге деген көзқарастар мен қатынастар жүйесі көбінесе стихиялы түрде қалыптасады және әрдайым объективті бола бермейді.

Дүниетанымның қалыптасуы, ең алдымен, интеллектке, эмоцияларға, ерік-жігерге, адамның практикалық іс-әрекетінің белсенділігіне байланысты.

Дүниетанымның интеллектуалды компоненті шындықтың тікелей, сенсорлық көрінісінен дерексіз, тұжырымдамалық ойлауға көшуді қамтиды.

Эмоционалды-ерікті компонент. Білімнің сенімге айналуы, көзқарастар жүйесіне, басым қажеттіліктерге органикалық түрде енуі үшін олар сезімдер мен тәжірибелер саласына енуі керек. Адамның мақсатқа жетуге дайындығы мен шешімі ерік-жігермен тікелей байланысты.

Іс жүзінде тиімді компонент. Оқу еңбегі мен қоғамдық қызмет оқушыларды әлеуметтік қатынастардың кең ауқымына тартады, жан-жақты ақпаратпен, қарым-қатынас тәжірибесімен қаруландырады.

1982 жылы дүниетаным мәселелері бойынша симпозиумда ММУ профессоры М. и. Лисина дүниетаным проблемасының өзектілігін негіздеді:

"Дүниетаным-тұлғаның маңызды сапасы. Ғылыми дүниетаным адамға өз уақытының озық жетістіктері деңгейінде жұмыс істеуге, мәдени процеске қатысуға мүмкіндік береді мәдениетті байыту, адамзаттың одан әрі дамуына ықпал ету. Сондықтан балаларда ғылыми дүниетанымның мақсатты қалыптасуының шарты туралы мәселе бүгінгі таңда өзекті болып отыр".

Үйлесімді тұлғаның ең маңызды сапасы ретінде дүниетанымды қалыптастыру, қазіргі білім берудің түпкі мақсаты.

Л. с. Выготскийден бастап, авторлардың көпшілігі дүниетаным жүйелі тұлғалық неоплазма ретінде жасөспірім кезеңнің басында өзін жариялайтынын дұрыс байқайды.

Бірақ тұтастай алғанда мақсатты түрде дүниетаным, атап айтқанда, жаратылыстану-ғылыми көзқарастар баланың мектепке келген алғашқы күндерінен бастап қалыптаса бастайды. Бұл бастауыш мектеп жасындағы балаларда біртұтас ғылыми көріністі қалыптастыру мәселелерін дамыту қажеттілігіне әкеледі.

Орта жалпы білім беретін мектепте оқушылар белгілі бір жүйеде пәндік оқытудың барлық кезеңінде табиғат, қоғам және адам туралы ғылымдардың негіздерін меңгереді. Олар жетекші дүниетанымдық, Тарихи, адамгершілік, эстетикалық, этикалық, экологиялық идеялар мен ұғымдарды игереді,

қалыптасып келе жатқан өзіндік сананың, оқушының дүниетанымының ғылыми негізі болып табылатын сенімдерді қалыптастырады.

Жаратылыстану циклінің пәндері ерекше рөл атқарады. Дүниетанымды анықтауда әртүрлі тәсілдер бар, бірақ барлық ғалымдар оқу процесі арқылы жүзеге асырылатын жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың маңыздылығын бағалауда келіседі, сондықтан оны оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруға әкелетін етіп құру керек. Ал оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың біртұтас процесі оқытудағы сабақтастықтың, пәнаралық байланыстардың арқасында қамтамасыз етіледі.

Осылайша, игерілген дүниетанымдық білімнің негізгі тұлғалық құрылымдармен байланысы ашылады: қажеттіліктер, идеалдар, құндылық бағдарлары.

Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру-күрделі және көпжақты процесс. Бұдан шығатыны, оқу процесін жоспарлау кезінде мұғалім сабақта нені түсіндіру керек, қандай тәжірибелер мен мысалдар келтіру керек, қандай мәселелерді шешу керек екендігі туралы ғана ойламауы керек. Сонымен қатар, нақты ғылыми дүниетанымы бар оқушының жеке басын қалыптастыру үшін сабақты оның мазмұны мен әдістерімен қалай тиімді пайдалану керектігі туралы.

Орыс педагогикалық ғылымының және Ресейдің халық мектебінің негізін қалаушы, дидакт, психолог К. Д. Ушинский бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымының кезең-кезеңімен жасына байланысты дамуы, содан кейін білімді игеру процесінде жасөспірімдер мен жасөспірімдердің әлемді тереңірек білуі туралы маңызды әдіснамалық ереже ұсынды.

Ерте жас кезеңінде студенттер өмірлік тәжірибе арқылы алынған ақпаратты қабылдаудың күнделікті деңгейіне ие. Нәтижесінде олар шындықты түсінудің перцептивті (барабар) деңгейін дамытады.

XX ғасырдың педагогикалық және психологиялық әдебиеттерінде Л.В. Выготский, С. Л. Рубинштейн, Ю. К. Бабанский және басқа ғалымдардың еңбектерінде оқушылардың ойлау қабілетін, олардың білім мен ғылымды игеру қабілеттерін дамыту процесі қарастырылады.

Бастапқыда мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасында оқушылар ақпаратты эмоционалды-бейнелі, визуалды-тиімді және нақты-бейнелі деңгейде қабылдайды. Әрі қарай, жасөспірімнің, егде жастағы келесі кезеңдерінде бұл процесс сапалы түрде тереңдей түседі.

С. л. Рубинштейн былай деп жазды: "Бала тәрбиелеу және үйрену арқылы дамиды. Бұл баланың психологиялық дамуының негізгі заңы". Ол мұғалім қалыптастыратын әрбір оқыту тұжырымдамасы тиісті білім беру теориясына негізделген белгілі бір даму тұжырымдамасын қамтитынын атап өтті. Демек, оқу процесінде баланың белгілі бір білім беру жүйесіне негізделген сенімдері қалыптасады, өзіндік көзқарасы пайда болады,



абстрактті-логикалық ойлау қалыптасады және қоршаған әлем және ондағы адамның орны туралы жалпыланған білім жүйесі пайда болады.

Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру кезінде ескеру қажет бірқатар маңызды әдіснамалық принциптерді сипаттаған жөн:

1. Әр түрлі жастағы оқушылардың психологиялық, физиологиялық, интеллектуалдық және басқа да жеке ерекшеліктерін ескеруге негізделген балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жас ерекшелік принципі.

2. Оқушылардың әлемнің бейнесін, әртүрлі ғылыми салалардағы жаңа жаңалықтардың мәнін білуге негізделген ойлау тәуелсіздігін дамытуға негізделген ғылыми принцип.

3. Білім берудің, жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамытудың, оның дүниетанымын қалыптастырудың біртұтастығы мен біртұтас жиынтығы қағидаты: қоршаған әлеуметтік әлемдегі құндылық бағдарларын анықтайтын көзқарастар, сенімдер, идеалдар.

Жас тәсілінің принципін ескеру мұғалімнің білім беру, тәрбие қызметіндегі маңызды компонент болып табылады, демек ол дүниетанымды қалыптастыру процесіне айтарлықтай әсер етеді. Ал мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби ұстанымы оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың маңызды бірлігі болып табылады.

"Дүниетаным" ұғымын келесідей анықтауға болады - бұл адамның философиялық, ғылыми, әлеуметтік-саяси, моральдық, эстетикалық көзқарастары мен сенімдерінің жүйесі, олар оның санасында әлемнің жалпы бейнесін бейнелейді және оның қызметінің бағытын анықтайды. Әдетте, дүниетанымның келесі негізгі түрлері бөлінеді: философиялық, ғылыми, қарапайым, діни, мифологиялық [философиялық энциклопедиялық сөздік // л. Ф.Ильичев, П. Н. Федосеев, С. М. Ковалев, в. г. Панов. М.: Кеңес энциклопедиясы, 1983.].

Келесі ұғымдар дүниетаныммен тығыз байланысты: әлемнің жалпы бейнесі, дүниетаным, дүниетаным, дүниетаным, дүниетаным.

Осы ұғымдардың арасында байланыс пен бірлік бар. Кейде олар синоним ретінде қолданылады. Сондай-ақ, бұл ұғымдардың арасында айырмашылықтар бар.

"Дүниетаным" ұғымының дүниетанымға қатынасы-бұл дүниетанымның тек тұжырымдамалық, интеллектуалды аспектісі.

Дүниетанымның жалпы көрінісіне қатысты білімнің жоғары интеграциясы және адамның интеллектуалды ғана емес, сонымен бірге әлемге эмоционалды-құндылық қатынасының болуы тән.

Дүниетаным-бұл объективті әлемге және ондағы адамның орнына, адамдардың айналасындағы шындыққа және өзіне деген көзқарасына жалпыланған көзқарастар жүйесі. Дүниетанымның негізгі құрылымдық бірліктері-көзқарастар мен сенімдер.

Дүниетаным үлкен практикалық мағынаға ие, өйткені ол адамдардың мүдделеріне, жұмысына және өміріне әсер етеді. Таптық қоғамда дүниетаным таптық сипатқа ие, адамдардың әртүрлі жағдайлары мен өмір сүру жағдайларын көрсетеді. Мазмұны мен бағыты бойынша дүниетаным ғылыми және ғылыми емес, материалистік немесе идеалистік, атеистік немесе діни, революциялық және реакциялық болуы мүмкін.

Ғылыми дүниетанымды қалыптастыру процесінің негізгі құрамдас бөлігі ғылыми таным процесі туралы білімді қалыптастыру болып табылады. Себебі ғылыми дүниетаным қоршаған әлемнің не екенін түсінуді ғана емес, сонымен бірге адамның әлемді қалай танитынын да қамтиды.

Табиғат пен қоғам туралы ғылыми деректерді дамыту барысында зерттеу қызметінің көптеген әдістері мен әдістері ашылды. Философияда олар келесі үш топты бөліп, жүйеленеді:

1) жалпылық атрибуты бар және қызметтің барлық салаларында күнделікті және ғылыми білім алу үшін қолданылатын әдістер. Бұл жалпы логикалық әдістер. Оларға талдау және синтез, индукция және дедукция, абстракция және жалпылау және т. б.

2) тек ғылыми танымда қолданылатын зерттеу әдістері. Оларға екі негізгі топ жатады: эмпирикалық білімді құру әдістері (мысалы, бақылау, өлшеу, эксперимент) және теориялық білімді құру әдістері (мысалы, идеализация және формализация, аналогия, модельдеу, ойлау эксперименті, гипотеза, абстрактіліден нақты бірге көтерілу).

3) нақты құбылыстың мәнімен тікелей байланысты және тар салада қолданылатын эксперименттік және теориялық сипаттағы арнайы әдістер мен тәсілдер, рәсімдер.

Оқу процесінде ғылыми дүниетанымды қалыптастыру процесінің тағы бір компоненті-оқушылардың ғылыми ойлау элементтерін қалыптастыру. Бұл объективті қажеттілік, өйткені ғылыми дүниетаным тиімді болуы керек, яғни ол адамның практикалық іс-әрекетінде жүзеге асырылуы керек. Адамның практикалық қызметі оның ақыл-ой қызметі негізінде жүзеге асырылады. "Ойлау-объективті әлемді ұғымдарда, пайымдауларда, теорияларда және т. б. бейнелеудің белсенді процесі. Ойлау адамдардың әлеуметтік-өндірістік қызметі процесінде пайда болады және шындықтың жанама көрінісін, оның табиғи байланыстарын ашуды қамтамасыз етеді, өйткені ойлау ең алдымен биологиялық эволюциямен емес, әлеуметтік дамумен байланысты". (Философиялық сөздік. / Ред. М. М. Розенталь, - М., "саяси әдебиет", 1975, Б. 258).

Ойлау талдау, салыстыру, синтездеу, абстракциялау, жалпылау және қорытынды жасау сияқты ойлау операциялары арқылы жүзеге асырылады. Қорытындылар пайымдаулар арқылы жасалады, ал пайымдау бір нәрсені растау немесе жоққа шығару болып табылады.

Қазіргі психологияда ойлаудың эмпирикалық және теориялық түрлері ажыратылады. Эмпирикалық ойлау тікелей қабылдауға, сезімтал бейнелер мен идеяларға сүйенеді. Бұл олардың шеңберінен шықпайды және жалпы көріністер деңгейінде анықтаумен шектеледі. Теориялық ойлау сонымен қатар сенсорлық-нақты қабылдауға сүйенеді, бірақ ол оның шекарасынан асып түседі және тікелей қабылдауда берілмеген осындай жалпы нәрсені анықтауға дейін барады. Теориялық ойлаудың нәтижесі-теориялық ұғымдарды қалыптастыру, психикалық модельдерді, гипотезалар мен теорияларды құру. Теориялық ойлау жаңа құбылыстарды, денелердің қасиеттерін болжай алады, заңдарды тұжырымдай алады. Осылайша, ғылыми ойлау негізінен теориялық ойлау болып табылады.

Ғылыми ойлаудың қалыптасуы объективтілік пен жан-жақтылық сияқты ойлау қасиеттерін дамытудан тұрады, олар фактілерді құрметтеуді, дәлелдеуді, өзін-өзі сынауды, объективті әлемде де, оның таным процесінде де даму мен өзгерістерді анықтайтын қайшылықтарды аша білуді; ғылымның дамуы барысында парадоксалды сөзсіз түсінуді көздейтін кез-келген тұжырымның шектеулі әділдігін көре білу.

Ғылыми дүниетаным тек әлем туралы біліммен шектелмейді. Сіз бір нәрсені жақсы біле аласыз, бірақ оған онша сенбейсіз. Сондықтан дүниетанымды қалыптастыру процесінің маңызды жақтарының бірі сенімдерді қалыптастыру болып табылады. Оқушылардың әлемге және ондағы адамның орнына жеке қарым-қатынасы болуы өте маңызды.

Білім беруді оқу сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстар жүйесіндегі тұлғаның көзқарастарына, сенімдері мен мұраттарына аударуға ықпал ететін дидактикалық және тәрбиелік жағдайлар. Дүниетанымды қалыптастыру процесін зерттеу үйренген білімді оқушылардың көзқарастары мен сенімдеріне аудару және олардың ғылыми дүниетанымын дамыту үшін алғышарттар жасайтын бірқатар маңызды дидактикалық және тәрбиелік жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Начальная школа», № 6 - 2001, № 6, 7 - 2000.
2. Абдуллаев З. Экологическое отношение и экологическое сознание. Философские науки. - 1991, № 2.
3. Бобылева О.В., Бобылева Л.Д. Экологическое воспитание младших школьников. «Начальная школа», № 5, 2003.
4. Булатникова Г.А. Общение с природой как средство экологического образования младших школьников. «Начальная школа», № 12, 1999.
5. Веселова Т.М. Формирование экологической культуры младших школьников на основе краеведческого материала. «Начальная школа», №2, 2003.

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті: ұлттық құндылықтар, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру» делінген. Бүгінгі таңда өз заманына сай, зерделі, ой – өрісі жоғары ғылым-білімге құштар жастарды қалыптастыру – мемлекеттің аса маңызды стратегиясы болып саналады. Тәуелсіз елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалынып, әлемдік білім берудің кеңістігіне кіруге бағыт алуда. Сондықтан да қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процессіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Өйткені, тап-таза ақ парақтай бала өмірін білім атты сюжетті суретпен әрін көркем етіп толтыру, мұғалімге аса үлен жауапкершілік артпай ма? Педагог Ян Амос Коменский «Мұғалім мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қиял әрекетін, ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз жалын иесі» деп ұстаздар қаумын жоғары бағалаған.

Бүгінгі уақыт талабына сай оқыту, ол белсенді оқыту болып табылмақ. Белсенді оқу дегеніміз - бала жастайынан жаңа бір нәрсемен танысып үйренуде алдына зерттеп оқуға дағды. Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі.

Сабақты міндеттімін деп қана оқығаннан гөрі берілген оқу мазмұнын толыққанды бақылау, зерттеу әдістерімен оқу баланын жан - жақты танымын кеңейтері сөзсіз. Зерттеу жұмыстарының жеңіл элементтегі әдістері бастауыш сыныптың әсіресе жаратылыстану дүниетану пәндерінде маңызды болып саналады. Мектеп жасындағы оқушыларға жаңа дүниені ауызша баяндаудан естіп ұғынулары қиындық тудырады. Оларға жаңа нәрсені танып білу үшін көзбен көріп, қолмен ұстап бақылап зерттеу арқылы түйсіктеріне зерделеу әлдеқайда оңайырақ болмақ.

### **Зерттеу жұмысы не береді?**

Зерттеу жұмыстарын бірізді жүргізу – балалардың зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту, кіші және жасөспірім жастағы оқушылардың интеллектуалдық шығармашылық әлеуетін ынталандыру болып табылады. Жас ұрпақтың білімін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты

өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі күнге лайықты өмір сүріп, қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалптастыру болып отыр.

Жаратылыстану және дүниетану пәндері бастауыш сыныптан оқытылады. Осының нәтижесінде:

Айналасындағы қоршаған ортамен танысады.

Қоғамдағы өз ортасын, міндетін анықтап түсінеді.

Күнделікті тіршілікте өзіне игі және кері әсер ететін факторларды ажыратып түсінеді.

Жаратылыстың жұмбаққа толы тылсым сырларын оқыту пәнінің көмегімен, заманауи иновациялық ресурстарды қолдана отырып, балалық танымы кеңейеді, зерделеп ғылыма деген қызығушылықтары оянады.

Зерттеу жұмысының бастапқы оқу дағдылары қалыптасады.

Сондықтан да жаратылыстану мен дүниетану пәндерінің оқушыға берер пайдасы мол, бала өміріне маңызы зор қызықты пән екендігі сөзсіз. Ғылымның жедел түрде дамуы, техникалық прогресс, қазіргі заман талабы бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты терең ойлау қабілеттерін арттырып отыр. Сондықтан бәсекеге қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастру үшін зерттеу – ізденушілік жұмыстарды бастауыш сыныптан бастау алады.

«Зерттеу» түсінігі «Үлкен кеңес»энциклопедиясында» «жаңа білімді өңдеу процесі және таным қызметінің бір түрі болып есептеледі», - деп түсіндірілді. Зерттеу – ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көздеген объектілермен танысу. Дарынды балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлығының жоғарылығымен, қоршаған ортасына қызығушылығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ізденіп жаңалық жасауға ұмтылады.

Қазіргі білім беру практикасында баланы зерттеу жолымен оқыту қоршаған әлемді тануға мүмкіндік беретін ең тиімді әдістердің бірі. Зерттеу – балаға тән, қалыпты жағдай. Кез – келген сәби зерттеуші іспетті. Мысалы: Көз алдыңызға жаңа ойыншыққа ие болған баланы елестетіңізші! Бала бұл ойыншықты ала сала аузына апарады, жан-жақты аударып-төңкеріп қарайды, лақтырады, жерге соғады. Жұмсақ болса, уқалайды, умаждайды, жапырады, тістейді. Егер ересектеу болса бөлшектеп те бөлу арқылы тексереді. Кез - келген кезде жас балалар алғаш көрген объектіні немесе табиғаттағы құбылыстарға куә бола қалса, үлкендерге «Бұл не?», «Неліктен?», «Неге?» секілді сұрақтармен мазалайды. Дәл осы сұрақтар зерттеу жұмыстарының

негізгі әдіс-тәсілдерін қолдануға ықпал жасайды. Білмегенді білуге деген құштарлық, үнемі зерттеу белсенділігі бала бойына біткен қасиет.

Баланың білуге құштарлығын қолдау және дамыту білім берудегі маңызды мәселелердің бірі, ал оның шешу жолдары – оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. Зерттеулік оқыту әдістемесі оқушының танымдық әрекеттегі субъектілік позициясын ұстануына мүмкіндік береді. Бұл есін, түйсігін іске қосу емес, ойлану механизімін қалыптастыру. Зерттеулік оқыту оқушының эмпирикалық және теориялық танымының біріктірілуімен меңгеріледі. Кез – келген зерттеуде проблеманы анықтау, конструктивті сұрақтар қою, бақылау жүргізу, мәтіндермен жұмыс жасау арқылы ақпараттар жинақтау, оны саралау, талдау және тұжырым жасау әрекеттері жүзеге асырылады. Мектеп қабырғасында зерттеумен айналысқан бала жаңа ақпараттар жинақтау арқылы ғылымға алғашқы қадамын жасайды.

Жаратылыстану және дүниетану бағытындағы пәндердің зерттеу жұмысының оқыту мақсаты, менің көзқарасымда:

Бүлдіршіндеріміздің жалпы дүниетанымын ғылыми көзқарасқа негіздей отырып, табиғат ресурстарын танып білген, кең байтақ даламыздың ризыққа толы жеріне деген махаббаты бар, қоршаған ортаның барлық нығымет байлығын танып біліп қана қоймай, оларды өз елінің болашағына пайдалы етіп өркендетуге өз білімдерін қосатындай зейінді, зерделі ұрпақ етіп оқытуымыз басты мақсат болуы керек.

Жоғарыдағы құнды мақсаттарға қол жеткізе оқытудың бірегей әдістерінің бірі балаларды зерттеу жұмыстарын жандандыру болмақ.

Оқыту мақсатының көздеген нәтижесіне жасалатын оқу үрдістері атқарылатын барлық іс-шара жұмыстардың бірден бір оқыту әдісі ол – бақылау әдісі болары сөзсіз.

Яғни, осы пәндердің оқыту әдістері: Зерттеу мен бақылау әдісі үнемі қатар қолданылып, бірізді атқарылуы шарт.

Зерттеу және бақылау әдістері - бастауыш оқушысының дүниетаным мен ғылыми сауаттылығын дамытудағы зерттеу жұмыстарының негізгі әдістері болып табылады. Жартылстану және дүниетану сабақтары бір- бірімен тығыз байланысты. Осы пәндерде біз баланың бойына пікірталас пен бағалауға қатысу; сұрақтарды зерделеу, өз пікірін айту, басқалардың пікірін тыңдау, сұрақ-жауап, болжам ұсыну, қорытынды жасау және қорытындылармен таныстыру; рөлдік ойындарға, диалогке, талқылауға және пікірталас пен бағалауға қатысу; жұппен, шағын топтарда мәселелерді шешу тапсырмалары барысында диалог құру, және талқылау; өз ой – пікір қорытындыларын сыныпта, топта таныстыру, сынып алдында сенімді түрде сөйлей білу, зерттеген тақырыбын дәлелмен сөйлеу қабілетін дамытады.

Зерттеу жұмыстары баланың дамуына ең тиімді жол. Зерттеу жұмыстары арқылы дамыта оқуды ұйымдастыру, балаға ақыл-ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарау керек.

«Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өтілген «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың республикалық байқауында оқушым – Жомартов Нурбектің «Ешкі сүтінің дәрумендігі» тақырыбына жазған ғылыми жоба, зерттеу жұмысын жасады.

Бұл оқушымның дүниетану пәніне деген қызығушылығы ерекше. Соның ішінде жан-жануарлар, олардың тыныс тіршілігі ерекше қызықтырады. Ол жануартану ғылымын зерттегісі келеді. Және де мал шаруашылығымен айналысқан фермер болуды армандайды. Баланың арманына қанат бітіру мақсатында жас ғалымға ғылыми жоба сайысын ұсынып жетекшілік жасадым.

Таза табиғи орта – ана мен бала денсаулығына қамқорлық аясындағы мәселелер негізінде «Ешкі сүтінің дәрумендігі» тақырыбында ғылыми зерттеу жобасын қорғады. Зерттеу жұмысында оқушы төрт түлік мал ішіндегі ешкі малының қасиетіне жан-жақты тоқталу оның әлеуметтік өмірдегі маңыздылығын ашу сонымен қатар, Ақмола өңірінде бар ешкілердің өсіп-өну динамикасын анықтап оның сүтінің құрамының шипалылығын зерттеу; Ешкі сүтінің денсаулыққа шипа болатындығын, ғылыми тұрғыда зерттеп, ешкіге бақылау жасау, сүтінің құрамына тәжірибе жасап дәлелдеуге тырысу; Жинақталған ғылыми әдеби мәліметтерге шолу, сараптама жасау сияқты мақсаттарды толық қамтыды. Астанада 30 шақырым қашықтықта орналасқан Ақмола облысының Бозайғыр елді мекенінде болып, ешкіні бақылап, сүтін сауып, дәмін татып, арнайы сараптама мекемесіне өткізу арқылы биоқұрамы анықталды. Және де дәлелдер мен мәліметтер келтірілді.

Оқушы ғылыми жұмысты кезеңдерге жоспарлап күнделік жасады. Тәжірибелік әдісті қолданып сауалнама, бақылау, сатистикалық ақпараттар жинады. Фото-видео жасады, өлкетану мұражайына түрлі материалдар тапсырды.

Жұмыстың нәтижесіне келер болсақ, аталмыш оқушының жұмысы бағаланып республикалық сайыста жүлделі 3-орынды иеленді. Жас ғалымның алдағы өмірі өз елінің салауатты тамақтану саласына, ауыл шаруашылығы өнімдерін дамытуға үлесі зор деп сенемін.

Бауыржан Момышұлы айтқандай: «Өмірдің қуанышы көп алуында емес, басқаларға көп беруінде, білім мен тәжірибенді халыққа таратуында» демекші, мен де барынша өз шәкірттерімнің ұлтына пайдалы, елеулі болғанын қалаймын.

Әрбір ұстаз өз шәкіртінің бойындағы жұмбақ қасиеттерін ашып, бала бойындағы туа біткен дарындарын ғылыммен байланыстыруға ықпал жасап, зерттеу жұмыстарын оқу дағдысына бірізді пайданаланса, дарынды шәкірттеріміздің шоқ боп жарқыраны сөзсіз.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған, Дүниетану анықтамалық (1-4 сыныптар) жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарына арналған құрал, авторы: Э.Б.Бапиева.
2. Республикалық әдістемелік – педагогикалық журнал, Бастауыш сынып, №5-6 (145-146) 2022ж.
3. ҚР Тілдерді дамыту және қоғамдық- саяси жұмыс комитеті Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, Оқыту бағдарламалары мен мазмұны, оқыту технологиясын жетілдіру, Астана-2019ж.
4. Қ.А. Аймағамбетова, Т.С. Идилова. Алматы. Дүниетану – 2009ж.

**КУЛМАГАНБЕТОВА ТЕНДИК САРКЕНОВНА**  
*Астана қаласы, «№89 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК,  
бастауыш сынып мұғалімі*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУ : ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

Білім беру ісінің негізгі нысаны- жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты өздері іздеп табатын және талдай алатын, сонымен қатар оны ұтымды пайдалана білетін, өскелең ұрпақты заман талабына сай өмірге бейімділігі өзгерісі жылдам дүниеге сай өмір сүріп, қызмет жасауға қабілетті тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады.

Бастауыш сыныпта зерттеу жұмыстарын жүргізуді үйрету осы күні маңызды болып келеді. Себебі, оқушыларды зерттеу әрекетіне ендіру арқылы негізгі құзіреттілігі қалыптасады, ойлау тәсілдеріне үйреніп, зерттеушілік мәдениеті қалыптасуы мен таным аясын кеңейтуде мүмкіндігі зор. Педагогикалық тәжірибеде оқушылардың зерттеушілік дағдылардың дамытудың әртүрлі әдістері қалыптасқан.

Зерттеу-ізденушілік қабілет әр баланың бойында болады. Зерттеу-ізденушілік жұмыстың мақсаты: әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын әр түрлі әдістермен айқындау және дамыту, оның ішінде ғылыми іздеу қызметімен ұштастыру. Зерттеу жұмысының негізін игеруде жағдай жасау. Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

Бұл мақсатқа жету жолында келесі **міндеттер** жүзеге асады:

- Оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту;
- Оқушы қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекеті көмегімен білімді жаңа дайын күйінде емес, өзі ашуға ұмтылу;



- Оқушының таңдаған бағыты бойынша өзінің даму деңгейіне шығуына мүмкіндік жасау;
- Әдебиеттерді талдай білуге, энциклопедия, анықтамалармен жұмыс істеуге үйрету;
- Білім, білік, дағдыларын жан-жақты қолдана білуге мүмкіндік туғызу.

Ғылыми жұмыс, зерттеу дегеніміз – адамның еңбектену іс – әрекетінің ерекше түрі. Бұл іс – әрекет адамнан еңбекқорлық, мақсаттану, уақытша туындаған сәтсіздікті жеңе білу қабілетін, оның интеллектуалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қажет етеді.

Бастауыш сынып оқушысына ғаламтормен жұмыс жасауды үйрету, өз бетімен сауалнама, сұхбаттасуларды жүргізіп, оларды видеоға түсіріп, оларға талдау жасалуын ,нәтижесі бойынша қорытынды жасай білуін қадағалау керек.

Оқушыларды зерттеу жұмысын жүргізуге үйрету үшін :

- мұғалімнің өзі теориялық білімдерін жетілдіріп отыруы қажет;
- зерттеу үрдісіне баланы үзбей, сатылы түрде қатыстыру;
- зерттеу кезеңдері мен әдіс -тәсілдерін айқындап алу;
- зерттеу барысында өз бетімен қорытынды жасай алу;
- шығармашылық жаттығу, тапсырмалардың мазмұнын оқушылардың жас ерекшелігіне,қызығушылығына сай таңдау;
- оқушы жетістігін мадақтап,көтермелеу керек.

Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін осы күнге дейін жинақталған тәжірибесін оқу әрекеті арқылы дамыту қажет.Сол әрекеті білік,білім дағдыларын қалыптастырады. Кез келген тапсырманы оқушы орындау жағдайында іздене бастайды. Сондықтан өз оқушыларыма сабақта жоба түрінде, немесе сол тақырып төңірегінде ізденіп оқушылармен бөлісетін мәлімет табуды тапсырамын. Баланы зерттеу жұмысына дайындау, оны зерттеушілік ізденіс дағдылары мен іскерлігіне үйрету қазіргі білім берудің маңызды міндеті болып отыр. «Зерттеу» түсінігі «энциклопедияда» «жаңа білім шығару процесі және танымдық қызметтердің бір түрі болып табылады» деп беріледі. Танымдық қызмет үйренушілерге қолданғанда шығарушы «өнімсіз» және білімді қайта құру (шығармашыл, зерттеушілік) болуы мүмкін. Бала-табиғатынан зерттеуші, зерттеушілік ізденіс – табиғатпен берілетін қасиеттің ажырамас бөлшегі. Жаңа әсер алу, көп білуге құштарлық, үнемі қадағалауға және эксперимент жасауға ұмтылу, әлем туралы жаңа мәліметтерді өз бетінше іздеу бала мінезінің маңызды белгілері ретінде қарастырылады. Зерттеушілік, ізденушілік белсенділік – баланың табиғи жағдайы; ол әлемді танығысы, білгісі келеді. Баланың бұл табиғи белсенділігі зерттеушілік мінез-

құлықтың мәні.Зерттеу жұмысы жүргізу бастауыш сынып оқушыларының төмендегідей іс-әрекеттерді жасауға мүмкіндік туғызады

- өзін қызықтырған сұрақтарға жауап іздеу;
- іздену барысында түрлі тәсілдер қолдану;
- өз пікірін, ойын ашық айту;
- өз бетімен қорытынды жасау;
- өзі үшін жаңалық ашу.
- қызығушылығын қанағаттандыру. Демек, оқушы өз бетінше жұмыс жасауды үйреніп, зерттеушілік,шығармашылық қабілеттерін дамыта түседі.

Зерттеу жұмысына, ең алдымен жоспар жасап алу керек. Жұмыс жоспары «Не істеу керек, қандай жолдары бар, қандай әдістер дұрыс ? » деген сұрақтарды қамтиды.

- Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасау. Ғылыми жұмыстарға үңілу.
- Ғалымдардан ақыл –кеңес сұрау.
- Интернетке жүгіну.
- Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргізу.
- Тәжірибе жүргізу, (Мұражайларға немесе оқиға болған жерге бару.) оның барысы, нәтижесін жүйелі түрде талдап отыру.
- Қорытынды жасау.
- Бейнематериалдар, слайдтар жасау.
- Жұмысты қорғауға дайындалу.

Біз оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында тақырыптар таңдауды ұсынамыз. Бастауыш сынып оқушылары зерттеу жұмыстарын жүргізіп мектепшілік, қалалық, облыстық, республикалық ғылыми – зерттеу байқауларына қатысып жүр.

Оқушыларға өздерін қызықтыратын, өзіне ұнайтын тақырыпты алуларын ұсынамын. Кез келген тақырып бойынша ең алдымен сол тақырыптың тарихына көп көңіл бөлуді қадағалаймын. Себебі, шығу тарихын зерттеп алмай кез келген дүниенің сырын түсіну мүмкін емес.Осыдан кейін тақырып бойынша жан-жақта зерттеулер жүргіземіз, барлық қыр-сырын ұғынуға тырысамыз, ғалымдардың осы тақырып төңірінде жүргізген зерттеулерін талдаймыз. Сонымен қоса тақырыпқа сай қызықты деректер жинақтаймыз.Осы жұмыстарды жүргізіп болған соң өз тарапымыздан қандай жұмыс жасау керектігін (сауалнама, сұхбат, тәжірибе, т.с.с.) айқындап алып соған кірісеміз де нәтижесі бойынша талдау, нализ жасап, қорытынды шығарамыз. Осы жұмыстардың барлығын орындау кезінде дарынды, «зерттеуші» оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс жасаймын. Оқушылар дүниетанымынң мүмкіндігіне қарай,

ғылыми түрде тапсырмалар беріледі. Мұғалім мен оқушы бірлесе отырып, ғылыми жұмыстың көкейкестілігін, шығармашылық аясын айқындады, осы міндеттер бойынша оқушылармен қосымша ізденуге жағдай жасай алады. Оқушыларды ғылыми жоба жарыстарына дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:

- Тақырыптың ғылыми құндылығы;
- Таңдаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
- Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
- Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы;
- Жұмыстың безендірілуі.

Оқушылардың бойында дарындылық қасиеттерін, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен үйірмелер, факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Мектептегі пәндік сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Әр мұғалімнің аса маңызды міндеттерінің бірі әр оқушының бойындағы қабілетті, икемділікті көре білу болып табылады.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» деген ұлағатты сөзге сүйеніп, бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілетін, дарынын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, қабілет және икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Өтеғұлова Г.Ұ. Инновациялық технологиялар тиімділігі Бастауыш сынып әдістемесі 2011, №5
2. Ү.Б. Жексенбаева «Оқушылардың ғылыми –зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру»
3. Қ.С. Құдайбергенова «Педагогтың шығармашылық өнері»
4. <http://kazustaz/> Оқушыларды ғылыми-зерттеушілікке баулу.

**КУКЕНОВА КЕНЖЕГҮЛ ТАУБАЛДИЕВНА,**

*Астана қаласы «М.Мақатаев атындағы*

*№74 мектеп-гимназия» ШЖҚ МКК*

*бастауыш сынып мұғалімі*

**АКЫЛБЕКОВА ЛИЗА МАУТКАНОВНА**

*№65 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,*

*директордың оқу ісі орынбасары*

**БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА**

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНУ ПӘНДЕРІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Білім алушыға тиянақты білім беру де жаңа технология элементтерін қолдану шәкірттердің қызығушылықтарын оятып, ойлау қабілетін дамытуға зор әсерін тигізеді. Бастауыш сыныптардың жаратылыстану дүниетану пәндерін қызықты өткізу үшін түрлі әдіс-тәсілдерді және зерттеу жұмыстарын пайдаланамыз.

Топтық жұмыс арқылы білім алушылардың бойында сыныпта сөйлесу, сөйлеу дағдысы қалыптасты. Ұйымшылдыққа тәрбиеленеді. Инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану барысында, сабақ өз мақсатына жетеді деп ойлаймын.

Бастауыш сыныпта «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

Ал, дүниетану пәнін оқытудағы басты мақсаттар – білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, олардың диалектикалық – материалистік көзқарастарын қалыптастыру мен политехникалық білімін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін арттыру, білім алушылардың табиғатқа және техникалық әлемге қызығушылығын арттыру болып табылады.

Жаратылыстану бағытында бастауыш сыныптарда білім беруде әлем жайлы ой-өрістерінің кеңеюіне, жаратылысты тануына ықпал етіп, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білулеріне көмектеседі. Өлі және тірі табиғаттағы өзара байланысты, адам әрекетінің эксперименттер мен бақылаулар жүргізе алады.«Жаратылыстану» пәні бастауыш мектепке бірнеше себептерге байланысты енгізіліп отыр. Атап айтқанда: пән мазмұнындағы деректер мен білімдер жүйесі оқушылардың қоршаған әлем туралы, әртүрлі денелер мен құбылыстар туралы алғашқы білімін қалыптастырады. Пән білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдысын: сұрақ қою және сол сұраққа жауап табу, зерттеу жоспарын дайындау және болжам жасау, сұрақтарға жауап табу үшін зерттеулер жүргізу; зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді жинақтау, өңдеу және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәні білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оқулық «Мен – зерттеушімін», «Өсімдіктер», «Жануарлар», «Адам», «Күш пен қозғалыс», «Жер және ғарыш», «Табиғат физикасы», «Жарық» және «Дыбыс» сияқты оқу бөлімдерін қамтиды. Әр жаңа тақырыпты толық меңгеру үшін оқулықтың бас кейіпкерлері Негеш пен Эврика көмектеседі. Негеш пен Эврика білім алушыларды ғылым әлеміне бағыттап, болжам жасауға, тәжірибе немесе зерттеу жүргізуге, табиғи құбылыстарды ашуға ынталандырады. Сондай-ақ әр тарау бойынша тапсырмалар жабық тест арқылы нақтыланып, тексеріледі. «Мен – зерттеушімін» тақырыбын өткен кезде білім алушыларды мектеп

жылыжайына апарып, топтарға бөліп, әртүрлі бөлме өсімдіктерін зерттеу жұмыстарын жүргізуге болады. Сабақ барысын жаңаша ұйымдастыру қажет деп ойлаймын. Білім алушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын арттыру керек деп есептеймін. Әр сабаққа дайындық – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі, сабақты ыңғайына қарай түрлендіре түссе, әр сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданса, сабақтың мазмұны ашылады. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді деп есептеймін.

*Жаратылыстану пәнінің артықшылығы:* бала тапсырманы өздігінен ізденіп орындауына және дұрыс тұжырым жасауына бағыттайды, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады.

Ал өсімдік бөліктерімен танысқанда тұқым қалай өнетініне шағын тәжірибе жасау арқылы көз жеткізеді. Ол үшін пластикалық стакан, мақта, бірнеше тұқым керек. Стаканның түбіне мақта салып, ол ылғалданатындай аздап су құяды. Сосын мақтаның үстіне тұқымдарды қойып, бетін ауа өтетіндей тесіктері бар қақпақпен жауып, жылы жерге қоюға болады. Бірнеше күн бойы ол тұқымның өнуін бақылап, қорытынды жасалады. Өсімдіктерге күтім жасауды жылыжайда және сыныптағы бөлме өсімдіктеріне күтім жасау арқылы дағдыға айналдырады. «Ғарыш» тақырыбында ғарыш кемесінің орнына шарларды ұшыру арқылы тәжірибе жасалды. «Күш пен қозғалыс» бөлімінде қозғалыс траекториясы деген не? деген сұраққа жауап беру үшін тағы да тәжірибе жасау арқылы қол жеткізеді. Тәжірибе жасау үшін құм салынған табақша, ойыншық машиналар және металл шарлар қажет. Табақты сәл қисайта орналастырып, «төбешіктен» машинаны итеріп жібереді. Машинаның ізінен қалған сызықты салады. Одан кейін металл шарды «төбешіктен» төмен қарай жібереміз. Оның да ізінен қалған сызықты саламыз. Тәжірибені бірнеше рет қайталап жасағаннан кейін сызықтарды салыстырады. Траектория - дененің қозғалыста болған кезінде жүріп өткен жолы. Машинаның түзу траекториямен, ал шар әртүрлі траекториямен қозғалатынын айтып қорытынды жасалады. Сабақтарда әртүрлі рольдік-сюжетті ойындарды ойнау арқылы да тәжірибе жасауға болады. «Магнит» тақырыбын өткенде тәжірибе жасау арқылы білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға болады.

Сонымен дүниетану пәнін оқыту барысында инновациялық әдіс – тәсілдермен алмастыру кезінде нәтижелі жақсы көрсеткіштер көбейетініне көз жетеді:

*Зерттеу жұмысы кезінде :*

білім алушы білім сапасы жақсарады;

білім алушы өзін психологиялық жағынан еркін ұстайды;

білім алушы мен мұғалім арасында кері байланыс жүзеге асады;

білім алушы білімі күнделікті бағаланады;

білім алушың тіл коммуникативтігі артады;

білім алушы логикалық ойлау қабілеті артады;

білім алушының пәнге қызығушылығы артады;  
білім алушының ұжымшылдық қасиеті артады;  
білім алушы бірін-бірі бағалайды;

Бастауыш сыныпта мұғалім білім алушының зерттеушілік дағдысын дамыту барысында әртүрлі әдістерді қолданады. Пән мазмұнына байланысты зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Білім, ақпарат дайын күйінде берілмейді, білім алушы үнемі ізденеді, сондықтан да зерттеушілік жұмыс оның күнделікті іс-әрекетіне айналады.

Дүниетану сабағында адам, табиғат, қоғам арасындағы интеграциялық байланысты және табиғи үйлесімділікті білім алушылар көреді. Қоршаған ортада болатын әртүрлі құбылыстарды сезіну арқылы олардың таным мүмкіндіктері артады. Дүниетану пәнінде білім алушылардың алғашқы зерттеу әрекеттері қалыптасады. Бақылау, талдау, эксперимент сияқты әдістерді қолдану арқылы білім алушылар мәліметтерді жинақтап, талдап, тұжырым жасауды үйренеді. Бұл пәннің мазмұнында тәжірибе жасау, зерттеу жұмысын жүргізу, сарамандық жұмыс түрлері басым болады. Сабақта бақылау, эксперимент әдістерін қолдана отырып, зерттеу жұмысының қағидаларын игереді.

Экологиялық проблемалармен танысу, табиғатта болатын өзгерістер мен құбылыстардың сырын білуге деген қызығушылығын оятады. *Мен зерттеушімін, Тірі табиғат, Заттар және олардың қасиеттері, Жер және ғарыш, Табиғат физикасы* сияқты оқу бөлімдерін зерделеу барысында білім алушылар қарапайым да қызықты тәжірибелер жүргізіп, табиғат құбылыстарының даму үдерістерін сипаттап, болжап, түсіндіреді. Осындай тәжірибе түрлері зерттеу қызметінің бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар білім алушыларға мынандай дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі: зерттелетін тақырыпты таңдау; сұрақ қойып, оған жауап беру тәсілдерін табу; зерттеу жүргізу жоспарын құру; болжам жасау; сұраққа жауап беру үшін зерттеу жүргізу, зерттеу нәтижесінде алынған түрлі деректерді жинау, өңдеу және түсіндіру. Сонымен қатар терең білім алып, пәнді түсіну үшін жоғары деңгейлі дағдыларды қалыптастырып дамытуға көмектеседі.

Бастауыш сыныпта зерттеу әрекетінің дағдылары біртіндеп қалыптасады. Әртүрлі әдістер мен формаларды қолдану зерттеу жүргізудің қағидаларын үйретеді.

Мысалы, сабақ барысында қоршаған ортаны қорғау туралы мәселені талдайтын болсақ, мұғалім білім алушыларды шағын топтарға бөледі, бірінші топ табиғатқа, қоршаған ортаға зиян келтіретін адамдардың әрекетін анықтайтын болса, екінші топ табиғатты сақтауға, аялауға әрекет етеді. Екі топты салыстыру негізінде ұжымдық зерттеу жұмысы жүргізіледі.

Білім алушыны зерттеу жұмысына қатыстыру үшін алдымен, оны

қызықтыра отырып, зерттеу талабын қалыптастыру қажет. Яғни білім алушы ақпаратты ала білуге, оны басқаларға хабарлай білуге талпынуы тиіс. Ол мектепте оқып жүргенде-ақ қоғам мүшесі екенін сезініп, өз бетінше шешім қабылдауға, ақпараттар алуға, оны басқаларға жеткізе білуге, әдебиеттермен жұмыс істей білуге, талдауға қатысуға, басқаларды тыңдауға үйренуі қажет.

Қорыта айтқанда, зерттеушілік іс-әрекет арқылы білім алушылардың ғылыми дүниетанымы дамиды. Ғылыми дүниетаным тек теориялық білім алу арқылы емес, сонымен қоса, дәйекті дәлелдер және зерттеушілік іс-әрекет нәтижесінде қалыптасады. Білім алушылар өздігінен жүргізген зерттеушілік іс — әрекет нәтижесінде нақты шындыққа көз жеткізеді.

*Зерттеу арқылы білім алушы не үйренеді:*

- Мотивация алады.
- Теорияға деген қызығушылығы артады, оның маңызын түсінеді.
- Сабаққа деген қызығушылығы артады.
- Жоба жасай алады.
- Идея ойлап табады алады.
- Жан - жақты болады.
- Дарынды оқушы анықталады.
- Бәсекеге қабілетті болады.
- Сын тұрғысынан ойлай алады.
- Жаңа жоба жасай алу арқылы, Қазақстанға өз пайдасын тигізетін азамат болады. Біз бастауыш сыныптарда көбінесе білім алушының қабілетін көркем еңбек сабағынан байқаймыз. Оның сол кез-келген бұйымды қызығушылықпен жасап жатқанын , осы жасап жатқан бұйымы өзіне және өзгелерге ұнап жатқанын білгендей жасап жатқанына көз жеткіземіз. Ал бірақ пәнге деген қызығушылығын байқамаймыз. Сонымен бұл сабақ бойынша білім алушы өз бетімен ізденуге үйренді.

Мұғалім баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп-өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білімдерді енгізген жөн. Сол себепті біз болашақ табиғат жанашыры болатын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек. Біз өскелең ұрпақ білім алушыларға қалдықтарға екінші өмір сыйлау мақсатында түрлі бұйым заттар жасауды жоспарлар құрастыруымыз қажет. Пластикалық бөтелкелер, сөмкелер, аяқ киім қораптары, жұмыртқа контейнерлері мұның барлығы қалдық материал деп аталады. Қиялымызды іске қосып, ақылмен мұндай қалдықтардан керемет дүниелер жасатуымыз қажет. Мысалы жұмыртқа контейнерлерінен түрлі -түсті гүлдер, пластикалық бөтелкелерден қайықтар, саңырауқұлақтар, гүлдер, жемістер, жануарлар, ыдыс-аяқтар т.б түрлі бұйымдарды жасауға болады.

*Зерттеу тәсілінің негізгі төрт қағидаты:*

1. Оқу процесін ұйымдастырудың жобалық формасы, балалар оқу міндеттерін бірлесіп шешу үшін топтарға біріктіріледі;
2. Оқу міндеттерінің практикалық сипаты, оларды шешу нәтижесі отбасының, сыныптың, мектептің қажеттіліктері үшін пайдалануы мүмкін;
3. Оқытудың пәнаралық сипаты, оқу барысында бірден бірнеше оқу пәндерінің білімін пайдалану қажет болатындай етіп құрастырылады.
4. Инженер немесе қолданбалы ғылыми зерттеулер жөніндегі маман даярлаудың кілті болып табылатын пәндерді қамту: жаратылыстану - ғылыми цикл пәндері (физика, химия, биология) заманауи технологиялар және инженерлік пәндер. Осы қағидаларды бастауыш сыныптарда жас ерекшелігіне, деңгейіне қарай жоспарлаймыз.

*Зерттеу білімінің артықшылықтары:*

Нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану;

Сыни ойлау және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту;

Өз күшіне деген сенімділікті қалыптастыру;

Белсенді қарым-қатынас және топтық жұмыс;

Зерттеу білім беру – білім алушыларды алған білімдерін қоршаған орта процестерімен байланыстыруға және жобалық ойлауына мүмкіндік береді. Сондықтан, ғылыми-техникалық прогрестен қалмай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті.

Ғылым, техника, инженерия және математика пәндерін оқыту өте маңызды, өйткені бұл салалар іс жүзінде өзара тығыз байланысты; - нақты өмірде ғылыми-техникалық білімді қолдану.

Осылайша, біздің еліміз дамыған елдермен бірдей бағытта ілгерілеп келеді. Зерттеу-білім беру оқуды және мансапты қосатын көпір болып табылады. Келешектің мамандарына жан-жақты дайындық пен жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технологиялар мен математиканың әр түрлі білім беру салаларынан алынған білім керек. Біздің білім алушыларымыз ертеңгі өмірге қабілетті болсын десек, бүгін оларға стем кеңістігінде жұмыс жасауға және зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасауымыз керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» \«Білімді ел – Образованная страна»

№41 (102) 7 ноября 2017 г

2. Интернет ресурс: <https://kk.wikipedia.org>

3. Жаратылыстану. 1-сынып. Оқулық. / С.Н.Кузнецова, Ә.Қ.Жамиева, Д.Н.Сапақов, И.Н.Васева, М.Қ.Құсайынова, М.Қ.Тасболатова – Астана: «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2016.

4. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2016 ж 5,8- бет.



## АЛИМЖАНОВА КУЛИЗАТ ЖУНУСОВНА

Астана қаласы Д.Қонаев атындағы

№66 мектеп-лицейінің

бастауыш сынып мұғалімі

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Елдің ертеңі болашақ ұрпақтардың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамзаттан қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Ендеше, мектепте оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесуіміз қажет. Оған қол жеткізетін тиімді әдістердің бірі – зерттеуге негізделген оқыту. Оқытудың осы түрін кеңінен қолдану оқушы бойында зерттеушілік іс-әрекетті қалыптастыруға мүмкіндік туғызады [15].

Бағдарламаның бағыты:

Оқушыны ізденушілікке баулуға, оған зерттеу дағдысы мен білігін игертуге.

Қоршаған ортаны танып білуге құштарлықтарын арттыруға.

Өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашуға ұмтылуға.

Таңдаған бағыты бойынша өзінің даму деңгейіне шығуына мүмкіндік жасауға.

Әдебиеттерді талдай білуге, анықтамалармен жұмыс істеуге үйретуге.

Басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білуге. (ғаламтор, электронды пошта).

қоршаған ортада өз орнын, жеке рөлін анықтай білуге.

Бағдарлама мақсаты:

Оқушы тұлғасының өзін-өзі дамыту процесіндегі интеллектуалдық – шығармашылық потенциалын дамытуда зерттеушілік қабілеттерін жетілдіру.

Бағдарлама міндеттері:

\*оқушының танымдық қажеттіліктерін дамыту;

\*төменгі сынып оқушыларын өз бетінше зерттеу және жобалау жүргізуіне қажетті арнайы біліммен қамтамасыз ету;

\*оқушыларда зерттеуге ізденіс және шығармашылық жобалау білігі мен дағдыларын дамыту және қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

- ой-өрісі мен рухани жан дүниесінің танып-білуіне дамуына ықпал етеді.
Если у нас температура воздуха ниже 0 градусов, вода остается жидкой? Что мы наблюдаем, когда кипит чайник с водой?

-Как вы думаете, о чем мы будем с вами говорить сегодня? (о разных состояниях воды)

-Итак давайте назовем тему урока (варианты детей)

Этап: «Социоконструкция» (построение элементов группой)

Цель: Образование малых групп. Построение, создание результата группой.

-Запишите на листе словосочетание «Состояние воды» и составьте с этим словосочетанием «кластер» (2-3 мин.)

Проверка задания: (работа в парах, а затем и группе)

Подчеркните те слова, которые повторяются у вас с вашим соседом или у ребят в вашей группе.

У вас получилась готовая афиша, которая содержит ваши знания по данной теме.

Говорят дети свои выводы сами. Выброс афиш на доску.

Скажите, много нового вы узнали по данной теме при помощи этих афиш?

А как вы думаете, вам достаточно этой информации? Или вы хотите узнать что-то новое по данной теме?

Что бы вы хотели узнать по данной теме? Оценивание

Этап. «Социализация» (сбор информации)

Цель: Собрать как можно больше информации, обнародовать ее.

-Я предлагаю вам поработать с чужими мыслями. Поможет вам в этом учебник Естествознания (дети читают материал жужжащим чтением)

Словарная работа (с показом слайд)

Расскажите своему соседу, что нового вы узнали из данного текста.

А теперь давайте обобщим полученные знания:

Некоторым ребятам в классе я предложила подготовить для вас сюрприз. Они в библиотеке нашли интересный материал о воде.(слайды)

этап «Разрыв»

цель : углубление в проблему, поиск ответов

Могут ли дети помочь взрослым в защите окружающей среды? Я предлагаю вам объединиться в группы и подготовить рекламный плакат на тему:

1. Берегите водоемы

Защита проектов у доски представителями от каждой группы

Итог- Какова ваша роль - роль подрастающего поколения. Малы ли вы для добрых дел? Ваша цель в этой жизни.

(ответы детей)

7. Этап. «Рефлексия»

Данный вид исследовательской работы, показанный на этих уроках, позволяет ребятам самостоятельно добывать новые знания, опираясь на уже полученный жизненный опыт и знания. Ребятам нравится быть в роли исследователя, учителя, ученика. Работа в паре, группе, самостоятельная работа, работа с различными источниками, вот далеко неполный вид работ который я использую во время исследовательской работы. Каждый класс, это отдельный живой организм. Нужно уметь построить работу так, чтобы этот организм работал на уроке как единое целое. Никогда не получится хорошей исследовательской работы, если будут работать единицы, а основная масса учеников будет молчать. Нужно научить ребят задействовать в рабочих группах всех учеников.

Перспективы развития:

-Необходимо усилить исследовательский элемент в работах учащихся. Результаты исследовательских работ могут быть открытием для самих учащихся, благодаря которым у них формируется своя точка зрения на рассмотренное явление.

-необходимо усилить методическую подготовку учителей, путем участия в семинарах, конкурсах, ярмарках педагогических идей, круглых столах.

-расширить сферы включения исследовательских работ в образовательную деятельность обучающихся.

-ативизировать участие обучающихся в различных конкурсах для трансляции и обмена опытом.

Используемая литература:

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. Астана, 2010.

Творческая группа как мотивация развития педагога//География в школах и вузах Казахстана. – №4. – 2009.

Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / под ред. . – М., 2000.

Теория и методика обучения / . – Ростов н/Д.: Феникс, 2005. – 474 с.

Краеведение в школьном курсе. Руководящая роль учителя. Режим доступа: [http://www./skoipkppk/pv07\\_1/53\\_pvn.shtml/](http://www./skoipkppk/pv07_1/53_pvn.shtml/).

Кореп А.О. Особенности организации исследовательской деятельности младших школьников/А.О. Кореп/ Педагогический опыт: теория, методика, практика-2014  
Кусманова З.С. Дидактическая модель формирования исследовательских умений младших школьников в информационно-образовательной среде начальной школы-2017  
Семенова Н.А. Преемственность в исследовательской деятельности детей на разных этапах обучения- 2016

**МУРЗАГУЛОВА МАРИНА СЕИЛОВНА**  
*Учитель начальных классов школы-гимназии № 65*

## **ВВЕДЕНИЕ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ**

Одним из приоритетных направлений стратегии развития образования 2021 года является внедрение новых стандартов образования, основанных на компетентном подходе и обеспечивающих повышение функциональной грамотности школьников автономного округа.

Новые стандарты образования предполагают внесение значительных изменений в структуру и содержание, цели и задачи образования, смещение акцентов с одной задачи – вооружить учащегося знаниями – на другую – формировать у него общеучебные умения и навыки, как основу учебной деятельности. Учебная деятельность школьника должна быть освоена им в полной мере, со стороны всех своих компонентов: ученик должен быть ориентирован на нахождение общего способа решения задач (выделение учебной задачи), хорошо владеть системой действий, позволяющих решать эти задачи (учебные действия); уметь самостоятельно контролировать процесс своей учебной работы (контроль) и адекватно оценивать качество выполнения (оценка), только тогда ученик становится субъектом учебной деятельности. Одним из способов превращения ученика в субъект учебной деятельности является его участие в исследовательской деятельности.

Рабочая программа «Введение в исследовательскую деятельность» разработана на основе государственного образовательного стандарта начального общего образования.

Исследовательская деятельность – это средство освоения деятельности и его главные цели – установление истины, развитие умения работать с информацией, формирование исследовательского стиля мышления. Особенно актуально для учащихся начальной школы, поскольку именно на этом этапе учебная деятельность является ведущей и определяет развитие главных познавательных особенностей развивающейся личности. Результатом этой деятельности является формирование познавательных мотивов, исследовательских умений, субъективно новых для учащихся знаний и способов деятельности.

Исследовательская практика ребенка интенсивно может развиваться в сфере дополнительного образования на внеклассных и внеурочных занятиях. Исследовательская деятельность позволяет привлекать к работе разные категории участников образовательного процесса (учащихся, родителей, учителей), создает условия для работы с семьей, общения детей и взрослых, их самовыражения и самоутверждения, развития творческих способностей, предоставляет возможность для отдыха и удовлетворения своих потребностей.

Так возникла идея объединить детей и взрослых для обучения их исследовательской деятельности.

Программа «Введение в исследовательскую деятельность» - интеллектуальной направленности.

*Актуальность* программы основывается на интересе, потребностях учащихся и их родителей. Она способствует ознакомлению с организацией коллективного индивидуального исследования, обучению в действии, побуждает к наблюдениям и экспериментированию, опирается на собственный жизненный опыт, позволяет чередовать коллективную и индивидуальную деятельность.

Актуальность программы также обусловлена ее методологической значимостью. Знания и умения, необходимые для организации проектной и исследовательской деятельности, в будущем станут основой для организации научно-исследовательской деятельности вузах, колледжах, техникумах и т.д. Программа позволяет реализовать актуальные в настоящее время компетентный, личностно-ориентированный, деятельностный подходы.

Курс введен в часть учебного плана, формируемого образовательным учреждением в рамках общеинтеллектуального направления.

Таким образом, принципиальной задачей предлагаемого курса является именно развитие исследовательских способностей и общеучебных умений и навыков, а не усвоение каких-то конкретных знаний и умений.

**МЕДЕТБЕКОВ ҚАЙНАР ҚАЙРАТУҒЫ**  
*заместитель директора по УР школы – гимназии №30*

## **АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ**

На сегодняшний день образование Республики перестраивается кардинально, внедряются активные методы обучения, в ходе которых предполагается, что учащиеся будут самостоятельно развивать функциональную грамотность, активно «добывать» знания, с огромным желанием развивать коммуникативные навыки общения со сверстниками, и творчески подходить к решению проблем.

Целью начального образования в рамках обновления является развитие личности

ребенка, выявление его творческих возможностей, сохранение физического и психического здоровья. Проблема активности личности в обучении – одна из актуальных как в психологической, педагогической науке, так и в образовательной практике. Известно, что до 70% личностных качеств закладывается в начальной школе. И не только базовые навыки, такие как: умение читать, писать, решать, слушать и говорить, нужны ребенку в жизни. Умение анализировать, сравнивать, выделять главное, решать проблему, способность к самосовершенствованию и умение дать адекватную самооценку, быть ответственным, самостоятельным, уметь творить и сотрудничать. И задача педагога так построить процесс обучения, чтобы помочь раскрыться духовным силам ребенка. Учителю необходимо не только доступно все рассказать и показать, но и научить ученика мыслить, привить ему навыки практических действий.

Традиционное репродуктивное обучение, пассивная подчиненная роль ученика не могут решить такие задачи. Для их решения требуются новые педагогические технологии, эффективные формы организации образовательного процесса, активные методы обучения.

Активные методы и формы обучения - это методы и формы, которые побуждают учащихся к активной мыслительной и практической деятельности в процессе овладения учебным материалом. Активное обучение - предполагает использование такой системы форм и методов, которая направлена главным образом на самостоятельное овладение учащимися знаниями и умениями в процессе активной мыслительной и практической деятельности.

На своих уроках я использую следующие активные методы:

АМ организации начала урока

Такие методы, как «Ладошка», «Атомы», «Галерея портретов», «Поздоровайся локтями», «Поздоровайся глазами», «Полиглот» или «Человечки-домики» эффективно и динамично помогут вам начать урок, задать нужный ритм, обеспечить рабочий настрой и хорошую атмосферу в классе.

АМ выяснения целей, ожиданий, опасений.

Очень важным для учителя является включение в урок активных методов выяснения целей, ожиданий, опасений. Такие методы, как “Дерево ожиданий”, “Поляна снежинок”, “Разноцветные листья”, “Фруктовый сад”, позволяют учителю лучше понять класс и каждого ученика, а полученные материалы в дальнейшем использовать для осуществления лично- ориентированного подхода к обучающимся. Методы заключаются в следующем. Учащимся раздаются заранее вырезанные из бумаги снежинки, яблоки, лимоны, разноцветные листья и предлагается попробовать более четко определить, что они ожидают (хотели бы получить) от сегодняшнего урока, обучения в целом и чего опасаются, записав и прикрепив на определенную поляну, дерево и т.д. После выполнения систематизируются сформулированные цели, пожелания, опасения и подводятся итоги.

АМ презентации учебного материала

В процессе урока учителю регулярно приходится сообщать новый материал обучающимся. Такие методы, как «Инфо-угадайка», «Кластер», «Мозговой штурм» позволят вам сориентировать обучающихся в теме, представить им основные направления движения для дальнейшей самостоятельной работы с новым материалом.

АМ организации самостоятельной работы над темой

Для представления материала самостоятельной работы обучающихся

«Инфо-карусель», «Автобусная остановка», «Ярмарка».

АМ релаксации

Не стоит забывать о восстанавливающей силе релаксации на уроке. Ведь иногда нескольких минут достаточно, чтобы встряхнуться, весело и активно расслабиться, восстановить энергию. Активные методы – “физминутки” “Земля, воздух, огонь и вода”, “Зайчики” и многие другие позволят сделать это, не выходя из класса.

При системном использовании активных методов роль учителя принципиально меняется. Он становится консультантом, наставником, старшим партнером, что принципиально меняет отношение к нему обучающихся – из «контролирующего органа» учитель превращается в более опытного товарища, играющего в одной команде с обучающимися. Растет доверие к учителю, растет его авторитет и уважение у обучающихся. Непременным условием обеспечения эффективности АМО является изменение существующей роли ученика в образовательном процессе. Сама жизнь диктует необходимость замены существующей роли школьника, как послушного исполнителя, на его активное участие в образовательном процессе. И еще одно важное условие для достижения эффективности применения АМО. Само по себе знание и несистемное использование активных методов, скорее всего, не приведет к ожидаемым результатам. Подводя итог, я отмечу, что каждый ученик интересен своей уникальностью, и моя задача – сберечь эту уникальность, вырастить самоценную личность, развивать склонности и таланты, расширить возможности каждого Я.

Подводя итоги сказанному, можно с уверенностью сказать, что активные методы обучения обеспечивают решение образовательных задач в разных аспектах:

повышение познавательной активности учащихся; формирование

положительной учебной мотивации;

активное вовлечение обучающихся в образовательный процесс;

стимулирование самостоятельной деятельности;

эффективное усвоение большого объема учебной информации;

развитие творческих способностей и нестандартности мышления;

развитие коммуникативно-эмоциональной сферы личности обучающегося;

раскрытие личностно-индивидуальных возможностей каждого учащегося и определение

условий для их проявления и развития;

развитие навыков самостоятельного умственного труда;



развитие универсальных навыков.

Использование **активных методов** предполагает отход от авторитарного стиля обучения, включение учащихся в учебную деятельность, стимулируют и активизируют, а также предусматривает повышение качества образования.

**Список использованной литературы:**

1. Ахбембетова, М. Е. Использование интерактивных методов обучения на уроках русского языка и литературы– 2005. – №6. – С. 2 - 4.
2. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров по предметам начальных классов в школах с русским языком обучения в рамках обновления содержания среднего образования Республики Казахстан. Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016.
3. <http://www.moi-universitet.ru/> образовательный портал «Мой университет»
4. <http://www.edu54.ru> Вернер П.Г. Применение активных методов на уроках в начальной школе.
5. <http://tatianakhromov.ucoz.ru> Хромова Т.Н. Активные методы обучения.
6. Юдинцева, М. С. К вопросу об использовании активных методов обучения в курсе РКИ / МСЮдинцева. — Текст : непосредственный // Педагогическое мастерство : материалы IX Междунар. науч. конф. (г. Москва, ноябрь 2016 г.). — Москва : Буки-Веди, 2016. — С.

**АБИЛЬДАЕВА НАГИМА КУАНЫШБЕКОВНА**

*Астана қаласы №65 мектеп-гимназиясының*

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУ**

Ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру - келешек ұрпағымызды еліміздің патриоты, ұлтының ұлылығын ұлықтайтын азаматы етіп тәрбиелеудің негізі болып табылады. Себебі, еліміздің тілін, ділін, салт-дәстүрін, әдебиеті мен өнерін, ұлтымыздың рухани байлығын бойына сіңірмеген ұрпақ - отанымызға сүйіспеншілікпен қарап, оның елдігін сақтап қала алмайды. Сондықтан бүгінгі баяндаманың тақырыбын “Ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру арқылы бастауыш сынып оқушысының тіл байлығын даму” деп алдым.

Баяндаманың мақсаты - **сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізуді ұлағатты ұстаздарға дәріптеу, жас мамандарға болашақта ел билейтін ұрпақтарды тәрбиелеуде ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығарудың маңызын түсіндіру.**

**Міндеттері:**

- **Ұлағатты ұстаздарға** рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңірудің маңызын түсіндіру;

- Бала тіл байлығын дамытуда ұлттық құндылықтарды тиімді пайдалану жолдарын көрсету;

- Ұлттық құндылықтарды әдебиет пәнін оқытудың мазмұнына кіріктіру;

Ұлттық құндылық дегенде ойымызға ең алдымен ата-бабадан мирас болып, ұрпақтан ұрпаққа сый болып келе жатқан ана тіліміз ойға келеді. Баланың тілі ең алдымен отбасында шығып, өз ойын жеткізіп сөйлеуді өз шаңырағында үйренгенімен, ана тіліміздің терең қыры мен сырын ұғынып, әдеби шығармалармен сусындап, ұлтымыздың мақтанышы болған шығармалармен танысып, дүниетанымы кеңейіп, тұлға болып қалыптасатын орны - мектеп. Сондықтан, кез-келген пән мұғалімі бала бойына елжандылықтың дәнін егіп, елімізге деген мақтаныш сезімін оята білуі керек.

Бастауыш сынып оқушылары әдебиет сабағында Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж. Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, Б. Соқпақбаев, Ф. Оңғарсынова, Т. Молдағалиев, Қ. Мырза Әли және басқа да қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларымен танысады. Аталған шығармалар ертегі, мысал, естелік, өмірбаян, мақала түрінде берілген. Олардың қай-қайсысын алсақ та Отанға деген сүйіспеншіліктің, елімізді өзге ұлттардан ерекшелеп отырған құндылықтардың, бала тәрбиесінде маңызы зор адамгершіліктің иісі аңқып тұрады. Өтілген тақырыпты балаға оқытып және түсіндіріп қана қоймай, оны сыныппен бірге талқылап, сыныпта отырған әрбір бала бойына осы құндылықтың нәрін сіңіріп, әдебиетімізге, тілімізге, салт-дәстүріміз бен наным-сенідерімізге махаббат сезімін оятып, құрметін қалыптастыру ұстаз ретінде менің басты борышым.

**Әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарға негізделген білім беру арқылы балалардың тіл байлығын дамытудың әдіс-тәсілдері.**

Соңғы кездері балаларды кітап оқуға қызықтыру қиындап барады. Әрине, бала қызығушылығын гаджеттер жаулап алған заманда балаға кітап оқытып, оның зейінін аулау мүмкін емес. Десек те, баланы мәжбүрлеп, ұзын-сонар шығармалардың мазмұнын сұрау арқылы баланы қызығушылығын мүлде жоғалтып алуымыз мүмкін. Сонда балаға қалайша ұлттық құндылықтарды сіңіреміз? Қалайша тіл байлығын дамытамыз? Осы орайда ата-анамен бірлесе отырып, жұмыс жасаған абзал.

Сабақта өтілген әрбір көркем шығарманы мәнерлеп оқып, мазмұнын түсініп және талқылап болған соң, оқушылардың өзін сөйлетуге мүмкіндік берейік. Себебі, баланың тіл байлығы көркем шығарманы оқып қана қоймай, өзі көркем сөйлеп үйренгенде ғана дамиды.

Ол үшін мен өз сабақтарымда бірнеше әдіс-тәсілдерді пайдаланамын. Бірінші, өтілген тақырып бойынша балаларға “оқиға желісі былай өрбігенде қалай аяқталар еді?”- деген сұрақ арқылы өз қиялын дамытып қана қоймай, кітаптағы мазмұннан бөлек сөздерді қолдана отырып, өз ойын тиянақтап жеткізуге

балаларға мүмкіндік беремін. Бұл жерде балалардың қиялдары қаншалықты жүйрік болатынына көз жеткізесіз.

Екінші, біздің тіліміздің мәйегін келтіріп, ойымызды нақ тауып, дәл жеткізер ол - мақал-мәтелдер болғандықтан, сабақ үстінде кез-келген жағдаятқа байланысты “Осы жерде қандай мақал айтқан орынды?” деген сауал қою арқылы баланың ойлау қабілетін дамытып, ұлттық құндылығымыз мақал-мәтелді өскелең ұрпақтың меңгеріп, мағынасын ұғындыруға тырысамын. Мәселен, А. Құнанбаевтың И. Крыловтан аударған “Шегіртке мен құмырсақ” мысалын оқыған “Қыстың қамын жаз ойла” деген мәтелі орынды дегендей балалар кез-келген тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер іздеп табады.



Үшінші, заман талабына сай балалармен “Көркем блог” айдары арқылы балаларға блогер болуға мүмкіндік беру. Бала өзін экран алдында тұрғандай сезініп, ойын жүйелеп айтуды үйренсін. Мәселен, “Қайырлы таң, менің құрметті оқырмандарым! Мен бүгін Бердібек Соқпақбаевтың “Қамқорлық” атты шығармасын оқыдым. Онда Жантас деген бұзық баланың қылықтары мен Қожаның торғайға деген қамқорлығы жөнінде айтылған” дей келе балалар оқиға мазмұнын баяндауды үйренеді. Соңында “қалай ойлайсындар?” деген сұрақ қою арқылы сыныптың басқа мүшелерінің де ойын сұрауды ұмытпау қажет. Мұның ұлттық құндылыққа қандай қатысы бар десеніздер, менің жауабым: баланың ана тілінде шұбарламай, ойын анық жеткізіп, көркем шығарма жөнінде өз ойын толық білдіруінің өзі ұлтымыздың құндылықтарын негізге ала отырып балаға тәрбие беру болып табылады дегім келеді.



Бұл әдіс-тәсілдер қарапайым болып көрінгенімен, сыныпта баланың ашылып, өз ойын айта алатын тұлға болып қалыптасуына негіз ғана емес, сондай-ақ, өскелең ұрпақтың өз тілінде таза сөйлеуіне ықпал жасайды. Ал, тілімізде еркін сөйлеп, өз ойын толық жеткізе білген балада ол тілге деген құрмет те, махаббат та оянатынына сенемін.

### **Қорытынды**

Ұлттық құндылықтар дегеніміз тек көркем шығармадан немесе ана тілімізден тұрмайды, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер, наным-сенімдер, еліміздің ежелгі тұрмыс-тіршілігі, біздің тарихымыз. Бұның бәрін тек әдебиет сабағында ауызша талқылап, құр сөзбен балаға ұлттық құндылықтарды толық бере алмаймыз. Сондықтан, сергіту сәттерінде, тәрбие сағаттарында ән, би, ұлттық ойындар элементтері арқылы толықтырып отыру қажет. Сыныптан тыс іс-шаралар барысында ұлттық музей, саябақтарға барып, балалардың дүниетанымын кеңейте түскен абзал.

Қазақтан шыққан алғашқы педагогтардың бірі М. Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген екен. Ал, біздің халқымызда балаларға берерлік “су түбінде жатқан асыл тастай” қазыналарымыз жетерлік. Болашақта елдігімізді сақтаушы, тұғыры биік тәуелсіз мемлекетіміздің намысты азаматтарын тәрбиелеу біздің ұлы міндетіміз.

Қорытындылай келе, мақтанышымыз болып табылатын халқымыздың рухани байлықтарын көзіміздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа жеткіземіз деген мақсатпен ұлағатты ұстаз ретінде қоса қолымыздан келген жұмыстарды жүргізу керек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

«Педагогика». Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев – 2006 жыл

«Дамыта оқыту технологиялары». Б.А.Тұрғынбаева – 2000 жыл

«Білім кілті» - №3, 2006 жыл

«Әдебиеттік оқу» 1 бөлім Қабатай Б.Т. 3 сынып

Интернет ресурстары:

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/blogs/26580/>

<https://emirsaba.org/tlfani-terbieleude-ltti-ndilitardi-pajdalanu-joldari.html>



<https://stud.kz/referat/show/129732>

<https://infourok.ru/bastauish-bilim-beru-degeyini-siniptar-shin-debiyttik-ou-pni-boyinsha-ligilik-ou-badarlamasi-oitu-aza-tilinde-2623898.html>

## АРЫСТАНОВА КАРЛЫҒАШ АҚЫЛБЕКОВНА

Астана қаласы «Қадыр Мырза Әлі атындағы  
№88 мектеп –лицейі»КММ

### ҚАЗІРГІ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК -МӘДЕНИ ПОРТРЕТІ

<b>Тақырыбы</b>	<b>Қазіргі мектеп оқушысының әлеуметтік-мәдени портреті</b>	
<b>Жалпы мақсаты</b>	Мұғалімдер қазіргі мектеп оқушысының әлеуметтік-мәдени портретін және туындауы мүмкін кедергілерді анықтайды және олардың оқуға деген ынтасын сақтап қалу мақсатындағы мұғалім рөліне талдау жасайды.	
<b>Түйінді идеялар</b>	Өздерінің оқуға қабілетті екендігіне сенімді оқушылар материалды тез әрі жақсы игереді. Олар ойларын оңай жинақтайды, терең ойланады, оқудан ләззат алады, ішкі бақылау жұмыстары мен сыртқы тексерістерде жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Оларға оқу оңай, олар оқу үдерісінен рахат алады. Оқушылардың ынтасын басқара алатын мұғалімдер оларды дамыту жолдарын белгілеуде негізгі рөл атқарады.	
<b>Қажетті құралдар мен көрнекіліктер</b>	түрлі түсті қағаздар, бағалау парағы, флипчарт.	
<b>Коучинг барысы</b>		
<b>Психологиялық ахуал 5 минут</b>	<b>«Өзінді білгің келсе...» ойыны.</b>  Берілген заттардың суретін жылдам әрі сапалы салып үлгеру Әр сурет бойынша сипаттауларды оқу.	Слайдтағы заттардың суретін өз қалаулары бойынша салады.
<b>Топқа бөлу 5 минут</b>	Ұсынылған түстер бойынша топқа бөлінеді  <b>Мақсаты:</b> қатысушыларды алма алу арқылы өздіктерінен топқа бөлу	  Түстер арқылы топқа бөлінеді
<b>Ой шақыру 3 мин</b>	Қатысушыларға сұрақ ұсынылады. –Қазіргі мұғалім қандай? деген сұрақ қойылады.	


20 минут  
Негізгі бөлім

Мақсаты: қатысушылардың берілген сұрақ бойынша пікірлерге ойларын анықтау  
Ал, қазіргі мектеп оқушысының әлеуметтік-мәдени портреті қандай?

(фишбоун әдісі)

Күтілетін нәтиже: қазіргі мектеп оқушысының әлеуметтік-мәдени портретін балық қанқасына жазу. Әр кедергіге бір шығу жолын жазу және нәтижесін шығару.

Жаңа технологияны меңгере отырып өз тәжірибесінде пайдалану үшін мұғалімнің жан – жақты білімі




қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
  - Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
  - Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
  - Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
  - Оқушыларды еркін ойлауға алатын;
  - Білімді, іскер, шебер болу керек;
- Жаңа педагогикалық технологияларды және әдіс – тәсілдерді жүйелі пайдалана отырып

бастауыш сынып оқушыларын әдебиеттік оқыту дәні бойынша жан – жақты еркін ойлауын қалыптастыру. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа

Мұғалімдер сұрақ арқылы тақырыпқа шығады.

«фишбоун» әдісі қолдана отырып, қазіргі мектеп оқушысының әлеуметтік-мәдени портретін анықтайды.

	<p>педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға, еркін ойлаушы азамат екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Қазіргі оқушы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Дүниетаным қабілеті жоғары;</li> <li>• Дарынды, өнерпаз;</li> <li>• Іздемпаз, талапты;</li> <li>• Ойы ұшқыр;</li> <li>• Еркін ойлай отырып, ойын еркін жеткізе алатын;</li> <li>• Өз алдына мақсат қоя білетін оқушы болып қалыптасуы қажет. Оқушы мен оқушы арасындағы, ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, өзара қатынас еркін әңгімелесу, еркін ой қосу</li> </ul>	
<p><b>Сергіту сәті</b> <b>2 минут</b></p>	<p><b>Денесергіту</b> <a href="https://www.youtube.com/watch?v=CyfM2o0d0IE&amp;ab_channel=VictorHugoBaizaballLuna">https://www.youtube.com/watch?v=CyfM2o0d0IE&amp;ab_channel=VictorHugoBaizaballLuna</a></p>	<p>Қатысушылар білеп,көңіл – күйлерін көтеріп жүреді</p>
<p><b>Ой толғаныс</b> <b>20 минут</b></p>	<p>«Алты қалпақ» әдісі: <b>Ақ қалпақ</b> – қазіргі оқушы түрлерін айтады. <b>Сары қалпақ</b> –қазіргі мектеп оқушысының жақсы жақтарын айтады. <b>Қара қалпақ</b> – қазіргі мектеп оқушысының жаман жақтарын айтады <b>Қызыл қалпақ</b> –қазіргі мектеп оқушысының бейнесін өз эмоциясымен білдіреді.</p> <p><b>Жасыл қалпақ</b> – қазіргі мектеп оқушысын ынталандыру бойынша өз идеясын айтады және келешекте нені ескеру қажеттігін айтады. <b>Көк қалпақ</b> – барлық топтың</p>	 <p>Әр топ берілген тақырып бойынша жұмыс жасайды. Сарапшылар түйін шығарады.</p>

	<p>жұмысын сараптайды, яғни әр топ өз жұмысын тиісті дәрежеде орындады ма?</p> <p><b>Мақсаты:</b> жан – жақты ойлауды, дұрыс шешім қабылдауды үйрету. Бірігіп жұмыс жасату, ынтымақтастыққа баулу.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> алты шляпа ойлаудың алты әдісін, алты мүлдем әр түрлі және бірін – бірі толықтырады көзқарасты білдіреді. Белгілі бір тақырып бойынша бірігіп талқылайды</p>	
<p><b>Рефлексия</b> <b>10 минут</b></p>	<p><b>«Екі жұлдыз, бір тілек»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> қатысушылар өздерінің білімдерін жинақтайды. Бір сәт, яғни толыққанды жұмыс, ал екінші бірі «Тілек» , мұнда одан әрі жұмысты толықтырулары қажет.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> ойларын жинақтау, тақырып бойынша екі жақсы жақтарын анықтау және ұсыныс айту.</p>	

## КАЖИКЕНОВА БАҚЫТЖАН ШАЙХИНОВНА

*№56 мектеп-лицейі*

### ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ

Ойын бала үшін - нағыз өмір. Егер мұғалім ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру-оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді.

Ойынды балалар өмірімен ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып, алдымен, солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар ұжымын топтастыруға күш салу керек. Ойын мен еңбектің өзара байланысы бұлардың арасында ұқсастық және айырмашылық болуымен айқындалады. А.С.Макаренконың еңбектегі сияқты, ойында да жұмыс күші мен ой күші жұмсалады деп көрсетті: «Күш жұмсалмаған ойын, белсенді іс-әрекетсіз ойын — қашан да жаман ойын». Ойынның жұмыстан айырмашылығы



тек қана мынада: «...жұмыс адамның қоғамдық өндіріске... материалдық, мәдени, басқаша айтқанда, әлеуметтік игіліктер жасауға қатысуы деген сөз. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорларын дамыту ісінде мұғалімнің:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;
- жаңа сөздерді меңгерту;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді мұғалім үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Мұғалім бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Ойын ұйымдастыруда мұғалім өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Мұғалім балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын, сюжетті-рөлдік ойын) түрінде өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. Үстел үсті ойынын

ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта». Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». Сюжетті-рөлдік ойындар кәсіпке байланысты әдебиеттік оқу, тіл дамыту, сауат ашу сабақтарында рөлдік, сюжеттік ойындар бастауыш сынып оқушыларының өмірінде елеулі орын алады. Бұл ойындар ұзақ та, қысқа да болу мүмкін. Мысалы «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушы әрекеттеріне еліктейді, ал «Мектеп» болып ойнағанда мұғаліммен оқытушының әрекетіне еліктейді. «Отбасы» ойындары арқылы айналадағы өмірді бақылауға, күнделікті өз өмірлерінен алған білімдерін ойын сюжетіне пайдалануға төселендіруге болады. т.т.б. Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді. Бұл аталған жаттығу, тапсырмалар балалардың сөздік қорын дамыта отырып, таным белсенділіктерін және саусақ бұлшық етін дамытады. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Балаларды ойынның мазмұнымен таныстыру ойынды өткізу болып табылады. Ойынды талдау, бұл ойынның өз мақсатына жетуі, балалардың белсенділігі және олардың іс-әрекеті болып табылады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін және бұл менің ең негізгі алдыма қойған мәселем.

Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады. Оны төмендегі ойын түрінен көруге болады. Бала саусағын ойната отырып, тілін дамыту. Саусақ ойыны- бұл ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық.

Саусақ ойыны-саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады.

Қорыта келе айтарым, ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала өмірі ойынға байланысты. Бала ойынсыз өсіп өркендей алмайды. Бұл – өмірдің заңдылығы. Сондықтан да қазақ тілі сабағында ойын элементтерін пайдаланудың оқушылардың ой белсенділігін арттырудағы маңызы зор.

Белгілі педагог В.А. Сухомлинский айтқан «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақылой тәрбиесі болмайды». Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасалған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ ұлттық энциклопедиясы ,Алматы // -241б
2. К.С. Құдайбергенова Инновациялық тәжірибе орталығы- педагогикалық технология көзі. Алматы // 2001. -75б.
3. М.М Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде // Алматы,2006, -4,5 бет
4. Кәсіби даму мектебі // Алматы, Верена 2007,93-97 б.
5. К.С. Құдайбергенова Құзырлылық табиғаты – тұлғаның өздік дамуында. Алматы // 2006. -86б.

#### **СЕРІКОВА ГАУҒАР БАҒЛАНҚЫЗЫ**

*Ақселеу Сейдімбек атындағы №54 мектеп-лицей*

### **«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУЫ»**

**Түйіндеме:**Бастауыш сынып оқушыларының өз ұлтына еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ана тіліміздің қадір қасиетін дарыту, туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз ұалаған бабаларымыздың айтқандарын оқып үйрену,қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оқушыларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу, әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өз атамекенін қалай сүйемен, өз ана тілін қалай білумен иелшенбек. Ананың ақ сүтіне уызына жарыған адам қашанда отаншыл, ұлтшыл да болмақ. Әркімнің өз тіліне деген құрметі өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу керектігін дәріптеу.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, ана тілі, дәріптеу, оқушы, Отан, құрмет.

#### **Аннотация:**

Воспитывать любовь младших школьников к своему народу и стране, привитие молодежи достоинства родного языка, обучение чтению того, что говорили наши предки, заложившие основу для прочного устоя родного языка, повышение статуса казахского языка, приобщение учащихся к быстрому размышлению и умению аргументированно, системно излагать свои ответы, свободно выступать перед группой, гражданские качества и культура каждого человека, как любить свой народ, свою Родину, как знать свой родной язык. Человек, который в молозиве на белом молоке матери, всегда будет патриотом,

националистом. Каждый должен знать, что уважение к своему языку-это уважение к своей матери, к своей нации, к своей Родине.

**Ключевые слова:** казахский язык, родной язык, популяризация, ученик, Родина, уважение.

Қазақ халқы басқа елдерден дінімен, салтымен, тілінің тазалығымен ерекшеленеді. Тіл тазалығының шұбарланбауы ұлттың жойылып кетпеуіне зор мүмкіндік сыйлайды. Тілі бар халықтың болашағы жарқын, тәуелсіздігі мәңгі болмақ. Қазақтың басынан небір зұлмат күндермен жау көз алартқан кезеңдерден құндылықтарымызды оның ішінде тілімізді аман алып өтіп, бізге аманаттағандығын қастерлеуіміз қажет болар. Тіл жоғалса, тұтас халық жоғалатынын білгеніміз абзал. Тілі жоқ халық, жоғалып жер бетінен ғайып боларын ескерсек, тілдің тазалығын сақтау жолдарында қажырлы еңбек ете отырып, өткеніміздің өзектілігін айқындайтын тілдің теңдессіз байлық екеніндігін ұрпаққа айта отырып, келер ұрпаққа жеткізуге аманаттау біздің яғни бүкіл қазақ халқының міндеті, парызы деп айта аламыз. Тіл жолында талай жүрегі қазақ деп соққан ұлтжанды жандарымыздың жазбаған жыры, айтылмаған сыры, жырланбаған жанашыр жазбасы кемде-кем деп нық сеніммен айта аламын. «Тәрбие басы -тіл» деп, Махмұд Қашқари айтып еткен болатын. Тәрбиенің басында тілдің тұратындығы айқын. Ана тілін ұмытқан адам өзінің де өткенінен болашағын ұмытады. [ 2. 136-бет ]

Тіл біздің ұлттық құндылығымыздың басты байлығы дей отырып, соның ішінде қазақ тілінің қазақ халқының асыл да құнды байлықтарының бірі деп мақтана да, марқая айта аламын. Қазақ тілі қашанда біздер үшін басты өзіміздің кім екендігімізді айқындауға көмектеседі. Тіл арқылы қуанышыңды білдіріп, жақсы сөздермен жаны құлазыған адамды жұбатып, қуанышқа ортақтаса қуанып, жан-жағыңды жанды жадыратар жақсы сөздермен жылыта аласың. Қазақ тілі еш өзгеріске ұшырамаған, барлық халыққа ортақ тіл. Тіліміздің тектілігі, көркемділігі деп, талай жау – жанжалдарды, келіспеушіліктерді тілдің құдіреттілігінің арқасында шешіп, елімізде тыныштық, бейбітшілік орнатуға басты тілдің пайдасы бар деуге болады. Осыған дәлел бұрынғы шешендерімізбен билеріміздің тапқырлығы яғни тілдің көркемдігімен бір ауыз сөздің шеберлігінің нәтежесінде қазақ халқының басқа елдермен келіссөздер жүргізгендігінің арқасында бейбіт өмір кеше білгені белгілі. [ 1. 188-бет ]

«Тіл адамның белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі»-деп айтқан ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың нақыл сөзінен көптеген ой мен ғибрат алуға болады. Адамның сөйлеген сөзінен яғни тілінен қандай адам екендігі байқалады. Адамның аузынан шыққан әр-бір сөз жүрекке барып қонады. Сондықтан да сөйлеген сөздің ғибратты, мәнді жағына назар салып, барынша сөйлер сөздің тұшымдылығын ой елегінен өткізіп отырсақ адамдығымыздың белгісі болар. Қазақта «Ат кісінегенше, адам

сөйлескенше» деген тамаша сөз бар. Сөз тіл қаруы. Сөзді қалай сөйлесең, солай саған қарай оралады. Сөздің киесі бар деп ата-бабаларымыз айтып кеткен. Сондықтан да сөйлер сөзіңе мұқият болу, ой мен жүректен өткізе білу, бұл да ерлікпен пара-пар дүние. Барлық белесті, кез-келген қиын кезеңдерді, тығырықтан шығар жерді тілмен яғни сөзінді қаруыңа айналдыра білсең жетістікке жеткенің болар.

Қазіргі заманның бір алаңдатар мәселесі жастардың өзге тілде еліктеуінде. Сәнге де айналған ба?-деп қаламыз. Осы алаңдатар жағдайды қолға алу, тілге деген сенімдерімен сезімдерін арттыра түсіп, қадіріне жете білу керек. Сондықтан да цифрлы сауаттылық артқан тұста бастауыш сыныптан бастап тіліміздің баға жетпес асыл қазына екенін ұғындыруымыз қажет. Әдеби кітаптармен сусындап, тереңіне бойлаған оқушының сөздік қоры молайып, сөзге, тілге деген сауаттылығы арта түседі. Тілдің әр-бір элементтері аса құнды.

Бастауыш білім – білімнің негізі қаланатын үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Ал жас ұрпақтың ұлттық санасын оятып, тілін дамыту оқу-тәрбие ісіндегі басты мәселе. Тілдің тәрбиелік мәні де күшті.

Сабақ үстінде жаңа сөз үйретілумен қатар сол сөзді дұрыс қолданудың қажеттілігі туралы мұғалім тарапынан ескертіліп, ана тілінің ұлылығы, байлығы туралы мәселе кешенді қарастырылғанда ғана оң шешімін таппақ. Тіл байлығы - сөз байлығы. Лингвист - ғалым М. Балақаев: «Ана тілін жақсы білу - әркімнің азаматтық борышы». Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, нысанаға дәл тиетіндей ұғымды шығып, тыңдаушысын баурап алардай әсерлі болса, ана тілінің құдіреті сонда ғана сезілер еді.

Бастауыш мектепте ана тілі сабағында сөздік қорды дамыту жұмыстары түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады:

⦿ сұрақ-жауап;

⦿ әңгімелесу;

⦿ әңгімелеу;

⦿ түсіндіру;

⦿ зерттеу;

⦿ түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындату арқылы.

Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері

көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы. Сөйлеу тілін меңгерудің келесі жолы – кешенді оқыту. Ал оқушыларға арналған кешен: оқулық, фонограмма, күйтабақтар, ұнтаспалар, бейнетаспалар, дидактикалық үлестірмелік жаттығулар, сөздіктер т.б. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай - ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады.

Мұндай жұмыстар оқушының білімін ғана жетілдіріп қоймайды, жеке дара шығармашылық қабілетінің ашылуына түрткі болады. Сабақ үдерісінде мұғалімнің басшылығымен мұндай жұмыстар жүзеге асырылып, жүйелі орындалып отырса: -оқушының сөздік қоры мен тілін байытуға ықпал етеді; -ауызша және жазбаша тіл мәдениеті талаптарын меңгереді; -сауатты жазуға үйретеді; - оқушы өз бетімен шығармашылықпен айналысуға үйренеді. Сабақ сайын өтілген тақырып ауқымына қарай кем дегенде екі - үш сөзден болсын оқушының лексикалық минимумы артып отырады. Және барлық үйренген сөзі күнделікті өмірде белсенді қолданыла бермеуі мүмкін. Көнерген сөздер (зат, киім - кешек, салт - дәстүр, музыкалық аспаптар, ай, жыл, қару - жарақ атаулары), кәсіби сөздер т. б. қажеттілік болмаса, үнемі белсенді қолданысқа түсе бермейді. Бала тілін дамытып қалыптастыруда өз ұлтымыздың ауызекі шығармашылығының тигізер ықпалы зор. Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы. Сөйлеу тілін меңгерудің келесі жолы – кешенді оқыту. Бала жұмысына сын көзбен қарап, бағалауға, ойын еркін, дұрыс, ашық айта білуге үйренеді.

Тіл дамыту әдісінің бір түрі мәнерлеп оқу. Мұның пайдалы жағы бастауыш оқушылары сөйлеу тілі мен әдеби тілдік норманы сақтап оқуға төселеді. ОХалқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал-мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Байлығын дамытуға ертегі кітаптардың маңызы зор. Ертегі кітаптарды оқу оқушыға шабыт сыйлап ғана қоймай, отаншылдыққа, батырлыққа баулиды. Сөз байлығын еркін пайдаланып, жүйелеп айту шеберлігін жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. «Қай ертегіде кездесемін?»

«Мені білесің бе?» деп алып кейіпкерлердің үлкейтіп салынған суреттерін көрсету арқылы кім екенін, қай ертегіде кездесетінін айтқызып, мінездеме бергізу арқылы білгендерін ауызша жеткізе білуге үйрету жұмысы да тіл дамытудың негізгі бір жолы. Мұның өзі оқушылардың көркем шығарма оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға көмектеседі. Ең бастысы оқушылардың өзін сөйлету арқылы сөйлеу тілдері дамиды. Жаттау, мәнерлеп оқу, мазмұнын айта білу, сұрау - тапсырмаларға жауап жазу, кейіпкерлерге мінездеме бере отырып, салыстырмалы әдіске негізделіп жазылған үлеспелі кестелерді толтыру т. б. Әдістер үзбей ақтарылып отырса, жақсы нәтиже берері сөзсіз.

Тіл адамзаттың қаруының бірі деп мақтана айта отырып, менде өз еңбек жолымда яғни мамандықтың ең қадірлісі ұстаздықты таңдаған жайым бар еді. Тілдің қашанда таразы басында тұратынын, тіліміз жоғалса, біздің де жоқ болатынымызды ескере келе, тілге қызмет етуді сондай-ақ, тіл мәртебесін көтеру тұсында еңбек етіп келе жатқанымды мақтаныш тұтамын. Мен үшін қазақ тілінің әр-бір сөзі, әріпі, буыны, дыбысы ыстық әрі қымбат. Тілдің құдіреттілігімен ұлтқа керек екендігін күнделікті алдымдағы шәкірттеріме ескерте және ескере отырамын. Тіл жоғалса, біз өзімізді яғни мемлекетімізді де жоғалтып аларымыз хақ. Біздің болашақ ел басқарады деген балаларымздың тілдері бұзылып бара жатыр. Тілдің таразыға түскен шағында бар тілге қатысты жағдаяттарды әрине өзімізден бастағанымыз жөн болар. Өйткені шәкірт яғни ұрпақ бізге қарап бой түзейді, ой қалыптастырады. [ 3. 300-бет ]

Оқушылар өз тілін басты орынға қойып, шұбарландырмай, өзгеріске ұшыратпай таза ұстай білсе нұр үстіне нұр болар еді. Бұл үлкен жағдаятты білім негізі бастауыштан бастай отырып, дыбыс пен әріптің жүйелерін оқушы санасына сіндіре отыра, үйрету ұстаз еншісіндегі іс. [ 5. 120-бет ]

Біз бейбіт елде өмір сүре отырып, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болғанын мақтан ете отырып, әнұранымыздың қазақ тілінде шырқалуы құлағымыздың құрышын қандырарына зор үмітпен қараймыз. Тілдің тазалығын сақтап, тілді басты орынға қоя отырып, қазақ тілінің қастерлі де құдіретті үнмен астасып жатқандығы көз қуантады. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау» деп Ахмет Байтұрсынов тегін айтпаса керек-ті. Тіліміз мәңгі жасаса, біздің мәңгілік жасарымыз хақ. Тіл тазалығын паш етейік, әріптес дегім келеді сөз соңында.....

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ тілі. Орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бастауыш мектепке (2-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектепте апробациялау үшін сынақ нұсқасы). - Астана, 2015. - 27 б.
2. Ж.Дәулетбекова. "Пути развития речи учащихся". Алматы "Рауан" 2000 ж.120 бет.

3. "Ашық мектеп" ақпараттық-әдістемелік журналы, 2011ж. №2 (103), 12 бет.
4. "Білім-Образование" ғылыми-педагогикалық журналы, 2009 жыл №1(43) С. 16
5. Ф. Оразбаева" тілдік қарым-қатынас теориясы мен әдістемесі " Алматы. РБК 2000ж.б. 208.

## **АЙТКАЗИНОВА ШЫНАР ЖАҚСЫЛЫҚОВНА**

*№54 мектеп- лицейі*

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНУЫН ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.**

Бастауыш сынып оқушыларының қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес тапсырмалар беру ақылы пәнге деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін арттыру, функционалдық сауаттылығын арттыру.

**Міндеті:** Оқушылардың білім деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұйымдастыруда жас ерекшеліктеріне назар аудару, қабілеттерін ескеру, оқушыларды пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін тапсырмалар беру арқылы білім деңгейін көтеру.

Бүгінгі заман талабы білімді де білікті, өздігінен тығырықтан шығуға жол таба білетін, өмірге икемді тұлғаны тәрбиелеуді қажет етеді. Заманауи мектепті жаңарту бағыттарының бірі - дарынды балалармен жұмыс. Біздер мұғалімдер, сонымен бірге қазақ халқының болашағы, еліміз үміт артатын, халық болашағын ойлайтын қабілетті жастарды дайындау-бірден бір алғышарттағы мақсаттарымыздың негізі.

Жарқын даралықты жіберіп алмау және оқушылардың танымдық құзыреттілігін дамытуға ықпал ету үшін мен өз жұмысымда тұлғалық-бағдарлы тәсілді қолданамын, оның мәні жеке тұлғаны дамытудың ішкі тетіктерін пайдалануды көздейді, бұл жағдайда басты назарды шын мәнінде еркін тұлға тәрбиелеу, балаларда өз бетінше ойлау, білім алу және қолдану, шешімдерді мұқият қарастыру және іс-әрекеттерді нақты жоспарлау қабілеттерін қалыптастыру. Бұл мақсаттарға жету жолдарының бірі оқушылардың зерттеушілік әрекеті болуы мүмкін, өйткені оқушы үшін ғылыми-зерттеу жұмысы өзін-өзі жүзеге асыру құралы болып табылады. Ғылыми ізденіс шындықты ашуға, жаңа білім алуға бағытталса, оқу-танымдық зерттеу оқушылардың зерттеушілік дағдыларын меңгеруін, ойлаудың зерттеу түрін меңгеруді, оқу процесінде белсенді позицияны қалыптастыруды көздейді. Негізгі оқу-тәрбие үрдісімен тығыз байланысты және балалардың зерттеушілік және танымдық іс-әрекетін дамытуға бағытталған оқу-тәрбиелік зерттеулерді

жүргізуді өз жұмысымның ерекше бағыты деп санаймын. Сабақтан тыс уақытта зерттеу жұмыстары бойынша жұмыстарды ұйымдастырып, сыныптан тыс



жұмыс бағдарламасына сәйкес **үш бағыт** бойынша жүргіземін. Қазіргі таңда жаңартылған бағдарлама негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру барлық пәндер оқытудың негізгі факторы болып отыр. Осыған орай,

### **Бірінші кезең «Ғалым болуды үйрену» (бірінші сынып)**

Сабақтардың алғашқы күндерінен бастап зерттеу әдістерін, яғни ақпаратты қайдан алуға болатынын қарастырамыз. Мысалы: өзіне сұрақ қою, үлкендерден сұрау, кітаптарды қарау, бақылау, эксперимент жүргізу, топсаяхатқа шығу, интернет арқылы ақпарат алу т.б.

Бірінші сыныпта білімді меңгеру ізденіс әдісімен өтеді.

Мен балаларға сұрақ қоямын, мысалы, «Ойыншықтар зиянды ма?» немесе «Қай елдің ойыншықтары қауіпсіз?»

**Мәселен** бұл кесте әр баланың өз ойыншығы туралы әкелген мәліметі бойынша жасалған. «**Арзан-қымбат**» ойыны. Балалар үйлеріне барып арзан-қымбат ойыншықтарын сұрыптап, **ғылыми зерттеу парағын** толтырады.

	Ойыншық қайдан шыққан?	Қандай материалдан жасалған?	Анықтама мен сертификат бар ма?	Денсаулыққа қауіпі бар ма?	
<b>Қоларба арзан</b>	<b>Қытай</b>	пластмасса	жоқ	Шеттері тегістелмеген, сапасыз, тез сынады,	Бала қолын кеседі
<b>Алқызыл доп арзан</b>	<b>Қытай</b>	резеңке	жоқ	Тым ашық түсті, иісі бар, сапасыз	Ашық түс көзді ауыртады,
<b>Қуыршақ қымбат</b>	<b>Ресей</b>	пластмасса	бар	Ауыр метал - формальдегин көрсеткіштен төмен	Көпке шыдайды
<b>Көлік Өте қымбат</b>	<b>Белорусия</b>	темір	бар	жоқ	Ұсақ детальдары көп

Проблемаларды шешу үшін ұжымдық оқу диалогын, проблемалық жағдаяттарды құруды қолданамын. Сондай ақ оқушылардың зерттеуге қызығушылығын арттыру үшін Bilim Land онлайн платформасын тиімді пайдаланып, тапсырмаларды құру үшін Canva, QR Code Monkey, Plickers, Quizlet... онлайн инструменттерін қолданамын.

Нәтижесінде бұл кезеңде зерттеушілік қызметпен айналысқысы келетін

балалар тобы немесе мен мұғалім ретінде зерттеушілік дарындылықтың ұшқынын көрген балалар анықталады. Бұл ретте ата-ананың зерттеушілік

ізденісте баласына қолдау көрсетуге дайындығы маңызды рөл атқарады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың тәжірибесі аз болғандықтан, баланың ата-анасының көмегінсіз оны жеңу қиын болуы мүмкін.

### **Екінші кезең «Кішкентай зерттеушілер» (екінші сынып)**

Екінші кезеңде баламен бірге алдағы оқу аясында шешуді қажет ететін мәселелерді тұжырымдаймыз. Ал екінші сыныпта білімді меңгеру ізденіс әдісімен жүреді. Баланың проблемаларды көру қабілетін дамыту мақсатында жеке және топтық жұмыс барысында балалармен тренингтер мен конференциялар өткіземін. Қаңтар айында болған бастауыш сынып айлығында «Зерде» ғылыми жобасы байқауына қатысқан зерттеушілерді жинап, оқушылармен конференция өткіздік. Балалар өз тәжірибелерімен бөлісті.

### **Үшінші кезең «Шығармашылық тұсаукесер» (үшінші, төртінші сынып)**

Мәселе анықталғаннан кейін оның шешімі ізделеді. Сондықтан әрі қарай біз гипотезаны, яғни болжам жасауды үйренеміз. Біз әдетте келесі сөздерді қолданамыз: делік, мүмкін, т.б.

Зерттеудің тағы бір маңызды дағдысы - сұрақ қоя білу. Өйткені, білім сұрақтан басталады. Сонымен қатар **ұғымдарды** анықтауды үйрену қажет. Ұғымды анықтауды үйрену үшін мен әдістерді қолданамын: сипаттау, салыстыру, ажырату, жалпылау.

Сондай-ақ балалармен біз жіктеуді, бақылауды, эксперимент жүргізуді үйренеміз. Ең қызықты эксперименттер, әрине, нақты объектілермен және олардың қасиеттерімен немесе субъектілерімен нақты эксперименттер.

### **«Т» «кестесі әдісі және ғылыми сауаттылық әліппесі**



Қытай добы



Беларуссия добы

Бояуы жұғылады, тігісі тез сөгіледі, сапасыз, бағасы арзан, тез жарылады, анықтамасы жоқ	Қымбат, сапалы, тексеруден өткен, сертификаты бар.
Формальдегид мөлшерден көп./Ашық түс Фенол да басым	Зияны жоқ
Фенол — арзан компонент, ол ойыншыққа қажетті пішінді иеленуге мүмкіндік береді, оның үстіне өте улы зат. Ол ұл баланың жыныс мүшесіне кері әсер етеді. Кей зерттеулерге сүйенсек, ол обыр ауруын қоздырады. Адам ағзасына тыныс алу жолдары арқылы енеді екен. Сонымен қатар асқорыту жүйесі арқылы да енеді. Ал, оның басты ерекшелігі өткір иісі. Сондықтан ойыншықты сатып алмас бұрын оны иіскеп көріңіз. Егер ол аяқкиімнің кремі сияқты сасып тұрса, онда оны алмаңыз.	

Біз талдауды, негізгі және қосымшаны бөліп көрсетуді, қорытындылар мен қорытындыларды жасауды үйренеміз.

Жұмыстың барлық кезеңдерінде біз, мұғалімдер, біз күтетін **басты нәтиже** – баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеру екенін анық білуіміз керек. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетануын және ғылыми сауаттылығын дамытудағы зерттеу жұмысының маңызын осылайша мен үш кезеңге бөліп, бір ғана мысал келтіру арқылы түсіндіре алдым деп ойлаймын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;**

1) М.Асқарова. Оқушылардың ғылыми материалистік көзқарасының қалыптасуы. - Алматы: Мектеп, 1976

2) Ж.Дәуренбеков. Айтыңыз құтты болсын. - Алматы: Өнер, 1973.

3) Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. П. - Алматы, 2000. 103-1

4) С. Паркер, Б. Уильямс .*Сұрақ және жауап энциклопедиясы-Алматыкітап»2006 ж.*

### **ЖУМАДИЛОВА ЖАМИЛА НАБИХАНОВНА**

*« №82 «Дарын» мамандандырылғанлицей»КММ*

### **«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУ»**

Бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын ұлттық құндылықтар арқылы дамыту

#### **Міндеттері:**

- Ұлттық құндылықтар ұғымына сипаттама беру;
- Тіл байлығын жазбаша дамыту
- Тіл байлығын ауызша дамыту
- Интеллектуалды ойындар ойнату арқылы дамыту
- Бастауыш сынып оқушыларының бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы тіл байлығын дамыту барысы

**Өзектілігі:** Ата-бабамыздан мирас болған ұлттық мәдени мұраларымызды білім берудің қуатты құралына айналдыру өзектілігін жойған жоқ. Сол себепті мектебімізде балалардың тіл байлығын арттыру үшін ұлттық құндылықтарды жаңғырту, насихаттау, халқымыздың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен игі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру.

Қазақстан Республикасының баянды тәуелсіз ел болуы үшін ұлттық құндылықтар, тәрбие арқылы халық педагогикасынан нәр алып адами құндылықтардың барлық саласын бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар қажет. Қазақ елі үшін бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен

құрметтейтін жеке тұлғаны тәрбиелеу. Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, ұлттық рухымызды сақтап қалу- алдымызда тұрған үлкен міндет. Бүгінгі ұрпағымызды бірнеше ғасырлар бойы жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасы мен ұлттық құндылықтарымен сусындату- біздің басты парызымыз.

Қазіргі қоғамда құндылықтардың алар орны ерекше. Қазақ педагогикасында құндылықтың түрі мен маңызына, сыры мен сипатына алғаш философиялық мән беріп, оны жан-жақты талдай білген Абайдан асқан зор тұлға жоқ шығар. Абай- қазақ халқы үшін парасат биіктігінің ақыл-ой толықтығын, адамгершілік пен рухани байлықтың өлшемі деп айтуға болады. Абайдың қара сөздерінің жас ұрпақ үшін маңызы зор.

Бүгінгі жас ұрпақ мектептен білім мен тәрбиені қатар алып шығуы керек. Сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтармен сусындату – ұстаздың басты парызы. Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастырмақ. Ұлттың болашағы да бүгінгі де тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы деп айтқандай жас ұрпақты тәрбиелеуде құндылықтардың алатын орны ерекше.

Оқушының ауызша сөйлеу тілін дамытудың барлық пәндерге бірдей ортақ қатысы бар. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту, сөйлеу, жазу тілін дамытуға барлық мұғалімдер жауапкершілікпен қараған дұрыс.

Ауызша тіл дамыту әдістері мынадай жүйеде жүргізіледі:

- Сөздікпен жұмыс арқылы;
- Ауыз әдебиеті арқылы;
- Диалог;
- Сахналық қойылым;
- Мазмұндау;
- Құрылымдық сұрақтар арқылы.

Жазбаша сөйлеу тілі мынадай жүйе бойынша жүргізіледі:

- Диктант
- Шығарма
- Мазмұндама
- Сөйлемдер құрау арқылы
- Мақал-мәтелдер

**Күтілетін нәтиже:**

- Ұлттық құндылықтарды игерген тұлға қалыптастыру;
- Ұлт болашағы мен ел тағдырын келешек ұрпақ қолына сенімді етіп тапсыру;
- Бүгінгі ұрпаққа берілетін тәрбиеден күткен нәтижеге қол жеткізу;
- Ұлттық тәрбиені қаз-қалпында атадан балаға ұластырудың сабақтастығын тұрақты сақтай отырып оқушылардың тіл байлығын дамыту.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық құндылығымыздың қайнар

мазақтамалар, мақал – мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар деп айтуға болады.



### Халық ауыз әдебиеті

нұсқаларының өзі (ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, санамақтар) құнды мұра болып табылады.

Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру мен тіл байлығын дамыту үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – қазан сүтті ашытатын ұйытқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері...

Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Мен өз сабақтарымда оқушылардың тіл байлығын дамыту мақсатында мақал-мәтелдер арқылы бірнеше жұмыс түрлерін қолдандым:

«Мнемотехника» әдісі арқылы мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізілді. Яғни, суреттер бойынша мақал-мәтел құрастырды. «Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ» сайысы өткізілді. Оқушылар тілін дамытуда қызықты, танымдық тапсырмаларды да орындатуға болады:

1. Жұмбақтар сөйлесе... (мен айтқан жұмбақтың шешуін тауып, сол жауап сөзі бар мақал мәтел айтылу керек, сонда ғана жеңуге мүмкіншілік бар)

•Судан шығады, судан қорқады (тұз)

•Зер — зер кілем зер кілем (жер)

• Жаны жоқ болса да ақылды адам сияқты (кітап)

2.«Қызықты сұрақтар» ойыны

1.Қорқақ неден қорқады?

2.Ердің атын не шығарады?

3.Оқусыз не жоқ? Білімсіз не жоқ?

4.Ашу не? Ақыл не?

5. Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?
6. Тауық түс көре ме?
7. Көп түкірсе не болар?
8. Оқу түбі не?
9. Үйіңе құтты қонақ келсе не болады?
10. Жаманға неге күлме дейді?
11. Адамның қай мүшесі қорқақ, қай мүшесі батыр?
12. Тауықтың түсіне не кіреді?
13. Ер неше рет, қорқақ неше рет өледі?
14. Өтірікші кімді алдайды?
15. Ананың сүті мен баланың тілі қандай?

Осы жұмыстардың нәтижесінде :

- Оқушылардың сөздік қоры молайды;
- Орыс тілді оқушылардың ауызша сөйлеуі, өз ойын жеткізе білуі, тіл байлығы жақсарды;
- Оқушылардың есте сақтау қабілеті, ойлау қабілеті жақсарды

Ертегілер әрқашанда қазақ халқының өмірінде маңызды роль атқарып келген. Себебі, ертегілердің мазмұнында халықтың тұрмыс тіршілігі салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бүкіл болмысы, адамдардың өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқыт.б. бейнеленген. Ұрпақ тәрбиесінде ең тиімді тәрбие құралы ретінде ертегілер тілі жеңіл, түсінуі оңай болғандықтан, ертегілердің балаларға отан сүйгіштік, еңбек сүйгіштік, т.б. тәрбиелер беруде ғана емес, олардың тілін дамытуда да атқарар қызметінің маңызы өте зор. Ертегілер бастауыш мектеп оқушыларының ой-өрісін жетілдіріп, Отанын сүйуге, елін қорғауға, өнердігеруге, жалпы адамгершіліктік құндылықтарды бойына сіңіруге септігін тигізеді. Сонымен қатар баланың сөздік қорын да молайтуда қызметі өте зор. Ал сөздік қоры мол, тілі дамыған бала – үздік оқушы, себебі жоғарыда аталғандар – жақсы үлгілердің негізі. Ой өрісі дамып, сөздік қоры молайған баланың айтар ойы да, істерісі де өнегелі болмақ. Демек, баланың тіл байлығын дамыту – қоғам дамыған сайын күнделікті қажеттілікке айнала беретін ең өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда оқушылардың тіл байлығын дамыту мақсатында көптеген ертегі кітаптар оқып, сахналық қойылымдар да қойдық. Оқыған ертегілері бойынша сурет салды.





«Бауырсақ ертегісі желісімен» әдісі негізінде жасалады. Бауырсақ орнына доп қолданамыз. «Әже» допты тастайды, доп домалап кімге барса сол адам мәтіннің басын айтады, кейінгі оқушылар ойды жалғастырып айтып, толық әңгіме шығаруы тиіс. Сонымен қатар «Қуыршақ театры» арқылы қойылым қойды.

Бұл ертегі нәтижесінде:

- Барлық оқушылар ертегі оқуға жұмылдырылды;
- Қызығушылықтары арта түсті;
- Белгілі бір ойды одан әрі қарай жалғастыра алды;
- Мәтіннің бөліктерін ажыратуға да бейімделді
- Ауызша сөйлеу дағдысы, тіл байлығы жақсарды.

«Өтірік өлең құрастырамын» тақырыбы бойынша «Галерея» әдісі арқылы қабырғаларға бірнеше суреттер мен аяқталмаған өтірік өлең жолдары ілінді. Оқушылар галереяны аралап жүріп суреттерден өтірік өлең құрастырады және аяқталмаған өтірік өлеңді жалғастырып жазады.

Ши тоқыдым шиімен,

Теңіз кештім түйемен.

Күйме жасап шиеден

Үй тұрғыздым түймеден, деген сияқты өтірік өлең құрастыру нәтижесінде:

- Оқушылар тапқырлыққа, оқиға бойынша қиялдауға;
- Өтірік өлең құрастыруға, оның мағынасын түсінуге үйренді;
- Суретке қарап өтірік өлең құрастыра алды;
- Сөйлеу тілі дамып, қоржынына жаңа сөздер қосып, сөздік қоры ұлғайды.

«Ауызша сабақ» картасы әдісі арқылы «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі желісі бойынша:

1-кезең. Сергіту сәті жүргізілді

2- кезең. Тақтаға тірек сөздер және суреттер ілінді. (тышқан, сиыр, жылқы, барыс, қой, т.б)

а) Ақпаратты есте сақтау үшін 1 минут уақыт берілді. Уақыт аяқталғаннан кейін блог жабылып, есте сақтау арқылы блокты қайта құра алдуы қадағаланды

б) Ақпаратты есте сақтағаннан кейін балалар көздерін жұмғызып, 3-4 сөзалып тасталынды. Ары қарай келесі сөздер де ретімен өшіріліп отырады. Соңында балалар көрінбейтін сөздермен бірге бүкіл ертегіні құрады.

3- кезең . Ертегімен жұмыс, балалар ертегіден тірек сөздерді тауып отырады.

4-кезең. Мұғалім ертегіні ашатындай етіп тез сұрақтар жүргізеді.

5-кезең. Критикалық сұрау. Ертегідегі тірек сөздер мен ертегі желісін толық сұрау.

6- кезең. Қорытынды. Мұғалім өз сөін қорытылап, тақырыптағы негігі ойдың ашылғанын айтады.

«АС» картасы арқылы ертегі құрастырып шықты. Берілген карталар балалардың зейінін оқу жүйесіне толық аударды, шаршау деңгейінің төмендеуіне ықпал етті. Ертегіні жылдам меңгерді. Осы меңгергендері бойынша сахналық қойылым қойылды. Оқушылардың сабаққа, ертегі оқуға қызығушылықтары оянып, ауызша сқйлеуге дағдыланып тіл байлығы арта түсті.

Қасиетті қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Өкінішке орай, оның біразы тұрмыс-тіршілігімізде іске аспай, өмірімізден кенжелеп қалды. Оқушыларымыздың бойына салт-дәстүрлер арқылы ұлттық құндылықтарымызды дарытып, тілдік қорын, тіл байлығын дамыту мақсатында сыныпта, сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілді. Бата жаттау, ұлттық тағамдармен таныстыру, ұлттық ойындар ойнатылып, « Тоқымқағар» дәстүрін көрсету арқылы ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді жағырттық

Еліміздің болашағы жарқын болып қалыптасуы үшін ұлттық құндылықтарды оқушылардың санасына терең меңгерген білімді, инабатты жас ұрпақты тәрбиелей отырып оқушыларымыздың тіл байлығын дамыту мен үшін үлкен жетістік болары айдан анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аққозин М. Қазақ мақал-мәтелдері. — Алматы, «Алматыкітап баспасы»,2010
2. Әлімбаев М. Халық-ғажап тәлімгер. — Алматы: Рауан, 1994.
3. Б.Т.Қабатай, В.А.Қалиева, Ү.К.Зейнетоллина Әдебиеттік оқу. Алматы:Атамұра, 2022
4. А. Байтанұлы Орыс халық ертегі. Алматы: Рауан 2019

### **СУЛЕЙМЕНОВА НУРГУЛЬ РАХИМБЕКОВНА**

*Школа – гимназия №65 им. М Жумабаева*

#### **ФОРМИРОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННО – НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ У МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА НА ОСНОВЕ РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ.**

В статье автор освещает материалы о формировании естественно- научной грамотности у младшего школьника на основе развития исследовательских навыков, предлагает результаты научно-педагогического исследования по применению исследовательской деятельности, как инструмента формирования



развития естественно-научной грамотности обучающихся на примере школьных предметов естествознания и познание мира. Исследователь проводил уроки естествознания и познание мира, применяя методы и приемы исследовательской деятельности.

Применяли методы исследовательской деятельности: аналитико-систематизирующее, диагностико-прогностическое, экспериментально-исследовательская деятельность, предметно-поисковая деятельность

В результате автор выявил, что применение методы исследовательской деятельности, при соблюдении ряда педагогических условий, оказывает позитивное воздействие на формирование и развитие естественно-научной грамотности, и в целом, на качество образования школьников.

По итогам исследования были разработаны педагогические приемы реализации исследовательской деятельности на уроках естествознания и познание мира, дидактические материалы, способствующие формированию и развитию естественно-научной грамотности школьников, методические рекомендации для педагогов.

Ключевые слова: исследовательская деятельность, проектная деятельность, эксперимент-исследование, естественно-научная грамотность.

В настоящее время развитие естественно-научной грамотности школьников приобретает особую значимость в контексте реализации целей обновленного содержания образования. В Государственном общеобразовательном стандарте технологиями и знать, как применить свои способности в условиях реальной жизни.

Проблема: Как выстроить исследовательскую деятельность на уроках естествознания и познание мира, для формирования и развития естественно-научной грамотности младшего школьника.

Актуальность и практическая значимость проблемы позволили сформулировать тему исследования: «Формирование естественно-научной грамотности у младшего школьника на основе развития исследовательских навыков».

Объект исследования: естественно-научная грамотность младшего школьника.

Предмет исследования: исследовательская деятельность школьников при обучении естествознанию и познанию мира.

Гипотеза исследования: если систематически реализовывать на уроках естествознания и познание мира различные методы и приемы исследовательской деятельности, то это будет способствовать формированию естественно-научной грамотности учащихся.

Цель исследования: формирование естественно-научной грамотности на уроках естествознания и познание мира в процессе организации исследовательской деятельности.

Практическая значимость:

материалы данной работы могут быть использованы учителями на уроках естествознания и познание мира.

выявленные формы, методы и приемы обучения могут быть рассмотрены как элементы формирования естественно-научной грамотности при обучении естествознанию и познанию мира.

Формирование и развитие естественно-научной грамотности учащихся необходимо начинать еще в начальной школе. Этот подготовительный этап будет служить той основой, которая поможет будущему школьнику впоследствии приобретать знания и учиться для себя, быть самостоятельным, уметь жить среди людей.

Человек, имеющий высокий уровень естественно-научной грамотности, готовый обсуждать проблему логически и резонно, который имеет отношение к наукам естественнонаучного цикла и методикам, должен уметь:

самостоятельно объяснять научное явление;

устанавливать причинно-следственные связи;

интерпретировать графические и другие данные;

самостоятельно выполняет исследование, простой эксперимент.

В современной научно-педагогической литературе естественно-научная грамотность рассматривается как способность использовать естественно – научные знания, делать обоснованные выводы, необходимые для понимания окружающего мира и тех изменений, которые вносит в него деятельность человека.

Естественно-научную грамотность можно сформировать и развивать в процессе обучения в школе, т.к. она не является врожденной способностью. И лучший для этого период младший школьный возраст. Ведь именно в этом возрасте идет закладка фундамента естественно-научных знаний.

Сегодня можно организовать исследовательскую деятельности в среде онлайн сервисов Google, что позволяет реализовать учебный процесс в дистанционном формате за счет возможности совместного доступа к общим документам, презентациям, таблицам. Тем самым создается общее виртуальное пространство для групповой работы всего класса не только в условиях удаленного образовательного процесса, но и для создания электронной среды для самостоятельной работы дома и в школе.

Например, мы использовали на онлайн уроках платформу [learningapps.org](http://learningapps.org) LearningApps -это бесплатное программное обеспечение и платформа для создания веб- приложений для поддержки процессов обучения и преподавания с помощью небольших интерактивных мультимедийных модулей обучения (например, множественный выбор, упражнения по заданию, тест с заполнением пустых полей). Эту платформу можно использовать на разных этапах урока, также можно самим создавать упражнения.

Формирование исследовательских навыков у младших школьников будет более

эффективным, если в образовательном процессе использовать проектную деятельность. В начальной школе дети не способны к длительной самостоятельной работе без участия взрослых, их поддержки, помощи, анализа и нацеливания на следующий этап работы. Основным видом проектной деятельности является решение проектных задач, когда школьникам предлагаются все необходимые средства и материалы в виде схемы и требуемых для выполнения данных.

В ходе проектной деятельности необходимо:

давать возможность создавать своими руками, трогать, пробовать и создавать модели, которые можно использовать в жизни.

конструировать из подручных материалов, делать проекты, которые развивают воображение и актуализируют знания и т.д.

организовывать командную работу (группы, пары, тройки), стимулировать необходимость коммуницировать, договариваться, искать общие решения, сотрудничать.

Основной фокус в организации урока состоит в том, чтобы показать, что все самые интересные проекты создаются на стыке наук. Речь идет о проектах, расширяющих представления об окружающем мире и улучшающих его жизнь. Например, своими руками сделать Солнечную систему, используя картон, пластилин и фломастеры. Так же из пластилина на листке картона можно сделать цветок из пластилина и подписать части цветка.

Интегрированный учебный процесс, включающий исследовательскую и предметно-практическую деятельность, позволяет детям лучше познакомиться с объектами неживой природы в области естествознания и способствует формированию естественно-научной грамотности учащихся.

На этом этапе мы формируем умение выделять проблему, четко формулировать вопрос, анализировать результаты работ. Развиваем умение делать простые опыты, умение конструировать своими руками из подручных материалов

Содержание данного этапа мы реализовали с помощью следующего задания – учащимся нужно было составить пирамиду питания. Дети работали в небольших группах. Для поиска информации учащимся использовали картинки с журналов, рекламных буклетов с изображением различной еды, также учебник и рабочую тетрадь. Учащимся раздали листы формата А3 со схемой пирамиды, и дети сами вырезали изображения нужных продуктов и приклеивали на схему

Таким образом, дети тренировались в овладении навыка классификации. После этого, дети обменивались кластерами и проверяли друг друга, находя лишний продукт. В результате этого поиска, нехарактерного элемента в определенной системе, дети понимали, что эти продукты объединяют какие-то общие черты, тогда как лишний имеет некие отличия. Это позволяет детям легче оперировать обобщающими понятиями (овощи – фрукты, вредное – полезное), делить предметы на группы, в зависимости от их характерных черт.

Ученики выполняли данную работу с огромным интересом. Работали слаженно, без споров, вместе обсуждали задание. Все четыре группы справились с заданием. Для закрепления группы обменялись кластерами, чтобы провести проверку. Работа в группах дает очень хорошие результаты, и детям интересно работать. Они обменивались идеями, мнениями, обсуждали.

Сегодня проблема формирования естественно-научной грамотности у младшего школьника является актуальной в практике общеобразовательных организаций и требует теоретического исследования.

Проанализировав научно-педагогическую литературу, мы уточнили понятие «естественно-научная грамотность», которое рассматривается как способность использовать естественно-научные знания, выявлять проблемы, делать обоснованные выводы, необходимые для понимания окружающего мира и тех изменений, которые вносит в него деятельность человека, и для принятия соответствующих решений.

Результатом образования сейчас должно являться не только усвоение школьниками каких-либо знаний и умений, но и их адаптация к постоянно изменяющимся условиям жизни и готовность к приобретению в будущем новых профессий, о которых сейчас мы можем лишь догадываться. Поэтому сейчас очевидна необходимость поиска и использования новых педагогических подходов, которые смогли бы обеспечить достижение этого результата. Одним из таких подходов можно считать развитие исследовательских навыков у учащихся.

Сравнительный анализ результатов диагностики констатирующего и контрольного этапов эксперимента позволяет говорить об эффективности данной методики. По исследуемым нами уровням естественно-научной грамотности у учащихся начальной школы, прослеживается положительная динамика результатов от констатирующего этапа эксперимента к контрольному.

Формирование естественно-научной грамотности на основе развития исследовательских навыков у учащихся начальной школы способствовало: созданию атмосферы активной интеллектуальной деятельности на уроках, формированию самостоятельности у учащихся начальной школы в выполнении заданий творческого характера, улучшению их познавательных и общеучебных умений, развитию навыков работы в команде.

#### **Список использованной литературы:**

Ногайбаева Г., Жумажанова С. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане. // «IT технология және STEM оқытудың маңызы» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы -Атырау, 2021,- 250 б

Тогжанова Ж.К. Глобальные тренды цифровизации в образовании: международный и отечественный опыт // «IT технология және STEM оқытудың маңызы» аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы -Атырау, 2021,- 250 б

Алексашина И. Ю., Абдулаева О. А., Киселев Ю. П.; науч. ред. Алексашина И. Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся: Учебно-методическое пособие //

Салямова, Ш. Р. Естественнонаучные знания как объект познания в начальной школе. // Молодой ученый. 2015. № 5 (85).с. 531-533.

## ТОЛЕГЕНИЙН МАЙРАГУЛ

*Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицейі*

### ЖАЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

«Ғылым, өнер – дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі»

Абай

Дүниежүзілік даму деңгейінен кем түспейтін, иық тірестіре алатын, алған білім мен тәрбиесін туған еліне, адамзат игілігіне жұмсай алатын, саналы азаматты жетілдіруде бастауыш сынып мұғалімдеріне жауапты міндет жүктеледі. Себебі ғылым- білімнің алғашқы іргетасы бастауыш сыныпта қаланатыны белгілі. Қиыны мен жеңілі, қызығы мен қуанышы мол болған ұзақ еңбек жолындағы өмірлік ұстанымым – әрқашан ізденісте, ой қозғалысында болу.

Бүгінгі өмір талбына сай Қазақстанның болашақ азаматы қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешім қабылдай білетін, шығармашыл болуы тиіс. Мұндай адам тәрбиелеу бастауыш мектепте басталып, әрі қарай орта буында жалғасын табады. Сондықтан оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстарына көп көңіл бөліп, іздене отырып, жұмыс түрлерін түрлендіре білу, қолайлы әдіс- тәсілдерді пайдалану, әрі жетілдіру оқу- тәрбие барысындағы көкейкесті мәселелер болып есептеледі.

Бұл міндетті жемісті орындау үшін оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру, шеберлікті шыңдау, озық әдіс-тәсілдерді өз тәжірибемде ұтымды пайдалана білуге тырысамын. Кейінгі жылдары «Жазу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары» атты әдістемелік шығармашылық тақырып бойынша жұмыс жасап жүрмін.

Шығармашылық – жаңалық ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі. Шығармашылық өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән. Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – шығармашылық. Мұғалім өз шығармашылығы арқылы оқушы шығармашылығын ұйымдастырады. Ал, **менің мақсатым** – оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру, баланың басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу. Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Негізгі **міндеттерім:**

Оқушыларды шығармашылыққа баулу, өз бетімен ойлау, жұмыс істеуге дағдыландыру;

Шәкірттердің ойлаған ойын жазуға үйрету, ой- қиялын дамыту, тынымсыз еңбек етуге. Оқушылардың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілетінің қыңдау, дамыту.

Оқыту барысында оқушылардың шығармашылығын дамыту жолдарын үшкебөліп қарастырдым:

- шығармашылық қабілеттерін дамыту ісін ерте бастан қолға алу;
- жүйелі түрде ұйымдастырылған шығармашылық әрекет жағдайында болу;
- ойлау және жазу мүмкіндігінің ең жоғарғы деңгейіне жету.

Бірізді қалыпқа түскен тапсырмалар оқушының оқуға деген қызығушылығын жоғалтып, ойлау мүмкіндігін шектейді. Ол қиялдау, салыстыру, дәлелдеу т.б. әрекеттеріне тұсау болады. Осы қиыншылықтардан қалай шығу керек? деген сауал мені толғандыра бастады.

Жазу жұмысы – оқу процесінің аса бір қиын саласы. Ол үшін үздіксіз көп жазып жаттығуды, жүйелі жұмыс бойынша істеуді керек етеді. Жалпы алғанда, жазусыз оқу тиянақты оқу бола алмайды. Жазу процесі кішкентай оқушы үшін аса қиын да күрделі жұмыс.

Мектепке алғаш келген балалардың жас шамасы қатар болса да түсінігі, қабілеттері әр түрлі.

Мысалы, біреуі тәртіпті, сезімтал бір нәрсені тез меңгерсе, енді бірі айтқанды қиын қабылдайды, ал енді біреуі жалқау болып келеді. Өйткені олар әртүрлі отбасынан, әртүрлі дайындықпен келген балалар. Соның нәтижесінде сыныпта білім дәрежесі, яғни сабаққа ынтасы төмен, оқушылар кездеседі. Мұндай оқушыларды толық үлгерімге жеткізуді міндетім деп санаймын. Бұл міндетті орындауда бағдарламадан тыс шәкірттерге қосымша тапсырмалар беріп отыруға тура келеді. (Әрине бұл жерде баланың денсаулығы мен қабілетін есепке алып) Дәлірек айтсам, 1- сыныптың алғашқы күнінен бастап тілді жаттықтыру үшін:

тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш жаттаттым. Бұл баланың еске ұстау қабілетін дамытады, және асыл сөзді ардақтап, ана тілін қадірлеуге баулиды. алғашқы әріп тану кезінде әрбір дыбысқа арнап суреттер жинақтаттым. Әркім өзінің әкелген суретіне қарап, сөйлем құрап, сол сөйлемдегі сөздерден таныс дыбыстарды тауып, оларға дыбыстық талдау жасайды. Немесе балаларға өздерінің жинақтаған суреттерінен жасалған үлестірме қима қағаз таратамын. Мұнда сурет жапсырылады, бос орынға суреттің атын балалар жазады.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді



Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, шапшаң, сезімтал, ештеңені жасырмай, нені болса да ашық еркін айтады. Бала қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде түрлі шығармашылық жаттығулардың рөлі зор. Күнделікті әрбір сабақты бір-біріне ұқсамайтындай етіп жоғары деңгейде өткізу баланың оқуға деген қызығушылығын тудырады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Мысалы, «Сөйлем және сөз» тақырыбына арналған сабақ болса:




1.«Жоғалған сөздер»

Күз  .  суыта бастады.


Жер  Күстар

2.Төмендегі әріптерді пайдаланып, аңлардың күстардың аттарын жаз.Н, Б, М, С, Р, Ы, Т, Қ, А, И, З, П, О, Д, Л.

3.Төрт буыннан тұратын сөзді ойла.



Бұндай жұмыстың пайдасы мынада:



4.Сөз құрастыр;


5.«Сандықтағы құпия сөз»

«Т»дыбысынан басталатын сөздер ойлау тапсырма беремін.

Та, то, ту т.б

Тау, тал, тон т.б

Тара, таға, таза т.бб.



«Өзің ұйқасын тап», Бұл тапсырманың баланың ойлауына, шығармашылығына жол ашары анық.

Мысалы: Кітап та күн секілді, Ғылым нұрын шашады.

Өрге бастап көшінді, Көңілінді.....

7. Берілген тұйық немесе ашық буынның бас – аяғына әріп қосу арқылы, бітеу буынды сөздер жазу тапсырма ұсынамын. Мысалы: «Үн» - күн, түн, жүн; «Ай» - май, шай, сай, тай, бай, лай;

«Та» - тау, тас, тар, там, тал, тат; «Кү» - күн, күз, күл, күш, күй, күт т.б

8. Бұл қандай аң, қандай құс? Аға + шал = ш...ғ а,

Сыр + болжа = ж...б с,

Одақ + қылт = то.....лд қ,

Қыр + бос = б...рс...қ сияқты.

Осындай тапсырмаларды әр сабағымда жиі қолданамын. Бұндай тапсырмалар баланың ойлауына, шығармашылығына жол ашады деп ойлаймын.

9. Бастауыш сынып оқушылары білімдерін тек іс- әрекеттер үстінде көзбен көру арқылы игеретіні белгілі. Яғни әр сабақтың қызықты, мазмұнды өтуіне ойындардың, дидактикалық материалдардың тигізетін әсері ерекше. Мәтінмен жұмыс, грамматикалық тапсырмалар орындауда «Қатесін тап!» ойынын қолданамын.

Ойын шарты: Берілген тапсырманың қатесін табу. Қателер тақырыпқа байланысты әр түрлі болады. Бұл жағдайда оқушы тақырыппен толық танысып, зерттеу жұмысын жүргізеді, өз ой- пікірін ортаға салып, өз көз-қарасын қорғайды Ондай болма!

«Қане, сабақ айт», - десең Жұмған аузын ашпайды.

қызығушылықтары артып, өздеріне берілген сұрақтарға тынымсыз жауап іздеп, күннен- күнге талпына бастайтыны байқалады.

Оқушы шығармашылығын дамытуда «Сын тұрғысынан ойлау» бағдарламаның пайдасы өте зор. Күнделікті сабақта «Ой қозғау»,

«Топтастыру», «5 жолды өлең», «Венн диаграммасы», «ББҮ» т.б.

стратегияларын қолданамын. Сабақ үрдісінде материалды салыстырып, қарама-қарсы қою әдісі арқылы да ұғындыру өз нәтижесін береді.

Сабақта белгілі бір тақырыпқа шығарма жаздырып, сол тақырыпта ізденуге тапсырма беремін.

Оқушылардың шығармашылық жұмыстары:

Менің досым


*Менің досым Айдос дос. Ол әдепті, ақылды. Ол анасына көп еркелейді. Біз бір-бірімізден білмегенімізді сұрап, қиындықты жеңе білуге тырысамыз. Екеуіміз де оқу озаттарымыз.*

*Мен оның адалдығына ризамын. Сынып оқушылары одан үлгі алады, оған ұқсағысы келеді.*

Құдрет Бақдаулет

Оқытудың осындай тиімді тәсілдерін сабағымға енгізу арқылы төмендегідей жетістіктерге қол жеткіздім.





Қорыта айтқанда өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдардың қолынан келмек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, өз бақытын сезінуге мүмкіндік әпереді.

## ЕРНАЗАР ШЫНАР ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

*«№ 82 «Дарын» мамандандырылған лицей» КММ, директордың бастауыш сыныптар бойынша орынбасары*

### ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІ

Дарынды бала дегеніміз кім?

Өз қатарларынан әлдеқайда дамыған, ерекше зейіні бар, белгілі бір іс-әрекет бойынша асқан қабілеттілік танытып, жоғары жетістіктерімен дараланатын бала. Дарынды оқушымен жұмыс істеудің негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру.

Дарынды балалармен жұмыс істеу дарындылықты айқындаудан басталады. Ол үшін алдымен бала бойындағы қабілеттілікті, бейімділікті тани білуіміз қажет. Ғылыми зерттеулерде баланың әр кезіндегі қабілеті, белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезінен белгілі бола бастайтыны дәлелденген.

Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оянып келе жатқан қабілетінің алғашқы белгісі. Ал қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілет әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттің түрін дарындылық деп атайды.

Дарындылық – табиғаттан берілетін ерекше қабілет. Өмір сүретін орта, берілетін білім мен тәрбие осы ерекше қабілеттің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлде өшіреді. Дарындылық – көпқырлы. Ағылшын ғалымы Ж.Рензуллидің анықтамасы бойынша: «Дарындылық – бала бойындағы интеллектуалдық қабілеттің, шығармашылық қабілеттің және табандылықтың болуы». Дарындылықты анықтау – өте күрделі процесс. Ол психологиялық – педагогикалық шаралар арқылы жеке тұлғаның болашақтағы табыстарын үздіксіз бақылау мақсатында жүргізіледі.

Оқушының дарындылығын анықтауда төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданамыз:

- баланың отбасы жағдайын зерттеу;
- шығармашылық қабілетін анықтау
- сауалнамалар, психодиагностикалық тренингтерді өткізу;
- ата-анасымен әңгімелесу;
- пәндік олимпиадаларға, ғылыми жоба жарыстарына, пікір сайыс ойындарына қатыстыру;

Дарындылық үш бағытта анықталады: интеллектуалды дарындылық, шығармашылық дарындылық, лидерлік дарындылық.

Интеллектуалды дарындылық баланың ойының ұшқырлығымен ерекше есте сақтау қабілетімен, байқағыштығымен айқындалады. Интеллектуалды дарындылығы бар бала қиналмай-ақ және талаптанып оқиды, өз ойын жүйелі жеткізе алады. Ол әр істе өз біліміне сенімді болады. Оны қиын тапсырмалар қызықтырады.

Шығармашылық дарындылық баланың өз қызығушылығы, өмірлік позициясымен айқындалады. Ол көбіне тәуелсіз, өзі әрекет жасайды және ісінің нәтижесін көре алады. Нақты жағдайлардың шешімін таба біледі, көркем өнер оқулары мен ойындарға бейім келеді.

Лидерлік дарындылыққа жаңа жағдайларға жылдам қалыптасу, өзге балалардың оны таңдауы, ойындар мен шараларды басқара алуы, үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынасқа оңай түсуі, жауапкершілік сезімнің басымдығы тән.

Интеллектуалды дарынды баланың бойынан табылатын асыл қасиеттердің, өмірге құштарлық, биік ізгіліктің бәрінің кілті – мыңды жығатын білімінде. «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген ұлы Абай ақын. Бұл сөздер еш уақытта өз мәнін жоймақ емес. Баланың бойындағы күш қуаты жеткілікті, шын дарынды екеніне

сендіру – ұстаз бойындағы күдіретті күш, өйткені сенім үлкен жеңіске жетелейді.

Көрнекті психолог Л.С.Выготский «баланың кешегі күнгі дамуына емес, ертеңгі күнгі дамуына қарау керек деп ескертеді». Бала дамуының дербестік, шығармашылық таным әрекеті, логикалық ойлау дәрежесі сияқты негізгі белгілерін біліп, жеке дара жұмыстар жүргізу арқылы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болады. Баланың оқуы мен психикалық дамуының бастапқы негіздері бастауыш сыныптарда қалыптасатындықтан, әр тұлғаның бойындағы қабілет, дарынды ашу арқылы оның мүмкіндігін дамыту керек.

Дарынды оқушыға сенім білдіре отырып жүйелі жұмыс жасау, баланы үнемі ізденіске жетелейді. Баланың жетістігін мақтай отырып, өз ісінің нәтижелі болуына және оны талдап анализ жасауына ықпал жасау керек.

#### Дарындылық ұстанымы

Сен «білуге міндеттісің» демей, «Сенің қолыңнан келеді!» ұстанымы;

Белгілі жағдайдан, белгісіздікке бетбұрыс жасау қағидасы;

Іс-әрекет нәтижесіне емес, сол нәтижеге жету барысындағы қуаныш!

Баланың қиялын ұштай отырып, сұрақ қоя білуге үйрету!

«Қателеспейтін адам болмайды» қағидасына үйрету!

Болашаққа бейімдеу;

Дамыта оқыту;

Жеке ғана емес, әлеуметтік ойлау қабілетін дамыту!

Дарынды баламен жұмыс жасауда мектеп ұстаздары мынандай жұмыс түрлерін қолданады:

1. Дарынды оқушының қызығушылығына байланысты икемді және ұтқыр жоспар құрады;

Жеке пәндерді оқытуда тәуелсіз қозғалыс жасайды;

Дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал етеді;

Баланың қызығушылығына әрі табиғатына қарай зерттеу жұмыстарына баулиды;

Пәндік олимпиадалық жұмыстарға дайындайды;

Қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан дебаттарға, пікір – сайыс яғни интеллектуалды ойындарға дайындайды.

Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда ұстаздар мынандай мәселелерге баса назар аударады:

1. Пән сабақтарында шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу, орындау, талдау жұмыстарын жүйелі жүргізуге;

2. Дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыруға;

3. Сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға - пәндік олимпиада, зерттеу жұмыстарында, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға

дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы жүргізуге.

Біздің лицейімізде де әр оқушының қабілет, бейімділігін анықтауда жан-жақты жұмыс жасап, нәтижесіне қарай оқушы белгілі бір бағытта дамытып, дарындылығын ашу жүйелі жолға қойылған. Мектеп психологы, ата-ана, мұғалімдер бірлесе отырып, сауалнамалар алып, психодиагностикалық зерттеулер жүргізіп, оқушының шығармашылық қабілетін анықтап, сол бағытта дамытушылық жұмыстар жүргізеді. Пән олимпиадасын 2-сыныптан бастап жүргізіп, 4-сыныпта болатын пәндік олимпиада резервтерін анықтап алып, кестеге сай, жүйелі дайындап отырады. Олимпиадалық резерв мектебіндегі оқушылардың жыл сайынғы жетістігіне мониторинг жүргізіліп, әдістемелік отырыста қаралып, алдағы жұмыстар жоспары жасалады.

«Зерде» зерттеу жұмысына оқушы таңдағанда да дарындылықты анықтаудың нәтижесіндегі бала бейімділігін басты назарға аламыз. «Сүйіп істеген іс шаршатпайды» дегендей бала өзі қызығатын нәрсені ғана соңына дейін жеткізіп, мақсатты түрде жұмыс жасап, нәтижеге қол жеткізеді

Бала қаншалықты дарынды болса да, оны оқыту керек екенін ұмытпау қажет. Оларды тұрақтылыққа, еңбек етуге, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету керек. Дарынды бала қысымды, шеттетуді, айқай-шуды көтермейді.

Таланттарын дамыту үшін дарынды балалар өз уақытын еркін жұмсап, кеңейтілген оқу жоспарымен оқытылу керек. Бала өз мұғалімі жағынан назар аудару мен индивидуалды қолдау көрсетуді сезуі қажет. Бұл жерде нені емес, қалай оқыту маңызды болып табылады.

Әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы.

Әрбір ұстаздың дана халқымыздың «Бұлақ көрсең көзін аш» деген ұлағатты сөзін басты назарда ұстап, дарынды баланы тани білуі, дұрыс бағыт бағдар беріп, қолдап, дамытуы шарт.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Ү.Б. Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. «РАД иАЛ» баспасы «Алматы» 2005.
2. Елубаев А.О. Дарынды оқушыларды тану ерекшелігі. — Дарын, 2009.
3. Исабекова А.К. Дарынды балаларды айқындаудың тиімді жолдары // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде, 2010.
4. Ерматов Ш.Р. Дарынды балаларға арналған мектеп оқушыларының шығармашылық белсеңділігін дамыту туралы // Білім. — Образование, 2009.

### **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Баланы оқу - тәрбие үрдісінде дамыту мәселесі - бұл көп жылдар бойы көптеген ғалым психологтардың, педагогтардың, практик-мұғалімдердің пікірталас тудырып келген және бүгінге дейін күн тәртібінен түспей жүрген мәселесі.

Психологиялық-педагогикалық бағыттағы әдебиеттерге сүйенсек, баланың жалпы дамуы негізгі үш факторға сай жүзеге асады.

- 1) Биологиялық фактор.
- 2) Әлеуметтік орта немесе қоршаған орта.
- 3) Тәрбие, яғни оқу-тәрбие үрдісі.

Көптеген ғалым-педагогтардың, практик-мұғалімдердің тәжірибесіне сүйенсек, оқу-тәрбие үрдісі негізінде дамыту мәселесінде басты ролді ең алдымен, оқушылардың өз бетімен әрекеті, белсенділігі атқарады.

Себебі, қанша сапалы болсын, не мұғалімнің білімі, тәжірибелік шеберлігі мол болсын, бірақ бала тарапынан өзіндік белсенділік, әрекет болмаса, жұмыстың нәтижелі, сапалы орындалуы мүмкін емес.

Сол себепті де оқушының өзіндік әрекетке бағыттайтын өз бетімен жұмыс, оның түрлері, бала дамуындағы орны сияқты мәселені қозғауды жөн көрдім.

Кезінде өзіндік жұмыстың бала дамуындағы ролін жете көре білген және ол жөнінде еңбек жазған қазақ зиялыларының бірі ағартушы- ғалым Ахмет Байтұрсынов. Оның «Қазақша оқу жайынан» атты еңбегіндегі пікірі бойынша бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің қызметі -оның білімінің шеберлігін ұзақ жолды қысқарту үшін, ол жолдан балалар қиналмай, оңай өту үшін, керек білімін кешікпей, кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек.

Бастауыш сыныптарда өз бетімен жұмысты ұйымдастыруда оның бағдарлама мазмұнына талапқа сай келуі, түрлі мазмұнда және формада көрініс табуы, оқушыны шығармашылық бағытта жұмыс істеуге бағыттауы сондай-ақ бағаланып, марапатталуы сияқты мәселелерге мән беріледі.

Өз бетіндік жұмыс- бұл шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін оқушылардың өз бетіндік жұмыссыз дамыту мүмкін емес.

Бастауыш мектепте өз бетіндік жұмысты тиімді ұйымдастыруға жол ашатын қолайлы жағдай- оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес өзіндік ерекшеліктері. Өйткені, бұл жастағы баланың ойлау қабілеті жоғары және қиялдау, елестету, шығармашылық жұмыстарға талпынысы басым болады.

Сол себепті, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың маңызы өте

зор. Сол арқылы оқушылардың іс- әрекетінің дербестігі артады.

Профессор Р.Г.Лембергтің пікірінше, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру мына шарттарға байланысты: оқушылардың істейтін жұмысының мақсатын айқын түсінуі; жұмыстың жемісті аяқталуына, оның алдағы нәтижесіне қызығуы; жұмысты оқушылардың өз еркімен, қалауымен орындауын көздеу керек.

Оқушылардың таным әрекеті білім алу қажетімен де ұштасады. Осыған орай олардың дербестігі ең алдымен, белсенділікке байланысты, ол белсенділік дербестікті қажет етеді. Оқушылардың өздігінен істейтін әрекеті оның белсенділігін арттырады. Бұл екі термин өзара ұқсас болғанымен, олардың мазмұнында, айырмашылық бар. Қысқаша айтқанда, бұлар бір мағынадағы ұғымдар емес. Белсенділік дербестікке қарағанда мағынасы кең ұғым.

Осыларды ескере келе, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруда төмендегідей әдіс-тәсілдерді пайдаландым:

- проблема тастап оқыту,
- сұрақ-жауап,
- талдау-жинақтау,
- сөздік жұмыс,
- топтастыру.

Өз бетімен жұмыс түрлеріне қатысты материалдарды саралау және тәжірибесінің көрсеткіші ретінде оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсетін өз бетімен жұмыс түрлеріне төмендегі негізгі үш жұмыс түрлерін жатқыздым:

- 1) Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар;
- 2) Берілген тапсырманы түрлендіру бағытындағы жұмыс түрлері;
- 3) Өз ойын ын еркін құрастыруға тақырыпқа берілген әдеби-шығармашылық бағыттағы жұмыстар;

1) Логикалық дамытушы ойындармен берілген тапсырмалар құрастырмалы ойындар, ребус, сөзжұмбақ, анаграмма, сөздік жұмыстар пайдаландым. Соның ішінде сөздік жұмыстарының маңызы зор. Сөздік жұмысы оқушының тілін байыту жолдарының бірі екені белгілі. Сөздік жұмыс оқушының жаңа сөздер үйренуде бұрын білетін не түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ, сөйлем құрауға материалдар береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға шығарма жазуға көмектеседі. Сондықтан да кез-келген сабақта сөзбен жүргізілетін жұмысты әрқалай түрлендіруге болады. Сөзге қатысты түрлі ойындар, сөзжұмбақтар, басқатырмалар беріледі. Бұл жұмыстар баланы бір жағынан ойландыруға жетелесе, екінші жағынан қызығушылығын оятып, шығармашылық белсенділікке ынталандырады.

Тапсырмалар:

- а) Оңнан солға қарай оқылса да, солдан оңға қарай оқылса да өзгермейтін бес әріптен тұратын жеті сөз ойлап табу.
- ә) Оңнан оқыса да, солдан оқыса да өзгермейтін, үш әріпті он сөз ойлап жазу.

нан как көк тұт іні

шаш кек тот сұс құқ

Кейбір сөздерден сөз тіркесін жасап, мысал келтіру.

(сұс көрсету, құқ қорғау)

б) Сөзден сөз шығару.

Кемпірқосақ (қосақ, кемпір, кем, қос, пір, сақ, ақ, ем)

Дөңгелек (дөң, өң, дөңгеле, еле, кел, лек, ек, ел)

в) Берілген буындардан сөз құрап жазу. Найзағай, терезе, балапан.

Ұршық, орындау, көше, жалау. г) Жұмбақ шешу (тіс, киім, кірпі, ірімшік, ілгіш)

Қорыта айтатын болса, оқушылардың өздік жұмысын ұйымдастыруда басты назар аударатын мәселе- оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап етемін. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

А. Байтұрсынов. «Қазақша оқу жайынан»

М. Жұмабаев Педагогика

**АЙТЖАНОВА БИБИГУЛЬ КАКИМОВНА**

*Учитель начальных классов школы-гимназии № 65*

### **«РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОГО БОГАТСТВА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ»**

В данной статье представлены задания по литературному чтению для учащихся 2 классов с особыми образовательными потребностями. Задания соответствуют основным разделам учебной программы, предназначены для дополнительного индивидуального использования в классе и домашней работы.

Цель предмета «Литературное чтение» - овладение осознанным, правильным, беглым и выразительным чтением как базовым навыком; развитие художественно-творческих и познавательных способностей, обогащение нравственного опыта. На уроках чтения решаются как общеобразовательные, так и специфические, коррекционные задачи обучения детей. Учащиеся имеют низкий навык чтения, не сформирована связная речь. Перечисленные трудности, связаны с заболеваниями учащихся, многие из них в силу своего диагноза не усваивают программный материал, следовательно, требуются специально разработанные задания, соответствующие ГОСО РК и адаптированный материал с учетом возможностей учащихся. Планируя урок, задаешься вопросом: «Какое задание подготовить для ученика с ООП, чтобы проверить знания, но при этом повысить его интерес к предмету?» Следовательно, каждое задание должно быть составлено индивидуально. Изучение научных трудов известных педагогов, чтение публикаций, применение интернет-ресурсов в практической работе, учет психологических

особенностей учащихся стали основой для подбора заданий.

Разработанные задания для учащихся с ООП создадут благоприятную среду, будут соответствовать их интеллектуальным способностям и индивидуальным возможностям. Материал в занимательной форме и небольшом объеме повысит мотивацию, создаст ситуацию успеха, интерес к предмету. Актуальность подобранных заданий востребована и необходима учителю для дифференцированного включения ученика в учебный процесс в соответствии с его возможностями.

Перечислю типичные трудности по предмету у учащихся: установка последовательности и причинности событий в сложном рассказе, сказке; выборочное чтение текста, характеристика героя, события; оценка поступков действующих лиц, близкие опыту учеников; выявлять их мотивы; определять основную мысль произведения, переживания героев, своё отношение к ним; находить в произведении меткие слова и выражения, изображающие события и героев; представлять прочитанное и рисовать «словесные картинки» к тексту, сочинять продолжение сюжета. Названные трудности индивидуальны, ученику с ООП требуются задания, направленные на их преодоление, но в более адаптированной форме.

### Виды заданий, адаптированных для учащихся с ООП.

<p style="text-align: center;">Давайте вспомним ...</p> <p>«Не откладывай на завтра то,.....».</p> <p>«Любишь кататься, люби и ...».</p> <p>«Не имей сто рублей, а .....».</p> <p>«Не рой другому яму – сам ....».</p> 	<p><b>Критерии:</b> прочитать пословицы, продолжить пословицы, объяснить смысл одной пословицы.</p> <p><b>Дескриптор:</b> прочитает пословицы, назовет продолжение пословицы, объяснит смысл одной из пословиц.</p>
<p>«Подбери к тексту пословицу.»</p> <p>Папа сказал Саше и Маше, что завтра они пойдут в театр смотреть интересную сказку. Надо пораньше встать, все вовремя сделать, чтобы не опоздать к началу спектакля.</p> <p>Маша встала рано, умылась, оделась, быстро покусала. Саша долго лежал в постели, плохо ел кашу, и у него совсем не оставалось времени. Спешит Саша, одевается. Наконец все вышло из дома. Посмотрела Маша на Сашу и засмеялась: на шапке у Саши нет дырочки. Он шапку надел наизнанку, а ботинки в разные стороны смотрят</p> <p>.....</p> <p><b>Пословицы:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>« Не спешь языком, а спешь делом.</li> <li>« Песней поле не вспашешь.</li> <li>« Поспешишь – людей насмешишь.</li> </ul>	<p><b>Критерии:</b> прочитать текст, объяснить значение пословиц, подобрать пословицу к тексту.</p> <p><b>Дескриптор:</b> прочитает текст и пословицы, объяснит их значение подберет пословицу к тексту</p>
<p><b>К какому сказочному герою подходит пословица?</b></p> <p>Наш пострел везде поспел.</p> <p>Ему на хвост не наступишь.</p> <p>Берегись бед, пока их нет.</p> <p>Осторожность – мать мудрости.</p> <p>Язык мой – враг мой.</p> <p>Нет лучшей доли, чем поесть вволю.</p> 	<p><b>Критерий:</b> прочитать пословицы, объяснить их значение; дать характеристику героям; подобрать пословицу к сказочному герою.</p> <p><b>Дескриптор:</b> прочитает пословицы, объяснит их значение; даст характеристику героям; подберет пословицу к сказочному герою.</p>





Дети младшего школьного возраста опираются на зрительное восприятие и наглядно-образное мышление, поэтому подобные задания дают учащимся возможность для усвоения знаний.

Данные выше задания были использованы в учебном процессе с учениками 2 класса с ООП и дали положительный результат. Это несколько видов предлагаемых заданий.

Приобретаемые умения оказывают положительное влияние на развитие многих учебных навыков, обеспечивает развитие мышления и эмоциональное состояние ученика (радость от успеха полученного результата). Это в свою очередь влияет на развитие речи, интеллекта. Индивидуальные посильные задания по литературному чтению будут способствовать повышению восприятия материала, пробуждать у детей интерес к словесному творчеству и чтению художественных произведений.

### **Используемая литература:**

Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27.07.2007 № 319-111

Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденная Указом Президента РК от 07.12.2010 №118//Каз.правда-2010 №153-154-с.10-12

Учебное пособие «Литературное чтение» для 2 класса. Богатырева Е.В., Остроухова Н.А., Регель Н.В., Труханова О.И. «Алматыкитап баспасы», 2017

Агавона Е.Л., Алексеева М.Н., Алехина С.В., «Готовность педагогов как главный фактор успешности инклюзивного процесса в образовании» М., 2011-с.302

Байменова Б.С. «Развитие инклюзивного образования в Казахстане» Алматы: Эпиграф, 2017-148 с.

Конашенкова К.О. «Проблематика инклюзивного образования»// Молодой ученый-2017. №3-с.564-566

Шварц Л.Е., Резникова Е.В. «Обучение детей с особенностями развития по технологии интегрированного обучения при внутренней дифференциации в общеобразовательном классе»: «Образование-2006»-Челябинск ИИУМЦ

Интернет-ресурс [www.oranges.mite.com](http://www.oranges.mite.com)

Интернет-ресурс [www.detiam.com](http://www.detiam.com)

Интернет-ресурс [www.labyrinth.ru](http://www.labyrinth.ru)

Интернет-ресурс <https://piskimage.ru>

Интернет-ресурс <https://ru.depositphotos.com>

Интернет-ресурс <https://ollforkids.ru>

Интернет-ресурс [www.pinterest.com](http://www.pinterest.com)

<https://ihappymama.ru/iq/zagadki/zagadki-pro-sport/>

## ЖАҢАШЫЛ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ОНЫҢ ОҚУШЫЛАДЫҚ ДАМУ ДЕНГЕЙІНЕ ЫҚПАЛЫ

Заманауи білім беру жүйесіндегі өзгерістер педагогтың біліктілік және кәсіби деңгейінің яғни кәсіби құзыреттілігінің дамуын қажет етеді. Еркін ойлайтын, өз жұмысының нәтижесін болжап, білім беру үдерісін алдын ала жасай алатын педагог заман талабына сай мақсатына жете алады. Сондықтан да қазіргі уақытта білікті, бәсекеге қабілетті мұғалімге сұраныс артып отыр. Мұғалімнің оқушыны тәрбиелеуге және дамытуға бағытталған күнделікті жұмысы маңызды. Оқушыны біліммен қамтуға мүмкіндік беретін озық іс- тәжірибелерді зерттеу.

Сын ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Эдвард Глейзер (1941) сын тұрғысынан ойлау қабілеттілігі үш элементтен тұратындығын болжап берді: 1.Проблемалар мен мәселелерді шешу кезінде өз тәжірибесін қалыптастыруға ықпал ететін ойлау үдерісін жүзеге асыру. 2. Логикалық зерттеу мен пайымдау әдістерін білу. 3. Осы әдістерді қолданудағы тәжірибелік дағдылар.

Сабақтарда сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда қолданылатын жаңашыл әдіс- тәсілдер сабақта тиімді, қызықты және шығармашыл, ең бастысы- нәтижелілікке бағыттайды. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйрету үшін жүргізілетін жұмыс- оқыту үрдісін тұлғалық-бағдарлылыққа негіздейді,білімдік міндеттерді құрып, шешуге, зерттеушілік, ақпараттық коммуникативтік, шығармашылық қабілеттерін дамытып қалыптастырады.

Тақырыпты ашу « **Адасқан әріптер**»әдісі тақырыптың құпиялылығын сақтап оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін осы әдісті қолдануға болады.Мыс: «Топырақ » тақырыбын ашу үшін, әріптердің орнын (басқаша ретпен қою) ауыстырып беремін. Оқушылардың құрастырған сөздерінен нақты тақырыпқа жетелеу үшін сурет, бейнежазба көрсетуге болады.

Тақырып бойынша танымдық білімді анықтау “**Акроним**” әдісі Оқушылардың тақырып бойынша өздерінің бұрыннан не білетіндерін түсіну үшін тақырыптағы ұғымның әрбір әрпіне қатысты сөздер жазуын өтінемін, олардың жазуына орай тақырыпқа қатысты білімдерінің деңгейін анықтай аламын.

Мыс: Т- тіршілік О- оттегі П-пайдалы Ы-ылғалды Р-реңді  
А-ауа Қ-құм

«**Дейін, кейін**» кестесі Мақсаты: оқиғаны болжау, білетін және білмейтін деректерді салыстыру,өз пікірлерін көрсету, қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастырады.

Қалай қолданамын: сабақтың 1 кезеңінде білімдерін өзектендіру үшін, және ой толғаныс кезінде салыстыра қорытынды шығару үшін қолданылады.

«Дейін» және «кейін» кестенің екі бағаны толтырылады. «Дейін» бағанына оқушылар тақырып бойынша өз пікірлерін, міндеттердің шешімі туралы, болжамдарды жазады.

«Дейін» бағаны сабақ соңында оқыған жаңа материал, оқыған мәтін бойынша толтырылады. Әрі қарай оқушылар «дейін» және «кейін» мазмұнын салыстырып қорытынды жасайды.

**«Идеялар себеті»** Сабақ тақырыбы бойынша оқушылардың білімін анықтау мақсатында өткізуге болады. Топтық жұмыс. Әрбір топ осы тақырып бойынша өз тұжырымдарын ұсынады.

Топырақ- бұл ..... -жер, -өсімдік өсетін жер, -зат, -құрғақ, -тұратын жер, -тұратын жер. т.б.

Әрбір топтың идеялары себетке толтырылады, тақтаға жазылып отырады немесе себет суретін іліп, оқушыларға стикерлерге жазып себет үстіне жабыстырылу ұсынылады.

Сабақтың мақсатын анықтау үшін **«ББҮ» кестесі**

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Мақсаты: Оқушылардың білетіндері мен білмейтіндерін ұштастыру, өздерінің білімдеріне қызығушылық таныта қателіктерін көруге мүмкіндік береді.

Қалай қолданамын: оқыту балалардың берілген тақырып бойынша білетіндерінен басталады. Қызығушылықты ояту кезеңінде қарастырылатын тақырып бойынша білетіндері жазылады. Ал, тақырыпты зерделеп мағынаны тану кезеңінде оқушылар кестенің екінші бағанына осы тақырып бойынша өздерінің әлі де не білгілері келетіндерін, туындаған сұрақтарын жазады. Сабақтың қорытынды кезеңінде оқушылар екінші бағандағы сұрақтарына жауап алса үшінші бағанға сол сұрақтардың жауаптарын жазады. Бұл әдістің тиімділігі сабақтың өн бойында қолданып барлық атқарылған істерді жүйелеуге көмегін тигізеді.

**«Мюнстенберг» әдісі** Бұл әдістеме зейіннің таңдамалылығын анықтауға бағытталады, сонымен қатар жұмысқа толық кірісуге ойды шоғырландыруға және тақырыптың анықтамасын немесе мақсатын ашуға да көп әсерін тигізеді.

Нұсқау: Көптеген әріптердің ортасында тұтас сөздер бар.

Міндет: тез оқып отырып, сол сөздердің астын сызу керек. Мысалы:

ТРКУМӘТІНКРНФТМАҒЫНАРККНЖАҒЫНАНДРЦҚӨЗАРАТПЦЧБАЙЛАНЫ  
СТЫХРКУДРЕКІБББНЕГГДОДАНСТРДАЧЦКРКӨПБДШКРНКУВСӨЙЛЕМНЕ  
НЗДШКНКЗҚУРАЛАДЫЦКПМӘТІНГЕБРШБДАТЗЦРҚОЮҒАЖРКБОЛАДЫЖ  
РТБ

**«Мандайдағы он сұрақ» әдісі** Мақсат: сұрақ қою дағдысын, нақтылау мен диалогтың маңыздылығын түсінуге бағыттау және «жіңішке», «жуан» сұрақтарды ажыратуға мүмкіндік береді.

Қалай қолданамын: Бір оқушының мандайын стикерге жазылған жасырын сөзді немесе оған көрсетпей бір затты жасырамын, сол затты «йә», «жоқ» деп жауап беретін сұрақтар қою арқылы тауып алу керек.

**«Шатасқан тізбектер» әдісі** Мақсат: назарлары мен логикалық ойлауларын дамытуға әсерін тигізеді. Қалай қолданамын: сыныпқа алдын –ала тізбегі шатасқан мәтіндер беріледі. Оқушыларға тізбенің дұрыс орналасуы мен себеп-салдарын құру ұсынылады.

Мысалы: қасиет Бауыржан Ептілік ерге Момышұлы пен тән ерлік -

Үй тапсырмасын тексеру әдістері: **«Өрмекші» әдісі** Бұл әдіс белгілі бір тақырыпты, тиянақтау үшін қолдануға болады. Мұғалім қолына бір шумақ жіпті алып жіптің дөңгелек тұсын тыңдаушының біріне бағыттай сұрақ қояды, қағып алған оқушы жауап беріп оны әрі қарай өз сұрағын қоя бағыштайды, солай жалғаса береді. Уақыт жеткілікті болған жағдайда жіпті кері қарай лақтыра сұрақ қоюды жалғастыруға болады.;

“Карусель” әдісі (айна); “Серпінді сұрақ” әдісі (доп); “Атқосшы мен арба” (стикер)

“Ортадағы қаламсап” (5-10 баланың қаламын жинап алу сұрақ-жауап )

**“Синтез кестесі”** арқылы түсіндіру мақсаты: ақпаратты рефлексивті қабылдауы, талдауды қалыптастырады. Оқушының мәтінмен диалогқа түсуіне жетелейді.

Мәтіннің түйінді кезеңдері (хабарлама)	Назар неге аударылды?	Неліктен осыған пікірім мен назарым аударылды?(талдау)

**“Т кестесі” әдісі**

Жақсы жақтары “+”	Кері жақтары “-”

**«551» стратегиясы**

5 адамнан құрылған топ тақырып бойынша

5 идеяны ұсынады, соның ішінен ең тиімді

1 таңдап, «Ыстық орындық» әдісі арқылы әзірлеп соны қорғайды.

**«ИНСЕРТ» әдісі** Бұл әдіс мәтінмен жеке жұмыс істегенде нақты ойлануға мүмкіндік беретін әдіс. Тақырыпты толық зерделеуге, мағынасын тануға, туындаған сұрақтарын жазуға көп үлесін тигізеді. Ойлануға, өзіндік жұмысқа әрбір сөздің мағынасын түсінуге дағдыландырады.

«V»–бұрыннан білемін	«+» жаңалық	«-» басқаша ойладым	«?» сұрағым бар

**Кері байланыс**

«Екі жұлдыз, бір тілек»

«Үш минуттық үзіліс»

«Шабадан, етартқыш, себет»

«Аралдар»

«Аяқталмаған сөйлем»

Шабадан, еттартқыш, себет Не маңызды, нені аласыз? Нені әлі оқу керек? Не қажет емес, себетке саласыз?

«Аяқталмаған сөйлем» Оқушылар сөйлемді жалғастырулары керек:

-Мен .... қатысты көз қарасымды өзгерттім

-Мен .... туралы көп білдім.

-Мен ... таң қалдым.

-Мен .... сезімде болдым.

-Мен .... салыстырдым.

- Мен .... үшін уайымдадым.

«Галлерейны шарлау» әдісі Мақсаты: өзара оқыту әдісі, оқушылар бір- бірін оқыту, үйрету, топ алдында қорғауға жаттығу, сыни бағалау қабілеттерін шыңдау.

Қолданылуы: Оқушылар өздерінің жасайтын жұмыстарын қабырғаға іліп, басқа оқушылардың қарауына, галлерейны шолуына мүмкіндік береді, ал басқа оқушылар қарай жүріп, стикер немесе жұлдызшалар арқылы өз бағалаулары мен пікірлерін ұсына алады.

«Синквейн» әдісі тақырыпты жүйелеуге, түйінді сөзбен тиянақтауға, ойын нақтылауға мүмкіндік береді. Мысалы:

Міржақып

Ақын, оқымысты

Шақырды, оқыды, жазды

Халқын өнер, білімге шақырды

Қайраткер

«Жуан және жіңішке сұрақтар» Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою дағдыларын дамыту үшін қолданылады. Оқушының қойған сұрағынан білімін, тақырыпты түсіну барысын байқауға болады. Қолданылуы: «Жіңішке» сұрақтар – репродуктивті сұрақтар, бір жауапты талап етеді. «Жуан» сұрақтар-ойлануды, қосымша білімді, талдау қабілетін талап ететін сұрақтар. Басты мақсатқа жету үшін сабақта кесте қолданған жөн.

Жіңішке	Жуан
Кім? Не?	Түсіндіріңіз неліктен...?
Қашан?	Неге сіз олай ойлайсыз....?
Келісесіз бе?	Басқаша қалай болуы мүмкін?
Болды ма?	Айырмашылығы неде?
Дұрыс па?	Неліктен сіз солай ойлайсыз?

“Де Бонның алты қалпағы”

Берілген қалпақтардың біреуін таңдап және сұрақтарға жауап беруге болады.

Ақ қалпақ-Мен/біз не білдік?

Сары қалпақ-Маған/бізге не маңызды болды?

Қызыл қалпақ- Мен/біз қандай әсер алдық, көңіл-күйіміз қандай?

Жасыл қалпақ- Мен/біз қаншалықты Шығармашыл, креативті болдық?

Қара қалпақ- Мен/біз неге қол жеткізе алмадық, қандай кері әсер болды?

Көк қалапақ- Менің/біздің жұмысымыздың негізгі нәтижесі қандай?

Ұсынылған әдістер сабақ үрдісін өзгертуге ,жүйелі тиімді деп саналған әдістер.

**АЛЬМАГАНБЕТОВА АНАР ОСЕРҚЫЗЫ**

*56 мектеп-лицейі*

## **ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ**

XXI ғасырда оқытудың тиімділігі оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушысының танымдық белсенділік деңгейіне тікелей байланысты екендігі айқын бола бастады. Осы орайда, Т.Д.Марцинковскаяның ең алдымен «белсенділік» терминін қарастырып, содан кейін «танымдық белсенділік» ұғымын нақтылауға жүгіну керек дегенін қолдаймыз. «Белсенділік» ұғымы психологиялық-педагогикалық теория мен практикада кеңінен қолданылғанымен, зерттеушілер түрліше анықтама береді. Бірі белсенділікті іс-әрекеттің нәтижесі деп санайды, ал кейбірі белсенділікті іс-әрекетпен анықтайды, ал басқалары белсенділік іс-әрекетке қарағанда кеңірек ұғым деп санайды.

Орыс тілі сөздігінде белсенді ұғымының іс-әрекет, жігерлі, дамып келе жатқан деген мағыналары бар [1, б.115]. Әдебиетте және күнделікті сөйлеуде «белсенділік» ұғымы көбінесе «іс-әрекет» ұғымының синонимі ретінде қолданылады. Дәстүрлі түрде физиологиялық мағынада «белсенділік» ұғымы тірі заттардың жалпы сипаттамасы ретінде қарастырылады. Тіршілік иелерінде белсенділік дамудың эволюциялық процестеріне сәйкес өзгереді. Жеке тұлғаның маңызды сапасы ретінде адамның белсенділігі қоршаған шындықты өз қажеттіліктеріне, көзқарастарына, мақсаттарына сәйкес өзгерту мүмкіндігі ретінде ерекше мәнге ие болады.

А.Н.Леонтьев атап өткендей, белсенділік – тіршілік иелерінің сыртқы және ішкі ынталандыру – тітіркену әсерінен өздігінен қозғалыс жасап, өзгеру қабілетін көрсететін ұғым [2, б.135].

Психолог Н.Н.Поддъяков «Балалар іс-әрекетінің екі түрі бар: баланың өзіндік белсенділігі және ересектер ынталандыратын белсенділігі» дейді [2, б.137].

Белсенділікті анықтау нұсқаларын зерттей отырып, енді танымдық белсенділік ұғымын қарастырған жөн.«Танымдық белсенділік» категориясы «ойлау әрекеті», «шығармашылық белсенділігі», «танымдық өзінділігі» категорияларымен астарласып жатады. «Танымдық белсенділік» түсінігін жете түсіну үшін танымдық және ойлау әрекеттерінің айырмашылығын ашып алу керек.

М.Н.Скаткиннің ойынша олардың айырмашылығы мынада: танымдық белсенділікте тек ойлау әрекеті емес, бақылау, ес, ерлік процестері де орын алып, онда адамның қоршаған ортаға көзқарасы айқындалады. Ойшыл

ешнәрсені танымауы мүмкін, ал тану ойлаусыз мүмкін емес [2, б.213].

Танымдық белсенділік ертеде пайда болды және бүгінгі күні ол оқушылардың жеке басының негізгі маңызды қасиеттерінің бірі болып табылады. Өйткені, бастауыш сыныпта оқушылар оқытудың «дәмін» оның барлық көріністерінен сезіне алады. Ал, оқушының танымдық іс-әрекеті дамып, жақсара ма, ол бастауыш сынып мұғаліміне байланысты. Оқыту үрдісінде танымдық белсенділік үлкен рөл атқарады, өйткені оқушы өзінің танымдық белсенділігін көрсеткенде, оқу үрдісі тезірек және тиімдірек болады. Танымдық белсенділік дегеніміз – оқушының оқуға, білімге деген ынта-ықыласының, қызығушылығының, күштарлығының ерекше көрінісі.

Таным – ол адамға бірден келмейді, ол өмір көріністерін топшылау, салыстыру, тәжірибе жинақтау, оны қорыту арқылы терең де тиянақты білім негізінде пайда болады. Танымдық іс-әрекетте баланың ақыл-ойын өсіру үшін олардың елестетулерін дамытуға көбірек зер салу керек. Егер бала ойын, оқу әрекеттері арқылы айналасындағы дүниемен тығыз байланыста болса, заттарды қабылдауға әрекет етсе, оның танымы артады.

Оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда әртүрлі әдістер қолданылуда. Осындай жаңа технологиялардың бірі – жобалап оқыту технологиясы. Жобалау – «project» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді.

Жобалау технологиясы ХІХ ғасырдың ІІ жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған психолог, педагог, философ Джон Дьюи. Д.Дьюидің ілімін жалғастырушы профессор Уильям Херд Килпатриктің ойынша, оқушыларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау – бұл технологияның негізі.

Сонымен қатар танымдық прагматизм философиясының өкілі Дьюи жобалық жұмыстың ғылыми және саяси концепциясының іргетасын қаласа, оның әріптесі У.Х.Килпатрик жобалау әдісін ауқымды мағынасына қарай тәрбиеге қатысты философия ретінде бағалады. Осыған байланысты У.Х.Килпатрик жобаны «әлеуметтік ортада өткізілетін жүректен шыққан мақсатты әрекет» ретінде қарастырады [3, б.111].

Рейхвейн (1951) теория мен тәжірибенің байланысын жоба десе, Б.Отто жалпы сабақтардың концепциясында басты рөлді сұхбат алады дегенді айтады. Кершенштайнер (1968) еңбек мектебінен жобалау идеяларын немесе осы бағытта дамуды байқауға болатынын тұжырымдады [3, б.115].

1965 жылдан бері қарай жобалау әдісі халықаралық деңгейде қолданыла бастады. Бұл әдіске қайта оралудың басты себебін ғалымдар «мәселені оның дамуында қарастыруға мүмкіндік беретіндігімен» байланыстырады, яғни білім алушылар нақты мәселені шешу үшін әрекет үстінде бірнеше рет теорияға үңіледі, соның нәтижесінде өз ісінің қалай орындалғанын бағалай алады, өз қолдарымен жасалған іс оларға қанағаттанарлық, өзіне сенімділік әкеледі. Ғалымдар бұл технологияның осы артықшылықтарына үлкен мән берген. В.Килпатриктің ойынша, оқу



әрекеттері оқытушының қатысуынсыз орындалуы тиіс. Сонда оқушы өз әрекетінің нәтижесін көріп, өзінің қабілетін бағалай алады десе, ал Д.Дьюи оқушының әрекеті мұғаліммен бірлескен әрекет болуын талап етті. Өйткені оқушының әрекетті аяғына дейін орындауына толық білімі жетпеуі мүмкін, ол үшін мұғалім әрекетті орындаудың алдында оқушының барлық ойлау әрекеті сатысынан өтуін қамтамасыз етуі тиіс деген пікір айтады [3, б.123].

Жоба әдісі жобалық әрекеттің маңызды құрамдас бөлігі ретінде Джон Дьюи жасаған философия мен білім берудегі гуманистік бағыт идеяларымен байланысты, ол оқушының жеке мүдделеріне сәйкес тиісті іс-әрекеті арқылы белсенді негізде оқытуды ұсынды.

Жобалау әрекеті көптеген ұғымдарды қамтиды: жоба, жоба әдісі, жоба құрылымы, жобалау, жобалау технологиясы, жобалық әрекет технологиясы, жобалық педагогикалық технология, болжау, құрастыру, модельдеу, зерттеу, жоспарлау; рефлексия; жобаның тиімділігін бағалау рәсімдері және т.б.

Жоба – «алға лақтырылған тас» - дербес және ұжымдық шығармашылық аяқталған жұмыс немесе ересектер арнайы ұйымдастырған және оқушылар орындаған, әлеуметтік мәні бар нәтижесі бар, шығармашылық жұмыстарды жасаумен аяқталатын іс-шаралар кешені.

Жобада білімнің әртүрлі салаларынан білім мазмұнын біріктіруге болады, бұл оқушылардың, педагогтардың және ата-аналардың бірлескен танымдық-іздігіру әрекетін ұйымдастыруда үлкен мүмкіндіктер ашады.

Қазіргі заманғы мектептегі білім берудің негізгі міндеттері бар – бұл, ең алдымен, оқуда бастамашылық пен белсенді дербестікті қалыптастыру, сондай-ақ жалпы білім беру біліктері мен дағдыларын қалыптастыру (зерттеу, рефлексиялық, өзін-өзі бағалау).

Жобалық оқыту арқылы жоғарыда аталған міндеттерді жүзеге асыруға болады. Оқытудағы жоба, ең алдымен, белгілі бір нәтижеге жету жолдарын іздеуді көздейтін мәселе. Бұл оқушыларға сабақтарда білім, білік, дағдыларын дәстүрлі деңгейде емес, іздену деңгейінде қолдануға көмектесетін, оқушылардың шығармашылық дамуына ықпал ететін әдіс.

Сабақта жоба әдісін қолданған кезде мұғалім мен оқушының іс-әрекетінің құрылымы келесідей: оқушының өзі іс-әрекеттің мақсатын қояды, мұғалім көмекші рөлін атқарады, егер оқушыға қиын болса, іс-әрекеттің мақсатын қоюға көмектеседі, бірақ ешқандай жағдайда мақсатты өзі анықтамайды. Іс-әрекет барысында оқушы өзіне жаңа білім ашады, ал мұғалім оқушы нақты ақпарат ала алатын дереккөздерді ұсынады. Оқушы эксперимент жасаудан, қателесуден және қателіктерін түзету үшін және болашақта алдын-алу үшін бәрін жасаудан қорықпайды. Оқушы жұмыс барысында мәселені шешудің жолдарын өзі таңдайды, ол бастамашыл тұлғаны тәрбиелеуге ықпал ететін оқыту субъектісі ретінде әрекет етеді. Мұғалім жұмыс нәтижесін бағалауға, кемшіліктер мен артықшылықтарды анықтауға көмектеседі.

Бастауыш мектептегі жоба әдісі бірқатар ерекше белгілері бар педагогикалық

үрдісті ұйымдастырудың тәсілі ретінде қарастырылады:

- қойылған мақсатқа қол жеткізу және бірлескен іс-әрекет өнімін алу бойынша біртіндеп күрделене түсетін практикалық тапсырмаларды жоспарлау және кезең-кезеңмен орындау үрдісінде педагогтің, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының іс-әрекетін болжайды;

- білім беру үрдісінің әртүрлі тараптарының бірлігі мен сабақтастығын, білім, білік және дағдылардың пәнаралық интеграциясын қамтамасыз етеді;

- оқушылардың жоғары дербестік деңгейін, бастамашылдығын және олардың танымдық ынтасын, оқушылардың зерттеу-шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қарастырады;

- шығармашылық белсенділікті, ойлауды, жағдайды талдауға бейімділікті дамыту, проблеманы шешу міндеттері мен дағдыларын қалыптастыру, мақсаттылық, тапқырлық, табандылық сияқты жеке қасиеттерді тәрбиелеу құралы ретінде қызмет етеді;

- оқушыларда жұмыс кеңістігі мен уақытын ұйымдастыру және пайдалану дағдыларын, өз мүмкіндіктерін бағалау, өз мүдделерін түсіну және саналы таңдау жасау дағдыларын қалыптастыруды қамтиды;

- топтық өзара іс-әрекет үрдісінде оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталады.

Танымдық белсенділік көп түрлі тұлғалық қатынастардың қалыптасуымен тығыз байланысты. Шындықтың мәнді жақтарын бейнелеуге бағытталған танымдық белсенділік адамзатпен табылған танымның мөлшерін ашып, ғылыми ақиқатқа ену мүмкіндігімен тұжырымдалады. Танымдық іс-әрекеттің белгілі бір ғылым саласымен таңдаулы қатынасы, танымдық іс-әрекеті, оларға қатысу және қатысушылармен танымдық қарым-қатынасы маңызды келеді. Адамның барлық таным үрдістерін өз даму деңгейінен белсендендіруде танымдық белсенділік тұлғаның шындықты қайта құру іс-әрекеті нәтижесінде ұдайы ізденіске жетелейді. Сонымен, танымдық белсенділік – оқушының дербестігін, әрбір баланың даралығын, оның одан әрі білім алудың жеке алғышарттарын дамытуды көздейтін маңызды тұлғалық қасиеті. Танымдық іс-әрекет, ең алдымен, баланың оқуға деген белсенді көзқарасын қалыптастыруға қабілетті пәндерді таңдауын қамтиды.

Педагогикалық құбылыс ретінде танымдық белсенділік екі жақты әрекет ете алады: бір жағынан бала өз іс-әрекетін өзі ұйымдастырады, ал екінші жағынан оқушының танымдық іс-әрекетін белсендіретін және ұйымдастыратын мұғалім, нәтижесінде мұғалімнің күш-жігерінің арқасында оқушының өзіндік танымдық белсенділігіне айналады. Танымдық белсенділіктің бұл екі түрі педагогикалық үрдісте бір-бірімен тығыз байланысты.

Жобалау әдісі оқу үрдісінде өте тиімді. Бұл әдісті қолданған кезде оқушылар қызығушылық танытып, өз қабілеттерін дамытып, іске асырғысы келетіні байқалады. Дұрыс ұйымдастырылған жобалау іс-әрекеті танымдық белсенділікті қалыптастыра алады және сол арқылы оқу процесін арттырады. Мұндай жұмыс қызықты, тиімді және нәтижелі.

Сонымен, жобаның тиімділігі – көзбен көріп, құлақпен естіп, есте сақтай отырып, оқушыны ізденіске, іскерлік пен танымдық белсенділікке, шығармашылық қабілетті жетілдіру арқылы түрлі мәселелерді шеше білуге, тапқырлыққа, жана ғылыми ізденіске жетелеуде. Міне, бұдан шығатын қорытынды: жобалық оқыту технологиясы оқушыларға терең де сапалы білім алуға кепіл бола алады.

Оқушылардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінің тиімділігі мен нәтижелігінің маңызды көрсеткіші болып табылады, өйткені ол оқушының даралығы мен дербестігін, оның белсенді позициясын дамытуға бағытталады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы. – А., 2001.
2. Педагогика және психология: қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – А., 2000.
3. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: оқулық. – А., 2011.

## МАЗМУНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	3
<b>ТАУБАЙ ПЕРНЕКУЛ ТАУБАЙҚЫЗЫ</b> ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ТӘЖІРИБЕ, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛЕР.....	4
<b>ЖИЕНБАЕВА САЙРА НАҒАШЫБАЕВНА</b> ФИНЛЯНДИЯДАҒЫ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҰСТАНЫМДАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	7
<b>МАКЫШЕВА АЛИЯ ДОЛДАНОВНА</b> ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, РЕАЛИЗУЕМЫЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	11
<b>СЕМБАЕВА АСЕМ БОЛАТОВНА</b> ФОРМИРОВАНИЕ И ВЛИЯНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ НА ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ.....	12
<b>СЫЗДЫКОВА ЛЯЗАТ ТАСБЕРГЕНОВНА</b> СОЗДАНИЕ ПОЛОЖИТЕЛЬНОЙ МОТИВАЦИИ КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ.....	13
<b>ЖАНГАЗАКОВА ҚАРЛЫҒАШ ЕСИМХАНОВНА</b> ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	14
<b>ЖУРУНТАЕВА САУЛЕ БАЙКЕШОВНА</b> ПРИЕМЫ РАБОТЫ С ТЕКСТОМ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ.....	16
<b>КАРПАЕВА НУРСУЛУ КАБДЫРАШОВНА</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	19
<b>ОМАРОВА САБИРА БАРАНБАЕВНА</b> ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	24
<b>АМАНЖОЛОВА САНИЯ БОЛАТОВНА, ШАРИПОВА ГУЛЬМИРА КАКЕШОВНА</b> «АУЫЗША САБАҚ -1» КАРТАСЫ (ШЕБЕР СЫНЫП) .....	25

**БИРЖАНОВА АҚМАРАЛ АБДИГАЛИЕВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ  
ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....29

**КУЛБАЕВА УЛЖАН АСКАРОВНА**  
«БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ  
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..  
.....34

**БАЙШЕВА ГУЛДАНА АТШАБАРОВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ  
САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ  
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТИІМДІ  
ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ..... 38

**МЫНБАЕВА ЖАДРА АУЕЗБЕКОВНА**  
ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП  
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ... 42

**БАЛОВА БАҚЫТ УМИРБЕКОВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРУДА  
ОҚУ МАШЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ..... 46

**МАМЕНОВА ТОРГЫН КАЖЕТОВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ДАҒДЫСЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....49

**ШӨКЕЕВА ГУЛЖАНАТ ЖАКСЫЛЫКОВНА, ТОБЫКТИНА АЙМАН  
САПАШЕВНА**  
БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЗДІК  
ҚОРЫН МОЛАЙТУ.....51

**БИДАХМЕТОВА АЙГУЛЬ САСАНОВНА**  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН  
ДАМУ.....52

**МУРСАЛИМОВА АМИНА ТУСУПБЕКОВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУҒА ДЕГЕН ЫНТАСЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ .....56

<b>КУАТОВА БАЛКҮМІС НАЗАРӘЛІҚЫЗЫ</b> ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУЫТУ.....	57
<b>КУЛЬМАНОВА ЛЯЗЗАТ ЖАМАШОВНА</b> ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН АРТТЫРУ.....	61
<b>МҰРАТОВА ЖАНАР МҰРАТҚЫЗЫ</b> МНЕМОПАЗЛ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫТУ.....	65
<b>УМИРБАЕВА АЙНАГУЛ ТУКЕНОВНА</b> ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН ДАМУЫТУ.....	68
<b>БЕРДАЛИНА АСЕМГУЛЬ КАБКЕНОВНА</b> БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ .....	73
<b>АБДУКАДИРОВА МАРЖАН ЕРЖАНОВНА</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНЕН БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ «САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ОҚЫТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ РӨЛІ.....	74
<b>ДҮЙСЕНБЕКОВА ГУЛНАР ТУРСЫНБАЕВНА</b> БАСТАУЫШ МЕКТЕП – БАЛАНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ .....	79
<b>ОМАРҚАНОВА ЛЕНА АЛЕУМЕТОВНА</b> МАТЕМАТИКА – КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ.....	80
<b>БАЗАРОВА МЕРЕКЕ АМАНЖОЛОВНА</b> БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ КҮНДЕЛІКТІ САБАҚТА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	84
<b>БАЙКЕН ЗУЛЬФИЯ СЕРІКҚЫЗЫ</b> БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	88
<b>МУНАЙДАРОВА АЯУЖАН БАЛТАБАЕВНА</b> «БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	91

**ШАЯХМЕТҚЫЗЫ ТОЛҒАНАЙ ҚАЙРАТҚЫЗЫ**  
ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРҒА МАТЕМАТИКАЛЫҚ  
БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТЕ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ.....95

**ЕЛЕМЕСОВА ЖУПАР ТОЛЕПБЕРГЕНОВНА**  
БӘСЕКЕГЕ ҚАБИЛЕТТІ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ  
БІЛІМДІ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ... .....100

**АЙДАРБЕКОВА САҒАТ АБЗЕЛОВНА**  
БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ..... 103

**ШӘМІРБЕК АҚТОЛҚЫН НҰРЛАНҚЫЗЫ**  
ЗАМАНАУИ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ.....105

**ДАУЛБАЕВА АЙГУЛЬ АРМИЕВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНА БАУЛУДЫҢ  
МАҢЫЗЫ.....106

**БУЛАШЕВА НАГИМА АРМИЕВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ  
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ  
МАҚСАТЫ.....110

**ЕЖЕНХАНҚЫЗЫ МАНАРГҮЛ**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ  
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ  
ОРНЫ.....116

**КУЛМАҒАНБЕТОВА ТЕНДИК САРКЕНОВНА**  
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫН  
ДАМЫТУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....120

**КУКЕНОВА КЕНЖЕГУЛ ТАУБАЛДИЕВНА ,АКЫЛБЕКОВА ЛИЗА  
МАУТКАНОВНА**  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ  
ТИІМДІЛІГІ.....123

**АЛИМЖАНОВА КУЛИЗАТ ЖУНУСОВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ДАҒДЫСЫН  
ДАМЫТУ.....129

**САТЫБАЛДИНА ГУЛЬНАР АХМЕТОВНА**  
ЭФФЕКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ  
ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ.....132

**МАМЕДОВА АЙНАШ ВИКТОРОВНА**  
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ БОГАТСТВО РЕЧИ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО  
ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ ФОРМ  
ФОЛЬКЛОРА.....136

**ЖАМБУРШИНА ГУЛЬЗИРА КЕНЕСОВНА**  
РАЗВИТИЕ СВЯЗНОЙ РЕЧИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ  
ДИДАКТИЧЕСКИЕ ИГРЫ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО  
ЧТЕНИЯ.....146

**МУКАНОВ АРМАН НУРМУЛЛИНОВИЧ,**  
**ЖАНАЙДАРОВА АЛМАГУЛЬ КУРМАНГАЛИЕВНА**  
ФОРМИРОВАНИЕ ГРАМОТНОСТИ ЧТЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ  
ДЕТЕЙ С ЗАДЕРЖКОЙ ПСИХИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ В НАЧАЛЬНОЙ  
ШКОЛЕ.....150

**САРСЕНБЕКОВА ГУЛЬНАР ОСПАНОВНА, ДЖУМАЕВА ЖАНАР**  
**АМАНГЕЛЬДИНОВНА**  
РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОГО БОГАТСТВА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ  
ЧЕРЕЗ ОБРАЗОВАНИЕ ОСНОВАННОЕ НА НАЦИОНАЛЬНЫХ  
ЦЕННОСТЯХ.....153

**БЕГИМОВА АКБОТА ЕРЖАНОВНА**  
ПРИМЕНЕНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ РУССКОГО  
ЯЗЫКА КАК СРЕДСТВО ПОВЫШЕНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ  
СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ  
ШКОЛЫ.....156

**САРСЕНБАЕВА АЙМАН ДАРИБАЕВНА**  
ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ В  
ПОВСЕЛЕННОЙ ЖИЗНИ , В ВОСПИТАНИИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЙ  
ЛИЧНОСТИ.....160

**ЭМБЕРДИЕВА ЗУЛЬФИЯ БАХТИЯРБЕКОВНА**  
ОБУЧЕНИЯ ПРИЕМАМ ПРАКТИЧЕСКОГО ПРИМЕНЕНИЯ  
ЗНАНИЙ, ПОЛУЧЕННЫХ НА УРОКАХ  
МАТЕМАТИКИ.....165



<b>КУАНДЫКОВА АЙМАНГУЛЬ БАЗАРКАНОВНА</b> ПУТИ ПРИМЕНЕНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ.....	170
<b>ВОРОНЦОВА ЛАРИСА ВИКТОРОВНА</b> ПОТЕНЦИАЛ СОСТАВНЫХ ЗАДАЧ С РЕГИОНАЛЬНЫМ КОМПОНЕНТОМ В ФОРМИРОВАНИИ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....	174
<b>САБЫРОВА АСЕМГУЛЬ ТУРЛЮБЕКОВНА</b> ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ РАБОТЫ ДЛЯ РАЗВИТИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ, СПОСОБСТВУЮЩИХ ИХ ПРИМЕНЕНИЮ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ.....	178
<b>ЖАКСЫБЕРГЕНОВА КЕНЖЕГУЛЬ ХАМЗАҚЫЗЫ</b> ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ МАТЕМАТИЧЕСКИХ ЗНАНИЙ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ.....	181
<b>МАНАТОВА АЙГУЛЬ СУЛТАНГАЛИЕВНА</b> МАТЕМАТИКА –В ЖИЗНИ.....	184
<b>КЛЫШЕВА РОЗА ТЕМИРБЕКОВНА</b> ПЕШИЕ УРОКИ-ПРОГУЛКИ КАК ЭФФЕКТИВНАЯ ФОРМА РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ И ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	188
<b>МАЙКЕНОВА ЖҰЛДЫЗ АМАНЖОЛОВНА</b> ВЛИЯНИЯ ГРУППОВОЙ ФОРМЫ РАБОТЫ НА АКТИВИЗАЦИЮ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА.....	192
<b>АБИШОВА АИДА КУРМАНБЕКОВНА</b> ОРГАНИЗАЦИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ НА УРОКАХ ЕСТЕСТВОЗНАНИЯ И ПОЗНАНИЕ МИРА.....	195
<b>БОСЖИГИТОВА РОЗА КАБЛАШЕВНА</b> ОСНОВНЫЕ ПРАВИЛА ОРГАНИЗАЦИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ РАБОТ НА УРОКАХ ПОЗНАНИЯ МИРА .....	198
<b>АМАНБЕКОВА РОЗА АЛПЫСБАЕВНА</b> ИНТЕРЕС К ИССЛЕДОВАНИЕМ : ПОЧЕМУ ВАЖНО РАЗВИВАТЬ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ НАВЫКИ У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ.....	202

**НЫГМЕТЖАНОВА МАХАББАТ АМАНГЕЛЬДИНОВНА**  
ОСОБЕННОСТИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ МЛАДШИХ  
ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ЕСТЕСВОЗНАНИИ.....206

**МУРЗАГУЛОВА МАРИНА СЕИЛОВНА**  
ВВЕДЕНИЕ В ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКУЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....213

**МЕДЕТБЕКОВ ҚАЙНАР ҚАЙРАТУЛЫ**  
**АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ В НАЧАЛЬНОЙ**  
**ШКОЛЕ.....214**

**АБИЛЬДАЕВА НАГИМА КУАНЫШБЕКОВНА**  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН  
ДАМЫТУ.....217

**АРЫСТАНОВА КАРЛЫҒАШ АҚЫЛБЕКОВНА**  
ҚАЗІРГІ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК -МӘДЕНИ  
ПОРТРЕТІ.....221

**КАЖИКЕНОВА БАҚЫТЖАН ШАЙХИНОВНА**  
ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ.....224

**СЕРІКОВА ГАУҒАР БАҒЛАНҚЫЗЫ**  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН  
ДАМЫТУ.....227

**АЙТКАЗИНОВА ШЫНАР ЖАҚСЫЛЫҚОВНА**  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНУЫН ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ  
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ  
МАҢЫЗЫ.....232

**ЖУМАДИЛОВА ЖАМИЛА НАБИХАНОВНА**  
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ  
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТІЛ БАЙЛЫҒЫН  
ДАМЫТУ.....235

**СУЛЕЙМЕНОВА НУРГУЛЬ РАХИМБЕКОВНА**  
ФОРМИРОВАНИЕ ЕСТЕСТВЕННО-НАУЧНОЙ ГРАМОТНОСТИ У  
МЛАДШЕГО ШКОЛЬНИКА НА ОСНОВЕ РАЗВИТИЯ  
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ НАВЫКОВ.....240

<b>ТОЛЕГЕНИЙН МАЙРАГУЛ</b> ЖАЗУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ.....	245
<b>ЕРНАЗАР ШЫНАР ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ</b> ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮЙЕСІ.....	249
<b>БОСКУМБАЕВА ЖАНАР ИБРАГИМОВНА</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	253
<b>АЙТЖАНОВА БИБИГУЛЬ КАКИМОВНА</b> «РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВОГО БОГАТСТВА УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ».....	255
<b>ГАЛИМОВА АСИЯ АЛИМОВНА</b> ЖАҒАШЫЛ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ОНЫҢ ОҚУШЫЛАДЫҚ ДАМУ ДЕҢГЕЙІНЕ ЫҚПАЛЫ.....	259
<b>АЛЬМАҒАНБЕТОВА АНАР ОСЕРҚЫЗЫ</b> ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУЫ .....	263



